

Абылай хан атындағы қазақ халықаралық қатынастар  
және әлем тілдері университеті

УДК 378.091.3:81'243(043)

Қолжазба құқығында

**ЖАНАЗАРОВА ЗАГИРА КОЖАБАЕВНА**

**Жобалау технологиялары арқылы экономикаға бағдарланған оқыту  
жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік  
құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдістемелік негіздері**

6D011900 – Шетел тілі: екі шетел тілдері

Философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекшісі:  
педагогика ғылымдарының докторы,  
профессор Кульгильдинова Т.А.

Шетелдік кеңесшісі  
педагогика ғылымдарының докторы,  
профессор Бережнова Е.В.  
(Москва қаласы, Ресей)

Қазақстан Республикасы  
Алматы, 2026

## МАЗМҰНЫ

<b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР .....</b>	<b>3</b>
<b>АНЫҚТАМАЛАР .....</b>	<b>4</b>
<b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР .....</b>	<b>5</b>
<b>КІРІСПЕ .....</b>	<b>6</b>
<b>1 ЭКОНОМИКАҒА БАҒДАРЛАНҒАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ ШЕТЕЛ ТІЛІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ МЕТАКОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ .....</b>	<b>16</b>
1.1 Шеттілдік педагогикалық білім берудің қазіргі даму тенденциялары ..	16
1.2 Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігінің мәні, мазмұны және құрылымы .....	32
1.3 Экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіби даярлауда жобалау технологиясын іске асыру .....	44
<b>Бірінші тарау бойынша қорытынды .....</b>	<b>56</b>
<b>2 ЭКОНОМИКАҒА БАҒДАРЛАНҒАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ ШЕТЕЛ ТІЛІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ МЕТАКОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ЖОБАЛАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ</b>	<b>58</b>
2.1 Экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұндық-функционалдық моделі .....	58
2.2 Экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың профконцепті .....	73
2.3 Экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға арналған жаттығулар жүйесі.....	94
<b>Екінші тарау бойынша қорытынды .....</b>	<b>107</b>
<b>3 ЭКОНОМИКАҒА БАҒДАРЛАНҒАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖОБАЛАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚ ШЕТЕЛ ТІЛІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ МЕТАКОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ТӘЖІРИБЕЛІ- ЭКСПЕРИМЕНТ ЖҰМЫСЫ .....</b>	<b>108</b>
3.1 Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілік деңгейлерін диагностикалық бағалау .....	108
3.2 Экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін кезеңдеп қалыптастыру әдістемесі .....	126
3.3 Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың тәжірибелі-эксперимент жұмысының нәтижелері.....	141
<b>Үшінші тарау бойынша қорытынды.....</b>	<b>152</b>
<b>ҚОРЫТЫНДЫ .....</b>	<b>154</b>
<b>ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ .....</b>	<b>156</b>
<b>ҚОСЫМШАЛАР .....</b>	<b>166</b>

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы диссертацияда келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер жасалынды: Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысымен бекітілген.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы (ҚР Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 шілдеде № 28916 болып тіркелген).

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына өзгерістер енгізу туралы. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрі міндетін атқарушының 2024 жылғы 27 тамыздағы № 419 бұйрығы (ҚР Әділет министрлігінде 2024 жылғы 28 тамызда № 34991 болып тіркелген).

Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы. 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ.

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2025 жыл.

## АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі анықтамаларға сәйкес терминдер қолданылған:

**Метакоммуникативтік құзыреттілік** – тұлғаның қарым-қатынас процесін саналы түрде түсіну, талдау және реттей алу қабілеті; сөйлесу барысында туындайтын түсінбеушіліктерді анықтап, түзетуге және коммуникацияның өзі туралы пікір білдіруге (рефлексия) мүмкіндік беретін интегративті сапа.

**Тілдік сана** – адамның тіл арқылы әлемді қабылдау, тану және бейнелеу қабілетін сипаттайтын когнитивтік-психологиялық құрылым; тілдік білімдердің, мағыналар мен мәдени тәжірибелердің жиынтығы.

**Кәсіби сана** – экономиканың кәсіби саласына қажетті білім, құндылықтар мен нормаларды меңгеру деңгейі; маманның кәсіби шындықты қабылдауы мен соған сәйкес әрекет ету қабілеті.

**Дискурс** – белгілі бір әлеуметтік және коммуникативтік контексте жүзеге асатын тілдік әрекет; ол мәтін мен оны тудыратын жағдаяттың, қатысушылардың өзара байланысты тұтас жүйесі.

**Тезаурус** – белгілі бір білім саласындағы (экономика/педагогика) ұғымдар мен терминдерді, олардың мағыналық байланыстарын жүйелі түрде сипаттайтын ақпараттық-сөздік қоры.

**Мәдениетаралық қатысым субъектісі** – әртүрлі мәдени орта өкілдерімен тиімді өзара әрекеттесе алатын, қажетті тілдік және мәдени құзыреттерді меңгерген тұлға.

**Модель** – оқу үдерісінде білім алушының дамуын және педагогикалық құбылыстың маңызды ерекшеліктерін сипаттайтын ықшамдалған құрылымдық үлгі.

**Модельдеу** – педагогикалық үдерісті тиімді ұйымдастыру, талдау және болжау мақсатында модельдерді құру мен қолданудың әдістемелік процесі.

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

**МТКҚ** – метакоммуникативтік құзыреттілік

**БТ** – бақылау тобы

**ЭТ** – эксперименттік топ

**ЖТ** – жобалау технологиясы

**ҚазХҚжӘТУ** – Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті

**ҚЗӘТ** – қазіргі заманғы әдістер мен технологиялар

**КБШТ** – кәсіби бағытталған шетел тілі

**КМП** – коммуникативтік мамандандырылған практикум

**КЛК** – когнитивтік лингвомәдени кешен

**ТМБ** – тақырыптық - мазмұндық бірлік

**CLIL** – мазмұн мен тілді кіріктіре оқыту (Content and Language Integrated Learning)

**ECTS** – еуропалық кредиттерді көшіру және жинақтау жүйесі (European Credit Transfer and Accumulation System)

**EMI** – ағылшын тілінде оқыту (English as a Medium of Instruction)

**ESP** – арнайы мақсаттарға арналған

## КІРІСПЕ

**Зерттеудің өзектілігі:** Қазақстанның халықаралық білім беру кеңістігіне кірігу жағдайында шеттілдік білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз ету — мемлекеттің тұрақты дамуының маңызды факторы. Осы орайда, отандық мамандардың әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру және халықаралық стандарттарға сай келетін жаңа формациядағы педагогтарды даярлау қажеттілігі туындайды. Бұл басымдықтар жоғары білім мен ғылымды дамытудың стратегиялық тұжырымдамасында [1] айқындалған. Сонымен қатар, бұл үдеріс шеттілдік білім беруді дамытудың әдістемелік негіздерімен [2] тығыз ұштасады.

Бұл мәселе Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың жыл сайынғы Жолдауларында да тұрақты түрде көтеріліп келеді. Атап айтқанда, Президенттің 2025 жылғы Жолдауында [3] болашақ экономика үшін жоғары білікті кадрлар даярлау және заманауи білім беру технологияларын меңгерген педагогтарды қалыптастыру мәселесіне басымдық берілген. Бұл ретте мұғалімдердің кәсіби әлеуетін арттырудың құқықтық кепілі ретінде «Педагог мәртебесі туралы» Заңның [4] маңызы зор.

Экономикаға бағдарланған оқыту, цифрлық трансформация және жаһандық коммуникативті үдерістер жағдайында метакоммуникативтік құзыреттілігі қалыптасқан мамандарды даярлау талабы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарымен [5] және оған енгізілген соңғы өзгерістермен [6] айқындалады. Бұл нормативтік база білім алушылардың зерттеушілік және кәсіби дағдыларын халықаралық деңгейде қалыптастыруды міндеттейді.

С. С. Кунанбаева атап өткендей, мәдениетаралық қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыру шеттілдік білім берудің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады және ол білім алушыны мәдениетаралық қатысым субъектісі ретінде дамытуға бағытталады. Бұл үдеріс әдіснамалық ұстанымдардың кешенді жүзеге асырылуын талап етіп, тұлғаның тілдік және мәдени тәжірибесін «екінші когнитивтік сана» деңгейінде қайта қалыптастырады. Құзыреттіліктің деңгейі білім алушының шетел тілін меңгеру сапасын айқындап, оның тіл иесі деңгейіне жетуіне немесе базалық деңгейде қалуына ықпал етеді [7, 149 б.]. Бұл ретте коммуникативтік оқыту әдістемесінің классигі С. Савиньон тілді меңгеруді тек ережелер жиынтығы емес, нақты әлеуметтік контексте мағыналы қарым-қатынас жасай алу қабілеті ретінде сипаттайды [8]. Бүгінгі экономикаға бағдарланған оқыту жағдайындағы шетел тілі мұғалімдерін іскерлік және академиялық коммуникация дағдыларын меңгерген, жобалық, зерттеу мен кәсіби қызметке қатыса алатын білім алушылармен жұмыс істеуге дайын шетел тілі мұғалімдерін даярлауды көздейді. Педагог кадрларының сапасына қойылатын талаптардың артуы түлектерде тек лингвистикалық және әдістемелік құзыреттілікті ғана емес, сонымен қатар мәдениетаралық өзара іс-әрекетті тиімді ұйымдастыру, кәсіби бағдарланған ортада білім алушыларға педагогикалық қолдау көрсету қабілетін

калыптастыруды көздейді, бұл өз кезегінде метакоммуникативтік құзыреттілікті дамытуды талап етеді. Ғылыми әдебиеттерде метакоммуникация ұғымы ең алдымен

Г.Бэйтсон еңбектерінде қарастырылып, ол коммуникация үдерісінде қатысушылардың өзара қатынастары мен хабарламаларды кодтау тәсілдері туралы берілетін қосымша сигналдар ретінде түсіндіріледі. Ғалым метакоммуникацияны «коммуникация туралы коммуникация» ретінде қарастырып, оны қарым-қатынас процесінің ажырамас құрамдас бөлігі ретінде сипаттайды [9]. Оның тұжырымдауынша, метакоммуникация қатысушылар арасындағы өзара әрекеттесудің кодын, сондай-ақ олардың арасындағы қатынастарды білдіретін сигналдар жүйесін қамтып, коммуникацияның контекстін түсінуге мүмкіндік береді.

Г.Р. Ломакинаның пайымдауы бойынша, «метакоммуникативтік құзыреттілік» ұғымы лингводидактикадағы салыстырмалы түрде жаңа түсінік болып табылады. Ол жүйелік әрі сыни ойлауды, пәнаралық коммуникацияны және рефлексия элементтерін қамти отырып, метакоммуникация теориясымен тығыз байланысады [10].

Кейбір авторлар П. Ватзлавик, Д. Джэксон еңбектерінде метакоммуникацияны коммуникацияның мазмұнды және қатынастық аспектілерінің өзара байланысы ретінде сипаттайды. Олардың пікірінше, қатынастық деңгей мазмұнды түсіндіруді анықтайды және коммуникацияның мәнін ашуда негізгі рөл атқарады [11]. Ал Д. И. Остапенко болса, метакоммуникацияны қарым-қатынас үдерісін саналы талдау, реттеу және түзетуге бағытталған лингвистикалық құрал ретінде қабылдайды және оның вербалды немесе вербалды емес деңгейлерде жүзеге асатынын, коммуникативтік түсінбеушіліктерді жоюға ықпал ететінін және шетел тілін оқыту мен мәдениетаралық қатысым жағдайында маңызды рөл атқаратынын атап көрсетеді [12].

Қазіргі шеттілдік білім беруде метакоммуникативтік құзыреттілік болашақ мұғалімнің кәсіби даярлығының маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Ол оқу-танымдық және педагогикалық өзара әрекеттесу барысында тілдік қарым-қатынасты тиімді ұйымдастыруға, реттеуге және басқаруға мүмкіндік беретін кешенді қабілет болып табылады. Бұл құзыреттілік оқыту үдерісінде диалогтың тиімді жүзеге асуын қамтамасыз етіп, тілдік қатынастың сапасын арттыруға ықпал етеді, сондай-ақ білім алушылардың шетел тіліндегі коммуникативтік әрекетін қолдауға және дамытуға негіз болады [13]. Метакоммуникативтік құзыреттілікті кәсіби даярлықтың ажырамас бөлігі ретінде қарастыра отырып, оның қарым-қатынас барысында ақпаратты тек қабылдап қана қоймай, оны талдау, рефлексия жасау және коммуникативтік жағдайды тиімді басқару қабілетімен байланысты екенін атап көрсетеді [14].

Бүгінгі таңда шеттілдік білім беру және метакоммуникативтік құзыреттілік мәселелеріне бірқатар еңбектер (Е.И. Пассов [15], С.С.Кунанбаева [7, 64 б.], Г.Р. Ломакина [10], Чарльз Л.Бриггс [16], Р.П. Мильруд [17], Д.Хаймс [18], М.Байрам [19] және т.б.) арналған. Олардың бірінде, метакоммуникативтік құзыреттілікті

дамыту білім алушылардың кәсіби және мәдениетаралық коммуникациялық қабілеттерін жетілдіру мәселесі ретінде қарастырылса, екіншісінде білім берудің коммуникативтік мазмұнын модельдеу мен құрылымдаудың әртүрлі тәсілдері ұсынылады.

Сонымен, ғылыми зерттеулерге жүргізілген талдау болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін жобалау технологиялары арқылы экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында қалыптастыру мәселесінің педагогика ғылымында күні бүгінге дейін мақсатты түрде қарастырылмағанын дәлелдейді. Осыған байланысты келесі **қарама - қайшылықтар** анықталды:

- метакоммуникативтік құзыреттілігі қалыптасқан, жобалау технологияларын жетік меңгерген, шетел тілі мұғалімдеріне деген әлеуметтік сұраныстың артуы мен білім алушылардың шеттілдік білім беру үдерісінде метакоммуникативтік құзыреттілік пен жобалау технологияларын тиімді қолдану дағдыларының жеткіліксіз қалыптасуы арасында;

- экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру қажеттілігі мен оның теориялық-әдіснамалық және әдістемелік негіздерінің педагогика ғылымында арнайы зерттеу нысанына айналмауы арасында;

- білім берудің барлық деңгейлерінде жобалау технологияларын кеңінен қолдану қажеттілігі мен шеттілдік білім беру үдерісінде оны нақты әдістемелік алгоритмдерінің жасалмауы арасындағы алшақтық анық байқалады.

Осы қарама-қайшылықтардың шешімін іздестіру бізге зерттеу проблемасын анықтауға және диссертация тақырыбын «Жобалау технологиялары арқылы экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдістемелік негіздері» деп таңдауға негіз болды.

**Зерттеу объектісі** - жоғары оқу орнында болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіби даярлау үдерісі.

**Зерттеу пәні** – экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында жобалау технологиялары арқылы болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі.

**Зерттеудің мақсаты** – жобалау технологиялары арқылы экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруды теориялық тұрғыда негіздеу, мазмұндық-функционалдық моделін құру және оның тиімділігін эксперимент жүзінде тексеру.

**Зерттеудің міндеттері:**

1. Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің «метакоммуникативтік құзыреттілік» ұғымының мәнін, мазмұнын мен құрылымын нақтылау.

2. Экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұндық-функционалдық моделін жасау және оның лингводидактикалық шарттарын айқындау.

3. Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби тілдік санасын қалыптастыру құралы ретінде профконцепт мазмұны мен аспектілерін негіздеу.

4. Жобалау технологияларына негізделген жаттығулар жүйесін, кезеңдеп жүзеге асырылатын әдістемені және концептілер аясында ұсынылған экономикалық терминдер мен ұғымдардың қысқаша тезаурустық сөздігін әзірлеу.

5. Ұсынылған әдістеменің тиімділігін тәжірибелі-эксперименттік жұмыс барысында тексеру және алынған нәтижелерді ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қорытындылау.

**Зерттеудің болжамы:** Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру үдерісі нәтижелі болады, егер,

- экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында «метакоммуникативтік құзыреттілік» ұғымының мәні нақтыланып, оның құрылымы мен қалыптасу критерийлері жүйеленсе;

- болашақ мұғалімдердің кәсіби тілдік санасын дамыту құралы ретінде профконцепт мазмұны мен аспектілері негізделіп, метакоммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың мазмұндық-функционалдық моделі құрылып, лингводидактикалық шарттары айқындалса;

- оқыту үдерісінде жобалау технологиялары мен концептілер аясында ұсынылған экономикалық терминдер мен ұғымдардың қысқаша тезаурустық сөздігі енгізілсе; **онда** білім алушылардың метакоммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасу көрсеткіштерінде өсу динамикасы байқалады, **өйткені** бұл болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби даярлығын коммуникативті-құзыретті, кәсіби-танымдық және инновациялық-әрекеттік тәсілдер негізінде кешенді дамытуға мүмкіндік береді.

**Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздерін** шеттілдік білім берудің когнитивтік-лингвомәдени теориясы (Р.П. Мильруд [17], Д.Хаймс [18], М.Байрам [19], С.С. Кунанбаева тау, В.В. Воробьев [21] және т.б.). Шеттілдік білім берудің құзыреттілік моделі (В.П. Беспалько [22], М.Н. Скаткин [23], В.В. Сафонова [24], Г.С. Трофимова [25], А.Т. Чакликова [26], Б.А. Жетписбаева [27], О.А. Шабанов [28], А.В. Хуторской [29], С.А. Узакбаева [30] және т.б.). Мәдениетаралық коммуникация теориясы (Р. Якобсон [31], А. Вежбицкая [32], М.О. Гузикова [33], С.Н. Безус [34], Е.Н. Соловова [35], И.И. Халеева [36], Р.Сколлон, С.В. Сколлон, Р.Х.Джонс [37], А.А. Головчун [38], А.К. Садыкова [39], Г.Б. Жумабекова [40] және т.б.). Кәсіби шетел тіліндегі тұлғаны қалыптастыру теориясы (Е.И. Пассов [15], С.Г. Тер-Минасова [41], И.А. Зимняя [42], Э.Холл [43], Д.Н. Кулибаева [44], А.В. Малев [45], П.К. Елубаева [46] және т.б.). Тезаурус және метакоммуникация теориясы, метакоммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру саласындағы зерттеулер (Н.С. Сукроева [47], А.В.Гусаковский [48], И.В. Грабовская [49], М.А. Бабушкина [50], Г.Р. Ломакина [10], Т.М. Дридзе [51], Т.А. Кульгильдинова [52], А.У. Байшымырова [53] және т.б.). Когнитивтік лингводидактика және концептуалды талдау теориясы ( Дж. Лакофф [54], З.Д. Попова [55], И.А. Стернин [56], Ж.А. Әбуов [57], Г.Б. Мәдиева

[58], Н.Ж. Шаймерденова [59] және т.б.). Жобалау технологиясы және жобалық оқыту теориясы (Дж.Дэвэй [60], В.Килпатрик [61], Е.С. Полат [62], И.С. Сергеев [63], Н.Ю. Пахомова [64] және т.б.) құрайды.

### **Зерттеудің әдістері:**

- теориялық әдістер: зерттеу тақырыбы бойынша философиялық, педагогикалық, психологиялық, лингвистикалық және әдістемелік әдебиеттерге ғылыми-теориялық талдау; заңнамалық және нормативтік құжаттарды зерделеу; салыстыру, жүйелеу, модельдеу.

- лингводидактикалық әдістер: экономикалық дискурс шеңберінде профконцепт аспектілерін анықтау; концептілер аясында берілген экономикалық терминдер мен ұғымдардың қысқаша тезаурус сөздігін құрастыру, лексикалық бірліктерді іріктеу және жүйелеу.

- эмпирикалық әдістер: сауалнама, сұхбаттасу, тестілеу, бақылау, педагогикалық эксперимент (анықтаушы, қалыптастырушы, бақылау кезеңдері), білім алушылардың кәсіби-тілдік санасын және экономикалық концепттерді қабылдау ерекшеліктерін анықтауға бағытталған ассоциативтік эксперимент.

- математикалық-статистикалық әдістер: зерттеу нәтижелерін сапалық және сандық өңдеу, салыстырмалы талдау, диаграммалар мен кестелер арқылы ұсыну, статистикалық тұрғыдан дәлелдеу.

### **Зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық мәні.**

1. Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің экономикаға бағдарланған оқыту жағдайындағы «метакоммуникативтік құзыреттілік» ұғымының мәні мен мазмұны нақтыланып, оның субқұзыреттіліктерден (тезаурусты-аналитикалық, когнитивті-дискурсивті, жобалық-бағдарлық) тұратын құрылымы мен қалыптасу критерийлері жүйеленді.

2. Экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың мақсаттық, тұжырымдамалық, мазмұндық-пәндік, процестік-ұйымдастырушылық, критериалды-диагностикалық және нәтижелік блоктарынан тұратын мазмұндық-функционалдық моделі жасалып, оны жүзеге асырудың лингводидактикалық шарттары (мазмұндық, технологиялық, ресурстық) айқындалды.

3. Кәсіби тілдік сананы қалыптастырудың негізгі құралы ретінде «профконцепт мазмұны мен аспектілері (салалық, концептуалды-аккумулятивті, креативтік) теориялық тұрғыдан негізделіп, оның құрылымдық-мазмұндық сипаттамалары анықталды.

4. Жобалау технологиясына негізделген жаттығулар жүйесі мен кезеңдік оқыту әдістемесі даярланып, концептілер аясында ұсынылған экономикалық терминдер мен ұғымдардың қысқаша тезаурустық сөздігі құрастырылды. Аталған сөздіктің тиімділігін анықтау мақсатында тестілік эксперимент негізінде диагностикалық сауалнамалар кешені жасалды.

5. Ұсынылған әдістеменің тиімділігі тәжірибелі-эксперименттік жұмыс барысында тексеріліп, алынған сандық және сапалық көрсеткіштер негізінде зерттеу нәтижелері ғылыми-әдістемелік тұрғыдан дәлелденді.

**Зерттеудің практикалық мәні.** «Экономикалық бағыттағы мектептердің шетел тілі мұғалімдеріне арналған ағылшын тілі» атты оқулық және концептілер аясында ұсынылған экономикалық терминдер мен ұғымдардың қысқаша тезаурустық сөздігі болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда негізгі дидактикалық құрал ретінде пайдаланылды.

Ұсынылған жаттығулар жүйесін, тапсырмалар және әдістемелік нұсқауларды оқу-әдістемелік кешен ретінде қолдануға болады. Зерттеу барысында даярланған концепттер негізіндегі экономикалық терминдер мен ұғымдардың қысқаша тезаурустық сөздігі білім алушылардың кәсіби-тілдік санасын, экономикалық терминдерді қабылдау ерекшеліктерін және оларды шетел тілінде қолдану деңгейін диагностикалаудың тиімді құралы ретінде қызмет етеді.

### **Қорғауға мынадай қағидалар ұсынылады:**

1. Метакоммуникативтік құзыреттілік болашақ шетел тілі мұғалімінің кәсіби қарым-қатынас үдерісін саналы түрде басқаруға, коммуникативтік стратегияларды түсінуге және тиімді пайдалануға, оқу тілінің құралдарын дұрыс қолдануға, мәтінді талқылауды ұйымдастыруға, ақпарат алмасу үдерісін реттеуге және оқыту барысында тапсырмаларды мақсатқа сәйкес жүргізуге мүмкіндік беретін білім, дағдылар және қабілеттер жиынтығы ретінде анықталады. Оның құрылымын тезаурусты-аналитикалық, когнитивті-дискурсивті және жобалық-бағдарлық субқұзыреттіліктер құрайды.

2. Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұндық-функционалдық моделі — кәсіби-танымдық, коммуникативті-құзыретті және инновациялық-әрекеттік тәсілдерге негізделген. Ол өзара сабақтас бес блок (мақсаттық, тұжырымдамалық, мазмұндық-пәндік, процестік-ұйымдастырушылық, критериалды-диагностикалық) арқылы оқыту процесінің мақсатын, мазмұнын және нәтижесін жүйелейді, жобалау технологияларын білім беру үдерісіне тиімді интеграциялауды қамтамасыздандырады.

3. Профконцепт мазмұны мен аспектілері (салалық, концептуалды-аккумулятивті және креативтік) — болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби тілдік санасын қалыптастыруға бағытталған интеграцияланған лингводидактикалық жүйе. Ол үш оқу пәнінің мазмұнын жобалау технологиясы негізінде біріктіріп, пәндердің вертикальды және горизонтальды интеграциясын қамтамасыздандыратын ТМБ (тақырыптық-мазмұндық бірлік) арқылы кәсіби терминдерді меңгеруден тілдік кәсіби сананың қалыптасуына дейінгі сабақтастықты жүзеге асырады.

4. Жобалау технологиясына негізделген жаттығулар жүйесі, кезеңдеп оқыту әдістемесі және концептілер аясында ұсынылған экономикалық терминдер мен ұғымдардың қысқаша тезаурустық сөздігі — бұл, болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін арттырудың тиімді практикалық механизмі болып табылады. Бұл лингводидактикалық кешен кәсіби-бағдарланған ақпаратты талдау дағдыларын қалыптастырып,

экономикалық терминдерді кәсіби коммуникацияда шығармашылықпен қолдану іскерлігін дамытады.

5. Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру бойынша ұсынылған әдістеменің тиімділігі — тәжірибелі-эксперимент жұмысы барысында алынған оң динамикалық көрсеткіштермен негізделеді. Эксперимент нәтижелері мен статистикалық мәліметтер (бақылау және эксперименталды топтардағы деңгейлік өсім) болашақ мамандардың лингводидактикалық шарттар мен оқыту құралдары арқылы кәсіби даярлау сапасын арттыратыны дәлелденеді.

Зерттеу базасы. Тәжірибелі - эксперимент жұмысы Абылайхан атындағы қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің базасында, мәдениетаралық коммуникация теориясы мен практикасы кафедрасында, 5B011900 - «Шетел тілі: екі шетел тілдері» білім беру бағдарламасы бойынша шетел тілі педагогикалық факультетінің 3 курс білім алушыларымен жүргізілді.

**Зерттеудің негізгі кезеңдері.** Зерттеу 2015-2018 жылдар аралығында үш кезеңде жүргізілді.

**Бірінші кезең (2015-2016 жж.)** зерттеліп отырған мәселенің ғылыми-педагогикалық жай-күйі қарастырылып, зерттеудің ғылыми аппараты (өзектілігі, нысаны, пәні, мақсаты, міндеттері, болжамы) айқындалды. Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесіне қатысты отандық және шетелдік ғылыми еңбектер зерделеніп, ұғымның теориялық негіздері, мәні, мазмұны мен құрылымы нақтыланды. Экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында жобалау технологияларын қолданудың ғылыми-әдістемелік алғышарттары талданды. Зерттеу материалдары жинақталып, мазмұндық-функционалдық модельдің бастапқы нұсқасы әзірленді, оқу-әдістемелік кешенге қажетті материалдар сұрыпталды, авторлық экономикалық тезаурус-концепт сөздігін құрастыру жұмысы басталды.

**Екінші кезең (2016-2017 жж.)** зерттеу проблемасына сәйкес материалдарды жинақтау, жүйелеу және толықтыру жалғастырылды. Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған мазмұндық-функционалдық модель нақтыланып, жобалау технологиясына негізделген кезеңдік әдістеме, жаттығулар жүйесі, тапсырмалар кешені және әдістемелік нұсқаулар әзірленді. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың анықтаушы және қалыптастырушы кезеңдері жүргізілді. Білім алушылардың метакоммуникативтік құзыреттілік деңгейлері диагностикаланып, аралық нәтижелер көрсеткіштер мен деңгейлер бойынша сараланды. Ғылыми мақалалар жарияланып, зерттеу нәтижелері апробациядан өткізілді.

**Үшінші кезең (2017-2018 жж.)** тәжірибелі-эксперимент жұмыстың қалыптастырушы кезең жалғасын тапты. Эксперимент барысында алынған деректер сандық және сапалық тұрғыдан өңделіп, салыстырмалы талдау жасалды. Ұсынылған әдістеменің тиімділігі дәлелденіп, зерттеу нәтижелері қорытындыланды. Ғылыми-әдістемелік ұсыныстар дайындалып, оқу басылымы, жаттығулар жинағы және экономикалық тезаурус-концепт сөздігі жарық көрді.

Пайдаланылған әдебиеттер жүйеленіп, диссертациялық жұмыс талаптарға сәйкес рәсімделді.

**Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және практикаға ендіру.** Диссертациялық жұмыстың негізгі қағидалары мен зерттеу нәтижелері 20 ғылыми еңбекте көрініс тапты. Олардың ішінде оқулық және тезаурустық сөздік жарық көрді, Scopus деректер базасына енген журналдарда 4 мақала жарияланды, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда 6 мақала жарық көрді, сондай-ақ халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференциялар материалдарында 8 мақала жарияланды.

1. Английский язык для учителей иностранного языка в школах с экономическим уклоном. – Алматы: КазУМОиМЯ им. Абылай хана, «Полилингва», 2026. – 250 б.

2. A Concise thesaurus dictionary of economic terms and concepts. – Алматы: КазУМОиМЯ им. Абылай хана, «Полилингва», 2026. – 136 б.

Scopus деректер базасына енген журналдарда жарияланған мақалалар:

1. Conceptual platform for formation of the meta-communicative competence of a future foreign language teacher at a specialized school of economics // International Research Association for Talent Development and Excellence. –2020.–Vol. 12, №1. P.279-293

2. Developing metacompetence in future primary school teachers // Cypriot Journal of Educational Sciences. – 2022. – Vol. 17, Issue 1. – P. 284–295

3. Some aspects of formation of metacommunicative competence in the process of professional training // Revista Espacios. – 2018. – Vol. 39, №30. P.8-11

4. Formation of meta-subject skills in students of specialized classes in English lessons // Scientific Herald of Uzhhorod University, Series “Physics”. – 2024. – Issue 55

ҚР ҒЖБМ ҒЖБСҚК ұсынған ғылыми басылымдарда жарияланған мақалалар:

1. Шетел тілі мұғалімінің кәсіби біліктілігінің метакоммуникативтік компоненті // С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің хабаршысы. Педагогикалық серия. – №1, 2017. – 85–91 б.

2. Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруды үлгілеудің кейбір элементтері // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. Педагогикалық ғылымдар сериясы. – №1 (53), 2017. – 184–189 б.

3. Профиль-концепт бейіндік мектептерде контенттік-негізде үлгілеуді ұйымдастыру // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. – №4 (56), 2017.– 164-168 б.

4. Некоторые аспекты формирования метакоммуникативной компетенции в процессе профессиональной подготовки КазХҚжӘТУ хабаршысы. – №3 (50), 2018. – 84-95 б.

5. Научно-педагогические подходы к формированию профессиональной метакоммуникативной компетенции будущих учителей ИЯ в профильной школе // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. – №2 (66), 2020. – 89–95 б.

6. Задачи профессионально-иноязычного образования в вузе для реализации преподавания английского языка в экономических классах // ҚазХҚжӘТУ хабаршысы. – №1 (76), 2025. – 359–373 б.

Халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференциялар материалдарында жарияланған еңбектер:

1. Формирование метакоммуникативной компетенции учителя иностранного языка в профильной школе// III Международная научно-практическая конференция. – Алматы: ҚазХҚжӘТУ, 2015. 67-70 б.

2. Моделирование процесса формирования профессионально-ориентированной иноязычной коммуникативной компетентности студентов педагогического факультета // Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, 2016. - 41–45 б.

3. Modeling of the formation of professionally oriented foreign language communicative competence of pedagogical faculty students // Dynamika naukowych badan. – Przemysl (Poland), 2016.- 42-47 p.

4. Modern trends of the development of foreign language education // Language teaching: objectives, technology, results. – Los Gatos (USA), 2016.-31-35 p.

5. Formation of metacommunicative competence in the context of professional training of future foreign language teachers // 115th ISER International Conference on Education and Social Science. – Madrid (Spain), 2017.

6. Формирование метакоммуникативной компетентности в контексте профессиональной подготовки будущих учителей иностранных языков // Приоритеты педагогики и современного образования. – Пенза, 2018. – 174-177 б.

7. Принципы формирования метакоммуникативной компетенции иноязычного профильного образования // Материалы IX Международной научно-практической конференции. – Алматы: ҚазХҚжӘТУ, 2022. – 217–220 б.

8. Лингводидактические особенности организации профессионально-метакоммуникативного содержания иноязычного образования// X Международная научно-практическая конференция. – Алматы, 2023. –102-106 б.

**Зерттеу жұмысының құрылымы.** Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұрады.

**Кіріспеде** зерттеу тақырыбының өзектілігі, зерттеудің объектісі, пәні, мақсаты, міндеттері, болжамы, ғылыми және теориялық жаңалықтары, практикалық мәні, қорғауға ұсынылатын қағидалар, зерттеу кезеңдері, зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және практикаға ендіру беріледі.

**Экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері атты бірінші тарауда** зерттеу мәселесінің іргелі теориялық алғышарттары зерделенді. Мұнда шеттілдік білім берудің қазіргі заманғы даму тенденциялары, соның ішінде жаһандану, цифрландыру және білім беру мазмұнын жанарту үдерістері талданып, метакоммуникативтік құзыреттіліктің мәні, құрылымы мен кәсіби даярлықтағы рөлі айқындалды. Сонымен қатар, метакоммуникативтік құзыреттілікті дамытуда жобалау

технологияларын қолданудың теориялық-педагогикалық мүмкіндіктері негізделді.

**Экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін жобалау технологиялары арқылы қалыптастыру әдістемесі атты екінші тарауда зерттеудің әдістемелік жүйесі негізделді. Мұнда метакоммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың мазмұндық-функционалдық моделі, оның критерийлері мен деңгейлері көрсетілді. Сонымен қатар, профконцепт мазмұны мен аспектілері жүйеленіп, жобалау технологиясына негізделген жаттығулар кешені, концепттер аясындағы экономикалық терминдер мен ұғымдардың қысқаша тезаурустық сөздігі ұсынылды.**

**Экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында жобалау технологиялары арқылы болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудағы тәжірибелі-эксперимент жұмысы атты үшінші тарауда ұсынылған әдістеменің тиімділігі тексеріледі. Мұнда білім алушылардың метакоммуникативтік құзыреттілік деңгейлеріне диагностикалық бағалау жүргізіліп, тәжірибелі-эксперимент жұмысының сандық және сапалық нәтижелері негізделеді. Эксперимент барысында алынған көрсеткіштер әзірленген лингводидактикалық жүйенің нәтижелілігін статистикалық тұрғыдан дәлелденеді.**

**Қорытындыда зерттеудің негізгі нәтижелері мен қағидалары тұжырымдалып, ұсынылған модель мен әдістеменің тиімділігі статистикалық тұрғыдан дәлелденіп, болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлаудың практикалық маңызы негізделіп, ғылыми ізденістің алдағы бағыттары айқындалады.**

**Әдебиеттер тізімі 174 ғылыми еңбектен тұрады, олар педагогикалық, психологиялық, лингвистикалық, әдіснамалық, психолінгвистикалық сипатқа ие және зерттеу барысында зерттеліп, талданған.**

**Қосымшаларда зерттеу барысында қолданылған қосымша сипаттағы оқу материалдары берілген: тестілер, сауалнамалар, жаттығулар мен тапсырмалар, концептілер аясында экономикалық терминдер мен ұғымдардың қысқаша тезаурустық сөздігі.**

# 1 ЭКОНОМИКАҒА БАҒДАРЛАНҒАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ ШЕТЕЛ ТІЛІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ МЕТАКОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

## 1.1 Шеттілдік педагогикалық білім берудің қазіргі даму тенденциялары

Қазақстанның жаһандық және еуропалық білім беру кеңістігіне қарқынды кірігуі ұлттық білім беру жүйесіне жаңа талаптар мен міндеттер жүктеп отыр. Қоғамдағы саяси, мәдени және экономикалық өзгерістер шетел тілін оқыту парадигмасын заман талабына сәйкес түбегейлі жаңғыртуды қажет етеді. Бұл үдеріс халықаралық білім беру ортасында тиімді әрекет ете алатын жоғары білікті педагог кадрларды даярлауға бағытталуы тиіс.

С. С. Кунанбаева шеттілдік білім беруді «мәдениетаралық коммуникация және кәсіби өзара іс-әрекет субъектісі ретінде тұлғаны дамытуға бағытталған әлеуметтік-мәдени феномен» ретінде сипаттайды [7, 10 б.]. Осы тұрғыдан алғанда, шетел тілі тек ақпарат алмасу құралы емес, болашақ педагогтың когнитивтік, дүниетанымдық және кәсіби дамуын қамтамасыз ететін маңызды құрал болып табылады [65].

Қазіргі шеттілдік білім беру парадигмасы шетел тілін меңгеруді тек тілдік дағдыларды игерумен шектемей, білім алушыда «екінші когнитивтік сананың» қалыптасуын көздейді. Бұл өзге мәдениет өкілдерінің концептуалдық әлем бейнесін түсінуді, сөйлеу мінез-құлқын талдауды және өз мәдени-ұлттық болмысын шет тілінде интерпретациялау қабілетін дамытуды қамтиды. Осыған байланысты болашақ мұғалімдерді даярлау үдерісі мәдениетаралық коммуникация субъектісін қалыптастыруға бағытталған когнитивтік-лингвомәдени әдіснама негізінде қарастырылады [7, 54 б.].

Аталған контексте кәсіби-бағдарлы оқытуда лингвистикалық, пәндік-экономикалық және коммуникативтік компоненттердің өзара интеграциясы маңызды рөл атқарады. Бұл болашақ педагогтардың кәсіби қарым-қатынас процесін саналы түрде реттеу қабілетін қалыптастыратын метакоммуникативтік құзыреттілікті дамыту қажеттілігін негіздейді.

Осыған сәйкес, зерттеуде келесі бағыттар қарастырылады:

- 1) кәсіби бағдар контекстінде шеттілдік білім беруді дамыту;
- 2) метакоммуникативтік құзыреттіліктің мәні, құрылымы және құрамдас бөліктері;
- 3) экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында шетел тілі мұғалімдерін даярлау ерекшеліктері;
- 4) жобалау технологияларын метакоммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру құралы ретінде қолдану мүмкіндіктері.

Жүргізілген талдау мәселенің ғылыми зерттелу деңгейін айқындауға, қолданыстағы тәсілдерді жүйелеуге және экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік

құзыреттілігін қалыптастыру моделін әзірлеудің қажеттілігін негіздеуге мүмкіндік береді.

Ғаламдық әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, халықаралық интеграциялық үдерістер, академиялық ұтқырлықтың кеңеюі және цифрлық ресурстардың дамуы білім беру мазмұнын жаңғырту қажеттілігін күшейтуде. Қазақстан Республикасында шеттілдік даярлықты жетілдіру – халықаралық кәсіби кеңістікте бәсекеге қабілетті мамандарды қалыптастырудың негізгі бағыттарының бірі.

Соңғы жылдары Қазақстанның білім беру жүйесінде нормативтік-құқықтық және мазмұндық өзгерістер жүзеге асуда. Бұл үдерістер «Шеттілдік білім беруді дамыту тұжырымдамасында» көрініс тапқан [7, 54 б.]. Аталған құжат шеттілдік білім беруді ұлттық білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде қарастырып, оның әлеуметтік-мәдени және кәсіби кеңістікпен өзара байланысын айқындайды. Шеттілдік білім беру мәдениетаралық коммуникацияға қабілетті, кәсіби қызметте шетел тілін тиімді қолдана алатын және үздіксіз өзін-өзі дамытатын тұлғаны қалыптастыруға бағытталған.

Осыған байланысты қазіргі кезеңде болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда заманауи педагогикалық технологияларды, кәсіби бағдарланған тезаурусты және метакоммуникативтік фасилитация дағдыларын меңгеру ерекше маңызға ие. Бұл, әсіресе, экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында өзекті болып отыр.

Әлемдік білім беру жүйесі қазіргі уақытта жаһандану, цифрландыру, халықаралық экономикалық интеграцияның күшеюі және білім экономикасына көшу сияқты трансформациялық үдерістермен сипатталады. Дж. Ричардс пікірінше, заманауи педагог тек тілдік құзыреттілікке ие болып қана қоймай, оқыту үдерісін кәсіби ортаның өзгермелі талаптарына бейімдей алатын әдістемелік икемділікке ие болуы тиіс [66].

Осы тұрғыда кәсіби-экономикалық бағыттағы оқытуды жобалай алатын болашақ мұғалімдерді даярлау ерекше маңызға ие. Бұл шеттілдік тезаурустың ерекшеліктерін ескеретін интегративтік тәсілдерді талап етеді.

Осы факторлардың әсерінен шеттілдік педагогикалық даярлықтың мақсаттары, мазмұны, әдістері мен технологиялары айтарлықтай жаңғыртылуда. Б. Кумаравадивелу шетел тілі мұғалімдерін даярлау жүйесі когнитивтік, коммуникативтік және мәдениетаралық компоненттерді біріктіретін интегративтік құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталуы тиіс екенін атап көрсетеді [67]. Бұл көпәтносты және көптілді ортада тиімді жұмыс істей алатын, кәсіби-коммуникативтік мәдениеті жоғары педагог кадрларды даярлаудың маңыздылығын айқындайды.

Үш тілді саясатты жүзеге асырудың инновациялық моделіне көшу жағдайында кәсіби деңгейде шетел тілін меңгерген және экономикаға бағдарланған мұғалімдерді даярлау стратегиялық міндетке айналды. С.С. Кунанбаева атап өткендей, кәсіби бағдарланған шетел тілін оқыту арнайы терминология мен кәсіби-экономикалық дискурсты меңгерген тілдік тұлғаның дамуын қамтамасыз етуі тиіс [68, 14 б.]. Бұл, әсіресе, тілдік даярлық білім

алушылардың кәсіби құзыреттілігі мен экономикалық ойлауымен тығыз байланысты экономикалық сыныптарда маңызды. Шеттілдік білім беру адами капиталды қалыптастырудың және мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі факторларының бірі болып табылады. «Қазақстан-2050» Стратегиясына сәйкес, тіл саясаты тұрақты өсуді және жаһандық білім беру кеңістігіне ықпалдасуды стратегиялық мақсат ретінде қарастырады [69].

Қазіргі білім беру реформаларының кезеңінде Қазақстан Республикасының жоғары білім беру мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында нақты міндеттер белгіленген [1]. Сонымен қатар, «Шеттілдік білім беруді дамыту тұжырымдамасы» үздіксіз шеттілдік білім беруді ұйымдастыру арқылы мәдениетаралық өзара іс-әрекетке қабілетті тілдік тұлғаны қалыптастыруға бағытталған [2]. Оның негізгі мақсаты – көптілді, мәдени бейімделген және кәсіби құзыретті тұлғаны дамыту, бұл Қазақстанның ұлттық тіл саясаты мен білім беру басымдықтарына сәйкес келеді.

Шеттілдік білім берудің стратегиялық бағыттарын қалыптастыруда халықаралық бастамалар мен жаһандық стандарттар шешуші рөл атқарады. Атап айтқанда, Болон процесі [70], Еуропалық көптілділік стратегиясы [71] және Erasmus+ [72] бағдарламасы жоғары білім берудің біртұтас кеңістігін құру арқылы болашақ педагогтардың кәсіби ұтқырлығы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруды көздейді.

Бұл үдерісте шетел тілін меңгерудің жалпыеуропалық деңгейлері (CEFR) [73] басты бағдар ретінде алынады. CEFR стандарттарына сәйкес, болашақ мұғалімдерді даярлау тек лингвистикалық білім жиынтығы емес, құзыреттілікке, пәнаралық және коммуникативтік-қызметтік тәсілдерге негізделген кешенді процесс. Дж. Ричардс атап өткендей, заманауи тіл маманы қарым-қатынастың стратегиялық аспектілерін меңгеріп, коммуникативтік жағдаяттарды кәсіби деңгейде басқара алуы тиіс [66].

Осы тұрғыда метакоммуникативтік құзыреттілік халықаралық стандарттардағы «стратегиялық құзыреттілік» ұғымымен тығыз байланыста қарастырылады. Ол білім алушының қарым-қатынас барысындағы түсінбеушіліктерді жою, өз ойын кәсіби ортаға бейімдеу және коммуникация процесін рефлексиялау қабілетін айқындайды. Бұл бағыт болашақ шетел тілі мұғалімдерінің халықаралық деңгейдегі кәсіби даярлық сапасын қамтамасыз етудің маңызды шарты болып табылады.

«Шеттілдік білім беру» ұғымының мәнін ашуда отандық және шетелдік ғалымдардың пайымдаулары маңызды рөл атқарады. Мәселен, С. С. Кунанбаева шеттілдік білім беруді жаңғыртудың әлеуметтік-тарихи негізін басшылыққа ала отырып, оны жеке тұлғаны – мәдениетаралық коммуникация субъектісін қалыптастыруға бағытталған дербес ғылым ретінде сипаттайды. Мұндағы басты ұстаным «тіл арқылы мәдениетті» меңгеруге негізделген [7, 21 б.].

Бұл тұрғыда Е. И. Пассов коммуникативтік аспектіні негізге алып, білім беруді білім алушының тұлғасын оқыту, тәрбиелеу және дамытуға бағытталған біртұтас жүйе ретінде қарастырады [15, 27 б.], ал А. Н. Щукин оны танымдық және коммуникативтік қызметті біріктіретін интегративті процесс ретінде

сипаттайды [74, 75 б.]. Өз кезегінде А. Е. Бижкенова шеттілдік білім берудің түпкі нәтижесі ретінде мәдениетаралық коммуникацияға және сөйлеу қызметін өз бетінше жетілдіруге қабілетті тұлғаны дамытуды атайды [75]. Ал, И. Л. Бим [76, 36 б.] мен Н. Д. Гальскова [77, 48 б.] еңбектерінде бұл ұғым тіл мен мәдениеттің өзара байланысын қамтитын, коммуникативтік құзыреттілікке бағытталған кешенді жүйе ретінде қарастырылады.

Аталған ғылыми көзқарастарды талдау және жинақтау негізінде, біздің зерттеуімізде шеттілдік білім беру тілдік, мәдени және кәсіби мазмұнның интеграциясы арқылы білім алушылардың коммуникативтік, когнитивтік және кәсіби құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған кешенді педагогикалық жүйе ретінде қарастырылады.

Қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы шеттілдік білім берудің негізгі бағыттарына мыналар жатады:

1. Құзыреттілік моделіне көшу. Шетел тілі нақты кәсіби, әлеуметтік және мәдени жағдайларда білімді қолдану қабілетін дамыту құралы ретінде қарастырылады.

2. Білім беруді интернационалдандыру. Халықаралық бағдарламалар, академиялық ұтқырлық, виртуалды платформалар көптілділік пен мәдениетаралық өзара іс-әрекетті дамытуға ықпал етеді.

3. Тіл мен кәсіби даярлықты интеграциялау CLIL(Content and Language Integrated Learning), ESP (English for specific purposes), EMI (English as a Medium of Instruction). Шетел тілі дербес пән емес, кәсіби білімді меңгеру құралы ретінде қолданылады; экономикалық бейін үшін Business English және Economic English қамтылады.

4. Жобалық және зерттеу бағыты. Практикалық-бағдарланған оқыту сыни ойлау, талдау, ақпаратпен жұмыс және кәсіби міндеттерді шешу қабілеттерін дамытады.

5. Білім беру процестерін цифрландыру. Электрондық ресурстар, мультимедиа, тілдік корпустар мен жасанды интеллект технологиялары оқытудың даралануы мен тиімділігін арттырады.

Экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында шетел тілін меңгеру қазіргі заманғы білім беру талаптарында ерекше маңызға ие. Бұл жағдай жалпы тілдік даярлық пен кәсіби бағдарланған оқытуды біріктіретін арнайы білім беру ортасын қажет етеді. Мұндай оқытуда негізгі мақсат – білім алушылардың экономикалық контексте кәсіби міндеттерді шешу үшін тілдік құралдарды тиімді қолдану қабілетін қалыптастыру болып табылады.

Шетел тілін кәсіби бағытта оқытуда пәндік мазмұн мен тілдік даярлықты интеграциялау маңызды. Халықаралық әдістемеді бұл бағыттар English for Specific Purposes (ESP) және Content and Language Integrated Learning (CLIL) тұжырымдамаларымен байланыстырылады. Аталған тұжырымдамалар білім алушылардың кәсіби-коммуникативтік құзыреттерін дамытуды көздейді. Болашақ шетел тілі мұғалімдері экономикалық ұғымдарды дербес меңгеріп, іскерлік коммуникация дағдыларын дамытуы, кәсіби мазмұн мен шетел тілін оқыту әдістемесін интеграциялай білуі тиіс. Бұл ретте жобалау технологиялары

арқылы мұғалім оқу-зерттеу және жобалық тапсырмаларды орындауға бағыттай отырып, іскерлік келіссөздер мен кейстер сияқты кәсіби қарым-қатынас жағдайларын модельдейді.

Экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында шетел тілін оқытуды ұйымдастыру мәселелері ғылыми-әдістемелік тұрғыдан әлі де терең талдауды қажет етеді. Атап айтқанда, экономикаға бағдарланған сыныптарда шетел тілін оқытудың әдістемелік жүйесін әзірлеу, пәндік мазмұн мен тілдік даярлықты интеграциялау (CLIL, ESP тұжырымдамалары), сондай-ақ білім алушылардың кәсіби-коммуникативтік құзыреттерін қалыптастыру мәселелері өзекті болып қала береді.

Зерттеушілердің пікірінше, шетілдік білім беру тек білім мен құзыреттілікті меңгертумен шектелмей, тіл мәдениеті, мәдениетаралық және метакоммуникативтік құзыреттілік субъектісі ретінде тұлғаны қалыптастыруға бағытталған аксиологиялық аспектілерді қамтиды. Егер оқыту екі жақты процесс ретінде (оқыту және оқу) қарастырылса, білім беру ұғымы анағұрлым кең мағынаға ие болады [20, 15 б.].

Қазіргі жағдайда шетілдік білім беру тек білім мен құзыреттілікті меңгертумен шектелмей, тұлғаны мәдениетаралық және метакоммуникативтік өзара іс-әрекеттің субъектісі ретінде қалыптастыруды көздейді. Бұл ретте профессор С.С. Кунанбаеваның «Тіл - мәдениет - тұлға» атты ғылыми-дидактикалық тұжырымдамасы іргелі негіз болып табылады [7, 46 б.]. Бұл тұжырымдама білім алушының тек лингвистикалық емес, сонымен қатар мәдени және тұлғалық дамуын, эмпатия мен төзімділік қасиеттерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасында шетілдік білім беру сапасын арттыру өзектілігін сақтап отыр. Соңғы жылдары оқу үдерісін әртүрлі ресурстармен байыту мүмкіндіктері артты: жаңа буындағы оқу-әдістемелік кешендер, интернет-ресурстар мен вебинарлар, пәндік олимпиадалар, педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру шаралары енгізілуде.


Д. Граддолдың пайымдауынша, жаһандану заманының талаптарына сәйкес түлектердің табыстылығы олардың әлемдік еңбек нарығының стандарттарына сай қабілеттілігімен өлшенеді [78]. Сол себепті, шетел тілін халықаралық деңгейде меңгеру – бәсекеге қабілеттіліктің негізгі факторы болып табылады. Бұл прагматикалық қажеттілік Е.И. Пассовтың концепциясымен үндеседі: білім беру тек білім жинағы емес, білім алушының қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін айқындайтын құндылықтарды қалыптастыру процесі [15, 28-34 б.]. Заманауи шетілдік білім беру тәрбие мен мәдениетаралық коммуникацияны интеграциялайтын біртұтас жүйе болып табылады. Сондықтан жоғары оқу орындарында кәсіби қарым-қатынасқа бейім, тілдік құзыреттілігі жоғары мамандарды даярлау басты стратегиялық міндетке айналып отыр.

Ғылыми әдебиеттерді талдау негізінде қазіргі заманғы шетілдік білім берудің келесі негізгі бағыттары айқындалды: білім беру мазмұнының коммуникативтік және құзыреттілікке бағдарлануы; оқыту үдерісін тұлғалық-бағдарлы және мәдениетаралық парадигма негізінде ұйымдастыру; кәсіби-

бағдарланған шеттілдік даярлықтың күшеюі; цифрлық білім беру ресурстары мен ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кеңінен интеграциялануы; пән мен тілді кіріктіре оқыту (CLIL) тәсілдерінің белсенді қолданылуы; білім алушылардың дербестігі, рефлексиясы және өмір бойы білім алу дағдыларын дамытуға басымдық берілуі.

Аталған бағыттарды теориялық тұрғыдан жалпылау олардың шеттілдік білім берудің заманауи парадигмасын айқындайтын жетекші тенденциялар жүйесіне бірігетінін көрсетеді. Осыған сәйкес, шеттілдік білім беру оқыту үдерісінің мазмұны мен ұйымдастырылуын сипаттайтын келесі тенденциялармен ерекшеленеді: тілдік тұлғаны қалыптастыру; құзыреттілікке бағытталған оқыту; инновациялық-жобалық оқыту; тіл мен кәсіби даярлықты интеграциялау; шеттілдік білім беруді тезаурустық тұрғыдан түсіну.

Төмендегі сурет 1-де шеттілдік педагогикалық білім берудің негізгі бес тенденциясы ұсынылған.



Сурет 1 – Қазіргі заманғы шеттілдік педагогикалық білім берудің негізгі тенденциялары

Бірінші тенденция – тілдік тұлғаны қалыптастыру. Бұл бағыт шеттілдік білім берудің түпкі мақсаты ретінде білім алушыны тек тілдік білім мен дағдыларды меңгерген субъект ретінде емес, шетел тілінде еркін қарым-қатынас жасай алатын, мәдениетаралық өзара әрекетке қабілетті тілдік тұлға ретінде дамытуға басымдық береді. Аталған тенденция тіл үйренушінің коммуникативтік тәжірибесін кеңейтуге, тілдік, когнитивтік және мәдени компоненттердің бірлікте қалыптасуына негізделеді.

Барлық адамдар ойлау тәсілі, сезінуі және жалпы мінез-құлқы бойынша бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленеді, бұл «тұлға» ұғымының негізін құрайды. Осы тұрғыда зерттеуші Б.Нортон «тілдік тұлға» («identity») ұғымын адамның әлемге және әлеммен қарым-қатынасын түсінуге, бұл қатынастардың уақыт пен

кеңістікте қалай құрылатынын және адамның болашақтағы мүмкіндіктерін қалай қабылдайтынын сипаттайтын үдеріс ретінде анықтайды [79]. Ол тіл үйренушілердің тіл арқылы сөйлеу барысында үнемі өз идентичтілігін қалыптастыру үдерісіне қатысатынын атап өтеді.

Салыстырмалы-тарихи тіл білімінің негізін қалаушылардың бірі В. фон Гумбольдт тілді халықтың біртұтас рухани энергиясының көрінісі ретінде қарастырады. Бұл энергия дыбыстық жүйе арқылы іске асып, сол тілді меңгерген барлық адамдарға ортақ ойлау және мәдени импульстерді қалыптастырады. Ғалым тұлға тіл шеңберімен шектелмейтінін, алайда адам өзінің ішкі рухани тәжірибесін сөз арқылы бекітуге және тілді мәдени болмысты білдіру құралы ретінде қолдануға мәжбүр екенін атап көрсетеді. Осыған орай, тіл тек коммуникация құралы ғана емес, сонымен қатар адамның рухани өзін-өзі білдіру формасы және мәдени тиесілілігінің көрінісі ретінде түсіндіріледі [80].

Тілдік тұлға ұғымының алғашқы анықтамаларының бірін Г. И. Богин берген: «Лингводидактиканың ортаық ұғымы – тілдік тұлға, яғни сөйлеу әрекеттерін жасауға дайын адам. Тілдік тұлға – тілді меңгеуші, яғни тіл ол үшін сөйлеу болып табылады. Тілдік тұлға тіл туралы біліммен емес, тілді қолдану қабілетімен сипатталады» [81]. Тілдік тұлғаның құрылымын Г. И. Богин коммуникацияға жалпы дайындық моделі ретінде сипаттап, оның компоненттері мен деңгейлерін көрсетеді.

«Екінші тілдік тұлға» ұғымы қазіргі шеттілдік білім беру әдістемесінде негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Аталған феномен Караулов [82], И. И. Халеева [83, 278 б.], Ю.Н. Гальскова [77, 67 б.], сынды зерттеушілердің еңбектерінде жан -жақты зерделенген.

Тілдік тұлғаның ең белгілі концепцияларының бірі Ю. Н. Карауловқа тиесілі. Ол тілдік тұлға құрылымының үш деңгейін ұсынады:

1. вербалдык-семантикалық деңгей, мұнда бастапқы бірлік ретінде жеке сөздер мен тілдік жүйе қарастырылады;
2. лингвокогнитивтік (тезаурустық) деңгей, мұнда ұғымдар, идеялар мен концептілер жинақталып, индивидтің әлем бейнесі қалыптасады;
3. мотивациялық (прагматикалық) деңгей, ол тұлғаның коммуникативтік мақсаттарын, ниеті мен прагматикалық ұстанымдарын айқындайды [82].

И. И. Халеева екінші тілдік тұлға моделін сипаттай отырып, шетел тілін меңгеру барысында тұлғада екінші когнитивтік сана қалыптасатынын көрсетеді. Оның пікірінше, вербалды-семантикалық деңгейде екі тілдің әртүрлі «желісі» қалыптасады және осы деңгейде «тілдік» (тезаурус I) және «концептуалдық» (тезаурус II) әлем бейнесі дамиды [83, 280 б.]. «Екінші тілдік тұлға» терминіне балама ретінде С.С. Кунанбаева «МҚК субъектісі» терминін ұсынады. Қазіргі жағдайдағы шетел тілін оқытудың қол жеткізілетін түпкі мақсаты – «мәдениетаралық коммуникация субъектісін» қалыптастыру. Бұл мақсатқа тек басқа халықтың әлем бейнесі ретінде қарастырылатын «екіншілік когнитивтік сананың» қалыптасуын қамтамасыз ету нәтижесінде ғана жетуге болады; ол әртүрлі деңгейде іске асатын, когнитивтік тұрғыдан шартталған «ресоциализация» үдерісі болып табылады. Субъектінің «ресоциализациясы»

және үйренілетін тіл елі мәдениеті арқылы тілді когнитивтік деңгейде меңгеру – болашақ шетел тілі мұғалімдерінің тұлғасын қалыптастыру мен дамытудың біртұтас үдерісі ретінде қарастырылуы тиіс [7, 34-36 б.]. Осы тұрғыдан когнитивтік сана мен тілдік сана өзара тығыз байланысты: когнитивтік сана ақпаратты өңдеу мен концептуализациялауды қамтамасыз етсе, тілдік сана осы тәжірибені тіл арқылы құрылымдап, вербализациялайды.

Бұл ретте бірінші тезаурус ассоциативтік-вербалды жүйемен байланысты болса, екіншісі өзге мәдениетке тән мотивтер мен құндылықтарды түсінуге мүмкіндік береді.

Тезаурустық тұлға ұғымы психолингвистика, когнитивтік лингвистика және лингводидактика тоғысында қалыптасқан. Осыған байланысты тілдік тұлғаның когнитивтік деңгейін сипаттайтын «тезаурустық тұлға» ұғымы қалыптасты. Ол Ю.Н. Караулов ұсынған тілдік тұлға моделіндегі тезаурустық деңгейге негізделеді. Аталған деңгей адамның әлем туралы білім жүйесін, ұғымдар мен концептілер иерархиясын және мәдени мағыналар құрылымын қамтиды [82].

Осы тұрғыда тезаурустық тұлға ұғымдар мен концептілердің иерархиялық жүйесін қамтитын, тілдік бірліктерді мәдени-танымдық контексте түсініп, орынды қолдануға мүмкіндік беретін когнитивтік базаға ие. Мұндай когнитивтік база ақпаратты іріктеу, түсіндіру, құрылымдау және жаңа біліммен толықтыру арқылы өзге мәдениет өкілдерімен тиімді қарым-қатынас жасауға жағдай жасайды. Сонымен қатар ол кәсіби және мәдениетаралық дискурста мағына құрастыру, дәлелдеу және рефлексивті бағалау дағдыларының қалыптасуына негіз болады.

Тезаурус ұғымы грек тіліндегі *thésaurós* – «қазына, қор» сөзінен шыққан. Тезаурус субъектінің мәдениетті игеруінің құрылымдық моделі болып табылады. Тезаурус бірқатар қасиеттерге ие: ол толық емес, фрагменттік, бірақ ішкі логика арқылы біртұтас жүйеге бірігеді; иерархиялық құрылымға ие; құндылықтық негізде ұйымдасады; интерпретациялық және герменевтикалық сипатқа ие; динамикалық және өзгермелі болып келеді; субъектінің әрекетіне әсер етеді және әлеуметтік-мәдени бағыттаушы қызмет атқарады [84].

Ғалым В. В. Сафонова мәдениетаралық ұстаным аясында екінші тілдік тұлғаны қалыптастырудың басты мақсаты ретінде мәдениеттер диалогына қабілетті тұлғаны дамыту қажеттігін атап өтеді. Сондықтан, екінші тілдік тұлға тілдік, когнитивтік және мәдени компоненттердің интеграциясы нәтижесінде қалыптасатын, шетел тілін меңгерудің жоғары деңгейін сипаттайтын күрделі феномен [85].

Психология ғылымында когнитивтік үдерістер мен сананың қалыптасуы іс-әрекет теориясы тұрғысынан зерттеледі. Л.С.Выготский адамның жоғары психикалық функциялары әлеуметтік ортада қалыптасатынын және тілдің ойлауды ұйымдастырудағы негізгі құрал екенін атап өтеді. Бұл тұрғыда сана тіл арқылы құрылып, когнитивтік дамудың негізі ретінде қарастырылады [86, 424 б.].

Бұл бағытта Н.И.Жинкин ішкі сөйлеу механизмін когнитивтік өңдеудің негізгі тетігі ретінде сипаттайды, яғни ақпараттың санада қайта құрылуы тілдік форма арқылы жүзеге асады [87].

Педагогикалық ғылымда танымдық оқытубілімді саналы меңгеру, оны құрылымдау және жаңа жағдайларда қолдану қабілеті ретінде түсіндіріледі. Д. Брунер танымдық оқытудың құрылымдық моделін ұсынып, білім алушының белсенді танымдық әрекет арқылы білімді «ашу» процесін маңызды деп есептейді [88]. Дэвид Аусубель болса, мағыналы оқыту теориясында жаңа білімнің бұрынғы когнитивтік құрылыммен байланысуы арқылы терең меңгерілетінін көрсетеді [89].

Бұл идея әрі қарай В.И. Карасик еңбектерінде дамытылып, тілдік тұлға мәдениетке тәуелді білім иесі ретінде қарастырылады [90]. Сонымен қатар Е.С. Кубрякова мен Г. Г.Слышкин зерттеулерінде тілдің когнитивтік табиғаты мен «концепт» ұғымы жан-жақты талданады [91, 92]. Бұл еңбектер тілдік тұлғаның қалыптасуын когнитивтік және мәдени факторлармен тығыз байланыста қарастыруға мүмкіндік береді.

Осы теориялық негіздер жаһандық ақпараттық кеңістіктің күрделенуі жағдайында зерттеуші үшін үлкен ақпарат ағындарын игеру әселесі өзекті болып отыр. Осы үдерістерді түсіндіруде соңғы жылдары дамып келе жатқан тезаурустық ұғымы маңызды рөл атқарады. Оның эвристикалық әлеуеті мәдениеттануда дәлелденіп, тезаурология бағыты қалыптасты. Бүгінде бұл үдеріс нәтижелері әлеуметтік ғылымдарда да кеңінен қолданысқа ие.

Қорыта айтқанда, шеттілдік білім берудің бірінші тенденциясы – тілдік тұлғаны қалыптастыру тұжырымдамасына арналған ғылыми еңбектерді саралау - бұл үдерістің когнитивтік және мәдени өлшемдерінің ажырамас бірлігін айқындайды. Тілдік тұлға тек лингвистикалық ақпаратты меңгеруші ғана емес, сонымен қатар мәдени құндылықтарды игерген, концептуалдық жүйесі қалыптасқан белсенді субъект ретінде сипатталады. Бұл тұрғыда тіл, ойлау және мәдениет біртұтас феномен ретінде ұғынылып, тұлғаның білімдік кеңістігін ұйымдастырудың іргетасы ретінде танылады. Осыған орай, аталған тенденция заманауи шеттілдік білім беруде тілдік тұлғаны көпдеңгейлі, мәдениетаралық және когнитивтік тұрғыдан дамытудың теориялық-әдіснамалық негізін айқындайды.

Зерттеу барысында анықталған екінші – құзыреттілікке бағытталған тенденция. Бұл тенденция білім алушылардың жеке қажеттіліктерін, қызығушылықтары мен қабілеттерін ескеруге, тілдік тұлғаның тұтас дамуын қамтамасыз етуге және шеттілдік қарым-қатынас арқылы қоршаған ортамен тиімді өзара әрекеттесуге бағытталған.

Құзыреттіліктерді қалыптастыру мәселелерімен жеке ғалымдармен қатар CEFR, UNESCO, UNICEF, Еуропа Кеңесі сияқты халықаралық ұйымдар да айналысады. Қазіргі ғылыми тәсілдерде құзыреттілік тұлғаның білім, білік, дағды және ұстанымдарды қамтитын интегративті сипаттамасы ретінде қарастырылады. Ол адамның алған білімін нақты жағдайларда қолдана алу қабілетін және белгілі бір стандарттарға сәйкес әрекет ету мүмкіндігін білдіреді.

Осы тұрғыда құзыреттілік тек білім нәтижесі ғана емес, сонымен қатар тұлғаның кәсіби және әлеуметтік ортада тиімді әрекет етуін қамтамасыз ететін кешенді сапа ретінде айқындалады. Бұл өз кезегінде шеттілдік білім беруде оқу мазмұнын функционалды, коммуникативтік және мәдениетаралық аспектілермен ұштастыруды талап етеді.

Құзыреттілік ұғымы білімнің қолжетімділігін, оқу процедураларының ашықтығын және бағалаудың объективтілігін қамтамасыз етеді, өйткені білім алушылар бағалау критерийлері мен тапсырма форматтарымен алдын ала танысып, өзін-өзі және өзара бағалау дағдыларын меңгереді [20, 65]. Сонымен қатар, бұл ұғым өзін-өзі бақылау, сыни ойлау және оқу процесіне саналы қатысу қабілеттерін қалыптастыруға ықпал етеді [35, 93].

Құзыреттілікке бағытталған оқытудың барлық қатысушылар үшін тиімді, әділ және түсінікті білім беру моделін қалыптастыратынын атап өтеді. Бұл бағыт білім алушының белсенді әрекет субъектісі ретіндегі позициясын нығайтып, оның өзін-өзі ұйымдастыру, оқу стратегияларын таңдау және нәтижені бағалау қабілеттерін дамытады [53, 94].

Құзыреттілікке бағытталған тенденция аясында оның бірқатар негізгі сипаттамаларын бөліп көрсетуге болады. Ең алдымен, ол білім беру үдерісінің оқу нәтижелеріне (learning outcomes) бағдарлануын көздейді, бұл білім жетістіктерінің өлшенімділігі мен ашықтығын қамтамасыз етеді. Бұл ретте шеттілдік білім берудің негізгі мақсаттары ретінде коммуникативтік және мәдениетаралық құзыреттіліктің басымдылығына ерекше мән беріледі.

Сонымен қатар, бұл тенденция тіл, мәдениет және кәсіби контексттің интеграциясымен сипатталады, бұл шетел тілін тек қарым-қатынас құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар кәсіби өзара әрекеттесу құралы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Оқу үдерісін нақты коммуникациялық жағдайларға жақындатуды қамтамасыз ететін аутентті және ситуациялық-бағытталған тапсырмаларды қолдану маңызды компонент болып табылады.

Сондай-ақ бұл тенденция білім алушының дербестігі мен жауапкершілігін дамытуға ықпал етіп, оны оқу үдерісінің белсенді субъектісі ретінде күшейтеді және өзін-өзі реттеу мен ұйымдастыру дағдыларын қалыптастырады.

Құзыреттілікке бағытталған тенденция аясында шеттілдік білім беру процесі білім алушыны оқу үдерісінің белсенді субъектісіне айналдырады, бұл процесс білім алушының өзін-өзі реттеу, стратегиялық мақсат қою және кәсіби маңызды нәтижелерді бағалау дағдыларын қалыптастыруды көздейді. Ал әдістемелік тұжырымдамаға сәйкес, оқытушының рөлі трансформацияланып, ол тілдік білімді беруші ғана емес, оқу процесін бағыттаушы фасилитатор ретінде көрінеді [64, 65]. Бұл өз кезегінде білім алушылардың метапәндік және коммуникативтік дағдыларының дамуына ықпал етеді.

Үшінші тенденция – инновациялық-жобалық оқыту (Project-Based Learning, PBL). Инновациялық-жобалық оқыту (Project-Based Learning) болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлау үдерісінде білім алушылардың белсенді өзара әрекеттестігін қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл бағыт білім алушылардың базалық ақпаратты қабылдаудан бастап, оны талдау, интерпретациялау және

нақты өмірлік кәсіби жағдаяттарда қолдануға дейінгі когнитивтік әрекетінің кезеңдік дамуын қамтамасыз етеді.

Аталған тенденция жобалық, проблемалық және зерттеушілік оқыту әдістеріне негізделеді. Бұл өз кезегінде білім алушылардың өздігінен жұмыс істеу қабілетін, сыни ойлауын, аналитикалық дағдыларын және кәсіби контексте шешім қабылдау құзыреттілігін дамытады. Инновациялық оқыту білім беру үдерісін жаңғырту, жанарту және трансформациялау мақсатында жаңа идеялар мен технологияларды енгізуді көздейді. Осы тұрғыда ақпараттық-коммуникациялық технологиялар шетел тілін оқытуда маңызды дидактикалық құрал ретінде қолданылып, заманауи университеттік білім берудегі жаңартылған білім беру әдістері арқылы интеграцияланады [95].

Сонымен қатар, қазіргі білім беру үдерісінде шығармашылық әлеуеті жоғары мамандарды даярлау ерекше мәнге ие. Кәсіби құзыреттілік тек білім мен дағды жиынтығымен емес, сонымен қатар кәсіби мәселелерге шығармашылық және бейімделгіш көзқараспен айқындалады. Осыған байланысты танымдық белсенділікті дамыту, өзін-өзі оқыту дағдыларын қалыптастыру, стандартты емес ойлауды ынталандыру және кәсіби әрекетте дербестікті күшейту қажеттілігі артады.

Қазіргі еңбек нарығында шығармашылық әлеуеті жоғары, стандартты емес жағдайларда шешім қабылдай алатын мамандарға деген сұраныс жоғары. Кәсіби құзыреттілік тек білім жиынтығымен емес, мәселелерге бейімделгіш көзқараспен айқындалады. Сондықтан танымдық белсенділікті ынталандыру, өзін-өзі оқыту дағдыларын қалыптастыру және кәсіби әрекеттегі дербестікті күшейту – оқыту әдістемесінің басты міндетіне айналуда.

Осыған орай, шетел тілін оқытуда интерактивті әдістерді қолдану маңызды орын алады. Бұл тәсіл кәсіби коммуникацияны модельдейтін өзара әрекеттестік үдерісіне білім алушыларды белсенді тарту арқылы олардың қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырады. Интерактивті оқытудың теориялық негізі CLIL (Content and Language Integrated Learning) тұжырымдамасымен тығыз байланысты. Бұл бағыт білім мазмұны мен тілдік оқытуды кіріктіру арқылы когнитивтік және коммуникативтік құзыреттіліктерді қатар дамытуға мүмкіндік береді [96].

Практикалық деңгейде бұл тенденция цифрлық және мультимедиялық ресурстарды қолдану, оқу тапсырмаларын модельдеу және білім алушылардың топтық жұмысын ұйымдастыру арқылы жүзеге асады. Dale мен Tanner еңбектерінде атап көрсетілгендей, CLIL негізіндегі интерактивті тапсырмалар оқу үдерісін нақты кәсіби ортамен байланыстыруға мүмкіндік береді [97].

Инновациялық-жобалық оқыту аясында жобалардың бірнеше түрі қолданылады, олардың қатарында зерттеушілік, коммуникативтік, мәдениетаралық және кәсіби-бағытталған жобалар ерекше орын алады. Мұндай жобалар білім алушыларға шетел тілін нақты кәсіби және әлеуметтік контексте қолдануға мүмкіндік береді. Оқу үдерісінде тіл мақсат емес, жобалық әрекетті жүзеге асыру құралы ретінде қарастырылады, бұл оның функционалдық сипатын күшейтеді.

Жобалық тапсырмаларға презентация дайындау, кейс-талдау жүргізу, шағын зерттеу жобаларын орындау, сондай-ақ цифрлық өнімдер (блог, бейнематериал, подкаст) әзірлеу сияқты практикалық әрекеттер кіреді.

Бұл әрекеттер білім алушылардың академиялық және кәсіби дискурсты меңгеруіне, топтық жұмыс дағдыларын жетілдіруіне және ақпаратты жүйелеу қабілетін дамытуына ықпал етеді. Қорыта айтқанда, инновациялық-жобалық оқыту шеттілдік білім беруді практикалық, зерттеушілік және тұлғаға бағытталған сипатқа ие ететін маңызды тенденция болып табылады. Ол болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін, шығармашылық әлеуетін және тиімді коммуникация жасау қабілетін кешенді түрде дамытудың негізін қалайды.

Төртінші тенденция – тіл мен кәсіби даярлықты интеграциялау (ESP, CLIL, EMI). Бұл бағыт қазіргі шеттілдік білім берудің маңызды стратегиялық моделі болып табылады және шетел тілін тек қарым-қатынас құралы ретінде емес, кәсіби және академиялық ортада қолдану құралы ретінде меңгеруге бағытталады. Нәтижесінде білім алушылардың тілдік, пәндік және кәсіби құзыреттіліктері кешенді түрде қалыптасады.

CLIL (Content and Language Integrated Learning) тұжырымдамасы бойынша тіл мен пәндік мазмұн бір уақытта оқытылады, бұл когнитивтік және коммуникативтік дағдыларды қатар дамытуға мүмкіндік береді. CLIL теориясының негізін Д. Койл, Ф. Худ, Д.Марш еңбектері құрайды [96]. Д.Марш және А.Фригольс CLIL-ді білімді меңгеруге бағытталған интеграциялық оқыту моделі ретінде сипаттайды [98]. ESP (English for Specific Purposes) бағыты шетел тілін нақты кәсіби мақсаттарға бейімдеп оқытуға негізделеді. Бұл тәсіл Т. Хатчинсон және А.Вотэрс еңбектерінде жан-жақты қарастырылған [99].

EMI (English-Medium Instruction) моделі пәндерді ағылшын тілінде оқыту арқылы білім алушылардың академиялық және мәдениетаралық коммуникация дағдыларын дамытуға бағытталған.

Нәтижесінде, CLIL, ESP және EMI модельдері шеттілдік білім берудің интеграциялық сипатын күшейтіп, білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін халықаралық деңгейге бейімдеуге мүмкіндік береді.

Интегративтік оқыту тұжырымдамасы Л.С. Выготскийдің тіл үйрену үдерісін саналы және мақсатты әрекет ретінде қарастыруымен үндес келеді [86, 432 б.], себебі шетел тілін меңгеру ана тілін игеруден өзгеше когнитивтік және әлеуметтік механизмдер арқылы жүзеге асады. Интеграцияланған оқытудың теориялық негіздерін Е.Н. Соловова ұсынған интегративтік-рефлексивтік модель толықтырады [35], ол оқу үдерісін жүйелі жоспарлау мен кері байланыс арқылы дамытуға бағытталған.

Пәнаралық интеграцияның әдістемелік негізі В.П. Беспальконың педагогикалық технология теориясымен байланысты қарастырылады. Ол оқыту мазмұнын жүйелі жобалау, мақсат–нәтиже сәйкестігін қамтамасыз ету және оқу үдерісін технологиялық модельдеу арқылы ұйымдастырудың маңыздылығын көрсетеді [22]. Осы тұрғыда пәнаралық байланыстар тілдік материалды тек тілдік жүйе ретінде емес, кәсіби-танымдық контексте меңгеруге мүмкіндік береді, бұл монологтік сөйлеу дағдыларының дамуына ықпал етеді.

Тілдік және кәсіби компоненттердің интеграциялану үдерісі жоғары білім беру жүйесіндегі заманауи лингводидактикалық тәсілдер тұрғысынан жүйелі түрде сипатталады. Интеграцияланған оқытудың тиімділігі заманауи педагогикалық және цифрлық технологияларды қолдану, кәсіби-бағдарланған аутентикалық материалдарды пайдалану, сондай-ақ коммуникативтік және жобалық оқыту формаларын енгізу арқылы қамтамасыз етіледі.

Осы тұрғыда тіл мен кәсіби даярлықты интеграциялау болашақ мамандардың пәндік білім мен тілдік дағдыларды біріктіре отырып қолдануына мүмкіндік беретін көпфункционалды білім беру ортасын қалыптастырады. Бұл білім алушылардың алған білімін әртүрлі кәсіби контексттерде қолдану қабілетін дамытады және тұтас дүниетаным қалыптастыруға ықпал етеді. Интеграциялық оқыту нәтижесінде білім алушыларда кәсіби контексте тиімді тілдік өзара әрекеттесуге негізделген коммуникативтік құзыреттілік қалыптасады.

Түйіндей келе, төртінші тенденция – тіл мен кәсіби даярлықты интеграциялау (ESP, CLIL, EMI) шеттілдік білім беруде тілді жеке пән ретінде емес, кәсіби білімді меңгерудің құралы ретінде қарастыруға негізделеді. Аталған бағыт аясында тілдік оқыту мен пәндік мазмұнның интеграциясы жүзеге асырылады, бұл білім алушылардың кәсіби контекстешетел тілін қолдану қабілетін күшейтеді. ESP, CLIL және EMI модельдері тіл мен кәсіби білім берудің әртүрлі деңгейдегі бірігуін қамтамасыз етеді. Бұл модельдер білім алушылардың кәсіби және коммуникативтік құзыреттіліктерін, академиялық дискурс дағдыларын және халықаралық білім беру кеңістігіне бейімделу қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Осыған сәйкес, тіл мен кәсіби даярлықты интеграциялау қазіргі шеттілдік білім берудің көпдеңгейлі және көпфункционалды моделін қалыптастырып, білім алушылардың кәсіби-академиялық ортада шетел тілін тиімді қолдануына мүмкіндік береді.

Бесінші тенденция – шеттілдік білім беруді тезаурустық тұрғыдан түсіну. Шеттілдік білім беруді тезаурустық тұрғыдан түсіну болашақ шетел тілі мұғалімдерінің өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндігін айқындайтын когнитивтік, тұлғалық және кәсіби факторлардың кешенін қамтиды. Бұл бағыттың дамуына үлес қосу оның ғылыми-әдістемелік негіздерін нақтылауға мүмкіндік береді. Заманауи педагогикалық парадигмада шеттілдік білім беру тек тілдік дағдыларды меңгеруге емес, білім алушы тұлғасының тұтас дамуына бағытталады. Бұл үдеріс жаһандану, білім беру мен еңбек нарығының интернационалдануы, сондай-ақ мәдениетаралық коммуникацияға қабілетті маман даярлау қажеттілігімен тікелей байланысты.

«Тезаурус» – белгілі бір пәндік салаға қатысты ұғымдар мен терминдерді жүйелі түрде ұйымдастыратын, олардың семантикалық байланыстарын көрсететін құрылымданған білім жүйесі [73]. Бұл жүйе ұғымдар мен категориялар арасындағы иерархиялық қатынастар арқылы кәсіби немесе мәдени білімнің концептуалдық құрылымын бейнелейді. Осы орайда, И.И. Халеева ұсынған тезаурустық сана ұғымы білім алушының бұл ұғымдар жүйесін

тұтас когнитивтік құрылым ретінде меңгеріп, оларды қарым-қатынас барысында өзара байланыста қолдана алу қабілетін сипаттайды [83, 282 б.].

Бұл бағыттың теориялық негізі кәсіби бағдарланған оқыту тұжырымдамасымен тығыз байланысты, ол шетел тілін белгілі бір кәсіби салалар (экономика, гуманитарлық, техникалық және т.б.) шеңберінде тереңдетіп меңгеруге негізделеді. Осы тұрғыдан алғанда, шеттілдік білім беруді тезаурустық-кәсіби тұрғыдан түсіну қазіргі жаһандық еңбек нарығының талаптарына жауап беретін интегративтік модель ретінде дамып отыр.

Оның мәні тілдік және кәсіби даярлықты кіріктіру арқылы көпқырлы кәсіби тұлғаны қалыптастыруда айқындалады. Мұндай модель білім алушылардың кәсіби терминологиялық қорын кеңейтіп қана қоймай, олардың сыни ойлауын және мәдениетаралық коммуникация дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Тезаурустық оқыту білім алушының жеке когнитивтік ерекшеліктерін ескеретін тұлғаға бағдарланған білім беру ортасын қалыптастыруды көздейді. Бұл өз кезегінде оқу мотивациясын арттырып, оқу әрекеті мен жеке тәжірибенің өзара байланысын қамтамасыз етеді.

Болашақ мамандарды кәсіби қалыптастыру үдерісі А.А. Вербицкий ұсынған контексттік оқыту тұжырымдамасына сүйене отырып, білім алушы іс-әрекетінің динамикалық трансформациясы ретінде қарастырылады. Бұл әдіс білім алушының оқу әрекетін біртіндеп нақты жұмыс жағдайына бейімдеуді көздейді: ол алдымен теорияны меңгеріп, сосын кәсіби жағдаяттарды имитациялау (ойын, модельдеу) арқылы тәжірибе жинақтайды [100, 32 б.]. Мұндай жүйелі қадамдар білім алушының қарым-қатынас дағдыларын шыңдап, оны болашақ мамандығының қиындықтарына алдын ала дайындайды. Аталған әдіс білім алушының кәсіби бағдарын ерте айқындауға септігін тигізеді. Мұнда тезаурус ақпаратты жүйелейтін негізгі когнитивтік ресурс болып табылады. В. Луков бойынша, ол - дүниені танудың құрылымдық тетігі [73]. Нәтижесінде, тезаурустық тәсіл болашақ мұғалімнің кәсіби білімін жүйелеп, оның метакоммуникативтік құзыреттілігін арттырады.

Жаһандану жағдайында шеттілдік білім беру халықаралық академиялық мобильділік, цифрлық технологиялардың дамуы және білім беру мазмұнының интернационалдануы нәтижесінде жаңа талаптарға бейімделуде. Бұл шетел тілін кәсіби және мәдениетаралық коммуникация құралы ретінде меңгерудің маңыздылығын арттырады. Бүгінгі таңда шетел тілі тек жалпы мәдени даму құралы емес, кәсіби даярлықтың негізгі компонентіне айналып отыр. Әсіресе экономикалық салада ол халықаралық келіссөздер жүргізу, кәсіби құжаттамамен жұмыс істеу, ғылыми ақпаратты талдау және цифрлық платформаларда коммуникация жасау құралы ретінде қолданылады. Зерттеулер көрсеткендей, салалық тезаурусты қалыптастыру кәсіби білімді жүйелеуге және оны интегративті түрде меңгеруге ықпал етеді [7, 64 б.].

Осыған орай, кәсіби бағытталған білім берудің басты бағдары — көпмәдениетті және көптілді кеңістікте еркін кәсіби әрекет ете алатын мамандарды қалыптастыру болып табылады. Қазіргі оқу тәжірибесіне жасалған талдау көрсеткендей, білім алушылардың лексика-грамматикалық қоры

жеткілікті болғанымен, шынайы кәсіби қарым-қатынас барысында психологиялық және коммуникативтік кедергілер жиі туындайды. Е.И. Пассов [15,164-168 б.], А.Н. Щукин [74, 142 б.] тұжырымдамаларына сүйенсек, бұл қайшылықтардың негізгі себебі - оқу үдерісінде белсенді коммуникативтік әдістер мен жобалау технологияларының тиісті деңгейде интеграцияланбауында, соның салдарынан білім алушының теориялық білімі мен оны тәжірибеде қолдану дағдылары арасында диссонанс (алшақтық) пайда болады. Бұл өз кезегінде болашақ маманның метакоммуникативтік тұлға ретінде қалыптасу үдерісін тежейді.

Осы айтылғандарды ескерсек, шеттілдік білім беруде білім алушының бойында негізгі қабілеттерді қалыптастыруы керек: шет тілінде еркін сөйлейтін тұлға ретінде даму; әр түрлі мәдениет өкілдерімен тіл табыса білу; ақпаратты талдап, сыни ойлай алу; өз бетінше шешім қабылдау; болашақ жұмысын жоспарлай білу.

Кәсіби ортадағы қарым-қатынас (дискурс) бұл тек сөздердің жиынтығы емес, нақты жұмыс барысындағы және мәдени ортадағы іс-әрекет болып табылады.

Белгілі лингвист Н.Д. Арутюнова дискурсты «өмір шындығымен ұштасқан сөйлеу әрекеті» деп сипаттайды [101]. Демек, кез келген қарым-қатынас нақты мақсат пен жағдаят аясында ғана мәнге ие болады. Осы тұрғыдан алғанда, кәсіби экономикалық тезаурус терминдер жиынтығы емес, мамандыққа қажетті ұғымдарды біріктіретін және білім алушының кәсіби-коммуникативтік қабілетін қалыптастыратын іргелі құрылым. Бұл құрылым тілдік білім мен кәсіби мазмұнды біртұтас жүйеге біріктіруге мүмкіндік береді. Қазіргі жаһандану заманында жағдайға тез бейімделу, өзге мәдениетке құрметпен қарау және тіл табыса білу икемділігі — болашақ маманның бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын басты қасиеттерге айналып отыр

Қорытындылай келе, шеттілдік білім берудің тезаурустық тұрғыдан дамуы білім алушының когнитивтік, тілдік және кәсіби құрылымдарының интеграциясына негізделеді. Бұл интеграция болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негізін құрайды. Кәсіби тезаурус осы үдерісте біріктіруші когнитивтік механизм ретінде қызмет етеді. Сондықтан зерттеу нысаны болып табылатын болашақ шетел тілі мұғалімдері үшін кәсіби сананың қалыптасуы айрықша маңызды. Кәсіби сананың қалыптасуында мағына құрылымының даму бағыты «әрекеттен тұлғаға», одан «кәсіби жағдаятқа» қарай жүзеге асады. Мұндағы басты механизм – кәсіби нысандарды тілдік таңбалар арқылы қабылдау және идентификациялау болып табылады. Л. В. Щерба атап өткендей, тілдік концепттер жеке тәжірибе мен кәсіби әлем бейнесі арқылы толығыады [102].

Осы тұрғыдан алғанда, кәсіби сананың қалыптасуы тек жеке когнитивтік құрылымдармен шектелмей, кеңірек мәдени-әлеуметтік және кәсіби контекстпен тығыз байланыста қарастырылады. Әлем бейнесі сананың мазмұны әлеуметтік және кәсіби тәжірибе арқылы қалыптасатынын көрсетеді. Кәсіби қызмет саласында ортақ мақсат пен кәсіби мәдениет жеке мамандардың санасын

біртұтас синергетикалық жүйеге біріктіреді. Е.Ф. Тарасовтың іс-әрекеттік моделіне сәйкес [103], сананың қызметі (образ, мағына, әрекет) интерсубъективтік кеңістікте, яғни кәсіби коммуникация барысында жүзеге асады. Ғалымның тұжырымдамасына сәйкес, тілдік сана бірліктері сыртқы әлем нысандарының санадағы бейнесі ретінде қарастырылады. Бұл бейнелер кәсіби әрекет барысында тілдік таңбалар арқылы нығайтып, маманның кәсіби әлем бейнесін қалыптастырады.

Демек, тезаурустық тұрғыдан шеттілдік білім берудің дамуы тілдік, когнитивтік және кәсіби құрылымдардың біртұтас жүйеге интеграциялануын қамтамасыз етеді. Бұл үдеріс болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби санасы мен метакоммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасуына негіз болады. Нәтижесінде кәсіби әлем бейнесі тілдік таңбалар арқылы құрылымдалып, білім алушының тұлғалық және кәсіби дамуын жүйелі түрде айқындайды. Төмендегі кесте 1-де шеттілдік педагогикалық білім берудің даму тенденциялары, технологиялары және дидактикалық әсері сипатталған.

Кесте 1 – Шеттілдік педагогикалық білімнің тенденциялары мен технологиялары

Тенденциялар	Сипаттамалар	Технологиялар	Дидактикалық әсері
Білім алушының тілдік тұлғасын қалыптастыру	Білім алушының тілдік тұлға ретінде қалыптасуына бағытталады; тіл арқылы мәдениет пен ойлау бірлігі қарастырылады; тілдік тәжірибе арқылы тұлғалық даму жүреді	Коммуникативтік тапсырмалар, зерттеу әдістері, жобалық жұмыс, проблемалық оқыту, рефлексивтік бағалау	Тілдік тәжірибе арқылы мағына қалыптастыру, тілдік әрекеттің белсенділігі, оқу автономиясы
Өртүрлі технологиялар арқылы шеттілдік білім беруді интеграциялау және құзыреттілікке бағытталған оқытуды дамыту	Білім, білік, дағды және құзыреттіліктердің интеграциясы; нәтижеге бағытталу; кәсіби және өмірлік жағдаяттарға негізделу	Модульдік оқыту, кейс-стади, симуляция, практикалық жаттығулар, өзін-өзі және өзара бағалау	Кәсіби жағдаяттарда тілдік құралдарды қолдану, рефлексия, өзін-өзі реттеу
Инновациялық-жобалық оқыту (Project-Based Learning, PBL)	Оқу нақты жобаларды орындау арқылы жүзеге асады; зерттеушілік және шығармашылық белсенділікке негізделеді	Жобалық тапсырмалар, рөлдік ойындар, цифрлық платформалар, презентациялар, интерактивті құралдар	Мағына құрастыру, зерттеушілік ойлау, тілдік бірліктерді саналы қолдану
Тіл мен кәсіби даярлықты интеграциялау (ESP, CLIL, EMI)	Тілді пәндік/кәсіби мазмұн арқылы меңгерту; тіл мен мазмұнның интеграциясы; пәнаралық байланыс	Интегративтік модульдер, кәсіби кейстер, контекстік тапсырмалар, рөлдік модельдеу	Кәсіби коммуникацияны дамыту, тілдік әрекетті нақты контексте қолдану
Шеттілдік білім беруді тезаурустық тұрғыдан түсіну	Тілдік және кәсіби білімді жүйелі ұйымдастыру; салалық тезаурусты қалыптастыру; кәсіби тілдік профиль құру	Терминологиялық тезаурустар, кәсіби мәтіндер, лексикалық карталар, контекстік тапсырмалар, жобалық жұмыс	Кәсіби мағыналық жүйені қалыптастыру, рефлексия, терминологиялық ойлау

Шеттілдік білім берудің қазіргі даму тенденциялары оны көпдеңгейлі, интегративті және тұлғаға бағытталған күрделі педагогикалық жүйе ретінде сипаттайды. Бұл тенденциялар білім беру үдерісін тек тілдік білім мен дағдыларды меңгерумен шектемей, білім алушының когнитивтік, коммуникативтік, мәдениетаралық және кәсіби құзыреттіліктерін кешенді түрде қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Аталған тенденциялар шеттілдік білім берудің мазмұны мен әдістемесін жаңғыртып, білім алушыны оқу үдерісінің белсенді субъектісі ретінде қалыптастыруға негіз болады. Соның нәтижесінде тілдік тұлғаның кәсіби және мәдени санасының дамуы, сондай-ақ оның шынайы коммуникациялық ортада тиімді әрекет ету қабілеті күшейеді. Жалпы алғанда, қарастырылған тенденциялар шеттілдік білім берудің теориялық-әдіснамалық негізін кеңейтіп, оны заманауи білім беру талаптарына сәйкес келетін тұтас интегративті жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылғандарды жинақтай келе, шеттілдік білім берудің қазіргі даму тенденцияларын талдау білім алушының тілдік тұлғасын қалыптастыру мен кәсіби даярлығын интеграциялаудың жаңа сапалық деңгейге көтерілгенін көрсетеді. Қарастырылған бес тенденцияның түйіскен нүктесі болашақ маманның кәсіби санасын жүйелейтін тезаурустық білім мен сол білімді қарым-қатынас барысында реттей алатын қабілеттің бірлігі болып табылады.

Бұл ретте, кәсіби бағдарланған оқыту ортасында ақпаратты тек қабылдап қана қоймай, оны интерпретациялау, бағалау және коммуникация үдерісін саналы басқару ерекше маңызға ие. Осыған байланысты, аталған тенденциялардың практикалық жүзеге асуы мен маманның кәсіби кемелдігін айқындайтын негізгі тетік ретінде метакоммуникативтік құзыреттіліктің теориялық мәні мен құрылымдық компоненттерін тереңірек қарастыру қажеттілігі туындайды.

## **1.2 Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігінің мәні, мазмұны және құрылымы**

Шеттілдік білім берудің қазіргі заманғы парадигмасы мәдениетаралық өзара іс-әрекетке, ақпаратты сын тұрғысынан ұғынуға, кәсіби ортада тілдік және педагогикалық стратегияларды икемді пайдалануға қабілетті тұлғаны қалыптастыруға бағытталған. Экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында жұмыс істейтін шетел тілі мұғалімдерін даярлау пәндік-тілдік, кәсіптік-педагогикалық және дискурсивті-коммуникативті даярлықты интеграциялауды талап етеді. Бұл мәселе метакоммуникативтік құзыреттілік (МТКК) феноменін зерделеудің өзектілігін айқындайды.

Болашақ мамандардың бойында метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру (МТКК) олардың нарықтық экономика жағдайында зияткерлік және кәсіби әлеуетін тиімді іске асыруына жол ашады. Мектеп түлектерінің сапасына қоятын қазіргі талаптары білім беру процесінің құрылымына, мазмұны мен ұйымдастырылуына елеулі өзгерістер енгізуде. Бұл тұрғыда құзыреттілік - тезаурустық-танымдық әрекеттің саналы нәтижесі ретінде қарастырылады. Ол

Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби әрекеттерін жалпыланған тәсілдермен жүзеге асыру, экономикалық контекстте білімді практикалық түрде қолдануын меңгерту, стандартты емес педагогикалық міндеттерді шешу, сондай-ақ командалық жұмысқа дайындығын көрсету қабілетін білдіреді. Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін (МТКҚ) қалыптастыру кәсіби мінез-құлық стратегиясын әзірлеуді, жоғары білім беру жағдайында арнайы білімді меңгеруді, сондай-ақ пәнаралық байланыстарға негізделген құзыреттілік бағытты терең түсінуді көздейді [10,15, 82 ].

Болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлау процесінде білім алушылардың шынайы тілдік тәжірибе алуын қамтамасыз ететін білім беру қызметінің әртүрлі нысандары қолданылуы тиіс. Олардың қатарына өзекті мәселелерді еркін ғылыми-кәсіби талқылау, жобалау қызметі, педагогикалық процесті алгоритмдеу, сондай-ақ педагог пен білім алушының кәсіби рөлін имитациялайтын шартты-оқу жағдайларын модельдеу жатады. Мұндай кешенді бағдар тіл және оны оқыту әдістемесі туралы білім жүйесін меңгеріп қана қоймай, іс жүзінде тілдік білім берудің қазіргі заманғы технологияларын игеруге, МТКҚ қалыптастыру үшін қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді. Көрсетілген білімдер мен іскерліктердің метакоммуникативтік сипаты болашақ шетел тілі мұғалімінің біртұтас кәсіби әлем бейнесін қалыптастыруға бағытталған. Сонымен қатар, ол тұлғалық және кәсіби өзін-өзі дамытуына, өз қызметін реттеу дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді. Осы тұрғыда метакоммуникация феноменін лингвистика мен педагогика салаларындағы негізгі концептуалдық көзқарастар арқылы қарастырудың маңызы зор. Екінші кестеде «метакоммуникация» ұғымына қатысты негізгі ғылыми көзқарастар мен тұжырымдамалар жүйеленіп берілген.

Кесте 2 - Лингвистика мен педагогикадағы «метакоммуникация» ұғымына қатысты негізгі тұжырымдамалық көзқарастар

Автор	Тұжырымдаманың мазмұны
Г. Бейтсон	Метакоммуникация – «коммуникация туралы коммуникация»; хабарламаны интерпретациялау және бағалау механизмі. Өзара әрекеттесу деңгейлерін ажыратуға және түсіну процесін реттеуге мүмкіндік береді [9]
Р. Якобсон	Метатілдік операциялар сөйлеу актісіндегі мағынаны нақтылау және кодты тексеру тетігі [31]
А. Вежбицкая	Метамәтін – сөйлеушінің берілетін ақпаратқа деген субъективті қатынасының көрінісі және мәтін ішіндегі түсіндірмелі құрылым [32]
И.А.Зимняя	Метакоммуникация – педагогикалық қарым-қатынасты психологиялық реттеу мен субъектілер арасындағы байланысты бағдарлау тетігі [42, 330 б.]
В. Костомаров, Е. Верещагин	Метакоммуникация — тілдік бірліктердің кумулятивтік қызметі мен мәдени-лексикалық фонның ұғыну тетігі; қарым-қатынасты кәсіби-мәдени контекстке сәйкес реттеуші компонент [104]
Л. Харwitz	Метакоммуникация – мазмұндық және мета-деңгейдегі өзара іс-әрекет. Мәдениетаралық қарым-қатынасты реттеуді және келісуді қамтамасыз ететін мінез-құлық біліктілігі [105]
Т.А.Кульгильдинова	Болашақ мұғалімнің кәсіби-коммуникативтік даярлығының теориялық негіздері; мәдениетаралық өзара іс-қимыл барысында ақпаратты интерпретациялау мен бағалаудың әдістемелік тетіктері [52]
А.Т. Чакликова	Тілдік және пәндік мазмұнды интеграциялау (CLIL) негізінде метакоммуникативтік іс-әрекетті дамыту; коммуникативтік үдерісті бағдарламалық-мақсаттық тұрғыдан реттеу мен басқару [26]

Ғалымдардың көзқарастарын жинақтай келе, метакоммуникация біздің зерттеуімізде рефлексивтік-басқарушы тетік ретінде анықталады. Ол мұғалімге коммуникацияның екі деңгейінде: мазмұндық (экономикалық ақпаратты беру) және мета-деңгейде (қарым-қатынасты реттеу мен интерпретациялау) қатар жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Бұл үдеріс болашақ шетел тілі мұғалімінің кәсіби тілдік санасының қалыптасуымен тығыз байланысты. Өйткені, метакоммуникативтік әрекет барысында маманның экономикалық білімі мен тілдік қабілеті бірігіп, оның кәсіби әлем бейнесін шетел тілінде жүйелі түрде бейнелеуіне жағдай жасайды. Осы тұрғыда метакоммуникация - кәсіби сананы сыртқы ортамен (білім алушымен) байланыстыратын және оқу дискурсын басқаратын негізгі құрал болып табылады. Алдымен айта кетерлігі, «метакоммуникация» терминін Г.Бейтсон енгізген, ол бұл ұғымды «қарым-қатынас туралы қарым-қатынас» деп белгілейді, яғни өзара іс-әрекет қатысушылары хабарламаның мағынасын түсіндіретін, ой-мақсаттарын нақтылайтын және қарым-қатынас барысын реттейтін процесс. Ол метакоммуникацияны хабарламаның «шеңбері» ретінде қарастыра отырып, екінші деңгейдегі коммуникация тұжырымдамасын бөліп көрсетеді. Бұл тәсілді есепке алу мұғалімге сабақтың контекстін беруге, коммуникацияның мақсаттары мен ережелерін айқындауға, сондай-ақ оқушылардың ақпаратты қабылдауы мен түсіндіруін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді [9].

Ғылыми әдебиетте метакоммуникацияны және оның болашақ шетел тілі мұғалімінің кәсіби құзыреттілігіндегі рөлін түсінудің бірнеше негізгі тәсілдері қалыптасты. Р.Якобсонның тұжырымдамасы метатілдік операцияларды сөздің мағынасын нақтылау тетігі ретінде пайдалануды болжайды. Осыдан коммуникативтік үдеріс тек ақпаратты жеткізумен ғана шектелмей, сонымен қатар айтылған ойды түсіндіруді, нақтылауды және оның дұрыс қабылдануын бақылауды да қамтитыны байқалады. Мұғалімнің күрделі терминдер мен экономикалық ұғымдарды өзге тілдегі контексте түсіндіру кезінде барлық элементтерді ескеруге мүмкіндігі бар [31].

Метакоммуникацияны түсіндіру мақсатында А.Вежбицкая метамәтін ұғымын енгізеді, ол сөйлеушінің жеткізілетін ақпаратқа деген қатынасын білдіретін астарлы мағынаны айқындайды. Осы метамәтін ұғымын педагогикалық іс-әрекетте пайдалану пікірлердің эмоциялық және бағалық реңктеріне сүйенуді білдіреді, бұл білім алушыларға ақпаратты неғұрлым дәл түсіндіруге және беруге ықпал етеді [32].

И.А.Зимняя қарым-қатынасты реттеу тетігі ретінде метакоммуникацияға назар аударады, бұл мұғалімнің сыныптағы өзара іс-қимыл динамикасын талдай білуін, материалды түсіндіру стратегиясын түзетуді және білімді тиімді қабылдауды қамтамасыз етуді көздейді [42, 331 б.]. Біздің тақырыпқа неғұрлым жақын Е. Верещагин мен В. Костомаровтың тұжырымдамасы болып табылады. Олар метакоммуникацияны коммуникативтік құзыреттіліктің құрамдас бөлігі ретінде қарастырады және қарым-қатынас барысын басқару, сұхбаттасушының реакциясын болжау және нақты уақыттағы мінез-құлқын түзету мұғалімнің кәсіби құзыретінің ажырамас бөлігі болып табылатынын атап көрсетеді [104].

Ғалымдар метакоммуникацияны қарастыру барысында өзара әрекеттесудің екі деңгейін бөліп көрсетеді: мазмұндық деңгей (хабарламаның тікелей мағынасы) және реляциялық деңгей (мазмұнды интерпретациялауға мүмкіндік беретін абстрактілі деңгей). Метакоммуникация кез келген коммуникативтік мінез-құлықты сүйемелдей отырып, вербалды (метадискурс) және вербалды емес (ишарат, мимика, интонация) деңгейлерде көрініс табады [9], [11].

Автор мәдениетаралық диалогта метакоммуникацияның ерекше маңыздылығын атап көрсетеді, өйткені ол қатысушыларға мета-деңгейге шығуға, болып жатқан оқиғаларды талқылауға, түсініспеушіліктің алдын алуға және өзара іс-қимылды түзетуге мүмкіндік береді. Бұл процесс коммуникацияның рефлексиясына ықпал етеді және бірлескен қарым-қатынасты неғұрлым дәл түсінуді және реттеуді қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, Л. Харвитз сабақтарда метакоммуникацияны тиімді пайдалану мінез-құлық пен мамандандырылған лексиканы меңгеру талдауын талап етеді, бұл педагогикалық және мәдениетаралық тәжірибе үшін маңызды [105].

Метакоммуникация мәселесі отандық ғылыми мектепте де кеңінен қарастырылуда. Атап айтса, Т.А. Кульгильдинованың зерттеулерінде мұғалімнің кәсіби-коммуникативтік даярлығы ақпаратты интерпретациялау және бағалау қабілетімен тығыз байланыстырылса [52], А.Т. Чакликова бұл феноменді тілдік және пәндік мазмұнды интеграциялаудың негізгі реттеуші тетігі ретінде сипаттайды. Осы ғалымдардың тұжырымдары біздің зерттеуіміздегі экономикаға бағдарланған оқыту жағдайындағы болашақ шетел тілі мұғалімдерінің МТКҚ құрылымын айқындауға теориялық негіз болды [26]. Тұжырымдай келгенде, метакоммуникативтік құзыреттілік экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында кәсіби қарым-қатынас жасаудың іргетасын құрайды. Ол кәсіби тілдік сана мен коммуникативтік әрекетті біріктіріп, білімді тек ақпарат ретінде емес, практикалық қолдану құралы ретінде меңгеруге мүмкіндік береді. Осының нәтижесінде экономикалық дискурс бойынша пәнаралық интеграция қамтамасыз етіліп, білім алушылар нақты кәсіби ортаға дайындалады.

Жүргізілген теориялық талдау негізінде біздің зерттеуімізде «метатіл» мен «метакоммуникация» ұғымдарын ажырату қажет деп санаймыз. Зерттеу барысында «метатіл» мен «метакоммуникация» ұғымдарын ажырату қажет: метатілдік операциялар тілдік кодты нақтылауға (терминдер мен ұғымдарды түсіндіру) бағытталса, метакоммуникация қарым-қатынастың прагматикалық деңгейін реттейді (түсінісуді бақылау, кедергілерді жою). Болашақ мұғалім үшін бұл екі механизм инструменталдық біртұтастықта болады: ол экономикалық дискурсты түсіндіруде метатілді пайдалана отырып, сол сәттегі білім алушылар реакциясын метакоммуникация арқылы басқарып отырады. Бұл үдеріс маманның кәсіби тілдік санасының белсенді қызметі болып табылады, өйткені мұғалім экономикалық ұғымдарды жай ғана тасымалдаушы емес, оларды кәсіби-педагогикалық мақсатқа сай интерпретациялайтын субъект ретінде көрінеді.

Метакоммуникативтік құзыреттілік оқу қатынасының мазмұнымен тығыз байланысты және мұғалімге өз ойларын білдіру, пікірлердің мәнін нақтылау немесе қосымша түсініктеме сұрау сияқты әрекеттерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Д.Л.Рэнни атап өткендей, бұл дағдылар оқу дискурсының дәлдігі мен мағыналылығын қамтамасыз етеді [106]. Осындай қабілеттердің негізінде метакоммуникативтік құзыреттілік мұғалімге оқу процесінде тұлғааралық қатынастардың мазмұнын, сипатын және өзара іс-әрекетті уақытша ұйымдастыруды толық реттеуге жағдай жасайтын педагогикалық басқару тетігі ретінде қызмет етеді. Бұл оқу материалының меңгерілуін тиімді етуге және білім алушылармен нәтижелі қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді.

Болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлау үрдісіне метакоммуникативтік тапсырмаларды енгізу тек тілді меңгеру қабілетін дамытумен шектелмейді. Ол сондай-ақ мәдениетаралық коммуникация процесін басқаруды, білім алушылардың реакциясын болжауды, ақпарат беру жолдарын түзетуді және білім беру өзара іс-әрекетін тиімді ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Сондықтан, метакоммуникативтік құзыреттілік болашақ педагогтың кәсіби қызметінде оқу коммуникациясын басқару мен нәтижелі өзара әрекетке қол жеткізудің негізгі факторы болып табылады.

Г.Р. Ломакинаның пайымдауынша, шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби даярлығындағы метакоммуникативтік құзыреттілік оқу үдерісін стратегиялық басқару қабілетіне негізделеді. Бұл құзыреттіліктің басты мақсаты — білім алушылардың ақпаратты сыни бағалау және игерілген тілдік ресурстарды кәсіби контексте нәтижелі қолдану дағдыларын жетілдіру болып табылады. Аталған қабілет шартты-сөйлеу және шынайы коммуникативтік жағдайларды модельдеу арқылы жүзеге асады [10]. Бұл ретте кәсіби даярлықтың өзекті ерекшелігі - экономикалық дискурс тезаурусын зерттеу барысында белгілі бір тақырыпты әртүрлі коммуникативтік контексттерде жүйелі түрде қайталау арқылы бекіту әдісінде жатыр.

Ш. Сайымкулова, А.Т. Чакликованың пікірінше, болашақ мұғалімнің метакоммуникативтік құзыреттілігі шетел тілін тиімді пайдалана білу және оқу процесін коммуникативтік, мәдени және педагогикалық аспектілерді ескере отырып ұйымдастыра білу қабілетінен тұрады. Бұл құзыреттілік жоспарлау дағдыларын, дискурсты басқару, ынталандыру, тіл мен пәндік мазмұнды ықпалдастыру, тиімді вербалды және вербалды емес қарым-қатынасты, сондай-ақ оқу қызметін талдау мен рефлексияны біріктіретін ұйымдастырушылық, прагматикалық, әдістемелік, коммуникативтік және когнитивтік-метакогнитивтік субқұзыреттіліктерден тұрады [107]. Қазіргі білім беру кеңістігіндегі педагогтардың метақұзыреттіліктерін дамыту мәселесін зерттеген С.К. Ксембаева, Н.А. Кударова және т.б. пікірінше, бұл феномен мұғалімнің кәсіби өсуі мен инновациялық әдістерге бейімделуінің шешуші факторы болып табылады. Авторлар жүргізген эксперименттік зерттеу нәтижелері арнайы бағдарлама негізінде метақұзыреттіліктерді дамыту педагогтардың кәсіби дағдыларының (professional skills) айтарлықтай өсуіне (t-тест және ANOVA көрсеткіштері бойынша) тікелей ықпал ететінін дәлелдейді.

Осы тұрғыдан алғанда, біздің зерттеуімізде қарастырылып отырған метакоммуникативтік құзыреттілікті аталған метақұзыреттіліктердің функционалдық көрінісі ретінде сипаттауға болады. Метақұзыреттіліктерді (метакомпетенции) кәсіби өсудің іргелі негізі ретінде қарастыра отырып, оның құрылымындағы рефлексия мен коммуникативтік дағдыларды ерекше атап өтеді. Бұл компоненттер біз зерттеп отырған метакоммуникативтік құзыреттіліктің өзегін құрайды және болашақ мұғалімнің кәсіби-педагогикалық дискурсын басқару қабілетін айқындайды [108].

Сонымен қатар, бірқатар зерттеушілер педагогтердің метакоммуникативтік құзыреттілігін сыни тұрғыдан ойлау, рефлексия, өзін-өзі дамыту және инновациялық әрекетке дайындықты қамтитын кешенді кәсіби дағдылар жиынтығы ретінде сипаттайды. Мұндай құзыреттіліктер жиынтығы мұғалімнің кәсіби шеберлігінің артуына ғана емес, сонымен бірге заманауи білім беру үдерісінің сапалық көрсеткіштерін оңтайландыруға тікелей ықпал етеді [42, 372 б.].

Ч. Бриггстің тұжырымдамасына сүйенсек, метакоммуникативтік құзыреттілік қатысушылардың өз мәдени ортасындағы коммуникативтік процестерді терең сезіну, оларды интерпретациялау және жүйелі түрде реттеу қабілеті ретінде сипатталады. Болашақ шетел тілі мұғалімдері үшін мұндай стратегияларды меңгерудің практикалық маңызы өте жоғары. Аталған құзыреттілік оқу процесін стратегиялық тұрғыдан басқаруға, оқу материалын дәл әрі ұғынықты жеткізуге және білім алушылармен кәсіби өзара іс- әрекет орнатуға кепілдік береді [16].

Метакоммуникативтік құзыреттілік – болашақ мұғалімнің қарым-қатынастың мәнін, процесін және тиімділігін басқару үшін ауызша және когнитивтік тетіктерді пайдалану қабілеті болып табылады [50]. Болашақ шетел тілі мұғалімін кәсіби даярлауда бұл құзыреттілік білім алушылардың реакциясын алдын ала болжауға, реттеуге, педагогикалық қарым-қатынас орнатуға, сондай-ақ оқу материалын терең түсінудің негізгі функциясын атқарады.

Аталған құзыреттілікті меңгеру тек білім беру дағдыларын дамытуға ғана емес, сонымен қатар дискурсивтік жағдаяттарды талдай білуге, сөйлеуді тыңдаушылар деңгейіне бейімдеуге, сондай-ақ мәдениетаралық коммуникация процесінде тілдік және әдістемелік дағдыларды интеграциялауға арналған. Нәтижесінде, метакоммуникативтік құзыреттілік қазіргі заманғы түсінік бойынша көп компонентті, күрделі дағдылар мен іскерліктер жүйесі ретінде қарастырылады [14].

Ғылыми тұжырымдарды жалғастыра отырып, метакоммуникативтік құзыреттілікті болашақ шетел тілі мұғалімін даярлаудың интегративтік нәтижесі ретінде қарастыруға болады. Зерттеушілер оның құрылымына метатілдік, метапәндік және метамәтіндік компоненттерді енгізеді. Аталған компоненттер білім алушының кәсіби-бағдарланған тілдік материалды меңгеруіне, салалық метатілді орынды қолдануына, кәсіби жағдаяттарды талдап, интерпретациялауына мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл құзыреттілік рефлексивтік ойлау, мәтінмен жұмыс жасау және кәсіби дискурстағы өзара

әрекет үдерісінде дамиды. Осы тұрғыдан алғанда, метакоммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру болашақ маманның кәсіби тезаурусын жүйелеуге және оның тұтас кәсіби-тілдік бейнесін дамытуға ықпал етеді [109].

Осы тұрғыдан алғанда, М. Грин метакоммуникативтік білімді үш деңгейге жіктей отырып, ауызша сөйлеуді түсіну үдерісін қамтамасыз ететін бес өзара байланысты факторды негіздейді. Бұл жүйеде вербалды емес коммуникация мен коммуникативтік ниетті ұштастыру арқылы ақпаратты когнитивтік ұғыну және оның мағыналық интерпретациясы жүзеге асады. Осы процестердің нәтижесінде қалыптасатын прогностикалық қабілет білім алушыға алдағы ақпарат ағынын болжауға мүмкіндік береді. Аталған факторлардың интеграциясы метакоммуникативтік дағдылардың негізін құрап, мәдениетаралық және шеттілдік білім беру ортасында оқу дискурсын тиімді қабылдау мен коммуникацияны оңтайлы ұйымдастыруға жағдай жасайды [110].

Экономикаға бағдарланған пәнді оқыту кезінде болашақ шетел тілі мұғалімдері білім алушының сұрағына жауап бергенде, тек ақпаратты жеткізу ғана емес, сөйлесу процесін талдап, метатілдік түсініктеме береді. Мұғалім білім алушының жауабын бағалау барысында метакоммуникативтік қабілетін қолданады: «Бұл түсінік дұрыс па? Білім алушының ойы мен мәтінді қабылдауы сәйкес пе?» Осы мысал көрсетіп тұрғандай, метакоммуникативтік құзыреттілік оқу процесінде ақпаратты талдау, бағалау және қайта құру қабілетін қамтиды. Авторлардың пікірінше, бұл қабілет болашақ мұғалімге кәсіби әрекетте тиімді коммуникацияны ұйымдастыруға мүмкіндік береді, яғни теория мен практиканы өзара байланыстыруға жағдай жасайды. Метакоммуникативтік құзыреттілік экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында кәсіби қарым-қатынас жасаудың негізін құрайды. Ол когнитивтік және коммуникативтік процестерді біріктіріп, білімді тек ақпарат ретінде емес, практикалық қолдану арқылы меңгеруге мүмкіндік береді, шетел тілін оқыту арқылы кәсіби дағдыларды қалыптастыратын педагогикалық мәні бар орта құрады, сондай-ақ экономикалық дискурс бойынша пәнаралық интеграцияны қамтамасыз етіп, білім алушыларды нақты кәсіби коммуникацияға дайындайды. Сонымен қатар, ол болашақ мұғалімдердің сыни тұрғыдан ойлау, талдау және кәсіби қызметті өзгеріп отыратын білім беру жағдайына бейімдеу қабілеттерін дамытады.

Осы контексте болашақ шетел тілі мұғалімдерінің экономикаға бағдарланған салада білім алушылардың шетел тіліндегі өзара іс-қимылын ұйымдастыру және басқару қабілетін қамтамасыз ететін метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру ерекше маңызға ие.

Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігі үш өзара тығыз байланыстағы субқұзыреттіліктер негізінде қалыптасады: тезаурусты-аналитикалық, когнитивті-дискурсивті, жобалық-бағдарлық. Әр субқұзыреттіліктің ерекшеліктерін талдау ғылыми зерттеулер мен экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында жүргізілді және олардың әрқайсысы шетел тілі мұғалімдерінің метатілін даярлау процесін тұтас әрі тиімді басқаруға бағдарланған [9].

**Тезаурусты-аналитикалық субқұзыреттілік** болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби лексика мен терминологияны меңгеруін, сондай-ақ ақпаратты жүйелеу, талдау және қолдану қабілеттерін дамытуға негізделген. Мәтіндерді таңдау кезінде келесі қағидаттар басшылыққа алынды:

1. Ақпараттың кәсіби маңыздылығы мен жаңалығы – мәтін оқыту процесінде қолданылатын кәсіби білім мен жаңа деректерге негізделуі тиіс.

2. Заттық байланыстылығы - мәтіндегі терминдер мен ұғымдар бір-бірімен логикалық және семантикалық тұрғыдан байланысып, тақырыпты толықтыруы қажет.

3. Тақырыптық тұтастық - мәтін бір негізгі тақырыпқа бағыттталып, барлық абзацтар мен сөйлемдер сол тақырып аясында болуы шарт.

4. Мағыналық синонимділік - мәтінде ұқсас немесе баламалы сөздер мен ұғымдар үйлесімді қолданылып, мән-мағынасысәйкес болу керек.

5. Тілдік функционалдық-семантикалық жүйелілік - мәтіннің құрылымы, сөздер мен сөйлемдердің орны тілдік нормаларға сай, семантикалық тұрғыдан жүйеленген болуы міндетті.

6. Түпнұсқалығы – мәтін өз алдына дербес, нақты, түпнұсқа ақпаратқа негізделген болуы шарт [83, 284 б.].

Мәтіндерді іріктеу кезінде олардың экономикалық лексиканың жаңа контекстте көріну дәрежесі де бағаланды. Бұл экономикалық ұғымдарды түсіндіру кезінде кәсіби-салалық тезаурусты тиімді пайдалануға, мәтіндік және сөйлеу материалдарын жүйелеуге, әртүрлі функционалдық стильдер мен жанрдағы мәтіндерді талдауға мүмкіндік береді. Экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында тезаурустық-аналитикалық субқұзыреттілік шетел тілінде кәсіби коммуникацияны қамтамасыз ететін негіз болып, ақпарат берудің дәлдігі мен дұрыстығын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, ол мәдениетаралық және пәнаралық коммуникация контекстінде лексикалық бірліктерді жүйелеу және қолдану қабілетін дамытады.

Осы тұрғыдан алғанда, Дж. Дьюидің прагматикалық педагогикасында білім беру үдерісі дайын ақпаратты игеру ретінде емес, тәжірибеге негізделген белсенді танымдық әрекет ретінде қарастырылады. Ғалымның «learning by doing» қағидасына сәйкес, білім алушы оқу үдерісінде нақты проблемалық жағдаяттарды шешу арқылы білімді терең меңгереді және оны жаңа контексте қолдануға үйренеді. Бұл үдерісте рефлексия маңызды рөл атқарады, себебі ол білім алушының өз әрекетін талдауына, қателіктерін түзетуіне және білімді қайта құрылымдауына мүмкіндік береді. Демек, тезаурустық-аналитикалық субқұзыреттілікті қалыптастыру тек тілдік бірліктерді меңгерумен шектелмей, оларды кәсіби-тәжірибелік міндеттерді шешуде саналы түрде қолдануға бағытталады [60, 164 б.].

**Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің когнитивті-дискурсивті құзыреттілігі** - бұл экономикалық бағыттағы тілдік материалды саналы түрде қабылдау, өңдеу және ұйымдастыру, сондай-ақ оны әртүрлі кәсіби дискурс түрлерінде орынды қолдана білуге мүмкіндік беретін интегративті кәсіби қабілет. Ол келесі компоненттерді қамтиды: когнитивтік үдерістер (талдау,

интерпретациялау, жіктеу және концептуализациялау); дискурсивтік дағдылар (логикалық байланысқан сөйлеу құрастыру, әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жасау, прагматикалық және коммуникативтік нормаларды сақтау); экономикалық контекст пен кәсіби коммуникацияның ерекшеліктерін ескеру қабілеті.

**Когнитивті-дискурсивті субқұзыреттілікті** түсіну үшін когнитивтік және дискурсивтік құзыреттіліктің құрамдас бөліктерін қарастыру қажет. Ж. Пиаженің тұжырымдамасы бойынша, когнитивтік құзыреттілік - адамның қабылдау, есте сақтау және ұғымдарды қалыптастыру сияқты танымдық процестерді дамыту қабілеті [111]. Ал метакоммуникативтік дағдыларды қалыптастыруда дискурсивті субқұзыреттілік шешуші рөл атқарады.

Экономикалық сыныптарға арналған шетел тілі мұғалімдерін даярлау контекстінде бұл құзыреттілік экономикалық дискурсты түсіну мен интерпретациялауды ғана емес, сонымен қатар оны оқу үдерісінде модельдеу арқылы білім алушылардың кәсіби бағытталған шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Дискурс - бұл көп қырлы ұғым, ол өмірлік шындықты тіл арқылы көрсету құралы болып табылады. Н. Д. Арутюнова «дискурсты мәтін мен оған әсер ететін прагматикалық, әлеуметтік, психологиялық факторлардың жиынтығы» деп анықтайды [101]. Экономикалық дискурс экономика саласындағы сөйлеу актілерін, кәсіби және жалпы аудиторияға арналған мәтіндер арқылы экономикалық шындықты жеткізуді қамтиды.

Бұл ретте экономикалық дискурс мұғалімнің кәсіби әрекетінде әлеуметтік-когнитивтік қарым-қатынас ортасы ретінде қарастырылады. Дискурсивтік субқұзыреттілік тілдік материалды логикалық ұйымдастыру, ақпаратты когнитивтік өңдеу негізінде жүйелі түрде құрылымдау, сондай-ақ ойды дәйекті әрі мағыналық тұтастықта жеткізу қабілеттерін қамтиды. Т. ван Дейктің когнитивтік дискурс теориясына сәйкес, дискурс тек тілдік бірліктердің жиынтығы емес, ол когнитивтік құрылымдар, әлеуметтік контекст және коммуникациялық мақсаттардың өзара әрекеттесу нәтижесі болып табылады [112]. Осы тұрғыдан алғанда, дискурсивтік субқұзыреттілік болашақ мұғалімнің мәтінді түсіну, интерпретациялау және оны кәсіби коммуникация жағдайында қайта құра білу қабілетін қамтамасыз етеді. Когнитивті-дискурсивті субқұзыреттіліктің маңызды компоненттерінің бірі – білім алушының реакциясын болжау қабілеті, ол когнитивтік қиындықтарды алдын ала көру, түсінбеушіліктерді анықтау және оқу материалын беру тәсілдерін жедел түзетуге мүмкіндік береді. Бұл педагогикалық өзара әрекетті бейімдеуге және оқу процесін оңтайландыруға ықпал етеді.

Осы субқұзыреттілікті меңгеру білім алушыларға басқа пәндер мен шетел тілі сабақтарында алған білімдерін біріктіре отырып, шетел тілінде дербес тілдік өнім жасауға жол ашады. Экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдері үшін когнитивті-дискурсивті субқұзыреттілік экономикалық терминдерді дұрыс түсіндіру, кәсіби мәтіндердің мазмұнын жүйелі жеткізу, сондай-ақ тыңдаушылардың когнитивтік мүмкіндіктерін ескеру арқылы көрініс табады.

Осыған орай, когнитивті-дискурсивті субқұзыреттілік кәсіби коммуникация үшін қажетті вербалдық, когнитивті және аналитикалық дағдыларды біріктіреді.

**Жобалық-бағдарлық субқұзыреттілік** оқу жағдайларын және білім беру тапсырмаларын жобалау, шетел тіліндегі экономикалық контентті дербес және зерттеушілік тұрғыда меңгеру қабілетімен байланысты. Бұл субқұзыреттілік кәсіби маңызы бар контент негізінде педагогикалық қызметті жоспарлау, модельдеу және іске асыру қабілетін көрсетеді. Ол инновациялық-әрекеттік және кәсіби-танымдық тәсілге сүйенеді, кәсіби білім мен шетілдік дағдыларды ықпалдастыра отырып, оқу жағдайларын жобалауға мүмкіндік береді: кейс-стади, проблемалық-ізвестіру (мәселені шешу) тапсырмалары және басқа да интерактивті әдістерді қолдану арқылы білім алушылардың кәсіби бағдарланған ақпаратты өз бетінше меңгеруіне жағдай жасайды.

Жобалық-бағдарлық субқұзыреттілікті қалыптастыруға арналған тапсырмалар зерттеудің практикалық құрамдас бөлігі болып табылады. Заманауи педагогикалық талаптарды ескере отырып, бұл субқұзыреттілікті дамыту негізгі үш бағыт арқылы жүзеге асады: зерттеу қызметі, инновациялық бағыт және жаңа педагогикалық технологияларды игеру, сондай-ақ ақпараттық-коммуникативтік технологияларды (АКТ) тиімді қолдану.

Зерттеу қызметі аясында білім алушылар педагогикалық мәселелерді талдап, ғылыми болжамдар жасауды меңгереді. Инновациялық бағыт олардың оқу процесін модельдеу және авторлық жобалар әзірлеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Ал АКТ-ны қолдану цифрлық ресурстарды оқыту әдістемесіне интеграциялау арқылы жобалық тапсырмалардың интерактивтілігін және тиімділігін арттырады.

Осы бағыттардан білім алушылар кәсіби әрекетке дайындық деңгейін арттыруды, практикалық тапсырмаларды орындау қабілетін жетілдіруді, шығармашылық ойлау және кәсіби шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыруды меңгереді.

Жобалық-бағдарлық субқұзыреттіліктің қалыптасуы лингвистикалық, психологиялық және дидактикалық-әдістемелік негіздерге сүйенеді. Лингвистикалық негіз білім алушылардың кәсіби мәтіндермен жұмыс істеуін, практикалық тілдік дағдылар мен кәсіби коммуникация қабілеттерін дамытуын қамтамасыз етеді; психологиялық негіз ойлау, шешім қабылдау және кәсіби әрекетке дайындық қабілеттерін қалыптастырады; дидактикалық-әдістемелік негіз жобалық-бағдарлық тапсырмаларды орындау, шығармашылық ойлау және педагогикалық тәжірибені тиімді қолдану дағдыларын жетілдіруге арналған.

Қорытындылай келе, болашақ шетел тілі мұғалімдерінің жобалық-бағдарлық субқұзыреттілігінің қалыптасуы лингвистикалық, психологиялық және дидактикалық-әдістемелік негіздердің өзара байланысы арқылы жүзеге асатын кешенді үдеріс болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, жобалық-бағдарлық даярлық болашақ шетел тілі мұғалімін кәсіби қызметтің заманауи талаптарына сәйкес қалыптастырудың маңызды шарты болып табылады.

Осы кешенді жүйе арқылы білім алушылар тек терминологияны меңгеріп қана қоймай, кәсіби жағдайларда шешім қабылдауды, аргументация мен рефлексия жүргізуді үйренеді. Нәтижесінде, аталған жүйе болашақ шетел тілі мұғалімінде кәсіби қызметте қажетті метакоммуникативтік құзыреттіліктің қалыптасуына жол ашады, педагогтан тек тілдік құралдарды меңгеруді ғана емес, сонымен қатар кәсіби тілдік сананың жоғары деңгейін, яғни қарым-қатынас үдерісін көпдеңгейлі мәдени-лексикалық контексте талдай, реттей және бейімдей алу қабілеттерін талап етеді. Демек, метакоммуникативтік құзыреттілік болашақ шетел тілі мұғалімдерінде өзара байланысты үш субқұзыреттілік арқылы көрініс табады: тезаурусты-аналитикалық, когнитивті-дискурсивті және жобалық-бағдарлық (Сур.2).



Сурет 2 – Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігінің құрылымы

Когнитивті-дискурсивті субқұзыреттілік кәсіби білімге сүйене отырып, экономикалық дискурсты түсінуге және сөйлеу стратегиялары арқылы коммуникация мазмұнын талдауға мүмкіндік береді. Жобалық-бағдарлық субқұзыреттілік оқу жағдайларын жобалауға, педагогикалық модельдеуге және кәсіби тапсырмаларды жүзеге асыруға бағытталады. Тезаурусты-аналитикалық субқұзыреттілік кәсіби терминологияны меңгеруді, экономикалық тезаурусты пайдалануды, мәтіндерді талдау мен ақпаратты жүйелеуді қамтиды. Аталған субқұзыреттіліктердің әрқайсысы белгілі бір қызмет атқарады: когнитивті-дискурсивті - ақпаратты өңдеу мен стратегиялық бағыттауды қамтамасыз етеді, жобалық-бағдарлық - оқу үдерісіндегі нақты практикалық әрекетті жүзеге асырады, ал тезаурусты-аналитикалық - кәсіби-экономикалық мазмұндық базаны қалыптастырады. Олардың өзара ықпалдасуы мұғалімнің коммуникативтік икемділігін дамытып, оқу үдерісіндегі қарым-қатынасты

тиімді ұйымдастыруға, экономикалық дискурсты дұрыс қолдануға, мәдениетаралық өзара әрекетті жүзеге асыруға және педагогикалық коммуникацияны кәсіби деңгейде жүргізуге мүмкіндік береді.

Нәтижесінде метакоммуникативтік құзыреттілік болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби қызметін тиімді ұйымдастыруына, білім алушылармен нәтижелі өзара әрекеттесуіне және оқу коммуникациясын сапалы басқаруына ықпал етеді. Бұл құзыреттіліктің қалыптасуы педагогтың кәсіби-педагогикалық қызметке дайын болуын қамтамасыз етеді. Қазіргі білім беру стандарттары мен халықаралық коммуникация талаптары мұғалімнен тек тілдік құралдарды меңгеруді ғана емес, сонымен қатар қарым-қатынас үдерісін көпдеңгейлі мәдени-лексикалық контексте талдау, реттеу және бейімдеу қабілетін талап етеді. Метакоммуникативтік құзыреттілік болашақ шетел тілі мұғалімдеріне келесі мүмкіндіктерді береді:

- білім алушылардың мәдени және коммуникативтік нормаларын түсініп, интерпретациялау;
- мәдениетаралық өзара әрекет барысында тілдік және невербалды құралдарды дұрыс қолдану;
- қарым-қатынас барысын рефлексиялау және педагогикалық мақсаттарға жету үшін өз әрекеттерін түзету;
- кәсіби-педагогикалық білімді коммуникативтік және әлеуметтік мәдени дағдылармен үйлестіру.

Кәсіби тілдік сана – тұлғаның кәсіби салаға тән білімдер, ұғымдар, терминологиялық жүйе және коммуникативтік тәжірибе негізінде қалыптасатын, тілдік бірліктерді мамандық контексінде мақсатты түрде таңдау, түсіндіру және қолдануды реттейтін когнитивтік-коммуникативтік құрылым. Ол тілдік және кәсіби ойлаудың интеграциясын қамтамасыз етіп, болашақ маманның кәсіби дискурста тиімді әрекет етуіне, арнайы мәтіндерді түсінуіне және кәсіби коммуникацияны жүзеге асыруына мүмкіндік береді [74, 103]. Бұл үдеріс шетел тілін тек қарым-қатынас құралы ретінде емес, кәсіби әрекетті жүзеге асырудың құралы ретінде саналы меңгеруге негіз болады [61, 202 б. ], [113]. Арнайы тіл мамандығын оқытуда коммуникативтік, когнитивтік және тілдік сананы меңгеру метакоммуникативтік құзыреттілік негізінде кәсіби тілдік сананың қалыптасуына алып келеді.

Қорытындылай келе, тезаурусты-аналитикалық, когнитивті-дискурсивті және жобалық-бағдарлық субқұзыреттіліктер метакоммуникативтік құзыреттіліктің құрылымдық компоненттері ретінде өзара тығыз байланыста дамиды. Олар болашақ шетел тілі мұғалімдерінің тілдік ақпаратты жүйелеу, терең талдау, дискурсивтік тұрғыдан ұйымдастыру және оны практикалық жобалық әрекетте қолдану қабілеттерін кешенді түрде қамтамасыз етеді. Нәтижесінде аталған субқұзыреттіліктер кәсіби тілдік сананың қалыптасуына негіз болып, мұғалімнің шеттілдік коммуникацияны когнитивтік, дискурсивтік және практикалық деңгейде тиімді жүзеге асыруына мүмкіндік береді.

### 1.3 Экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіби даярлауда жобалау технологиясын іске асыру

Қазіргі заманғы білім беру процесінде жобалау технология білім алушылардың танымдық, зерттеу және коммуникативтік қызметін жандандыруға бағытталған құзыреттілік тәсілін іске асырудың ең тиімді нысандарының бірі ретінде қарастырылады. Бұл технология оқу процесінде белсенді іс-әрекет, шығармашылық шешімдер қабылдау және білімді практикада қолдану арқылы білім алушылардың кәсіби және метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жобалау әдісін ХХ ғасырдың басында американдық педагог Дж.Дьюи [60, 12 б.] ұсынған және кейіннен У.Килпатрик дамытқан, олар жобалық оқытуды өз бетінше ойлауды, зерттеу дағдыларын және білім берудің практикалық бағытын қалыптастыру құралы ретінде қарастырған [61, 12 б.].

В.Килпатрик [61, 14 б.], Д.Колб [113], Ф. Бламенфэлд [114], Дж.В.Томас [115], М. Варшауэр [116], Г.Х.Бэккетт [117] еңбектерінде жобалау әдісі білім алушылардың өзіндік оқу қабілетін, сыни және жүйелі ойлауын, креативтілігін және soft skills дағдыларын дамытуға ықпал ететіні атап көрсетіледі.

Зерттеушілер білімнің дайын күйде берілмей, білім алушылардың белсенді танымдық және коммуникативтік іс-әрекеті барысында қалыптасатынын негіздейді, бұл жобалық оқытуды пәнаралық ықпалдастықты жүзеге асырудың және нақты кәсіби жағдаяттарды білім беру процесіне енгізудің тиімді құралы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, жобалау әдісі дайын шешімдерге емес, білім алушылардың мәселені өз бетінше ұғынуы мен конструктивтік шешімдер қабылдауына негізделеді, бұл болашақ мұғалімнің құндылық-мағыналық бағдарын қалыптастыруға ықпал етеді. Білім белсенді өзара іс-әрекет процесінде қалыптасады, бұл жобалық оқытуды пәнаралық байланыстарды ықпалдастырудың және нақты кәсіптік жағдайларды білім беру процесіне қосудың маңызды құралына айналдырады.

М. Варшауэр және Г.Х.Бэккетт жобалау әдісін «autonomous learner», яғни өзін-өзі дамытуға және ақпаратты сыни талдауға қабілетті дербес білім алушыны қалыптастырудың негізі ретінде қарастырады. Мұндай тәсіл жобалау жұмысы лингвистикалық және кәсіби контекст құралына айналатын ЕО және АҚШ елдерінде шетел тілі мұғалімдерін даярлау бағдарламаларында белсенді қолданылады. Болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіби даярлау процесінде жобалық технология лингвистикалық, әдістемелік және кәсіби бағдарланған даярлықты ықпалдастыру құралы ретінде әрекет етеді.

Ресей педагогикасында жобалау әдісі Е.С.Полат [62, 66 б.], Н.А.Семенова [118], С.С. Котова [119], В.С. Лазарев [120], Н.Ю.Пахомова [64], С.Г.Тер-Минасова [41], А.Г. Шумовская [121], И. С. Сергеев [63], В.В.Еремин [122], және Ж.В.Пузанованың [123] еңбектерінде егжей-тегжейлі зерттелген. Олар жобалау технологиясын болашақ педагогтардың негізгі кәсіби және коммуникативтік құзыреттерін қалыптастыру құралы ретінде қарастырады. Е.С.Полат жобалық оқыту әртүрлі салалардан білімді біріктіруге мүмкіндік бере отырып, танымдық

және практикалық міндеттерді дербес шешуді қамтамасыз ететінін баса айтады [62, б. 71]. Егер жобалау технологиясын, Е.С.Полаттың пікірінше, білім алушылар білімді зерттеу, шығармашылық және коммуникативтік міндеттерді іске асыра отырып, нақты контекстерде қолданатын нақты кәсіби жағдайларды модельдеуге негізделген педагогикалық жүйе болса, онда осы көзқарас тұрғысынан алғанда, жобалау әдісі когнитивтік, зерттеу және коммуникативтік қызметті біріктіретін интегративтік құрал ретінде көрінеді.

И.Л.Сысоевтың пікірінше, жобалау технологиясы репродуктивті оқытудан өнімді оқытуға көшуге ықпал етеді, онда білім алушы жаңа білім беру өнімін жасайтын білім беру процесінің белсенді субъектісі болып табылады [124, б. 121]. Бұл функционалдық сауаттылық пен метакоммуникативтік дағдыларды дамытуда CEFR және Қазақстан Республикасының білім беру саясатының қазіргі заманғы талаптарына сәйкес келеді. Н.Ю.Пахомова репродуктивті оқытудан өнімді оқытуға көшуді және пәнаралық интеграцияны бөліп көрсетеді [64, б. 31]. В.С.Лазарев [120, б. 25] білім алушылардың аналитикалық ойлау қабілетін, педагогикалық бастамасын, көшбасшылық және рефлексивтік қасиеттерін дамыту экономикаға бағдарланған сыныптар үшін болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда ерекше маңызды екенін атап өтеді. В.В.Еремін [122, б. 242], Ж.В.Пузанова [123, б. 652] жобаларды табысты жүзеге асыруды ұйымдастырушылық-әдістемелік, мазмұндық және технологиялық қамтамасыз ету қажеттігіне баса назар аударады. С.Г.Тер-Минасованың [41] пікірінше, шетел тілін оқыту кәсіби және әлеуметтік-мәдени жағдайларда тілді «өмірлік қолдану» қабілетін дамытуы тиіс, бұл жобалау технологияларымен қамтамасыз етіледі.

С.С.Кунанбаева [7, 158 б.], Б.А.Жетпісбаева, [27], Т.А.Кульгильдинова [52], А.Т.Чакликова [26], Г.Б.Жұмабекова [40], және У.Байшымырова [53] сияқты қазақстандық зерттеушілер кәсіби бағдарланған шеттілдік құзыреттілікті қалыптастырудың, метакоммуникативтік және мәдениетаралық дағдылардың, сыни және жүйелі ойлаудың маңыздылығын атап өтеді. Олардың ғылыми еңбектерінде лингвистикалық және кәсіби-экономикалық білімді біріктіру, ситуациялық-контекстік тапсырмаларды пайдалану (келіссөздерді модельдеу, бизнес-презентацияларды әзірлеу, экономикалық жағдайларды талдау), цифрлық құралдарды (онлайн-платформалар, мультимедиа, интерактивті тренажерлар) ықпалдастыру және зерттеу бастамалары мен білім алушылардың рефлексивті өзін-өзі бағалауын, коммуникативтік икемділігі мен көшбасшылығын қолдайтын педагогикалық фасилитация қажеттілігі атап өтіледі.

А.Т.Чакликованың пікірінше, білім алушылардың жобалау қызметіне қатысуы ішкі уәждемені жандандырады, дербестіктің өсуіне ықпал етеді және оқу нәтижелері үшін жауапкершілікті арттырады [26]. Өз кезегінде, Т.А.Кульгильдинова жұмыстың жобалық нысандарын пайдалану білім алушыларға тілдік және кәсіби білім арасындағы байланысты түсінуге көмектесетінін, бұл экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында жұмыс істейтін шетел тілінің болашақ мұғалімдері үшін ерекше маңызды екенін атап

өтті [52]. Шетел тілін оқытуда жобалау технологияларын қолдану пәнаралық ықпалдасуға және білім алушылардың дербес оқу іс-әрекетіне негізделген кәсіби-бағдарланған шеттілдік құзыреттілікті дамытуға мүмкіндік беретін педагогикалық жағдайларды қалыптастырады [100, 116 б.]. Бұл қағида Дж. Дьюидің тәжірибеге негізделген оқыту теориясымен сабақтас келеді, өйткені ол білім алушының белсенді әрекеті мен нақты өмірлік жағдаяттар арқылы білімді меңгеруін басты фактор ретінде қарастырады.

Г.Б.Жұмабекова Қазақстанның жоғары оқу орындарында жобалау технологияларын енгізу білім алушылардың педагогикалық бастамасын, көп мәдениетті ортада жұмыс істеуге дайындығын және педагогикалық ынтымақтастыққа қабілеттілігін дамытуға ықпал етеді деп есептейді [40]. Рефлексия білім алушының өзінің өсуін сезінуін қамтамасыз ететін педагогтің кәсіби жетілуінің компоненті ретінде ерекше маңызға ие болады.

Жобалық оқыту – бұл білім алушыларға жобаларды пайдалана отырып, нақты өмірде кездесетін мәселелерді шешу арқылы білім мен дағдыларды дамытуға мүмкіндік беретін оқу тәсілі. Жобалау технология құрылымында рольдік, ізденістік, проблемалық және пікірталас әдістерін жеке технологиялар ретінде емес, жобалық қызметті жүзеге асырудың әдістемелік құралдары ретінде қарастыру тиімді, олар дидактикалық мақсаттарға жетуге және болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал етеді. Жобалау технологиясының кешенді сипаты төмендегі 3-ші суретте көрсетілген.



Сурет 3 – Жобалау технологиялардың кешенді сипаты

Суреттегі мәліметтерге сүйенсек, жобалау технологияларының кешенді сипаты бірнеше әдістер мен тәсілдердің бірлігінде көрініс табады. Зерттеу әдістері білім алушыларға ғылыми ақпаратты жинауға, оны талдауға және жүйелеуге мүмкіндік береді, ал ізденіс әдістері жаңа білімді өз бетінше меңгеруге және оны практикада қолдануға бағыттайды. Бұл әдістерге бақылау, салыстыру, талдау, синтез, сауалнама жүргізу, деректерді интерпретациялау сияқты тілдер жатады. Ізденіс әдістеріне проблемалық тапсырмалар, зерттеу жұмыстары, ақпаратты иық ізденіс, гипотеза ұсыну және оны тексеру сияқты әрекеттер жатады. Аталған әдістер білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын, аналитикалық ойлауын және танымдық дербестігін дамытуға

ықпал етеді. Ынтымақтастықта оқыту (Collaborative Learning) білім алушыларды топтық жұмысқа, бірлескен әрекетке және ортақ нәтижеге қол жеткізуге үйретеді. Бұл әдіс арқылы білім алушылар өзара көмек, жауапкершілік және коммуникативтік дағдыларын дамытады. Сонымен қатар, ынтымақтастық оқыту қоғамдық пікір алмасуды, проблемаларды шешу дағдыларын және командалық жұмыс қабілетін жетілдіреді.

Дискуссия (Discussion) әдісі білім алушылардың өз ой-пікірін еркін білдіруіне, түрлі көзқарастарды салыстыруына және өз ұстанымын дәлелдеуге жағдай жасайды. Сонымен қатар, дискуссиясыни ойлау, аргументация, пікірталас мәдениеті және когнитивтік икемділікті дамытуға ықпал етеді. Бұл әдіс арқылы білім алушылар тек білімді қайталап қана қоймай, оны талдай және бағалай алады.

Мәселеге негізделген рөлдік ойындар практикалық жағдаяттарды модельдеу арқылы кәсіби дағдыларды қалыптастыруға ықпал етеді. Рөлдік ойындар (Role Play) – оқыту процесінде қолданылатын белсенді әдістердің бірі. Бұл әдісте білім алушылар нақты өмірлік немесе кәсіби жағдайларды модельдеу арқылы белгілі бір әлеуметтік немесе кәсіби рөлдерді орындайды. Рөлдік ойындардың негізгі мақсаттары - коммуникативтік құзыреттілікті дамыту; кәсіби қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру; сыни ойлауды дамыту; білім алушылардың оқу мотивациясын арттыру; нақты кәсіби жағдаяттарды модельдеу. Рөлдік ойындарды өткізу кезеңдері. 1. дайындық кезеңі - ойынның мақсатын түсіндіру; жағдаятты сипаттау; рөлдерді бөлу. 2. ойын кезеңі: білім алушылардың өзара әрекеттесуі, коммуникативтік тапсырманы орындау. Рефлексия кезеңі - нәтижелерді талқылау; қателерді талдау; кері байланыс беру. Рөлдік ойындардың түрлері:

- Имитациялық ойындар – нақты өмірлік жағдаяттарды модельдейді.
- Жағдаяттық ойындар – белгілі бір мәселені шешу мақсатында.
- Іскерлік ойындар – кәсіби әрекетті модельдейді.
- Коммуникативтік ойындар – тілдік қарым-қатынас дағдыларын дамытуды көздейді.

Миға шабуыл (Brainstorming) әдісі шығармашылық шешімдер табуға, жаңа идеялар ұсынуға және инновациялық ойлау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Бұл әдіс білім алушыларды еркін ойлауға, бір-бірінің ұсыныстарын бағалауға және шешім қабылдауға ынталандырады. Миға шабуыл әсіресе жобалық және командалық жұмыстарда тиімді қолданылады.

Осы әдістердің барлығы жобалық іс-әрекетті тиімді жүзеге асыруға және болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал етеді.

Үшінші кестеде болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда қолданылатын жобалау технологиялары, олардың мақсаты, қысқаша сипаттамасы және осы бағыттағы негізгі зерттеуші ғалымдар берілген.

Кесте 3 – Болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлаудағы жобалау технологиялары, мақсаттары және қолдану ерекшеліктері

Жобалау технологиясы	Қолдану Мақсаты	Қысқаша сипаттамасы	Зерттеуші ғалымдар
Миға шабуыл (Brainstorming)	Идеяларды генерациялау	Мәселені шешудің түрлі нұсқаларын ұжымдық түрде ұсынуға негізделген технология.	Е.С.Полат [62, 102 б.]
Жобалық оқыту (Project-Based Learning)	Зерттеушілік дағдыларды дамыту	Нақты мәселені шешуге бағытталған жобаларды орындау арқылы оқу қызметін ұйымдастыру технологиясы.	Дж.Дэвэй, [60, 163 б.] В.Х.Килпатрик [61, 14-18 б.] Е.С.Полат [62, 66 б.]
Кейс-әдіс (CaseStudy)	Аналитикалық ойлауды дамыту	Нақты кәсіби жағдайларды талдау арқылы шешім қабылдауға үйрететін технология.	А.А.Вербицкий [100, 108 б.]
Дискуссия технологиясы	Сыни ойлау мен аргументацияны дамыту	Проблемалық мәселелерді ұжымдық талқылауға негізделген оқыту технологиясы.	С.Брукфилд, [125] И.Я.Лернер [126]
Коллаборативтік оқыту	Бірлескен оқу әрекетін дамыту	Білім алушылардың шағын топтарда ортақ мақсатқа жету үшін бірлесіп жұмыс істеуіне негізделген технология.	Л. Выготский [86, 408 б.] А.А.Нармер [127] Вербицкий [100, 45 б.]
Концептуалдық карталау (Concept Mapping)	Білімді құрылымдау	Ұғымдар арасындағы байланыстарды графикалық түрде көрсету арқылы ақпаратты жүйелеуге мүмкіндік береді.	Дж.Д.Новак [128] А.В.Хуторской [29]
Рөлдік ойындар	Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Білім алушылардың коммуникативтік әрекетін ұйымдастыруға бағытталған, белгілі бір жағдаятты модельдеу арқылы жүзеге асатын педагогикалық әдіс.	Дж.Хармер [127] Е.С.Полат [62, 110б.]

Н. Поливанова атап көрсеткендей, жобалау технологиясын өз жұмысында қолдана білу қабілеті – бұл өзін-өзі дамыту мен өз бетінше білім алу әдістерінің бірі, мұғалімнің жоғары біліктілігінің, оның оқытудағы прогрессивті әдістемесінің және білім алушылардың дамуы мен тәрбиесі деңгейінің көрсеткіші. Сонымен бірге, жобалық іс-әрекет мұғалімнің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттырады [129, б. 192].

Көптеген қолжетімді анықтамалар мен тәсілдерді зерттегеннен кейін, біздің ойымызша, жобалық оқыту сипаттамаларының ең толық жүйесі Маркхэм [130, б. 39] тарапынан берілген. Ол жобалық оқытудың негізгі критерийлерін былай анықтаған:

1. Білім алушының оқуға ұмтылысы – білім алушының белсенді қатысуы мен өз білімін жетілдіруге талпынысы.

2. Білім алушыға бағдарланған процестерге назар аудару – оқу процесінің білім алушылардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарына сәйкес ұйымдастырылуы.

3. Білім алушылардың пәндер мен тақырыптар бойынша негізгі ұғымдармен танысуы – теориялық және практикалық білімнің үйлесімді дамуы.

4. Терең зерттеуге мүмкіндік беретін сұрақтарға бағытталу – жобалық жұмыстар білім алушыларды күрделі мәселелерді зерттеуге ынталандырады.

5. Білім алушылардың өздерінің жұмыстарын және жобаларын басқаруы – өзіндік жоспарлау, ұйымдастыру және бақылау қабілеттерін дамыту.

6. Білім алушылардың зерттеулері мен проблемаларды шешу нәтижелері – жобалық қызметтің нақты және өлшенетін нәтижелерге бағытталуы.

7. Кері байланысты қамтамасыз ету – оқыту процесінде білім алушылардың жетістіктері мен қателіктері туралы ақпаратты жүйелі түрде алу.

8. Білім алушылардың шағын топтарда бірлескен қызметіне назар аудару – презентациялар мен аудиториялық бағалау арқылы топтық өзара әрекеттесуді дамыту.

9. Заманауи АКТ (ақпараттық-коммуникациялық технологиялар) құралдарын қолдану – білім беру процесін тиімді ұйымдастыруға және жаңа дағдыларды меңгеруге ықпал ету.

10. Қызмет нәтижелеріне негізделген бағалау – білім алушылардың жобалық жұмыстары мен зерттеулерін объективті бағалау.

11. Жобалық оқытуды оқу жоспарына енгізу – жобалық технологияның тұрақты және жүйелі қолданылуын қамтамасыз ету.


Осы критерийлер жобалық оқытудың стандартты құрылымының негізін құрайды, ол білім алушылардың нәтижелілігін арттырады және олардың жауапкершілігін күшейтеді.

Болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіби даярлауда жобалау технологиясын қолдану олардың білім беру нәтижелеріне қол жеткізуге мүмкіндік беретін құрал болып табылады және осы арқылы кәсіби бағдарланған метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға бағдарланған.

Экономикаға бағытталған оқыту жағдайындағы жобалық қызметті біз лингвистикалық және кәсіби-экономикалық материалдарын ықпалдастыра отырып ұйымдастырамыз, бұл метакоммуникативтік құзыреттілік пен сыни ойлауды дамытуға ықпал етеді.

Жоба бойынша жұмыс жобалау технологияның таңдалған түріне байланысты жүзеге асады. Жобалар шығармашылық, зерттеу және практикалық болып бөлінеді. Шығармашылық жобалар шығармашылық өнім алу мақсатында, мысалы: газет, бейнебаян, іс-шара және т.б. Мұндай жобаларда білім алушылар мен оқытушылардың бірлескен қызметінің егжей-тегжейлі құрылымы қажет емес; ол тек белгіленіп, соңғы нәтижеға сәйкес дамытылады. Зерттеу жобалары ғылыми білім алуға ықпал ететін және жаңашылдықпен, теориялық немесе практикалық маңыздылықпен сипатталады. Зерттеу жұмысы аяқталған соң

нәтижелер мен қорытындылар қалыптасып, жаңа зерттеу мәселелері айқындалады. Практикалық бағыттағы жобалардың мақсаты – жобалық жұмыстың қатысушыларының әлеуметтік мүдделеріне арналған нақты нәтижеге қол жеткізу. Негізгі жоба түрлерін сурет түрінде көрсетуге болады. Суретте көрсетілгендей, жобаларды жіктеу бірнеше критерий бойынша жүргізіледі (Сурет 4).



Сурет 4 – Жобалардың негізгі түрлері

Негізгі бағытына қарай жобалар зерттеу, шығармашылық, қолданбалы және ақпараттық болып бөлінеді. Зерттеу жобалары білім алушыларға ғылыми ақпаратты жинау, талдау және жаңа білім ашуға мүмкіндік береді, ал шығармашылық жобалар шығармашылық өнім жасауға бағытталған (газет, бейнебаян, көрме және т.б.). Қолданбалы жобалар нақты әлеуметтік немесе практикалық мәселелерді шешуге арналған, ал ақпараттық жобалар ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, ақпарат жинау, өңдеу және ұсыну дағдыларын дамытады. Пәндік-мазмұндық саласына қарай жобалар моножобалар (бір пәнге арналған), пәнаралық жобалар (бірнеше пәнді біріктіретін) және пәннен тыс жобалар (оқу бағдарламасынан тыс тақырыптарды қамтитын) болып бөлінеді. Ұзақтығына қарай жобалар қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді болып жіктеледі, бұл жобаны жоспарлау, орындау және нәтижелерін бағалау кезеңдерін анықтайды. Координация сипатына және қатысушылар санына қарай жобалар жабық (шектеулі қатысушылармен), ашық (кең аудитория үшін), жеке (бір білім алушы үшін) және топтық (бірнеше білім алушының бірлескен жұмысы) болып бөлінеді. Мұндай жіктелім жобалық қызметтің құрылымын түсіндіруге және әртүрлі жобалық тапсырмаларды тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Психологиялық-педагогикалық әдебиетте жобаны әзірлеу технологиясының үш кезеңі ерекшеленеді: дайындық кезеңі, негізгі кезеңі және қорытынды кезеңі. Жобаның құрылымдық компоненттері мыналардан тұрады: жоба атауы, өзектілігі және әлеуметтік-экономикалық маңыздылығы, жобаның мақсаттары мен міндеттері, жобаның мазмұны, жобаны іске асыру кезеңдері мен мерзімдері, болжанатын нәтижелер мен қорытындылары, жобаның нәтижелерінің тиімділігін бағалау. Жобалық іс-әрекетті тиімді ұйымдастыру үшін біз болашақ шетел тілі мұғалімдеріне оқу және білім беру жобаларының жіктелуі туралы ақпарат береміз, бұл жобалардың түрлерін жүйелендіруге және оларды іске асырудың оңтайлы әдістерін айқындауға мүмкіндік береді. Оқу жобасы — мұғалімнің арнайы ұйымдастырған, оқушылардың өз бетінше орындаған іс-әрекеттерін қамтитын кешен болып табылады, оның нәтижесі ретінде жобаны ауызша немесе жазбаша түрде ұсыну жүргізіледі. Білім беру жобасы - бұл белгілі бір уақыт аралығында - бір сабақтан бірнеше айға дейін білім беру өнімін алуға барлық қатысушылардың белсенді қызметін талап ететін сабақтарды ұйымдастыру нысаны.

Бізді 6 «П» деп аталатын алты жүйелі кезең түрінде ұсынуға болатын жобамен жұмыс істеу алгоритмі қызықтырады [60, 164 б.], [61, 14 б. ], [62, 67 б.].

1. Мәселе - бұл кезеңде жобаның тақырыбы айқындалады, мәселеге талдау жүргізіледі, мақсат тұжырымдалады және жобаның атауы таңдалады.

2. Жобалау (жоспарлау) - зерттеудің ықтимал нұсқаларын талқылау жүзеге асырылады, жұмыс стратегиясы таңдалады, түпкілікті өнімнің нысаны айқындалады, қатысушылар арасында міндеттер бөлінеді.

3. Ақпаратты іздеу - жоспарланған іс-әрекеттер орындалады, деректерді жинау және жүйелеу жүргізіледі, қажет болған жағдайда жұмыс процесіне түзетулер енгізіледі.

4. Өнім - жобаның түпкілікті нәтижесі жасалады және оны таныстыру түрінде қорғау дайындалады.

5. Портфолио - жобаның барлық жұмыс материалдары жинақталады: жоба бойынша жұмыс барысын көрсететін жоба, жоспарлар, есептер, схемалар, суреттер және басқа да құжаттар.

6. Таныстыру және рефлексия - жоба нәтижелерін ұсыну, оларды бағалау және орындау сапасын талдау, сондай-ақ жұмыс барысында алынған тәжірибе мен қорытындыларды талқылау жүзеге асырылады. Осы кезеңде білім алушылар экономикалық терминологияны қолдана отырып, бизнес-жобасын қорғайды.

Бұл алгоритм жобалық жұмысты жоспарлы орындауды қамтамасыз ететін іс-қимылдар дәйектілігі ретінде оқу жобасын ұйымдастыру кезеңдеріне сәйкес келеді

Жобаны орындаудың **мотивациялық-бағыттаушы кезеңі** білім алушылардың қызығушылығын оятуға, мотивацияны қалыптастыруға, жобаның маңыздылығын түсінуге және білім алушыларды өз бетінше жұмыс жасауға дайындау.

Білім алушыларға жобаның тақырыбы ұсынылады, мәселе мен тақырып анықталады, бұл жобаның мақсаттары мен міндеттерін тұжырымдауға

мүмкіндік береді, проблемалық сұрақтар анықталады және топ ішінде рөлдер бөлінеді. Мысалы, «Халықаралық білім беру қызметтері нарығын талдау» тақырыбы бойынша білім алушылар негізгі ұғымдарды нақтылайды, ақпарат көздерін таңдайды және жұмыс жоспарын дайындайды.

Тұжырымдалған міндеттер:

- ✓ «Білім беру қызметтері» ұғымын нақтылау;
- ✓ «Халықаралық білім беру қызметтері нарығы» терминінің мазмұнын анықтау;
- ✓ Жұмысқа қажетті сөздіктер мен ресурстарды таңдау;
- ✓ Ұғымдардың мәнін орыс және ағылшын тіліндегі сөздіктерде салыстыру.

Жобаны орындаудың ақпараттық-аналитикалық кезеңі шетел тілі сабақтарында жобалау технологияны жүзеге асыру процесінде когнитивтік-аналитикалық және метакоммуникативтік құзыреттіліктерді қалыптастырумен, сыни ойлауды дамытуымен және кәсіби ақпаратпен жұмыс істей білу қабілетін жетілдірумен сипатталады.

Бұл кезеңде зерттеу әдістері мен шығармашылық шешімдерді талқылау арқылы топтар арасында міндеттер бөлінеді, бұл жұмыс барысын үйлестіруді және іс-әрекетті жоспарлауды қамтамасыз етеді.

Білім алушылар жоба тақырыбы бойынша ақпаратты жинақтайды, талдайды және жүйелейді, тілдік және кәсіби білімдер арасындағы өзара байланыстарды анықтайды. Алдын ала қорытындыларды әзірлеу және талқылауға арналған материалдарды дайындау үшін кәсіби лексика мен терминология қолданылады, бұл олардың құрылымын және жүзеге асыру әдістерін нақтырақ айқындауға мүмкіндік береді. Осы мақсатта төмендегідей сұрақтар пайдаланылады:

- ✓ Халықаралық білім беру қызметтері нарығында қай елдер жетекші орын алады?
- ✓ Талдау жүргізу үшін қандай негізгі терминдерді білу қажет?
- ✓ Өртүрлі елдердегі білім беру қызметтерінің ұсыныстары қалай ерекшеленеді?
- ✓ Нарықта қандай үрдістер мен өзгерістер байқалады?

**Жобаны орындаудың жобалау кезеңі** шетел тілі сабақтарында жобалық технологияны жүзеге асыру барысында жобалау және ұйымдастырушылық дағдыларды дамыту, зерттеу жұмысын жоспарлау және жүйелеу қабілетін қалыптастыру болып табылады.

Бұл кезеңде білім алушылар жобаның нәтижелерін ұсыну стратегиясын әзірлейді және жобаның түпкілікті өнімін жоспарлайды, презентация немесе есептің құрылымын анықтайды, міндеттерді бөледі, деректерді талдау және визуализациялау әдістерін таңдайды, тілдік және кәсіби терминологияны келіседі. Білім алушылар меңгерген білімдері мен дағдыларын қолдана отырып, жеке немесе топтық тапсырмаларды өз бетінше орындайды.

Аралық талқылаулар мен алынған деректерді талдау жұмыс барысын түзетуге және сапаны бақылауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Осы мақсатта төмендегідей сұрақтар қолданылады:

✓ Ақпаратты көрнекі түрде ұсыну үшін оны қалай тиімді құрылымдауға болады?

✓ Нарықтағы үрдістерді көрсету үшін қандай талдау әдістерін қолданған жөн?

✓ Жобаға қатысушылар арасында міндеттерді қалай дұрыс бөлуге болады?

✓ Деректерді визуализациялаудың қандай формалары неғұрлым тиімді?

**Жобаны орындаудың презентациялық-рефлексивтік кезеңі** – бұл қорытынды кезең болып табылады. Бұл кезеңде білім алушылар жобаның нәтижелерін ұсынады, топтық жұмысты талдайды және орындалған жұмыстың сапасын бағалайды. Негізгі назар презентация жасау дағдыларын дамытуға, рефлексия мен сыни талдауға, когнитивтік-талдамалық және метакоммуникативтік құзыреттіліктерді бекітуге, сондай-ақ командалық жұмыс дағдыларын қалыптастыруға бағытталады.

Осы кезеңде жобаларды қорғау үдерісі оппоненттік талқылаумен жүзеге асырылады, онда қатысушылардың нәтижелері мен дәлелдемелері бағаланады.

Орындалатын іс-әрекеттер:

✓ Презентацияны дайындау және өткізу;

✓ Нәтижелерді ұжымдық талқылау және бағалау;

✓ Қатысушылардың өзін-өзі бағалауы және өзара бағалауы;

✓ Жоба тақырыбы бойынша қорытындылар мен ұсыныстарды тұжырымдау.

Сұрақтар үлгісі: Халықаралық білім беру қызметтері нарығы бойынша деректер қаншалықты нақты және толық ұсынылды?

✓ Жүргізілген талдау негізінде қандай қорытындылар жасауға болады?

✓ Қандай қиындықтар туындады және оларды қалай еңсеруге болады?

✓ Болашақта жобаның және презентацияның сапасын қалай арттыруға болады?

Осы кезең аясында «Қазақстандық үшін қай елде оқу тиімді?» тақырыбында пікірталас ұйымдастырылады.

Қорытынды кезең білім алушылардың жұмысына ұжымдық сараптама жүргізу және сыртқы бағалау арқылы аяқталады, оның негізінде түпкілікті қорытындылар мен ұсыныстар қалыптастырылады.

Осы аталған кезеңдердің бірізділігі жобалық қызметтің жүйелілігін, үйлесімділігін және тиімділігін қамтамасыз етеді, сондай-ақ білім алушылардың дербес және ұжымдық жұмыс дағдыларын, сыни талдау мен нәтижелерді ұсыну қабілеттерін қалыптастырады. Жобалау технологиясы болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіптік даярлауда өзекті әрі тиімді құрал болып табылады. Ол білім алушыларға эксперимент жүргізуге, білімді синтездеуге, шығармашылық және коммуникативтік дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде олардың білім беру және кәсіби ортадағы өзгерістерге табысты бейімделуіне ықпал етеді.

Төмендегі 4-ші кестеде болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудағы жобалау

технологиясының дидактикалық функциялары мен әдістемелік міндеттерін жүйелендіріп көрсетеді. Бұл кесте болашақ шетел тілі мұғалімдерінің субқұзыреттіліктерін жобалау технологиясының негізгі дидактикалық функцияларымен байланыстыруды көрсетеді.

Кесте 4 – Метакоммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруда жобалау технологиясының дидактикалық функциялары мен әдістемелік міндеттері

МТКК субқұзыреттіліктері	Жобалау технологиясының дидактикалық функциялары	Әдістемелік міндеттері
Тезаурусты-аналитикалық	мотивациялық функция; дамытушы функция	Білім алушыларды өзекті кәсіби міндеттер арқылы жобалық қызметке тарту, өздігінен ақпарат іздеуге ынталандыру; сыни тұрғысынан ойлау қабілетін дамыту, ынтымақтастық дағдыларын қалыптастыру; терминологиямен жұмыс істеу, мәтіндерді талдау, білімді жүйелеу.
Когнитивті-дискурсивті	ұйымдастырушылық функция	Кәсіби бағытталған шетел тілін оқытуда жобаларды жоспарлау, оқыту мақсаттары мен міндеттерін қою; білім алушылардың кәсіби дискурсқа қызығушылығын арттыру, проблемалық жағдаяттар арқылы танымдық белсенділікті ынталандыру; дискурстық талдау стратегияларын белгілеу, аналитикалық және дискурсивтік дағдыларды дамыту, кәсіби мәтіндермен жұмыс істеу.
Жобалық-бағдарлық	реттеуші функция	Жобалық іс-әрекетті бақылау және түзету, жеке және топтық жобаларды басқару; шетел тілін кәсіби жағдайларда қолдану, кәсіби коммуникацияны модельдеу, сабақ сценарийлерін жобалау, кәсіби дискурстық жағдаяттарды құрастыру, коммуникативтік нәтижелерді болжау.
Барлық субқұзыреттіліктер	Бағалау функциясы	Жобаларды бағалау критерийлерін қалыптастыру, кері байланыс беру, өзін-өзі және бір-бірін бағалау; когнитивтік, аналитикалық және жобалық дағдыларды біріктіру, өз сөйлеу әрекетіне рефлексивтік талдау жүргізу; коммуникативтік стратегиялардың тиімділігін бағалау; дискурсивтік шешімдерді кәсіби тұрғыда интерпретациялау.

Мотивациялық функция білім алушыларды жобалық қызметке тарту, ақпаратты өздігінен іздеу және кәсіби тапсырмаларды орындауға ынталандыру арқылы белсенділікті қамтамасыз етеді.

Дамытушы функция тезаурусты-аналитикалық субқұзыреттілікпен тығыз байланысты, аналитикалық дағдыларды, терминологияны меңгеруді және сыни ойлауды дамытуға бағытталған .

Ұйымдастырушылық функция когнитивті-дискурсивті субқұзыреттілікті қолдап, жобаларды жоспарлау, оқу қызметін құрылымдау және кәсіби мәтіндермен жұмыс істеу қабілеттерін дамытады.

Реттеуші функция жобалық-бағдарлық субқұзыреттіліктің жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді, жеке және топтық жобаларды басқару, кәсіби жағдайларды модельдеу және коммуникативтік нәтижелерді болжау арқылы.

Бағалау функциясы барлық субқұзыреттіліктерді қорытындылап, білім мен дағдыларды бағалауға, өз іс-әрекетін рефлексивті талдауға және коммуникативтік стратегиялардың тиімділігін тексеруге мүмкіндік береді.

Жобалау технологиялары болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіби даярлаудың тиімді педагогикалық құралы болып табылады. Ол білім алушылардың коммуникативтік, зерттеушілік, аналитикалық және рефлексивтік дағдыларын дамытуға, метакоммуникативтік құзыреттілігін мақсатты түрде қалыптастыруға мүмкіндік береді және олардың білім беру мен кәсіби ортадағы өзгерістерге табысты бейімделуін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, жобалау технологиясын тиімді жүзеге асыру үшін оны кәсіби-бағдарланған мазмұнда ұйымдастыру және әдістемелік тұрғыдан жүйелі қамтамасыз ету қажет.

Атап айтқанда, жобалық оқытудың кәсіби бағыттылығын қамтамасыз ету маңызды. Жобаларды нақты экономикалық және педагогикалық контексттерде ұйымдастыру (мысалы, халықаралық білім беру нарығын талдау, кәсіби келіссөздерді модельдеу) білім алушылардың шетел тілін кәсіби-коммуникативтік мақсатта қолдану қабілетін арттырады. Сонымен қатар, метакоммуникативтік дағдыларды дамытуға ерекше назар аудару қажет, өйткені жобалау қызметі барысында білім алушылар кәсіби дискурсты талдайды, терминологиялық аппаратпен жұмыс істейді, презентация жасау және топтық коммуникация тәжірибесін меңгереді, сондай-ақ сыни рефлексия дағдыларын қалыптастырады.

Жобалық жұмысты ұйымдастыруда интерактивті және цифрлық құралдарды қолдану ерекше мәнге ие. Онлайн-платформалар, мультимедиалық ресурстар және интерактивті құралдар білім алушылардың дербес зерттеу қабілетін, ақпараттық сауаттылығын және шығармашылық белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жобалық қызметті бағалау жүйесі мен рефлексияны ұйымдастыру метакоммуникативтік құзыреттіліктің дамуына ықпал етеді. Өзін-өзі бағалау, өзара бағалау және оқытушының сараптамалық бағасы арқылы білім алушылар өз жетістіктері мен кемшіліктерін талдап, кәсіби әрекеттерін жетілдіруге мүмкіндік алады.

Осыған байланысты, жобалық оқытудың тиімділігін арттыруда пәнаралық ықпалдастық та ерекше маңызға ие. Жобалық тапсырмалар тілдік, экономикалық және мәдениетаралық компоненттерді біріктіруі тиіс. Мысалы, білім алушылар бизнес-сценарийлерді ағылшын тілінде әзірлеп, экономикалық терминологияны қолдана отырып, түрлі мәдени контексттердегі кәсіби коммуникация

ерекшеліктерін талдай алады. Мұндай тапсырмалар олардың кәсіби даярлығын күшейтіп, еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді. Жобалық жұмысқа мотивациялық компонент енгізу – жобаның өзектілігі мен практикалық маңыздылығын түсіндіру, нәтижесін нақты аудиторияға ұсыну – білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырады.

Жобалау технологиясын жүйелі қолдану болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби даярлығын жетілдіруге және олардың метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Бұл өз кезегінде олардың кәсіби қызметте тиімді әрекет етуін және заманауи білім беру кеңістігіне табысты бейімделуін қамтамасыз етеді.

Сондықтан жобалау технологиясы болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіби даярлаудың тиімді педагогикалық құралы болып табылады. Ол білім алушылардың коммуникативтік, зерттеушілік және рефлексивтік дағдыларын дамытуға, сондай-ақ олардың кәсіби тілдік санасын қалыптастыруға мақсатты түрде ықпал етеді. Атап айтқанда, экономикалық және педагогикалық контексттерді ықпалдастыру білім алушылардың шетел тілін нақты кәсіби-коммуникативтік мақсатта қолдану қабілетін жаңа сапалық деңгейге көтереді.

Бірінші тарауда қарастырылған теориялық тұжырымдар мен әдістемелік негіздер зерттеуіміздің келесі кезеңінде болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұндық-функционалдық моделін әзірлеуге және оны тәжірибелік-эксперименттік жолмен тексеруге іргелі негіз болады.

### **Бірінші тарау бойынша қорытынды**

Жүргізілген теориялық талдау қазіргі шетелдік білім берудің қарқынды дамуы жаһандану, цифрландыру, халықаралық академиялық ықпалдасу және еңбек нарығының өзгермелі талаптарымен тығыз байланысты екенін көрсетті. Бұл жағдайларда шетел тілін оқыту тек тілдік білім берумен шектелмей, мәдениетаралық коммуникацияға қабілетті, кәсіби құзыретті тұлғаны қалыптастыру мақсатында кешенді жүйе ретінде қарастырылады.

Шетелдік білім берудің негізгі даму тенденциялары ретінде әрекеттік тәсіл арқылы оқыту, құзыреттілік тәсілін қолдану, инновациялық-жобалық жұмыс, тіл мен кәсіби даярлықты интеграциялау, тезаурустық-профильдік тұрғыдан оқыту айқындалды. Осы өзгерістер аясында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби бейнесі жаңаша сипат алды: ол тек тілдік білімді меңгерген маман ғана емес, сонымен қатар кәсіби дискурсты талдай алатын, метакоммуникативтік стратегияларды қолданатын және кәсіби тілдік санасы қалыптасқан педагог ретінде қарастырылады.

Метакоммуникативтік құзыреттілік болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби даярлығында маңызды орын алады. Ол қарым-қатынасты тек ақпарат алмасу деңгейінде емес, оны талдау, реттеу және басқару деңгейінде ұйымдастыруға мүмкіндік беретін интегративті білім, білік және дағдылар жүйесі болып табылады. Зерттеу барысында оның құрылымы тезаурусты-аналитикалық, когнитивті-дискурсивті және жобалық-бағдарлық

субқұзыреттіліктер арқылы нақтыланды. Сонымен қатар, метакоммуникативтік әрекеттердің мазмұны ретінде кәсіби ақпаратты интерпретациялау, қарым-қатынас барысын рефлексиялау және педагогикалық мақсаттарға жету үшін коммуникативтік әрекеттерді жедел түзету қабілеттері негізделді.

Тұтастай алғанда, бұл процесс болашақ маманның кәсіби тілдік санасының сапалық жаңа деңгейге көтерілуін қамтамасыз етеді. Кәсіби тілдік сана метакоммуникативтік құзыреттіліктің когнитивтік негізі ретінде мұғалімге экономикалық шындықты шетел тілінде жүйелі қабылдауға, оны педагогикалық мақсатқа сай интерпретациялауға және кәсіби қарым-қатынасты саналы түрде басқаруға жағдай жасайды.

Экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында жобалау технологиясы метакоммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың тиімді педагогикалық құралы ретінде анықталды. Ол пәнаралық интеграцияны, кәсіби-бағдарланған мазмұнды және цифрлық құралдарды қолдануды қамтамасыз ете отырып, болашақ мұғалімдердің кәсіби ойлауын дамытады.

Бірінші тарауда жүргізілген теориялық талдау шеттілдік білім берудің қазіргі даму бағыттарын, болашақ мұғалімнің кәсіби бейнесін және метакоммуникативтік құзыреттіліктің мәнін негіздеп, оны қалыптастырудың әдістемелік алғышарттарын айқындады. Бұл зерттеудің келесі кезеңінде болашақ мұғалімдерді даярлаудың мазмұндық-функционалдық моделін әзірлеудің ғылыми-әдіснамалық негізін құрайды.

## **2 ЭКОНОМИКАҒА БАҒДАРЛАНҒАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ ШЕТЕЛ ТІЛІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ МЕТАКОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ЖОБАЛАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ**

### **2.1 Экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұндық-функционалдық моделі**


Қазіргі кәсіби шеттілдік білім берудің даму тенденциялары педагогтарды полимәдени, сандық және кәсіби бағытталған білім беру кеңістігінде тиімді жұмыс істей алатындай етіп дайындау қажеттілігімен анықталады. Мұндай жағдайда экономикаға бағдарланған оқыту жағдайындағы болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру процесін модельдеу педагогикалық жобалаудың негізгі бағыты болып табылады, ол оқытудың тұтастығын, жүйелілігін және практикалық нәтижелілігін қамтамасыз етеді.

А.Н. Дахинның тұжырымына сәйкес, педагогикалық процестерді модельдеу когнитивтік, коммуникативтік және іс-әрекеттік компоненттерді біртұтас кәсіби даму жүйесінде біріктіріп, кешенді оқыту тәсілін жүзеге асыруға мүмкіндік береді [131]. Ал Н. Ф. Коряковцева мен Т.А. Кульгильдинова қазіргі шетел тілі білімінде педагогикалық модель тек пәндік-тілдік компонентті ғана емес, сонымен қатар интердисциплинарлық және кәсіби-контекстік өзара әрекеттесуге бағытталған метакоммуникативтік құрамдастығын қамтуы керектігін атап көрсетеді [132, 52].

Мазмұндық-функционалдық модельдің мақсаты – экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін жүйелі және мақсатты түрде қалыптастыру.

Модельді іске асыру нәтижесінде білім алушылардың кәсіби-экономикалық тезаурусты меңгеруі, кәсіби және мәдениетаралық коммуникацияны тиімді ұйымдастыруы, кәсіби жағдаяттарды талдау және жобалау, негізделген педагогикалық шешім қабылдау, сондай-ақ кәсіби әрекетке рефлексия жүргізу қабілеттері қалыптасады.

Ұсынылған мазмұндық-функционалдық модель өзара байланысқан құрылымдық блоктардың бірлігі ретінде қарастырылады. Әрбір блок метакоммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру үдерісінің белгілі бір бағытын сипаттай отырып, модельдің тұтастығын және оны жүзеге асырудың логикалық бірізділігін қамтамасыз етеді. Модель құрылымында **мақсатты, тұжырымдамалық, мазмұндық-пәндік, процестік-ұйымдастырушылық, лингводидактикалық шарттар және критериалды-диагностикалық блоктар айқындалған (Сурет 5).**



Сурет 5 – Жобалау технологиялары арқылы экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұндық-функционалдық моделі

Зерттеу аясында ұсынылған мазмұндық- функционалды модель болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру процесін жүйелі ұйымдастыруға бағытталған тұтас педагогикалық жүйе болып табылады. Модельдің ғылыми-әдіснамалық негізі оның мақсатты бағдарлары мен тұжырымдамалық ұстанымдары арқылы айқындалса, практикалық іске асырылуы нақты педагогикалық тәсілдер мен принциптер жиынтығымен қамтамасыз етіледі.

Модельдің мазмұны мен құрылымын сипаттауда оқу үдерісінің логикасын, білім алушылардың кәсіби-коммуникативтік әрекетінің сипатын және құзыреттілікті қалыптастыру механизмдерін айқындайтын жетекші тәсілдердің ішінде басты рөлді коммуникативтік-құзыретті тәсіл атқарады, осы тұрғыда әрі қарай осы тәсілдің мазмұны мен ерекшеліктері қарастырылады.

**Коммуникативті-құзыретті тәсіл.** Болашақ педагогтардың кәсіби және мәдениетаралық контексттерде тиімді өзара әрекеттесу қабілетін қалыптастырудың негізгі әдістемелік тұғыры ретінде Е.И. Пассов [15, 44 б.], Н.Д. Гальскова [77, 96 б.] негіздеген коммуникативті-құзыретті тәсіл қарастырылады. Бұл тәсіл оқыту үдерісіндегі коммуникация рөлін Л.С. Выготскийдің әлеуметтік өзара әрекеттесу мен сөйлеуді ойлауды дамыту құралы ретіндегі концепциясымен ұштастырады [86, 408 б.].

Б. Эльконин ұсынған коммуникативтік-құзыреттілік тәсілінде білім беру қызметінің мазмұнының мынадай түрі көрініс табады: ол «өмірлік мәселелерді шешудің тұтас тәжірибесін, негізгі (яғни көптеген әлеуметтік салаларға қатысты) функцияларды, әлеуметтік рөлдер мен құзыреттіліктерді орындауды» қамтиды [133].

Коммуникативтік-құзыреттілік тәсіл аясында кәсіби педагогикалық қызметті және білім сапасын бағалау бүгінгі таңда кеңінен таралуда. Осы бағытта еңбек еткен зерттеушілердің қатарында И.А. Зимняя [42, 34-36 б.], И.В. Новгородцева еңбектері кеңінен танымал. Мәселен, И.В. Новгородцева аталған зерттеушілердің көзқарастарын қорытындылай келе, коммуникативтік құзыреттілікті «нақты жағдаятта көрінетін білім мен дағдылар кешені арқылы сипатталатын тұлғаның интегралды қасиеті; міндеттерді тиімді орындауға мүмкіндік беретін мінез-құлықта байқалатын және әлеуметтік-коммуникативтік өзара әрекеттестіктің көптеген контекстерінде өмір сүруге, басқалармен келісімге келуге тұлғаның дайын болуын білдіретін сипат» ретінде анықтайды [134].

Аталған тәсілдің ерекшелігі - білім алушылардың коммуникативтік дағдыларды кезең-кезеңімен меңгеруінде. Оған ынтымақтастыққа дайындық, әртүрлі әлеуметтік топтарда байланыс орнату, даулы жағдаяттарды болжау және кәсіби талаптарға сай сөйлеу мінез-құлқын бейімдеу жатады.

Коммуникативті құзыреттіліктің құрылымы М. Канале мен М. Свейннің моделі арқылы ашылады:

- Грамматикалық компонент - тілдік нормаларды меңгеру.
- Социолингвистикалық компонент - әлеуметтік контекстке сай тілдік құралдарды таңдау.

- Дискурстық компонент - мәтінді мағыналық тұрғыдан тұтас құрастыру.
- Стратегиялық компонент - коммуникативтік үзілістерді толтыру және тиімділікті арттыру стратегиялары [135].

Бұл компоненттер коммуникативтік тәсілдің теориялық негізін нығайтып, сабақтағы тапсырмаларды кезең-кезеңімен күрделендіру арқылы кәсіби теңгеру менгеруге мүмкіндік береді.

И.А. Зимняяның құзыреттілік теориясына қосқан үлесі болашақ мұғалімдердің «білу, жасау, болу» (knowing, doing, being) аспектілерін, өлшеуге негіз болды [42, 34 б.]. Бұл тәсіл тек базалық дағдыларды ғана емес, сонымен қатар концептуалды білім мен проблемаларды шешу қабілетін бірінші орынға қояды. Құзыреттілік тәсілі шындық құбылыстарын тану, этикалық нормаларды сақтау және әлеуметтік рөлдерді кәсіби деңгейде орындауды талап етеді.

Педагогикалық зерттеу шеңберінде бұл тәсіл тілдік және кәсіби білімді интеграциялайтын кешенді жобалар, кейс-стади, рөлдік ойындар мен презентациялар арқылы жүзеге асырылады. Осылайша, коммуникативтік-құзыретті тәсіл болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға, атап айтқанда тілдік құралдарды саналы түрде таңдау және кәсіби сөйлеуді ұйымдастыру қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

**Инновациялық-әрекеттік тәсіл.** Н.Л. Коршунова ұсынған инновациялық-әрекеттік тәсіл білім алушылардың жобалау дағдыларын, сыни ойлауын және кәсіби бастамашылдығын дамытудың әдіснамалық платформасы болып табылады [136]. Бұл тәсіл шеңберінде болашақ шетел тілі мұғалімдері оқу үдерісінің пассивті қабылдаушысы емес, белсенді субъектісі ретінде қарастырылады. Тәсілдің негізгі дидактикалық міндеттері: іс-әрекеттік және жобалық құзыреттіліктерді қалыптастыру; пәнаралық тапсырмаларды өздігінен шешу механизмдерін іске асыру; кәсіби рефлексия мен сыни талдау қабілетін дамыту.

Инновациялық-әрекеттік тәсіл Дж. Дьюидің диалогтық қарым-қатынас және белсенді әрекет тұжырымдамасына [60, 155 б.] және И.В. Роберттің білімді ұжымдық талқылау арқылы білімді меңгеру идеясына негізделеді [137]. Мұндағы басты ерекшелік - білім алушының түрлі салалардан (тіл білімі, экономика, педагогика) алынған ақпаратты біріктіре отырып, нақты жобаларды жүзеге асыруында. Осы бағытты іске асыру үшін оқу үдерісіне келесі элементтер енгізіледі:

1. Пәнаралық мини-жобалар мен кәсіби рөлдік тәжірибелер.
2. Сандық білім беру ресурстары мен интерактивті платформалар.
3. Педагогикалық фасилитация: мұғалімнің кеңесші-тьютор ретіндегі қолдауы. Әрекеттік тәсіл білім алушының шығармашылық әлеуетін оның өмірлік жоспарлары мен құндылықтық бағдарлары контекстінде дамытуды көздейді [74, 142 б.]. Бұл тәсіл метакоммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру моделінің іс-әрекеттік іргетасын құрайды. Ол теориялық білімді практикалық кәсіби қызметке интеграциялап, көпмәдениеттік және цифрлық ортада жұмыс істей алатын бәсекеге қабілетті құзыретті маман тұлғасын қалыптастырады.

**Кәсіби-танымдық тәсіл.** С.С. Кунанбаева мен И.И. Жучкова әзірлеген кәсіби-танымдық тәсіл болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-экономикалық лексикасы мен ұғымдық тезаурусын жүйелі қалыптастырудың әдіснамалық негізі болып табылады [68, 82 б.], [138]. Бұл тәсіл шеңберінде О.Н. Матвеева мен Ю.И. Горбунов атап өткендей, метатілдік аспект пен тезаурустық жүйе коммуникативтік құзыреттіліктің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады [139], [140].

Е.С. Кубрякованың тұжырымдамасына сәйкес, метабілім - бұл таным процесін метатанымға айналдыратын зерттеу құралы [91]. Ол болашақ мұғалімге тілді тек қарым-қатынас құралы емес, кәсіби ойлауды реттеуші механизм ретінде қолдануға мүмкіндік береді.

Бұл тәсіл болашақ шетел тілі мұғалімінің тезаурусты-аналитикалық когнитивті-дискурсивті субқұзыреттіліктерінің негізін қалайды. Білім алушы мәтінді талдау, кәсіби тапсырмаларды шешу және жобалық қызметте терминологиялық аппаратты еркін қолдану дағдыларына ие болады. Сонымен қатар, бұл тәсіл аналитикалық ойлау қабілетін дамытып, ақпаратты стратегиялық өңдеуге және оқу дискурсын тиімді басқаруға, сонымен бірге кәсіби мәтіндермен жұмыс істеу барысында рефлексия және өзін-өзі бағалау дағдыларын қалыптастырады.

Зерттеу аясында айқындалған үш тұжырымдамалық тәсіл модельдің тұтастығын қамтамасыз етіп, метакоммуникативтік құзыреттіліктің субқұзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған:

**Кәсіби-танымдық тәсіл** – кәсіби-экономикалық лексиканың когнитивтік-ұғымдық базасын (тезаурус) меңгерту арқылы тезаурусты-аналитикалық субқұзыреттіліктің қалыптастыруын қамтамасыз етеді.

**Коммуникативті-құзыретті тәсіл** – кәсіби ортадағы өзара әрекеттесудің прагматикалық негізін дамытып, когнитивті-дискурсивті субқұзыреттіліктің қалыптастыруына ықпал етеді.

**Инновациялық-әрекеттік тәсіл** – жобалық-зерттеу қызметі мен цифрлық технологиялар арқылы білім алушылардың тәжірибелік іс-әрекетін ұйымдастырып, жобалық-бағдарлық субқұзыреттілікті қалыптастыруға ықпал етеді.

Аталған тәсілдердің интеграциясы экономикаға бағдарланған білім беру жағдайында кәсіби коммуникацияны саналы түрде ұйымдастыра алатын, рефлексия жүргізетін, метакоммуникативтік дағдылары қалыптасқан болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауға мүмкіндік береді.

Зерттеу мақсатына жетуді қамтамасыз ететін және оқу процесінің ғылыми негізін құрайтын келесі педагогикалық принциптер айқындалды.

**Сабақтастық-жүйелілік принциптің** негізгі міндеті экономикалық білім мен тілдік дағдылардың арасындағы байланысты үзіліссіз ету. Бұл принцип экономикалық мазмұнды (менеджмент, маркетинг, халықаралық қатынастар) шеттілдік дайындықпен кешенді түрде біріктіруге бағытталады.

Сабақтастық-жүйелілік принципі білім алушылардың әртүрлі ғылыми салалардан алынған ақпаратты жүйелеп, кәсіби жағдайларды талдау барысында

оларды өзара байланыстыруына ықпал етеді. Іске асыру тетіктері ретінде пәнаралық интеграция тілдік жаттығуларды экономикалық кейстермен ұштастыру арқылы жүзеге асады; кезеңділік білімнің қарапайым терминдерден күрделі аналитикалық дискурсқа қарай сатылы дамуын қамтамасыз етеді; ал тұтастық тілдік, экономикалық және педагогикалық білімдерді синхронды қолдануды көздейді.

Сабақтастық-жүйелілік принцип дидактика саласында кеңінен зерттелген және классикалық педагогикалық еңбектерде негізі қаланған қағидалардың бірі болып табылады. Оның теориялық негіздері Я.А. Коменский [141], К.Д. Ушинский [142], сондай-ақ қазіргі педагогикалық зерттеулерде В.С. Леднев [143], М.Н. Скаткин [23], И.Я. Лернер [126] сияқты ғалымдардың еңбектерінде дамытылған. Бұл зерттеушілер оқу процесінің жүйелілігі мен сабақтастығын білім мазмұнын бірізді ұйымдастырудың және білім алушылардың танымдық дамуын қамтамасыз етудің негізгі шарты ретінде қарастырған.

Қазіргі педагогикалық ғылымда бұл принцип үздіксіз білім беру идеяларымен тығыз байланысты қарастырылады. Зерттеушілер сабақтастықты оқу мазмұнының логикалық байланысы мен білімнің кезең-кезеңмен күрделенуі ретінде, ал жүйелілікті білімнің тұтас құрылымға бірігуі ретінде түсіндіреді.

Қорыта келе, сабақтастық-жүйелілік принципі оқыту процесін ұйымдастырудың ғылыми негізі ретінде танылып, тілдік, экономикалық және кәсіби білімдердің өзара байланысын қамтамасыз ететін маңызды дидактикалық ұстаным болып табылады.

**Тұлғаға бағытталған принципі** басты назар білім алушының субъектілік позициясына аударылады. Білім алушы тек дайын ақпаратты қабылдаушы емес, өз оқу траекториясын саналы түрде құрушы және кәсіби дамуына жауапты тұлға ретінде қарастырылады. Білім алушылар ақпаратты талдауды, өз көзқарасын қалыптастыруды, оны дәлелді түрде қорғауды және негізделген шешімдер қабылдауды үйренеді, бұл қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында аса маңызды. Оқу үдерісіне белсенді қатысу ынтымақтастық пен коммуникация дағдыларының дамуына ықпал етеді: оқу тақырыптарын талқылау барысында бір-бірімен және оқытушымен өзара әрекеттесу арқылы білім алушылар өзге пікірлерді тыңдауға және құрметтеуге, командада тиімді жұмыс істеуге дағдыланады. Бұл дағдылар тек оқу іс-әрекетінде ғана емес, болашақ кәсіби қызметте де қажет. Жобаларға, тәжірибелерге және сыныптан тыс іс-шараларға қатысу білімді практикада қолдануға мүмкіндік беріп, материалды терең меңгеруге және болашақ мансапқа қажетті практикалық дағдыларды дамытуға жағдай жасайды. Осы тұрғыда тұлғаға бағытталған принципі білім алушылардың оқу үдерісіне белсенді қатысуын қамтамасыз ететін негізгі фактор ретінде қарастырылады.

Осыған байланысты, білім берудегі тұлғаға бағытталған принцип әрбір студенттің жеке қажеттіліктерін, қызығушылықтарын және ерекшеліктерін ескеруге негізделеді. Ол әрбір тұлғаның бірегейлігін мойындап, оның дамуына қолайлы жағдай жасауға бағытталады.

Принциптердің жүзеге асырылуы. Жеке қажеттіліктер: оқу үдерісінде болашақ мұғалімнің жеке кәсіби мақсаттары, экономикалық білімге деген қызығушылықтары мен тілдік дайындық деңгейі ескеріледі.

Рефлексия мен өзін-өзі бағалау: бұл принцип білім алушының рефлексивті дағдыларын (өз коммуникативтік әрекетін талдау және түзету қабілетін) дамытуға мүмкіндік береді.

Креативтілік: шығармашылық жобалар мен авторлық тапсырмалар арқылы болашақ педагогтың өзін-өзі кәсіби тұрғыда танытуына жағдай жасалады. Нәтижесінде бұл принцип білім алушының метакоммуникативтік әрекетіндегі автономиясын (еркіндігін) және өз сөйлеу мінез-құлқын саналы реттеу қабілетін қалыптастырады. Тілдік сана принципі оқу үдерісін механикалық жаттаудан гөрі, танымдық белсенділік пен мағыналы әрекет негізінде ұйымдастыруды талап етеді. Л.С. Выготский [86, 424 б.] мен А.Н. Леонтьевтің [144, 144 б.] сананың тілдік табиғаты мен мағыналар жүйесі туралы іргелі тұжырымдамаларына сүйене отырып, біз бұл принципті болашақ мұғалімдердің кәсіби-экономикалық лексиканы саналы меңгеруінің басты шарты ретінде қарастырамыз.

Экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында бұл принциптің мазмұны келесі аспектілермен тереңдей түседі:

Терминологияны концептуалды ұғыну: білім алушы экономикалық терминдерді («инфляция», «инвестиция», «диверсификация» т.б.) жай ғана аударма ретінде емес, олардың артында тұрған экономикалық процестер мен кәсіби мағыналарды түйсініп, өз санасында жүйелейді.

Метакоммуникативтік рефлексия: саналылық принципі білім алушының «не айтып жатқанын» ғана емес, «қалай және не үшін» бұл тілдік құралды таңдағанын талдауға мүмкіндік береді. Бұл В.В. Виноградов атап өткендей, тілдік формалардың нақты сөйлеу жағдайындағы қызметін саналы бақылауға жағдай жасайды [145].

Тілдік «микрокосм» ретіндегі кәсіби тезаурус: А.Н. Леонтьев бойынша мағына – сананың бірлігі болса, болашақ мұғалім үшін экономикалық тезаурус оның кәсіби санасының іргетасы болып табылады. Тілдік сана принципі арқылы білім алушы экономикалық дискурсты тек сырттай қабылдамай, оны өзінің кәсіби іс-әрекетінің құралына айналдырады [144, 142 б.].

Соның нәтижесінде, тілдік сана принципі метакоммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруда орталық рөл атқарады. Ол оқытуды жай ғана «сөйлеу дағдыларын дамытудан» – кәсіби ойлау мен сөйлеуді басқаруға көшіреді. Бұл, өз кезегінде, болашақ маманның көпмәдениетті экономикалық ортада саналы, мақсатты және стратегиялық тұрғыдан тиімді коммуникация орнатуына кепілдік береді.

Тұжырымдай келгенде, ұсынылған педагогикалық принциптер жиынтығы модельдің тұжырымдамалық негізін құрай отырып, болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби даярлығын сапалы жаңа деңгейге көтеруге және олардың экономикалық білім беру ортасында тиімді метакоммуникативтік әрекет етуіне жағдай жасайды.

**Модельдің мазмұндық - пәндік блогы** болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қамтиды. Метакоммуникативтік құзыреттілік болашақ шетел тілі мұғалімінде үш өзара байланысты субқұзыреттілік арқылы қалыптасады: тезаурусты-аналитикалық, когнитивті-дискурсивті және жобалық-бағдарлық.

Субқұзыреттіліктер алдыңғы бөлімде жалпы теориялық тұрғыдан қарастырылғандықтан, біз ұсынылып отырған модель шеңберінде олардың мазмұны мен атқаратын нақты қызметіне қатысты келесідей анықтамаларымызды береміз.

Тезаурусты-аналитикалық субқұзыреттілік - кәсіби-экономикалық лексика мен терминологияны меңгеру, мәтіндерді талдау және ақпаратты жүйелеу арқылы экономикалық дискурста дәлдік пен дұрыс ақпарат жеткізуді қамтамасыз етеді. Ол мәдениетаралық және пәнаралық контексте лексикалық ресурстарды тиімді пайдалануға, кәсіби ақпаратты сұрыптауға және оның мағыналық құрылымын түсінуге мүмкіндік береді.

Когнитивті-дискурсивті субқұзыреттілік – сөйлеу мен ойлаудың өзара байланысы негізінде қалыптасатын, білім алушының шеттілдік дискурсты саналы түрде қабылдау, өңдеу және құрастыру қабілетін сипаттайтын құрылымдық компонент болып табылады. А.В. Щепилованың пікірінше, шетел тілін меңгеру барысында лингвистикалық кодтарды жүйелі салыстыру нәтижесінде білім алушыларда «метакогнитивтік сана» қалыптасады, ол тілдік бірліктерді саналы игеруге және коммуникативтік әрекетті реттеуге мүмкіндік береді [146]. С.С. Қунанбаева бұл құбылысты тұлғаның рефлексивтік өзара әрекетке түсуімен, ішкі әлеуетін белсендіруімен және дискурсивтік қызмет үдерісінде бұрынғы тәжірибені талдап, болашақ әрекетті жобалай алуымен байланыстырады. Осы тұрғыдан алғанда, когнитивті-дискурсивті субқұзыреттілік кәсіби білім негізінде экономикалық дискурсты түсіну, ойды дәйекті әрі логикалық жеткізу, мәтін құрылымын тиімді ұйымдастыру, сондай-ақ мәтіннің тұтастығы мен байланыстылығын (cohesion and coherence) сақтау қабілеттерін қамтиды. Сонымен қатар, ол білім алушының қабылдау, есте сақтау, ұғым қалыптастыру сияқты когнитивтік үдерістерін жетілдіру арқылы коммуникативтік стратегияларды орынды қолдануына негіз болады.

Жобалық-бағдарлық субқұзыреттілік - оқу жағдайларын жобалау, педагогикалық модельдеу және кәсіби тапсырмаларды орындауға бағытталады. Ол зерттеу қызметі, инновациялық жобалар және ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалану арқылы білім алушылардың кәсіби әрекетін ұйымдастырып, практикалық дағдыларын, шығармашылық ойлау және рефлексия қабілеттерін жетілдіреді, бұл педагогикалық зерттеу әдіснамасында қарастырылатын жобалық және зерттеушілік қызметтің ерекшеліктерімен сәйкес келеді [147, 68 б].

Аталған үш субқұзыреттіліктің өзара ықпалдасуы метакоммуникативтік құзыреттіліктің (МТКК) кешенді дамуын қамтамасыз етеді. Бұл интеграция болашақ мұғалімге экономикалық контекстегі кәсіби коммуникацияны тиімді ұйымдастыруға, мәдениетаралық өзара әрекет жасауға және оқу үдерісін сапалы

басқаруға мүмкіндік беретін негізгі фактор болып табылады. 5-кестеде ұсынылған дескрипторлар жүйесі болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік дайындығын бағалауға арналған нақты индикаторлар жиынтығы болып табылады.

Кесте 5 – Экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік субқұзыреттіліктерінің қалыптасу дескрипторлары

тәсіл/субқұзыреттіліктер	мотивациялық-интеграциялық критерий	контентті-технологиялық критерий	сыниойлау критерийі
Кәсіби-танымдық/ Тезаурусты-аналитикалық	1. Кәсіби-экономикалық тезаурусты меңгеруге танымдық қызығушылық танытады; 2. Ақпаратты терең мағыналық талдауға және жүйелеуге дайындық көрсетеді; 3. Аналитикалық дағдыларды дамыту үшін кәсіби білім мен жеке мақсаттарды біріктіреді.	1. Кәсіби дискурс терминологиясы мен негізгі концепттерін еркін меңгереді; 2. Экономикалық ұғымдарды мағыналық өрістерге жіктейді және жүйелейді; 3. Экономикалық тезаурусты оқу және жобалық тапсырмаларды орындауда қолданады.	1. Кәсіби терминологияны және оның түрлі контекстегі қолданылуын талдайды; 2. Кәсіби өзара әрекеттесу үшін дискурстық және аналитикалық дағдыларды біріктіреді; 3. Экономикалық дискурстағы терминдердің мағыналары мен қызметтерін салыстырады.
Коммуникативті-құзыретті/ Когнитивті-дискурсивті	1. Тілдік және кәсіби ұғымдарды интерпретациялауға (түсіндіруге) ынта білдіреді; 2. Кәсіби мәтіндерді талдау мен бейімдеудің педагогикалық маңыздылығын түсінеді; 3. Терминдерді контекст негізінде меңгеруге және қолдануға қызығушылық танытады.	1. Негізгі кәсіби ұғымдар мен терминдердің мазмұнын толық меңгереді; 2. Кәсіби мәтіндер мен бейнематериалдар негізінде ақпаратты талдап, қайта өңдейді; 3. Экономикалық терминдер тезаурусын дискурстық құрылымдарда орынды пайдаланады.	1. Кәсіби мәтіндерді логикалық тұрғыдан талдап, құрылымдай алады; 2. Мәтіндерді оқу және интерпретациялаудың тиімді стратегияларын жоспарлайды; 3. Экономикалық дискурстағы негізгі идеялар мен дәлелдерді (аргументтерді) анықтайды.
Инновациялық-әрекеттік/ Жобалық-бағдарлық	1. Жобалық және зерттеу жұмыстарын дербес орындауға психологиялық дайындық көрсетеді; 2. Жеке қызығушылықтарын жобалық қызметтің кәсіби талаптарымен үйлестіреді; 3. Кәсіби-жобалық ортада пәнаралық ынтымақтастыққа дайындық танытады.	1. Жобаларды іске асыру кезінде кәсіби-экономикалық тезаурусты инструменталды қолданады; 2. Терминологиялық элементтерді жобалық әрекетте мақсатты түрде жіктейді; 3. Жобаларды жоспарлауда аналитикалық және дискурстық стратегияларды таңдайды.	1. Кәсіби-экономикалық аспектілерді ескере отырып, жобалық шешімдерді жоспарлайды; 2. Жобаларды презентациялау және кәсіби коммуникация барысында терминологияны еркін қолданады; 3. Ұсынылған шешімдерді кәсіби дискурс барысында логикалық тұрғыдан дәлелдейді.

Білім алушының ілгерілеуін өлшеу үшін үш негізгі критерий белгіленді.

**Мотивациялық-интегративті критерий (ішкі қызығушылық)** – білім алушылардың экономикалық терминдерді меңгеруге деген ішкі ынтасы мен кәсіби маңыздылығын түсіну деңгейін көрсетеді.

**Контентті-технологиялық критерий (білім мен әдістемелік үйлесім)** – нақты білім қоры (терминдер, концепттер) және оны технологиялық құралдар арқылы қолдану қабілетін бағалайды.

**Сыни ойлау критерийі (аналитикалық рефлексия)** – ең жоғары деңгей, мұнда білім алушылар ақпаратты тек қабылдап қана қоймай, оны талдайды, стратегиялық жоспарлайды және шешімдерін кәсіби тұрғыда негіздейді.

Ұсынылған дескрипторлар жүйесі білім алушының теориялық білімін нақты кәсіби іс-әрекетке трансформациялау деңгейін бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, олар оқу үдерісінде нақты оқу тапсырмаларын құрастырудың әдістемелік негізін қамтамасыз етеді.


Экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында ұсынылған модельдің мазмұндық-пәндік блогы интеграцияланған тезаурусты профконцептті негізгі дидактикалық бірлік ретінде қарастырады. Бұл профконцепт болашақ мұғалімнің кәсіби тұлға ретінде қалыптасуының келесідей сатылы аспектілерін біріктіреді:

Салалық аспект (іргетас): бұл — ілгерілеудің бастапқы деңгейі. Мұнда білім алушы экономикалық салаға тән арнайы білімді (терминология, заңдылықтар) меңгеріп, тілдік материал мен пәндік мазмұн (КБШТ – кәсіби бағытталған шетел тілі) интеграцияланады. Ол мұғалімнің экономикалық бағыттағы маман ретіндегі кәсіби-тілдік базасын қалайды.

Концептуалды-аккумулятивті аспект (трансформация): жиналған ақпарат жүйеленіп, білім алушының кәсіби санасына енеді. Бұл кезеңде метакоммуникативтік рефлексия іске қосылып, студент терминді жай ғана игеріп қоймай, оны кәсіби контекстте қолдану стратегияларын құра бастайды. Бұл аспект білімнің біртұтас кәсіби концептке айналуын қамтамасыз етеді.

Креативтік аспект (нәтиже): дамудың ең жоғарғы деңгейі. Мұнда меңгерілген кәсіби концептілер негізінде білім алушы өзіндік жобаларын әзірлеп, стандартты емес педагогикалық шешімдер қабылдайды. Бұл — метакоммуникативтік құзыреттіліктің нақты кәсіби іс-әрекеттегі, шығармашылық ойлау мен инновациялық шешімдердегі көрінісі.

6-суретте көрсетілгендей, бұл аспектілер білім алушының метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда біртұтас мазмұндық негіз құрайды. Мұндағы динамика білімді қарапайым меңгеруден (салалық), оны кәсіби қорытындылауға (концептуалды-аккумулятивті) және шығармашылық қолдануға (креативтік) дейінгі даму жолын көрсетеді.



Сурет 6 – Профконцепт аспектілері мен интеграцияланған пәндер

Түйіндей келгенде, салалық аспект мазмұндық негізді қаласа, концептуалды-аккумулятивті аспект сол мазмұнды кәсіби ұстанымға айналдырады, ал креативтік аспект осы құрылымдарды практикалық жобалау деңгейіне шығарады. Осылайша, профконцепт болашақ мұғалімнің метакоммуникативтік құзыреттілігінің когнитивтік және іс-әрекеттік негізі болып табылады.

**Процестік-ұйымдастырушылық блок** болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудағы модельдің ұйымдастырушылық және әдістемелік аспектілерін көрсетеді. Бұл блоктың негізгі құрылымдық құрамдас бөліктері: кезеңдер, оқу формалары, ресурстар және жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі.

Аталған блоктың негізгі кезеңдері болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда үш сатылы құрылымды көрсетеді. Әр кезең өзіне тән мақсаттар мен оқу іс-әрекеттерін қамтиды.

**Концептуалды-бағдарлаушы кезең-** тезаурусты-аналитикалық субқұзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған. Мұнда білім алушылар кәсіби-экономикалық терминологияны меңгеріп, мәтіндерді лингвистикалық және мағыналық тұрғыдан талдайды, термин карталарын және мини-гlossарийлерді құрастырады. Сондай-ақ «Кәсіби тезаурус» ақпараттық жобасы арқылы негізгі экономикалық ұғымдарды жүйелеу мүмкіндігіне ие болады.

**Ақпараттық-пәндік кезең.** Мақсаты - когнитивті-дискурсивті субқұзыреттілікті қалыптастыру. Бұл кезеңде білім алушылар кәсіби жағдаяттарды кейс-стади әдісімен талдап, рөлдік ойындар мен имитациялық дискуссияларға қатысады, сондай-ақ мини-жобаларды әзірлеп, оларды

презентациялау арқылы ақпаратты талдау және коммуникациялық стратегияларды тиімді қолдану дағдыларын жетілдіреді.

**Рефлексивті-интерактивті кезең** – жобалық-бағдарлық субқұзыреттілікті қалыптастыруды көздейді. Білім алушылар жобалық шешімдерді сараптап, рефлексивті есеп және электронды портфолио арқылы өз әрекеттерін бағалайды, peer-assessment элементтерімен интерактивті талқылауларға қатысады және жеке кәсіби даму траекториясын жобалайды.

Осы үш кезеңнің жүйелі іске асырылуы болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік дағдыларын кезең-кезеңімен дамытуға және оқу үдерісін сапалы ұйымдастыруға негіз болады. 6-кестеде көрсетілген жаттығулар жүйесі болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлаудың дидактикалық сабақтастық принципіне негізделген.

Кесте 6 – МТКҚ субқұзыреттіліктері мен кезеңдерін қалыптастыруға арналған жаттығулар

МТКҚ субқұзыреттіліктерінің қалыптасу кезеңдері	МТКҚ құрамына кіретін субқұзыреттіліктер	Жобалау технология негізінде қолданылатын жаттығулармен тапсырмалар
Концептуалды - бағдарлаушы	Тезаурусты-аналитикалық	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Термин карталарын құрастыру және мини-гlossарий жасау;</li> <li>- Кәсіби мәтіндерді лингвистикалық және мағыналық талдау;</li> <li>- «Кәсіби тезаурус» ақпараттық жобасы: негізгі экономикалық ұғымдарды жүйелеу.</li> </ul>
Ақпараттық-пәндік	Когнитивті-дискурсивті	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Кейс-стади бойынша кәсіби жағдаяттарды талдау және талқылау;</li> <li>- Рөлдік ойындар және кәсіби бағыттағы имитациялық дискуссиялар;</li> <li>- Мини-жобаларды әзірлеу және оларды шет тілінде презентациялау.</li> </ul>
Рефлексивті-интерактивті	Жобалық-бағдарлық	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Жобалық шешімдерді сараптау және негіздеу;</li> <li>- Рефлексивті есеп (self-reflection) және электронды портфолио;</li> <li>- Өзара бағалау (peer-assessment) элементтері бар интерактивті талқылаулар;</li> <li>- Жеке кәсіби даму траекториясын жобалау.</li> </ul>

Мұндағы жаттығулар жиынтығы білім алушының танымдық әрекетін қарапайым меңгеруден күрделі шығармашылық жобалауға дейін дамытуды көздейді. **Процестік-ұйымдастырушылық блоктың** болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру үдерісі келесі құрылымдық элементтер арқылы іске асырылады. Оқытуды ұйымдастыру

нысандары (формалары) МТКҚ-ны дамыту дәстүрлі және инновациялық оқу нысандарының интеграциясына негізделеді:

Дәстүрлі академиялық нысандар - кәсіби бағытталған теориялық білім негіздерін қалыптастыруға бағытталады.

Интерактивті және практикалық сабақтар - білім алушылардың өзара әрекеттесуін, пікірталастар мен дебаттар арқылы кәсіби дискурсқа түсуін қамтамасыз етеді.

Өзіндік жұмыс - білім алушының кәсіби мәтіндермен дербес жұмыс істеу, ақпаратты талдау және өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытады.

Ресурстық қамтамасыз ету. Оқу үдерісінде келесі ресурстар кешені қолданылады:

- Оқу-әдістемелік ресурстар -кәсіби бағытталған оқулықтар мен әдістемелік нұсқаулықтар.

- Лексикалық ресурстар -мамандандырылған экономикалық сөздіктер мен глоссарийлер (терминологиялық базаны құру үшін).

- Ақпараттық-коммуникациялық және бағалау ресурстары -электрондық білім беру платформалары, сандық ресурстар және білім алушының жетістігін өлшеуге арналған бағалау құралдары (чек-листер, рубрикаторлар).

Жобалау технологиялар негізіндегі жаттығулар жүйесі әзірленді. Бұл жүйе білім алушыларды нақты кәсіби-экономикалық жобаларды әзірлеуге жұмылдырып, олардың тезаурусты-аналитикалық, когнитивті-дискурсивті және жобалық- бағдарлық дағдыларын біртұтас метакоммуникативтік құзыреттілікке біріктіреді. Ұсынылған жаттығулар жүйесі метакоммуникативтік құзыреттіліктің құрамына кіретін барлық субқұзыреттіліктермен интеграциялай отырып, білім алушының кәсіби белсенділігін дамытуды қамтамасыз етеді.Зерттеу аясында ұсынылған мазмұндық-функционалдық модельдің практикалық тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру мақсатында келесі лингводидактикалық шарттар жүйесі негізге алынды:

1. Интеграцияланған тезаурусты профконцепт негізінде болашақ мамандардың кәсіби тілдік санасын жүйелі түрде дамыту. Бұл шарт модельдің мазмұндық-пәндік блогын сапалы іске асырудың алғышарты болып табылады. Мұндағы басты назар білім алушылардың экономикалық лексиканы механикалық түрде жаттауына емес, кәсіби ұғымдардың (профконцепттердің) мазмұндық мәнін терең ұғынуына және оларды кәсіби-педагогикалық қызметте нысаналы қолдануына бағытталған. Пәнаралық байланыстарды кіріктіру арқылы білім алушының кәсіби сөздік қоры мен метакоммуникативтік білімі біртұтас когнитивтік жүйе ретінде қалыптасады.

2. Оқыту үдерісінде жобалау технологиясын метакоммуникативтік кезеңдерге (концептуалды-бағдарлаушы, ақпараттық-пәндік, рефлексивті-интерактивті) сәйкес сатылап енгізу. Аталған шарт модельдің процестік-ұйымдастырушылық блогының әдістемелік негізін құрайды. Жобалау технологиясы тек оқыту әдісі емес, сонымен қатар білім алушының өз коммуникативтік әрекетін болжау, модельдеу және түзету механизмі ретінде қарастырылады. Оқу әрекетінің логикалық жүйелілігі (тезаурусты жинақтау →

ақпаратты талдау → нәтижені рефлексиялау) метакоммуникативтік дағдылардың орнықты қалыптасуын қамтамасыз етеді.

3. Экономикалық тезаурус-сөздігі мен цифрлық ресурстарды пайдалану арқылы білім алушылардың рефлексивті өзін-өзі бағалау және сыни ойлау дағдыларын ынталандыру. Бұл шарт модельдің критериалды-диагностикалық блогымен тығыз байланысып, оның өлшемдерін нақтылай түседі. Білім алушылардың лексикографиялық дереккөздермен және сандық технологиялармен дербес жұмыс істеуі олардың коммуникативтік тәжірибесін саралауға, жіберілген олқылықтарды өз бетінше анықтауға және жеке кәсіби өсу динамикасын қадағалауға мүмкіндік береді.

Түйіндей келгенде, аталған лингводидактикалық шарттар жиынтығы модельдің мақсатты блогында белгіленген нәтижеге қол жеткізудің негізгі педагогикалық механизмі және оқыту сапасының дидактикалық кепілі болып табылады.

Критериалды-диагностикалық блок болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін (МТКК) бағалау, бақылау және қалыптасу деңгейін анықтау негізін қамтамасыз етеді. Бұл блок білім алушылардың іс-әрекетін диагностикалауға мүмкіндік беретін келесі критерийлер арқылы жүзеге асады:

Мотивациялық-интегративті критерий: кәсіби ұстанымдарды, мәдениетаралық коммуникацияға деген тұрақты қызығушылығын және өзін-өзі кәсіби дамытуға дайындығын анықтайды. Негізгі көрсеткіштері ретінде кәсіби бағдарлылық деңгейі, танымдық белсенділік және мамандықтың әлеуметтік маңыздылығын түсіну жатады. Мәдениетаралық коммуникацияға деген қызығушылық тіл үйренушінің интегративті мотивациясымен байланысты болып табылады [148], [149].

Контентті-технологиялық критерий: кәсіби-тілдік тезаурусты меңгеру тереңдігін, экономикалық және педагогикалық терминологияны білу және алынған білімді кәсіби-коммуникативтік қызметте қолдану қабілетін көрсетеді. Диагностика үдерісі терминологиялық сәйкестіктерді анықтау, лексиканы контекстте қолдану және кәсіби мәтіндерді интерпретациялау арқылы жүзеге асырылады [99], [150].

Сыни ойлау критерийі: болашақ мұғалімдердің когнитивтік-аналитикалық дағдыларының қалыптасу деңгейін көрсетеді. Көрсеткіштер жүйесіне шеттілдік кәсіби материалдарды талдау, логикалық дискурс құру, когнитивтік стратегияларды (талдау, синтез, «inferencing») қолдану және күрделі ұғымдарды негіздеу қабілеті жатады [7, 107 б.], [151], [152].

Анықталған критерийлер мен көрсеткіштер негізінде болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасу деңгейлері келесідей сипатталады:

Төмен деңгей: Білім алушы кәсіби-экономикалық терминологияны тек үстірт деңгейде меңгерген және оларды дайын үлгілер шеңберінде ғана қолданады. Мәдениетаралық коммуникацияға деген мотивациясы тұрақсыз, көбінесе сыртқы факторларға (бағалау, бақылау) ғана негізделеді. Білім

алушының сыни ойлау дағдылары төмен: кәсіби мәтіндерді талдауда қиындықтар туындайды, логикалық дискурс құруда субъектілік дербестік жетіспейді. Өз іс-әрекетіне рефлексия жасау қабілеті шектеулі, қателіктерді тек оқытушының нұсқауымен ғана түзете алады.

Орташа деңгей: бұл деңгейдегі білім алушылар кәсіби тезаурусты жақсы меңгерген және терминдерді контекстке сай қолдана алады. Кәсіби дамуға деген қызығушылығы қалыптасқан, коммуникативтік жағдаяттарда белсенділік танытады. Когнитивтік стратегияларды (талдау, синтез) стандартты кәсіби міндеттерді шешуде қолдана біледі, бірақ күрделі немесе стандартты емес ситуацияларда шешім қабылдауға сенімділік жетіспеуі мүмкін. Рефлексивті талдау жасауға бейім, өзінің күшті және әлсіз тұстарын объективті бағалай алады.

Жоғары деңгей: білім алушы кәсіби-тілдік тезаурусты еркін меңгерген және оны кәсіби-педагогикалық дискурста икемді пайдаланады. Өзін-өзі дамытуға деген ішкі мотивациясы өте жоғары, мамандықтың әлеуметтік маңыздылығын толық түсінеді. Сыни ойлау мен аналитикалық қабілеттері жоғары деңгейде: ақпаратты терең интерпретациялайды, «inferencing» стратегиясын еркін қолданады және өзіндік жобалық шешімдерін ғылыми негіздей алады. Рефлексия мен peer-assessment дағдылары тұрақты қалыптасқан, өзінің жеке кәсіби даму траекториясын дербес жобалауға қабілетті.

7-ші кестеде көрсетілген МТКҚ қалыптасу деңгейлерінің сипаттамасы болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлаудың диагностикалық аппаратын жүйелеуге мүмкіндік береді.

Кесте 7 – Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігінің (МТКҚ) қалыптасу субқұзыреттіліктері, критерийлері мен деңгейлері

МТКҚ субқұзыреттіліктері	Критерийлер	Деңгейлер		
		Төмен	Орта	Жоғары
Тезаурусты-аналитикалық	Мотивациялық-интегративті	Кәсіби лексиканы меңгеруге ынтасы төмен; экономикалық терминдерді жүйелеудің маңыздылығын сезінбейді.	Кәсіби тезаурусты меңгеруге қызығушылық танытады; терминдерді мағыналық топтарға бөлуде белсенділік көрсетеді.	Кәсіби-экономикалық лексиканы меңгеруге ішкі мотивациясы жоғары; терминологиялық жүйелерді интеграциялауға дайын.
Когнитивті-дискурсивті	Контентті-технологиялық	Кәсіби ақпаратты шет тілінде жеткізу технологияларын нашар меңгерген; дискурс құруда мазмұндық қателер жібереді.	Кәсіби мәтіндердің мазмұнын (контентін) түсінеді; қарым-қатынас барысында тиісті тілдік технологияларды қолдана алады.	Кәсіби ақпаратты еркін трансформациялайды; дискурс барысында мазмұндық және технологиялық тұрғыдан нақтылық танытады.
Жобалық-бағдарлық	Сыни ойлау	Жоба нәтижелерін талдау қабілеті әлсіз; өз іс-әрекетіне сыни баға бере алмайды; рефлексиясы репродуктивті.	Жобалау кезінде ақпаратты сараптайды; шешімдерін ішінара негіздеп, нәтижені логикалық тұрғыдан бағалай алады.	Күрделі жобалық міндеттерді шешуде жоғары аналитикалық қабілет көрсетеді; өз әрекетін терең сыни рефлексиядан өткізеді.

Біріншіден, тезаурусты-аналитикалық субқұзыреттіліктің мотивациялық-интегративті критериймен байланыстырылуы білім алушының кәсіби терминологияны жай ғана механикалық жаттау емес, оны болашақ мамандығының ажырамас бөлігі ретінде саналы түрде меңгеру деңгейін анықтауға бағытталған.

Екіншіден, когнитивті-дискурсивті субқұзыреттіліктің контентті-технологиялық критерий арқылы бағалануы білім алушының кәсіби ақпаратты (контентті) шет тіліндегі қарым-қатынас барысында тиімді коммуникативтік технологиялар арқылы трансформациялау қабілетін көрсетеді.

Үшіншіден, жобалық-бағдарлық субқұзыреттілік пен сыни ойлау критерийінің ұштасуы білім алушының ең жоғары – креативті деңгейін сипаттайды. Бұл деңгейде білім алушы жобалау әрекетінің нәтижелерін сыни тұрғыдан сараптап, өз бетінше рефлексия жасауға және кәсіби шешімдерді негіздеуге қабілетті болып табылады.

Ұсынылған деңгейлік көрсеткіштер болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасу динамикасын эксперименттік зерттеу барысында объективті бағалауға негіз болады.

Сонымен қатар, зерттеу барысында экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға арналған мазмұндық-функционалдық модель теориялық және әдіснамалық тұрғыдан негізделді. Модельдің құрылымы өзара байланысты мақсатты, тұжырымдамалық, мазмұндық-пәндік, процестік-ұйымдастырушылық, лингводидактикалық және критериалды-диагностикалық блоктар арқылы айқындалды. Модель аясында коммуникативті-құзыретті, кәсіби-танымдық және инновациялық-әрекеттік тәсілдердің интеграциясы жүзеге асырылып, білім алушылардың тезаурусты-аналитикалық, когнитивті-дискурсивті және жобалық-бағдарлық субқұзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған мазмұн, принциптер, кезеңдер мен жаттығулар жүйесі ұсынылды.

Жалпы алғанда, зерттеу барысында әзірленген мазмұндық-функционалдық модель болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіби-бағдарлы тілдік ортада еркін коммуникация орнатуға, ақпаратты сыни тұрғыдан талдауға және жобалық шешімдер қабылдауға бейім, бәсекеге қабілетті маман ретінде қалыптастыруға бағытталған. Оның құрылымдық және мазмұндық ерекшеліктері модельді білім беру үдерісіне енгізудің әдістемелік негізін құрайды.

## **2.2 Экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың профконцепті**

Қазіргі заманғы пәнаралық тәсіл интегративтік сипатқа ие, сондықтан дидактикалық зерттеулерде психолингвистика және лингвомәдениеттану деректеріне көбірек сүйенеді. Заманауи лингводидактика мәдениетаралық коммуникация принциптеріне негізделген, ал осы проблемаларды талдау кезінде концепт негізгі ұғым ретінде қарастырылады. С.С. Кунанбаева атап

көрсеткендей, концепт – бұл көпсалалы, көпқырлы ұғым, ол оқытудағы лингвистикалық, когнитивтік және кәсіби аспектілерді біріктіруге мүмкіндік береді [7, 58 б.].

М.С. Гнеуш концептті когнитивтік және лингвомәдениеттану ғылымдарының негізгі бірлігі ретінде қарастырады, ол әлем, тіл, мәдениет және ойлау туралы білімдерді біріктіреді. Концепт көпқырлы болып табылады: ол жеке және ұжымдық тәжірибені, сөздердің реалияларды атау құралы ретіндегі қызметін, сондай-ақ эмоциялық және мәдени мәндерді қамтиды. Концепт құрылымдық сипатқа ие, ол бейне, мазмұн және интерпретациялық өрістен тұрады, бұл оны коммуникацияда функционалды бірлік ретінде қолдануға мүмкіндік береді [153].

Л.П. Халяпина шетел тілін оқыту тілдік кодты меңгерумен ғана шектелмеуі тиіс екенін негіздейді; басты міндет – білім алушының тілдік әлемнің концептосферасына енуі. Бұл үдеріс өзге мәдениеттің элементтерін қабылдайтын, оларды интеграциялай алатын және толерантты тілдік тұлғаның қалыптасуын қамтамасыз етеді [154].

Осыған орай, профконцепт кәсіби маңызды білімдер, дағдылар, іс-әрекет тәсілдері және құндылықтық бағдарлардың интегративті жиынтығы ретінде қарастырылады. Ол мұғалімнің кәсіби ойлау ерекшеліктерін анықтайды және профильдік білім беру ортасында кәсіби функцияларды орындауға дайын болуын қамтамасыз етеді. Ұсынылып отырған профконцепт болашақ шетел тілі мұғалімдерінің дайындығына арналған тілдік, әдістемелік, мәдени және кәсіби компоненттерді біріктіреді және метакоммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың тиімді құралы қызметін атқарады. Осыған байланысты кәсіби құзыреттілікті болашақ мұғалімдерді даярлаудың негізгі бағыттарының бірі ретінде айқындау өзекті болып табылады. Кәсіби құзыреттіліктің мазмұнын зерттеуге отандық және шетелдік ғалымдар ерекше назар аударған. Мысалы, Э.А. Утеубаева цифрландыру жағдайында кәсіби құзыреттілік қашықтықтан оқыту әдістерін меңгеру және білім беру ресурстарын біріктіру арқылы қалыптасатынын атап көрсетеді [155]. Г.Б. Жумабекова мен К.С. Татарчук кәсіби құзыреттіліктің дамуын лингвистикалық білімді меңгеру, педагогикалық технологияларды қолдану және нақты экономикалық саланың талаптарына бейімделу қабілетімен байланыстырады [156].

В.А. Адольф педагогтың кәсіби әлеуетін тұлғаның интегралды сапасы ретінде қарастырған, ол әдістемелік, коммуникативтік және рефлексивтік дайындықты қамтиды [157]. А.А. Вербицкий контексттік тәсілдің рөлін атап көрсетеді: бұл болашақ мұғалімдердің нақты кәсіби ортаға жақын жағдайларда оқытуды көздейді [100, 32 б.]. Экономикаға бағдарланған сыныптарда бұл контекст - кәсіби мәтіндер, кейстер және бизнес-ситуацияларды модельдеуді қамтиды.

Е.П. Кобелева шетел тілін экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында болашақ мамандарға үйрету барысында экономикалық терминологияны, іскерлік коммуникация дағдыларын және тілді кәсіби қызметте қолдану қабілетін ұштастырудың қажеттілігін атап көрсетеді [158].

С.С. Кунанбаева өз еңбектерінде профконцептті оқытушы мен білім алушының бірлескен кәсіби қызметін интеграциялайтын, сондай-ақ оқытушы қалыптастыратын кәсіби-білім беру ортасы арқылы білім алушының танымдық және коммуникативтік белсенділігін ынталандыратын жүйе ретінде қарастырады [68, 90 б.]. Білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында бұл ұғым ерекше маңызға ие, өйткені ол болашақ маманның даярлығын тұтастықта қамтамасыз етіп, теориялық білім мен практикалық тәжірибені интеграциялауға, кәсіби құндылықтарды қалыптастыруға, сондай-ақ білім алушының шығармашылық белсенділігі мен сыни ойлауын дамытуға мүмкіндік береді. Практикада профконцепт жобалық, зерттеу қызметі, проблемалық оқыту, кәсіби жағдайларды модельдеу, тренингтер, шеберлік сабақтары және өндірістік практика арқылы жүзеге асырылады. С.С. Кунанбаева пікірінше, әрбір жеке профконцепттің құрылымы кәсіби даярлық мазмұнына байланысты анықталады: пән, тақырыптық модуль, білім алушының қызмет сипаты [68, 65 б].

Интегративтік профконцепт осы зерттеу аясында ұсынылады, себебі С.Ю. Тюрина пәнаралық интеграцияны оқу кеңістігін толықтыру және кәсіби даярлық тиімділігін арттырудың құралы ретінде қарастырады [158]. Мәні бойынша, пәнаралық интеграция білім беру мазмұнының құрылымдық байланысында көрінеді.

Б.А. Тұрғынбаева, С.Т. Таубаева шетел тілін оқытуда екі негізгі интеграция түрін сипаттайды:

1. Интернальдық (ішкі пәндік) – тілдің компоненттерін біріктіру: грамматика, лексика, оқу, тыңдау, жазу және мәдени аспектілер. Бұл интеграция білім алушының жеке тілдік құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал етеді.

2. Экстернальдық (сыртқы пәндік) – шетел тілінің басқа пәндермен және кәсіби курстармен өзара әрекетін қамтиды. Бұл интеграция кәсіби-пәндік құзыреттілікті дамытуға мүмкіндік береді [160], [147, 107 б].

А.А. Коростелев бойынша, пәнаралық интеграция екі деңгейде жүзеге асады. Горизонтальды – пәндер арасындағы тақырыптық байланыстарды қамтамасыз етеді және білім алушының оқып үйренген материалды біріктіріп қолдануына мүмкіндік береді. Вертикальды – аналитикалық ойлауды және метапәндік дағдыларды дамытуға ықпал етеді, өйткені тапсырмалар біртіндеп күрделеніп, кәсіби контекстке бағытталады [161].

Осылайша, профконцепттің іске асырылуы сабақтарда тілдік және кәсіби тапсырмаларды біріктіру, бизнес-кейстерді талдау, кәсіби мәтіндермен жұмыс істеу және коммуникативтік дағдыларды дамыту арқылы жүзеге асырылады. Бұл болашақ шетел тілі мұғалімдерінің сыни ойлау, шығармашылық, кәсіби шешім қабылдау және мәдениетаралық коммуникация қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Осы теориялық ұстанымдарға сүйене отырып, зерттеуде профконцепт экономикаға бағдарланған кәсіби педагогикалық қызметті қамтамасыз ететін жүйе ретінде қарастырылады. Ол шеттілдік білім берудің тілдік, әдістемелік, мәдени және кәсіби аспектілерін біртұтас жүйеге біріктіріп, метакоммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың мазмұнын, механизмдерін және күтілетін нәтижелерін айқындайды.

Осылайша, пәнаралық интеграция болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби даярлығын қамтамасыз ететін негізгі дидактикалық шарттардың бірі болып табылады. **Экономикаға бағдарланған оқыту жағдайындағы болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың профконцепті** - бұл болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби даярлаудың тұтас жүйесін бейнелейтін ғылыми-әдіснамалық құрылым; ол тілдік-кәсіби сананың негізін құрайтын метакоммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған және тезаурусты-аналитикалық, когнитивті-дискурсивті және жобалық-бағдарлық субқұзыреттіліктердің бірлігі арқылы көрініс табады. 8 -ші кестеде көрсетілген интеграцияланған профконцептің компоненттері болашақ мұғалімнің кәсіби тұлғасын қалыптастыруда белгілі бір логикалық бірізділікпен әрекет етеді.

Кесте 8 – Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудағы интеграцияланған профконцепт

Тәсіл	Профконцепт аспектілері	Қалыптастырылатын субқұзыреттілік	Пәндердің негізгі мазмұндық бағыты	Меңгеру нәтижелері
Кәсіби-танымдық	Салалық	Тезаурусты-аналитикалық	Кәсіби ұғымдар, терминология, экономикалық дискурс	- Кәсіби ақпаратты мағыналық тұрғыдан ұйымдастыра алады - Кәсіби терминологиялық базаны меңгереді және экономикалық тезаурусты талдайды - Тілдік-кәсіби санасын қалыптастырады және білімді жаңа жағдайларда қолдануға дайын болады
Коммуникативті-құзыретті	Концептуалды-аккумулятивті	Когнитивті-дискурсивті	Экономикалық мәтіндер, кәсіби дискурс, пәндік-тілдік коммуникация	- Пәндік-коммуникативтік әрекетті кәсіби контекстте тиімді жүзеге асырады - Экономикалық дискурс пен терминдерді шетел тілінде дұрыс қолданады - Кәсіби мәтіндерді талдайды және интерпретациялайды
Инновациялық-әрекеттік	Креативті	Жобалық-бағдарлық	Жобалық сабақтар, кәсіби сценарийлерді әзірлеу және модельдеу	- Кәсіби бағытталған оқу әрекетін жобалай алады - Пәндік жағдайларды модельдейді және оқу тапсырмаларын кәсіби сценарийлерге сәйкестендіреді - Жобалық тапсырмаларды дербес жоспарлайды және инновациялық әдістерді қолданады.

Салалық аспект және тезаурусты-аналитикалық субқұзыреттілік: бұл байланыстың негізгі механизмі – кәсіби ақпаратты семантикалық сүзгілеу және құрылымдау. Мұнда білім алушы шетел тілін тек қарым-қатынас құралы емес, экономикалық білімді қабылдау мен өңдеудің когнитивтік құралы ретінде қолданады. Нәтижесінде, салалық терминдер білім алушының жадында

жекелеген сөздер ретінде емес, өзара байланысқан ұғымдар жүйесі (тезаурус) түрінде сақталып, оның тілдік-кәсіби санасының іргетасын қалайды.

Концептуалды-аккумулятивті аспект және когнитивті-дискурсивті субқұзыреттілік: бұл деңгейде жинақталған білім дискурстық іс-әрекетке ұласады. Мұндағы басты механизм – контекстуализация. Білім алушы экономикалық ұғымдарды нақты кәсіби жағдаяттарда (кейс-стади, іскерлік келіссөздер) қолдану арқылы мағынаны жеткізіп қана қоймай, кәсіби дискурстың логикасын, этикасын және стратегияларын меңгереді. Бұл процесс білім алушының кәсіби коммуникациядағы дербестігін қамтамасыз етеді.

Креативті аспект және жобалық-бағдарлық субқұзыреттілік: бұл аспект профконцепттің шығармашылық-практикалық шыңы болып табылады. Мұндағы іске асу механизмі – трансформация. Болашақ мұғалім өзінің пәндік және тілдік білімін дидактикалық өнімге (сабақ жоспары, авторлық жоба) айналдырады. Жобалық іс-әрекет барысында білім алушы тек орындаушы емес, оқу процесін модельдеуші, инновациялық шешімдерді қабылдаушы субъект ретінде көрінеді. Бұл оның әдістемелік тұрғыдан жетілген маман ретінде қалыптасуына мүмкіндік береді. Нәтижесінде, интеграцияланған профконцепттің салалық, концептуалды-аккумулятивті және креативті аспектілері өзара байланыста әрекет ете отырып, сәйкесінше тезаурусты-аналитикалық, когнитивті-дискурсивті және жобалық-бағдарлық субқұзыреттіліктердің қалыптасуын қамтамасыз етеді. Аталған субқұзыреттіліктердің бірлігі болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби қызметін тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тұтас метакоммуникативтік құзыреттіліктің қалыптасуына теориялық және практикалық негіз болады. Нәтижесінде интеграцияланған профконцепт экономикаға бағдарланған сыныптарда болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-коммуникативтік қызметін тұтас жүйе ретінде сипаттай отырып, пәндердің мазмұндық және іс-әрекеттік ресурстарының өзара байланысын горизонтальды және вертикальды интеграция негізінде қамтамасыз етеді. Осы интегративті профконцепттің мазмұндық және құрылымдық жүзеге асырылуы білім беру бағдарламасына енгізілген келесі пәндер жүйесі арқылы қамтамасыз етіледі:

- Кәсіби-бағытталған шетел тілі (КБШТ).
- Коммуникативтік мамандандырылған практикум (КМП).
- Қазіргі заманғы әдістері мен технологиялары (негізгі мектеп).

Атап айтқанда, болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда «Кәсіби-бағытталған шетел тілі», «Коммуникативтік мамандандырылған практикум» және «Қазіргі заманғы әдістер мен технологиялар» пәндерінің өзара байланысқан мазмұны мен іс-әрекеттік ресурстарының горизонтальды және вертикальды интеграциясы негізінде іске асырылады. Бұл профконцепт жобалау технологияларға сүйеніп, болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың әдістемелік негізін қамтамасыз етеді.

Профконцепттің мазмұндық негізі – метакоммуникативтік кәсіби қызмет, ол кәсіби дискурсты когнитивтік тұрғыдан талдау, педагогикалық

коммуникациялық процестерді жобалау және өз кәсіби тәжірибесін рефлексивті түрде бағалауды жүзеге асыратын құрал ретінде қарастырылады.

Профконцепттің маңызды жүйелік элементі – кәсіби тезаурустық ядро, яғни ұғымдар, категориялар, терминдер мен концепттердің жиынтығы, ол кәсіби дайындықтың когнитивтік, мағыналық және дискурстық тұтастығын қамтамасыз ететін инструмент болып табылады. Кәсіби тезаурус тек терминдер сөздігі емес, педагогикалық шындықты концептуализациялау және кәсіби ойлауды қалыптастыру құралы ретінде қызмет етеді.

С.С. Кунанбаева пікіріне сәйкес, кәсіби шетілдік білім берудің профконцептісінің пәндік негізін когнитивті-лингвомәдени кешендер (КЛК) құрайды. Бұл кешендер тұлғаның дүниені когнитивті-лингвомәдени тұрғыдан қайта концептуализациялауын қамтамасыз етіп, оны мәдениетаралық коммуникация субъектісі ретінде қалыптастырудың мазмұндық негізі қызметін атқарады. КЛК әртүрлі қарым-қатынас салалары шеңберінде (кәсіби және әлеуметтік-тұрмыстық деңгейлерді қоса алғанда) бөлінген интеграцияланған бірліктер жүйесі ретінде әрекет етеді. Олардың құрылымына зерттелетін ұғымдардың мәдени және әлеуметтік контекстін ашатын аутентикалық мәтіндер кешенін білдіретін тақырыптық-мәтіндік бірлік (ТМБ) кіреді [7, 189 б.]. Сондықтан, пәннің когнитивті-лингвомәдени кешені (КЛК) болашақ шетел тілі мұғалімдерінің даярлауда құрылымдық жүйе ретінде қарастырылады және оның негізгі мақсаты – метакоммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру, яғни кәсіби және мәдениетаралық коммуникацияны саналы түрде басқару қабілеттерін дамыту. Когнитивті-лингвомәдени кешенге келесі элементтер кіреді:

Коммуникативтік қарым-қатынас салалары – болашақ мұғалімнің экономикалық, оқу-педагогикалық және әлеуметтік-мәдени контекстерде өзара әрекеттесуін, дискуссияларды ұйымдастыруын және білім алушылардың коммуникациялық әрекеттерін басқаруын қамтамасыз ететін негізгі кәсіби және әлеуметтік салалар.

Қарым-қатынастың типтік жағдайлары – экономикаға бағдарланған сыныптарға тән кәсіби және оқу процесіндегі сценарийлер: оқу материалдарын талдау, экономикалық тақырыптар бойынша пікірталастар жүргізу, делдік келіссөздер мен презентациялар моделін жасау.

Метатілдік лингвистикалық материал – кәсіби дискурсты саналы түрде талдауға мүмкіндік беретін тілдік құралдар мен терминдер, соның ішінде мәтіндерді интерпретациялау және салыстыру когнитивтік стратегиялары.

Сөйлеу-коммуникативтік материал – болашақ мұғалімге оқу процесін тиімді ұйымдастыруға, экономикалық контентті дұрыс жеткізуге мүмкіндік беретін диалогтық және монологтық құрылымдар, стандартты сөйлеу үлгілері.

Әртүрлі композициялық-сөйлеу формалары мен жанрларындағы мәтіндер – оқу кейстері, хат-хабар, аналитикалық мәтіндер, презентациялар сияқты аутентикалық және бейімделген материалдар, мәтіндерді талдау, интерпретациялау және тілдік өнімділікті дамытуға арналған.

Тақырыптық - мәтіндік бірліктер (ТМБ) – когнитивті-лингвомәдени кешендер (КЛК) құрамында жүзеге асырылатын, инофондық мәтіндерге негізделген, мазмұндық-тақырыптық және функционалдық тұрғыдан дифференциацияланған тілдік бірліктер жүйесі болып табылады. Олар білім алушылардың екінші когнитивтік санасында жаңа білім құрылымдарын қалыптастыруға және мәдениетаралық-коммуникативтік құзыреттілікті дамытуға бағытталады [7,190 б.].

Осыған байланысты, пәннің когнитивті-лингвомәдени кешені тілдік, когнитивтік және мәдени аспектілерді интеграциялайды, нәтижесінде болашақ экономикаға бағдарланған оқыту жағдайындағы шетел тілі мұғалімдерінде метакоммуникативтік құзыреттілік қалыптасады, ол оқу және кәсіби коммуникацияны тиімді ұйымдастыра алады.

Пәндерді горизонтальды интеграциялау формалды (ресми) біріктіру деңгейінде ғана емес, жобалау технологиялары арқылы жүзеге асатын кәсіби қызметтің барлық деңгейлерін қамтитын жүйелі үдеріс ретінде көрініс табады. Бұл интеграция әрбір пәннің кәсіби даярлық жүйесіндегі функционалдық рөлін айқындай отырып, олардың мазмұндық және іс-әрекеттік ресурстарының өзара байланысын қамтамасыз етеді. Осы тұрғыда әр пәннің өзіндік функциясы бар:

**Кәсіби-бағытталған шетел тілі (КБШТ)**- экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің тезаурусты-аналитикалық субқұзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған. Пән кәсіби ұғымдар жүйесін меңгеру, экономикалық терминологияны талдау және кәсіби-экономикалық тезаурусты жүйелеу арқылы білім алушылардың кәсіби ақпаратты мағыналық тұрғыдан ұйымдастыру, талдау және қолдану дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

**Коммуникативтік-мамандандырылған практикум (КМП)** - экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің когнитивті-дискурсивті субқұзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған. Пән экономикалық-кәсіби мазмұндағы мәтіндерді талдау, кәсіби дискурсты меңгеру және пәндік-тілдік коммуникацияны жүзеге асыру арқылы болашақ мұғалімнің шетел тіліндегі кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытады, сондай-ақ экономикалық терминдерді контекстке сәйкес қолдану қабілетін қалыптастырады.

**Қазіргі заманғы әдістер мен технологиялар (ҚЗӘТ)** - экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің жобалық-бағдарлық субқұзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған пән. Ол педагогикалық жағдаяттарды модельдеу, жобалық сабақтарды жоспарлау, кәсіби сценарийлерді әзірлеу және инновациялық оқыту технологияларын қолдану арқылы болашақ мұғалімнің кәсіби-әдістемелік және жобалық әрекетін дамытуға мүмкіндік береді.

Қазіргі жоғары білім беру жүйесінде болашақ мамандарды кәсіби тұрғыдан даярлау оқыту нәтижелеріне қойылатын талаптарды жаңаша қарастыруды талап етеді. Осыған байланысты модульдік оқыту жүйесін енгізу білім беру мазмұнын икемді ұйымдастыруға, кәсіби стандарттар мен еңбек нарығы талаптарына бейімдеуге және білім алушылардың жеке білім беру траекториясын

қалыптастыруға мүмкіндік береді. Модульдік құрылым білім беру процесінің біртұтас жүйесін қалыптастырады. Ол білім алушылардың жеке білім беру траекторияларын қолдауға және оқу пәндері арасында үздіксіз интеграцияны қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде теория мен практиканы салалық, креативті және концептуалды-аккумулятивті аспектілер негізінде тиімді біріктіруге жағдай жасайды.

Біз интегративті оқу бірлігі ретінде «тақырыптық-мәтіндік бірлікті – ТМБ» [44] таңдап алдық. Бұл — мазмұндық-функционалдық тақырыптық бірлестік, оның өзегін мәтіннің негізгі коммуникативтік мақсатын мәнмәтіндік тұрғыда жүзеге асыратын инофондық (шетел тіліндегі) мәтіндер құрайды. Кәсіби концепт мазмұнын модельдеу ТМБ мазмұнының пәндік аспектісінің жүйелі-танымдық функциясын органикалық түрде қамтиды және мәдениетаралық-коммуникативтік икемділіктерді қалыптастыратын негіз қызметін атқарады.

Кәсіби лингвистикалық құзыреттіліктің (КЛК) пәндік мазмұнындағы ТМБ жиынтығы келесі түрлерде іске асырылады:

1. Ұғымдық-когнитивтік ТМБ аясында экономикалық лексика бойынша жаңа сөздерді табуға арналған анықтама -мәтін (Bank is a business establishment that safeguards people's money and uses it to make loans and investments) мен концептті қалыптастыруға бағытталған сипаттама-мәтін (Banks differ in the services they provide and in how they are owned. Many financial experts use the word bank to refer only to a commercial bank) сияқты мәтін түрлері қолданылады.

Когнитивтік сананы қалыптастыру процесі жаңа терминдерді сөйлеуде бірнеше рет қолдануға ұмтылу, ана тіліндегі баламалармен ассоциациялар құру, тақырыптық тезаурусты қолдану, сөздерді дауыстап айту және оларды жазбаша бекіту сияқты әрекеттер жиынтығы арқылы жүзеге асады.

2. Ақпараттық-аккумулятивтік ТМБ құрамына талдау дағдылары мен тілдік сананы дамытатын спецификация-мәтіндер (Commercial banks are the most numerous banks in the United States. Savings banks and loan associations are the second largest group of deposit institutions in the United States. Central banks, which in most countries are government agencies, perform many financial services for the national government) мен банктік қызмет түрлерін таныстыратын ақпараттық-мәтіндер (Bank services. Safeguarding deposits, Current accounts, Providing a means of payment) енеді.

3. Прагматикалық-репрезентативтік ТМБ экономикалық дискурс пен коммуникативтік сананы қалыптастыру мақсатындан есеп беру талаптары туралы нұсқаулық хабарламаларындау (Requirements for granting credit. Credit facilities will only be granted by a supplier if the customer can satisfy one or more of certain requirements) мен орталық банктің рөлін сипаттайтын ақпараттық хабарламалардан (In this report we look in detail at the role of the central bank in the markets for financial assets in general and money in particular) тұрады.

4. Мәнмәтіндік-коммуникативтік ТМБ кәсіби-тілдік сананы дамытатын аргументациялық хабарламалар мен менеджер мен клиент арасындағы несие шарттарын түсіндіретін, әрі мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыратын диалог-түсіндірмелер арқылы жүзеге асырылады.

Диалог мазмұны, жоғарыда аталған прагматикалық-репрезентативтік функциядан бөлек, мәдени ерекшеліктерге негізделген қарым-қатынас нысандарын меңгеруді қамтамасыз етеді және білім алушылардың банктегі несиелеу принциптері туралы білімін кеңейтеді. ТМБ-ның осы түрлерінде сабақтас оқыту жүйесін ұйымдастыру мен басқару, сондай-ақ болашақ мамандықтың пәндік мазмұнын игеруге бағытталған кәсіби дағдыларды қалыптастыру жүзеге асырылады. Осы орайда, мамандықтың пәндік-әлеуметтік мазмұны негізінде болашақ іс-әрекет мәнмәтініндегі «контекстік оқытудың» іргетасы қаланады. Жоғарыда қарастырылған тақырыптық-мәтіндік бірліктердің мазмұны мен құрылымы болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлаудың интеграцияланған бағдарламасына негіз болады. Осыған орай, аталған әдістемелік тәсілдерді іске асырудың практикалық үлгісі ретінде келесі оқу модулі ұсынылады:

1 модуль: «Кәсіби-бағытталған шетел тілі» интеграцияланған пәнінің мақсаты: болашақ шетел тілі мұғалімдерінің әлеуметтік-мәдени және кәсіби бағдарланған мәдениетаралық коммуникацияға қатысуға дайындығын когнитивті-лингвомәдени кешенді (КЛК) меңгеру арқылы қалыптастыру, сондай-ақ кәсіби мазмұндағы шеттілдік коммуникацияны тиімді жүзеге асыру қабілетін дамыту.

Модульдің міндеттері:

- экономикалық және кәсіби бағытталған мәтіндермен жұмыс істеу арқылы білім алушылардың кәсіби-экономикалық тезаурусын қалыптастыру;
- кәсіби лексика мен терминдерді талдау, салыстыру, жіктеу және мағыналық өрістерге топтастыру қабілетін дамыту;
- экономикалық мәтіндерді лингвистикалық және мағыналық тұрғыдан талдау арқылы негізгі ұғымдарды жүйелі түрде интерпретациялау;
- жобалық тапсырмалар негізінде экономикалық ұғымдарды құрылымдау және аналитикалық өңдеу арқылы кәсіби ақпаратты қолдану тәжірибесін жинақтау.

Осы модуль аясында «Кәсіби-бағытталған шетел тілі» пәні болашақ шетел тілі мұғалімдерінің тезаурусты-аналитикалық субқұзыреттілігін қалыптастыруға болады.

Когнитивті-лингвомәдени кешен (КЛК) – білім алушылардың тілдік, когнитивтік және мәдени компоненттерін интеграциялай отырып, кәсіби-бағытталған тезаурусты қалыптастыруға және мәдениетаралық коммуникацияда тілдік бірліктерді саналы қолдануға бағытталған құрылымдық-әдістемелік жүйе.

Төмендегі 9-шы кестеде кәсіби бағытталған шетел тілі пәнінің модулі бойынша тақырыптар, тілдік материалдар, оқу тапсырмалары және күтілетін нәтижелер жүйеленіп берілген.

Кесте 9 – Кәсіби бағытталған шетел тілі (КБШТ) пәнінің модулі: экономикалық бағыт (15 сағат)

Сағат	Тақырып/ ТМБ түрі	Тілдік материал (мәтін түрлері)	Жаттығулар / жобалық Тапсырмалар	Нәтиже Құзыреттілік деңгей
1-2	Кіріспе: Экономикалық ағылшын тілі Ұғымдық-когнитивті ТМБ	Негізгі терминдер: money, market, price, job, business Анықтама -мәтін	Мини-жоба: экономикалық терминдердің мини-гlossарийін құрастыру	Базалық кәсіби тезаурусты қалыптастыру; терминдерді контексте талдау. Когнитивті сана
3-4	Тауар мен қызмет Ұғымдық-когнитивті ТМБ	Product, service, supply, demand, consumer Сипаттама-мәтін	Ролдік ойын: дүкенде сатып алу-сату сценарийін ойнау	Терминдердің мағыналық өрісін анықтау; ұғымдарды жіктеу Когнитивті сана
5-6	Ақша және қаржы	Money, budget, saving, cost, price	Мини-жоба: өз бюджетінді жоспарлау және презентация жасау	Қаржылық лексиканы меңгеру; талдау және салыстыру, аналитикалық ойлау
7-8	Кәсіпкерлік негіздері Ақпараттық-аккумулятивті ТМБ	Business, entrepreneur, idea, start-up Ақпараттық-мәтін	Кейс-стади: шағын бизнес-идея әзірлеу	Терминдерді жобалық іс-әрекетте қолдану; шығармашылық және аналитикалық интерпретация. Тілдік сана
9-10	Жұмыс нарығы және мамандықтар Прагматикалық репрезентативті ТМБ	Job, career, profession, skills, interview Нұсқаулық хабарлама мәтіні	Ролдік ойын: қысқа сұхбат, интервью беру	Кәсіби лексиканы жүйелеу және кәсіби - экономикалық тезаурусты кеңейту; Коммуникативті сана
11-12	Нарықтық трендтер Прагматикалық репрезентативті ТМБ	Price trend, popular product, advertisement Ақпараттық хабарлама	Жоба: танымал тауарлар немесе трендтерді зерттеу, нәтижесін кесте/график түрінде көрсету	Экономикалық дискурсты талдау және жіктеу қабілеті Коммуникативті сана
13-14	Экономикалық этика Мәнмәтіндік-коммуникативті ТМБ	Fairtrade, responsibility, sustainability Аргументациялық хабарлама	Кейс: компанияның этикалық шешімдерді салыстыру	Сыни және этикалық тұрғыдан ойлау; кәсіби-тілдік бағдар Кәсіби тілдік сана
15	Қорытынды жоба	Барлық өткен тақырыптардың терминдері Талдау мәтіні, диалог-түсіндірме	Кешенді жоба: бизнес жағдай туралы есеп беру, презентация	Тезаурусты-аналитикалық субқұзыреттілікті бекіту Кәсіби-тілдік сана

Модуль 2 – «Коммуникативтік мамандандырылған практикум» интеграцияланған пәннің мақсаты: заманауи білім беру технологияларын қолдану негізінде кәсіби-коммуникативтік практикалық әрекетке тарту, когнитивті-лингвомәдени кешенді (КЛК) меңгеру, тақырыптық-мәтіндік бірліктер мен мәдениетаралық кәсіби-коммуникативтік жағдаяттар арқылы олардың кәсіби қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру.

Модульдің міндеттері: болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіби контексте салалық (оның ішінде экономикалық) мазмұндағы білімдерді қолдануға даярлау; ақпаратты талдау, жүйелеу және интерпретациялау дағдыларын қалыптастыру;

кәсіби контексте пікірталас, сұхбат жүргізу іскерліктерін жетілдіру.

Аталған модульдегі «Коммуникативтік мамандандырылған практикум» (КМП) пәні болашақ шетел тілі мұғалімдерінің когнитивті-дискурсивті құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған. Кәсіби дискурстық дағдыларды дамыту, метатілді меңгеру, әдіснамалық негізгі ұғымдар мен категорияларды игеру, аутентикалық материалдармен жұмыс істеу арқылы кәсіби құзыреттерді қалыптастыру және кәсіби қызмет аясында практикалық міндеттерді шешу қабілетін дамыту қарастырылады. Пәннің ғылыми-теориялық негізін тұлғаның мәдениетаралық қарым-қатынас субъектісі ретінде қалыптасуы мен дамуы құрайды.

Практикалық бөлім когнитивті-лингвомәдени кешендер (КЛК) негізінде жүзеге асырылады, олар қарым-қатынас салаларын, тақырыптарды, ішкі тақырыптарды және типтік коммуникативтік жағдаяттарды қамти отырып, коммуникативтік стратегияларды қолдану, кәсіби дискурс құру когнитивті-дискурсивті субқұзыреттілікті қалыптастыруға бағытталады.

Төмендегі 10-шы кестеде коммуникативтік практикум пәнінің экономикалық бағыттағы модулінің мазмұны мен күтілетін нәтижелері берілген.

Кесте 10 – Коммуникативтік мамандандырылған практикум пәнінің модулі: экономикалық бағыт (15 сағат)

Сағат	Тақырып/ ТМБ түрі	Тілдік материал (мәтін түрлері)	Жаттығулар / Жобалық Тапсырмалар	Нәтиже Құзыреттілік деңгей
1	2	3	4	5
1-2	Экономикалық ақпарат көздері Ұғымдық-когнитивті ТМБ	News, report, article, source, data Анықтама мәтін	Мини-дискуссия: «Қай экономикалық ақпаратқа сенуге болады?»	Мәтінді түсіну; ақпаратты салыстыру және бағалау дағдысы Когнитивті сана
3-4	Брендтер мен маркетинг Ұғымдық-когнитивті ТМБ	Brand, logo, slogan, advertisement, target audience “In my opinion...”, “This brand represents... Сипаттама -мәтін	Рөлдік ойын: Жеке бренді таныстыру және жарнамалау	Аргументтеу; дискурстық сөйлеу дағдыларын дамыту Когнитивті сана
5-6	Жеке қаржыны басқару Ақпараттық-аккумулятивті ТМБ	Income, “expense, saving, plan, investment Спецификация-мәтін	Жоба: Жеке қаржы жоспарын жасау және топқа таныстыру	Мәтінді талдау және өз ойынды логикалық жеткізу қабілеті Тілдік сана
7-8	Стартап идеялары Ақпараттық-аккумулятивті ТМБ	Innovation, project, team, pitch, proposal Ақпараттық-мәтін	Кейс-стади: топтық стартап идеяны әзірлеу, таныстыру	Когнитивтік талдау; дискурстық презентация дағдылары Тілдік сана
9-10	Қызмет көрсету саласы Прагматикалық-репрезентативті ТМБ	Service, customer, feedback, quality, satisfaction Ақпараттық хабарлама	Рөлдік ойын: клиент пен менеджер арасындағы диалог	Диалог жүргізу; мәтіндерді қолдану Коммуникативті сана

## 10- кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
11-12	Экономикалық мәселелерді талдау. Прагматикалық-репрезентативті ТМБ	Problem, solution, advantage, disadvantage, impact “The main reason for ...is ..”, “One possible solution is..” Нұсқаулық хабарлама	Жоба: экономикалық жағдайларды талдап, шешу жолдарын ұсыну	Дискурстық ойлау; мәтіндерді салыстыру және жүйелеу Коммуникативті сана
13-14	Жұмыс пен мансап	Career, position, responsibility, interview, skill Аргументациялық хабарлама	Рөлдік ойын: Кәсіби сұхбат өткізу, CV түйіндеме жасау	Кәсіби дискурсты қолдану; аргументті сөйлеуді меңгеру Кәсіби – тілдік сана
15	Қорытынды презентация Мәнмәтіндік-коммуникативті ТМБ	Барлық тақырыптар бойынша лексика-грамматикалық құрылымдар Талдау мәтіні, диалог-түсіндірме	Кешенді мини-жоба: экономикалық жағдай немесе бизнес идеяны қорғау	Кешенді когнитивті – дискурсивті дағдыларды қолдану Кәсіби -тілдік сана


Модуль 3 - «Қазіргі заманғы әдістер мен технологиялары» интеграцияланған пәнінің мақсаты: болашақ шетел тілі мұғалімдерін жалпы білім беретін мектептің негізгі сатысында қолданылатын заманауи педагогикалық әдістер мен технологияларды түсіндіру, оларды кәсіби-педагогикалық практикада қолдану дағдыларын қалыптастыру, когнитивті-лингвомәдени кешенді (КЛК) меңгеру.

Модульдің міндеттері: болашақ шетел тілі мұғалімдеріне мектептің негізгі сатысында қолданылатын заманауи оқыту әдістері мен технологияларының теориялық негіздерін меңгерту; жобалық, проблемалық, контекстік және зерттеушілік әдістерді оқу үдерісінде қолдану дағдыларын қалыптастыру; сабақтарды жоспарлау және жобалық сабақ үлгілерін әзірлеу бойынша практикалық дағдыларды дамыту; топтық және жеке жобалық тапсырмаларды орындау арқылы кәсіби-педагогикалық шешім қабылдау қабілетін жетілдіру; білім алушылардың сыни ойлау, аналитикалық және коммуникативтік дағдыларын дамыту.

«Қазіргі заманғы әдістер мен технологиялар» пәні болашақ шетел тілі мұғалімдерінің жобалық-бағдарлық субқұзыреттілігін қалыптастыруға бағытталады. Пән мазмұны педагогикалық жағдаяттарды модельдеу, жобалық сабақтарды жоспарлау, кәсіби сценарийлерді әзірлеу және инновациялық оқыту технологияларын қолдану арқылы болашақ мұғалімнің кәсіби-әдістемелік және жобалық іс-әрекетін жүзеге асыру қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Бұл үдеріс білім алушылардың кәсіби ақпаратты мағыналық тұрғыдан ұйымдастыру, кәсіби тезаурусты саналы қолдану және кәсіби-коммуникативтік әрекетті аналитикалық тұрғыдан бағалау қабілеттерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Ұсынылған 7-ші суретте пәндердің горизонтальды интеграциясының логикасын көрнекі түрде көрсетеді және болашақ шетел тілі мұғалімінің шеттілдік метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудағы олардың өзара байланысын айқындайды.



Сурет 7 – Профконцепт пәндерінің горизонтальды интеграциялау алгоритмі

Әр пән белгілі бір субқұзыреттіліктің дамуына басымдық бере отырып, біртұтас кәсіби-коммуникативтік қызмет аясында интеграцияланады. Олар оқу процесінің барлық элементтерінде интеграциялық вектор ретінде әрекет етеді. Осы өзара байланыстарды нақтылау мақсатында төменде пәндердің горизонтальды интеграциясын сипаттайтын кесте ұсынылады. Нәтижесінде экономикаға бағдарланған оқыту жағдайындағы болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттіліктің қалыптасуы үш субқұзыреттілігінің (тезаурусты - аналитикалық, когнитивті-дискурсивті, жобалық-бағдарлық) біртұтас дамуы арқылы жүзеге асады.

11-ші кестеде пәндер мазмұны, білім алушылардың оқу әрекеті және қалыптасатын субқұзыреттіліктер арасындағы өзара байланыс жүйелі түрде көрсетілген.

Кесте 11 – Профконцепт пәндерінің горизонтальды интеграциялық байланыстары

Субқұзыреттіліктер	Пән мазмұны	Пәндер			Интеграциялық нәтиже
		КБШТ	КМП	ҚЗӘТ	
1	2	3	4	5	6
Тезаурусты-аналитикалық	Кәсіби лексика мен терминологияны меңгеру, жүйелеу және талдау	Кәсіби-экономикалық лексиканы талдау, салыстыру, жіктеу және жүйелеу; кәсіби тезаурусты қалыптастыру	Кәсіби терминдерді интерпретациялау, мағыналық өрістерге топтастыру дискурста қолдану	Кәсіби ақпаратты жүйелеу, лингвистикалық және мағыналық талдау	Кәсіби тезаурусты талдау, жүйелеу және кәсіби мәтіндерде саналы қолдану қабілеті

## 11- кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
Когнитивті-дискурсивті	Кәсіби мәтіндермен жұмыс және дискурстық әрекет	Экономикалық мәтіндерді түсіну, талдау және интерпретациялау; дискурстық дағдыларды дамыту	Кәсіби мәтіндерді талдау, аргументация, пікір білдіру және рефлексия	Заманауи оқыту әдістері негізінде дискурстық стратегияларды қолдану	Кәсіби мәтіндерді талдау, интерпретациялау және дискурста жүйелі қолдану қабілеті
Жобалық-бағдарлық	Кәсіби контексте жобалық әрекет	Жобалық тапсырмаларды орындау, кәсіби терминдерді қолдану	Жобаларды жоспарлау, бірлескен жұмыс, жобаны қорғау	Сабақ жобалау, педагогикалық сценарийлер құрастыру, АКТ қолдану	Кәсіби және педагогикалық жобаларды жоспарлау, жүзеге асыру және қорғау қабілеті

Онда «Кәсіби-бағытталған шетел тілі» (КБШТ), «Коммуникативтік-мамандандырылған практикум» (КМП) және «Қазіргі заманғы әдістер мен технологиялар» (ҚЗӘТ) пәндерінің мазмұны арқылы болашақ шетел тілі мұғалімдерінің тезаурусты-аналитикалық, когнитивті-дискурсивті және жобалық-бағдарлық субқұзыреттіліктерін қалыптастыру үдерісі бейнеленеді.

Ұсынылған горизонталды интеграциялық схема оқу пәндері, қалыптасатын субқұзыреттіліктер және оқу нәтижесі арасындағы өзара байланыстарды көрсетеді. «Пән мазмұны» бағанында әр пәннің негізгі оқу материалы мен мазмұндық бағыттары сипатталып, олардың қалыптасатын субқұзыреттіліктермен байланысы беріледі. «Пәндер» бағаны әр оқу пәнінің аталған субқұзыреттіліктердің қалыптасуына қосатын үлесін айқындайды. Білім алушылар орындайтын негізгі оқу әрекеттері танымдық, коммуникативтік және жобалық іс-әрекеттер арқылы оқыту үдерісінде жүзеге асырылады. «Интеграцияланған нәтиже» бағаны үш пән мазмұны мен оқу әрекеттері өзара ықпалдасқан жағдайда қалыптасатын нәтижелерді сипаттайды. Бұл нәтижелер болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби қызметінде экономикалық-кәсіби дискурсты қолдану, кәсіби жобаларды жүзеге асыру, сондай-ақ кәсіби тезаурусты талдау және қолдану қабілеттері арқылы көрініс табады., пән мазмұны мен оқу әрекеттерінің өзара байланысы болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған интеграцияланған оқу үдерісін қамтамасыз етеді. Бұл үдерісте жобалау технологиясы пәндерді біріктіретін негізгі дидактикалық механизм ретінде қарастырылады, ал кәсіби тезаурус барлық субқұзыреттіліктерді байланыстыратын мазмұндық негіз қызметін атқарады. Ұсынылған интеграциялық схеманы практикалық тұрғыда жүзеге асыру мақсатында оқу үдерісін жобалау технологиялары негізінде ұйымдастыру қарастырылады. Осыған байланысты аталған субқұзыреттіліктердің қалыптасу логикасын нақтылау және тәжірибеде тексеру үшін төмендегідей жоба үлгісі ұсынылады.

Жобаның атауы: «Экономикаға бағдарланған сыныптарда ағылшын тілі бойынша кәсіби-коммуникативтік оқу модулін әзірлеу»

Мақсаты: тезаурусты-аналитикалық, когнитивті-дискурсивті және жобалық-бағдарлық субқұзыреттіліктерді біріктіре отырып, болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін жобалау технологиялар арқылы қалыптастыру.

Пәндер аясында жүзеге асыру.

**Кәсіби-бағытталған шетел тілі (КБШТ)** – кәсіби терминологияны талдау, экономикалық терминологияны меңгеру, түсіну, интерпретациялау, ақпаратты жүйелеу және кәсіби-экономикалық тезаурусты қалыптастыруға бағытталады. Нәтиже: тезаурусты-аналитикалық субқұзыреттілік жетекші рөл атқарады.

**Коммуникативтік мамандандырылған практикум (КМП)** – кәсіби-дискурсты құру, аргументация логикасын айқындау және мәдениетаралық коммуникацияны стратегиялық басқару. Нәтиже: когнитивті-дискурсивті субқұзыреттілік басым қалыптасады.

**Қазіргі заманғы әдістер мен технологиялар (ҚЗӘТ)** – сабақтарды жобалау, оқыту технологияларын таңдау, оқу үдерісін жоспарлау және педагогикалық шешімдерді әдістемелік тұрғыдан негіздеу арқылы болашақ мұғалімнің кәсіби-жобалық әрекетін дамытуға бағытталады. Нәтиже: жобалық-бағдарлық субқұзыреттілік басым дамиды.

Жобаның нәтижесі: экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында кәсіби-коммуникативтік оқу модулдерін енгізу нәтижесінде болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігі қалыптасады. Бұл тезаурусты-аналитикалық (кәсіби терминологияны талдау, кәсіби ақпаратты жүйелеу және интерпретациялау), когнитивті-дискурсивті (кәсіби дискурсты талдау, интерпретациялау, аргументация логикасын айқындау, кәсіби мәтіндермен жұмыс істеу) және жобалық-бағдарлық (оқыту үдерісін жобалау, технологияларды іріктеу және әдістемелік тұрғыдан негіздеу) субқұзыреттіліктердің кешенді қалыптасуын қамтамасыз етеді. Нәтижесінде білім алушылар кәсіби терминологияны саналы меңгеріп, кәсіби дискурсты түсіне алатын, жобалық тапсырмаларды кәсіби деңгейде жоспарлай алатын және өз іс-әрекетін талдау негізінде негізделген шешімдер қабылдай алатын деңгейге жетеді.

Жобалардың сипаттамасы.

Аналитикалық жоба - бұл нақты құбылысты, процесті немесе деректер жиынтығын терең талдау арқылы зерттеу және интерпретациялауға бағытталған жобалық жұмыс. Мұндай жобада білім алушылар немесе қатысушылар: мәселені немесе тақырыпты анықтайды; деректер жинайды (материалдар, мәтіндер, статистика, экономикалық көрсеткіштер); талдау жүргізеді (салыстыру, топтастыру, себеп-салдар байланысын анықтау); қорытынды жасайды және ұсыныстар береді.

Зерттеу жоба - экономикалық құбылыстарды талдау, салыстырмалы зерттеулерді дайындау, шетел тілінде өзекті экономикалық мәселелерді зерттеу.

Практикалық бағыттағы жоба - сабақтарды, оқу құралдарын, мини-бизнес-жоспарларды немесе кейс-жаттығуларды шетел тілінде әзірлеу.

Командалық жоба - білім алушыларды оқу модульдері, презентациялар және экономикалық тақырыптар бойынша пікірталастарға бірлесіп жұмыс істеуі.

Жоба нәтижесінде білім алушыларда шетел тілі сабағының жобасы, коммуникативтік сценарий, әдістемелік негіздеме және рефлексивті-аналитикалық есеп тұратын оқу-әдістемелік материалдар қалыптасады.

Әрбір пәннің (КБШТ, КМП, ҚЗӨТ) функционалдық рөлі, олардың нақты субқұзыреттіліктерді қалыптастырудағы үлесі және жобалау формаларының өзара тәуелділігі 12-кестеде (матрица) жүйелі түрде жинақталып көрсетілген.

Кесте 12 – Профконцепт пәндерінің горизонтальды интеграциясы матрицасы

Пән	Функционалдық қызметі	Субқұзыреттілік	Кәсіби қызмет түрлері	Кәсібитезаурустық ядро	Жобалау формасы
Кәсіби-бағытталған шетелтілі (КБШТ)	Экономикалық-кәсіби тілдік дайындықтың базалық пәні	Тезаурусты-аналитикалық	Кәсіби мәтіндерді талдау, пәндік-тілдік коммуникация, экономикалық дискурс	Экономикалық терминология, кәсіби-экономикалық лексика, салалық ұғымдар жүйесі	Лингво-когнитивтік карталар, аналитикалық глоссарийлер, мәтіндік кейстер
Коммуникативті-мамандандырылған практикум (КМП)	Кәсіби-коммуникативтік дайындық пәні	Когнитивті-дискурсивті	Кәсіби коммуникация, дискурстық талдау, кәсіби іс-әрекетті бағалау	Кәсіби-экономикалық тезаурус, пәндік-коммуникативтік ұғымдар	Коммуникативтік сценарийлер, рөлдік-дискурстық модельдер, пікірталас кейстері
Қазіргі заманғы әдістер мен технологиялар (ҚЗӨТ)	Кәсіби-әдістемелік дайындық пәні	Жобалық-бағдарлық	Пәндік жағдаяттарды жобалау, кәсіби әрекеттерді жоспарлау, оқу процесін модельдеу	Әдістемелік терминология, шетел тілін оқыту технологиялары	Оқу-әдістемелік модульдер, сабақ жоспарлары (Lesson Plans), инновациялық жобалар

Пәндерді горизонтальды интеграциялау формалды біріктіру емес, пәнаралық ресурстардың дидактикалық толықтырушы принципіне негізделген жүйелі үдеріс.

Төмендегі 8-ші суретте болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың төменнен жоғары бағытталған иерархиялық кәсіби даму траекториясы көрсетілген.



Сурет 8 – Профконцептің вертикальды интеграциясының алгоритмі

Экономикаға бағдарланған оқыту жағдайындағы болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру төменнен жоғары бағытталған тұтас кәсіби даму иерархиялық траекториясы арқылы жүзеге асады.

Профконцептің вертикальды интеграцияланған алгоритмінің ең төменгі деңгейі - экономикалық тезаурус, кәсіби ұғымдар мен терминдерді меңгеру арқылы экономикалық ойлаудың және кәсіби тілдік білімнің негізін қалыптастырады. Экономикалық тезаурус - экономикадағы негізгі ұғымдар мен терминдердің жүйеленген жиынтығы, олардың анықтамалары мен байланыстарын қамтитын құрылымдалған білім қоры. Бұл тезаурус кәсіби ақпаратты талдау, интерпретациялау және коммуникациялау құралы ретінде қызмет етеді және экономикалық бағыттағы білім алушылар тезаурусты-аналитикалық құзыреттілікті қалыптастыруға негіз болады.

Профконцептің вертикальды интеграцияланған алгоритмінің келесі деңгейі - экономикалық дискурс, ол болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби мәтіндерді және коммуникациялық әрекеттерді талдау, интерпретациялау және бағалау қабілеттерін дамытуға бағытталған. Бұл дискурсқа салалық сөйлеу актілері, кәсіби мамандардың, беймамандардың және журналистердің ауызша және жазбаша мәтіндер немесе олардың фрагменттері жатады. Бұл деңгей білім алушыға экономикалық әлемнің нақты жағдайларын көрсету, ақпарат беру, белгілі бір әрекеттерге ынталандыру, экономикалық теорияларды жасау және экономиканың даму бағыттарын зерттеу сияқты мақсаттарды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Экономикалық дискурсқа қатысушылар мемлекет, ғалымдар, журналистер, ғылыми қызметкерлер, оқытушылар және басқа тұлғалар кіреді. Секторлар бойынша экономикалық дискурс ішінде қаржылық, бухгалтерлік, салықтық және іскерлік сияқты қосалқы дискурстар қалыптасады. Сонымен қатар, зерттеуші К.Хайлэнд экономикалық дискурс ішінде бірнеше кәсіби бағыттағы дискурстарды бөліп көрсетеді: өнеркәсіп-экономикалық,

қаржы-экономикалық, сауда-экономикалық, экономикалық-теориялық, экономикалық-статистикалық және т.б [162]. Бұл экономикалық дискурстар әртүрлі кәсіби салаларға тән коммуникациялық практикаларды, терминологияны және мәтіндік жанрларды қамтиды, сол арқылы болашақ мұғалімдердің метакоммуникативтік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Экономикалық дискурстың жанрлық әртүрлілігі де маңызды: ақпарат сұхбат, репортаж, жаңалық, дәріс, пікірталас, конференция, әңгімелесу және басқа да форматтарда ұсынылуы мүмкін.

Профконцептің вертикальды интеграцияланған алгоритмінің жобалау деңгейі теориялық білімді практикалық әрекетке айналдыруға бағытталған. Бұл кезеңде болашақ шетел тілі мұғалімі сабақ, кейс немесе сценарийді жобалау арқылы тезаурусты-аналитикалық, когнитивті-дискурсивті және жобалық-бағдарлық субқұзыреттіліктерін кешенді дамытады. Осы контексте жобалау деңгейі білім алушыға экономикалық лексика мен терминдерді шетел тілінде қолдану, экономикалық мәтіндер мен жағдайларды талдау, сабақ немесе оқу материалдарын жоспарлау және құру, оқу процесінің практикалық жағдайларын (кейстер, рөлдік ойындар, сценарийлер) модельдеу арқылы кәсіби дағдыларын нығайтуға мүмкіндік береді. Жобалық іс-әрекет оқу-жаттығу және зерттеу жобаларын жасау мен жүзеге асыру арқылы қолданылатын педагогикалық әдіс болып табылады. Бұл деңгей білім алушыға кәсіби шешім қабылдау, коммуникацияны жоспарлау және ұйымдастыру, әріптестермен және білім алушылармен өзара әрекеттесу қабілеттерін жетілдіруді қамтамасыз етеді.

Профконцептің вертикальды интеграцияланған алгоритмінің рефлексия деңгейі - кәсіби және тілдік іс-әрекеттерді аналитикалық тұрғыда бағалау және өзін-өзі дамытуға бағытталған кезең. Бұл деңгейде білім алушы өз тәжірибесін терең талдап, жетістіктер мен кемшіліктерді бағалайды, кәсіби әрекеттерді жетілдіру жолдарын анықтайды, алға қойған мақсаттарға жету стратегияларын жоспарлайды және метакоммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру элементтерін жүйелі түрде жүзеге асырады. Рефлексивтік үдеріс білім алушыға орындалған кәсіби тапсырмаларды салыстырып талдау, алынған тәжірибені кәсіби мақсаттарға сәйкестендіру, болашақ іс-әрекеттерді түзету және жетілдіру бойынша нақты стратегияларды әзірлеу және өзіндік оқу мен кәсіби даму дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Профконцептің вертикальды интеграцияланған алгоритмінің шындаушы деңгейі – тілдік-кәсіби сана. Бұл деңгейде маман тілді жай ғана қарым-қатынас құралы емес, кәсіби қызметтің ішкі механизмі ретінде қабылдап, экономикалық мәтіндер мен дискурстарды кәсіби контексте еркін интерпретациялауға қабілетті болады. Тілдік-кәсіби сананың функционалдық өзегін профильдік, жалпығылыми және саларалық терминологиялық қабаттардың байланысын реттейтін субкодтық ауысу механизмі құрайды. Болашақ маманның даярлық сапасы осы субкодтарды басқару шеберлігімен тікелей айқындалады. Жоғары деңгейдегі кәсіби сана маманның әртүрлі терминологиялық жүйелердің аражігін ажырата отырып, кәсіби дискурстың семантикалық тұтастығын қамтамасыз

етуімен сипатталады. Керісінше, төмен деңгейде субкодтық жүйелердің ретсіз кірігуі (интерференция) байқалып, ұғымдық шатасулар орын алуы мүмкін. Нәтижесінде, субкодтық ауысу тетігін еркін игеру – болашақ мұғалімнің метакоммуникативтік мәдениетінің басты индикаторы және кәсіби-тілдік тұлға ретінде қалыптасуының нәтижесі болып табылады.

13-ші кестеде метакоммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың вертикальды интеграциясы аясындағы субқұзыреттіліктер мен олардың мазмұны көрсетілген.

Кесте 13 – Вертикальды интеграцияланған профконцепт матрицасы

Субқұзыреттілік	Ядро/негізгі мазмұн	Кәсіби қызмет түрі	Жобалық форма	Қалыптасу нәтижесі/интеграциялық мақсат
Когнитивті-дискурсивті	Экономикалық тезаурус: базалық категориялар, кәсіби лексика және дискурстық модельдер.	Кәсіби дискурстық аналитикалық қабылдау, интерпретациялау және концептуализациялау.	Аналитикалық мини-жоба (мәтіндер мен кейстерге дискурс-талдау жасау).	Кәсіби тезаурустық-дискурсивтік базаны меңгеру, когнитивтік-тілдік дағдыларды іргелендіру.
Жобалық-бағдарлық	Тезаурустың функционалдануы: кәсіби ұғымдарды педагогикалық модельдеуде қолдану.	Кәсіби қызметті дидактикалық жобалау және құрастыру.	Оқу модулінің немесе сабақтың педагогикалық сценарийі.	Кәсіби шешім қабылдау қабілетін дамыту, когнитивтік білімді практикалық іс-әрекетте реализациялау
Тезаурусты-аналитикалық	Тезаурусты рефлексивті пайымдау: терминдерді өзін-өзі реттеу және түзету тетігі ретінде түсіну.	Кәсіби рефлексия: іс-әрекетті сыни талдау, бағалау және коррекциялау.	Рефлексивті-аналитикалық жоба (өзін-өзі диагностикалау портфолиосы).	Тілдік-кәсіби сананың кемелденуі, метакоммуникативтік құзыреттіліктің толық интеграциясы.

Ұсынылған матрица вертикальды интеграция аясында пәнаралық логика мен кәсіби дамудың сатылы сипатын жүйелі түрде айқындайды. Осы әдіснамалық негізге сүйене отырып, төменде әрбір пәннің мазмұндық және іс-әрекеттік ресурстарын практикалық контексте біріктіруге бағытталған жобалық тапсырмалар кешені ұсынылады. Бұл тапсырмалар білім алушылардың когнитивті-дискурсивті (базалық білім), жобалық-бағдарлық (практикалық іс-әрекет) және тезаурусты-аналитикалық (кәсіби рефлексия) субқұзыреттіліктерін

калыптастыруды көздейді. Вертикальды интеграцияның дидактикалық мүмкіндіктерін ашу мақсатында төменде болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби даярлығындағы сабақтастықты көрсететін үш типтік мысал берілген. Әрбір мысал құзыреттіліктерді шындаудың алгоритмдік сипатын сипаттайды.

### **Мысал 1. Вертикальды интеграцияланған сабақ жобасы.**

Жобаның тақырыбы: «Экономикаға бағдарланған сыныптарда коммуникативтік бағыттағы ағылшын тілі сабағын жобалау». Жоба экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға арналған. Жоба барысында когнитивті-дискурсивті, жобалық-бағдарлық және тезаурусты-аналитикалық субқұзыреттіліктер интегративтік түрде дамытылады.

Мақсаты: болашақ шетел тілі мұғалімдерінің экономикалық мәтіндермен жұмыс істеу, кәсіби терминологияны интеграциялау және оқу процесін жобалау дағдыларын қалыптастыру арқылы олардың метакоммуникативтік құзыреттілігін дамыту.

Жобаның кезеңдері:

-Алдын ала дайындық: экономикалық тақырып бойынша мәтіндер мен статистикалық деректер беріледі; кәсіби терминдерді таныстыру және тезаурустық жұмыс.

-Талдау және зерттеу: мәтіндерді талдау, экономикалық ұғымдарды анықтау және салыстыру. Мини-зерттеу: белгілі бір экономикалық мәселені шетел тілінде талқылау.

-Жобалық іс- әрекет: сабақ модулін немесе оқу материалын жобалау: Интерактивті сабақ жоспарлау, экономикалық терминологияны қолдану арқылы презентация жасау, кейс-жаттығулар дайындау (мысалы, шағын бизнес-жоспар).

Қорытынды және рефлексия: жобалық жұмыстарды топ ішінде талқылау, нәтижелерді бағалау, жетістіктер мен кемшіліктерді анықтау, метакоммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру.

Қолданылатын әдістер мен тәсілдер: коммуникативті-құзыретті, инновациялық-әрекеттік, кәсіби-танымдық тәсілдер; коммуникативтік-жобалық әдіс; тезаурусты-аналитикалық жұмыс; интеграцияланған сабақ моделін қолдану (экономикалық пән + ағылшын тілі).

Нәтижелері: экономикалық терминологияны шетел тілінде қолдану қабілеті артады; сабақтарды жобалау және бейімдеу дағдылары қалыптасады; зерттеу, талдау және презентация жасау арқылы метакоммуникативтік құзыреттілік қалыптасады.

### **Мысал 2. Вертикальды интеграцияланған сценарийлік жоба.**

Жобаның тақырыбы: «Экономикаға бағдарланған оқыту жағдайындағы кәсіби-коммуникативтік өзара әрекет сценарийі». Мақсат: экономикалық-кәсіби дискурстың құрылымын меңгеру және кәсіби тезаурусты жүйелеу.

I деңгей – Пәндік -теориялық база КБШТ (кәсіби бағытталған шетел тілі). Қалыптасатын субқұзыреттілік: когнитивті-дискурсивті. Мазмұны: economic classroom discourse, classroom instructions in economics context, feedback language

in subject-integrated lessons, экономикалық мазмұндағы кәсіби мәтіндер және терминологиялық аппарат.

Нәтиже: кәсіби-экономикалық дискурсты ұғыну, оны мағыналық тұрғыдан құрылымдау және интерпретациялау қабілеті қалыптасады. Білім алушылардың белсенді іс-әрекетіне негізделеді, теория мен практиканы байланыстырады. Тілдік әрекет арқылы мағынаны меңгеру жүзеге асады. Тезаурустық сана қалыптасады.

II деңгей – Қазіргі заманғы әдістер мен технологиялар. Мақсаты: экономикалық білім беру контексінде педагогикалық коммуникацияны жобалау және сценарийлеу. Қалыптасатын субқұзыреттілік: жобалық-бағдарлық. Мазмұны: педагогикалық сценарийді құрастыру алгоритмі, пәндік-тілдік интеграцияланған сабақ моделдері, әдістемелік модельдеу, оқу-коммуникативтік жобалау техникалары.

Нәтиже: нақты оқу жағдаяттарына негізделген кәсіби-коммуникативтік әрекетті жобалау жүзеге асады; оқу нәтижелері нақты құзыреттер арқылы өлшенеді; кәсіби және өмірлік жағдаяттар ескеріледі. Нақты жобаларды орындау арқылы білім алу қамтамасыз етіледі, зерттеушілік және шығармашылық белсенділік дамиды, практикалық мәселелерді шешуге бағытталады. Когнитивтік сана қалыптасады.

III деңгей – КМП (Коммуникативтік мамандандырылған практикум). Мақсаты: кәсіби-экономикалық коммуникацияны модельдеу, талдау және рефлексиялау. Қалыптасатын субқұзыреттілік: тезаурусты-аналитикалық. Мазмұны: экономикалық тақырыптағы өзара әрекетті ұйымдастыру, кері байланыс стратегиялары және кәсіби коммуникацияның тиімділігін талдау, рөлдік ойындар, цифрлық платформалар, презентациялар, интерактивті құралдар. практикалық мәселелерді шешуге бағытталған.

Нәтиже: кәсіби-экономикалық коммуникацияны саналы түрде басқару және рефлексивті бағалау қабілеттері қалыптасады; мағына құрастыру, тілдік бірліктерді саналы қолдану, аналитикалық және зерттеушілік ойлау дамиды, кәсіби тілдік сана қалыптасады. Кәсіби-экономикалық коммуникацияны саналы басқару және талдау жүзеге асады.

Қорытынды нәтижелер (жобалық өнімдер): экономикаға бағдарланған сыныптарда кәсіби-коммуникативтік өзара әрекет сценарийі, әдістемелік негіздеме (жобалық логика, пәндік-тілдік интеграция, мақсат-міндеттер), тезаурусты-аналитикалық түсіндірме (ұғымдар жүйесі, терминология, кәсіби дискурс талдауы).

### **Мысал 3. Вертикальды интеграцияланған мини-жоба.**

Жобаның тақырыбы: «Түсінуден кәсіби әрекетке» интегративті трансформация». Жоба болашақ мұғалімнің кәсіби даму траекториясын үш сатылы алгоритм арқылы жүзеге асырады.

Қорытынды нәтиже: білім алушының кәсіби портфолиосы (аналитикалық шолулар, авторлық әзірлемелер және рефлексивті есептер жиынтығы), контекстік тапсырмалар. Тілдік және кәсіби білімді жүйелі біріктіру; салалық

терминологияны меңгеру; тұлғаның кәсіби тілдік профилін қалыптастыру, кәсіби мағына құрастыру, кәсіби рефлексия, тілдік кәсіби сана қалыптасуы.

Вертикальды интеграцияланған жобалық формалар кәсіби-тезаурустық мазмұнды когнитивтік меңгеруден бастап, кәсіби қызметті жобалауға және педагогикалық тәжірибені рефлексивті-аналитикалық тұрғыда ойлауға өтуге мүмкіндік береді. Бұл жоба вертикальды интеграция құрылымында тек оқу формасы ретінде емес, кәсіби қалыптасу тетігі ретінде қызмет етеді. Ол оқу қызметін кәсіби қызметке айналдыруға және болашақ шетел тілі мұғалімінің метакоммуникативтік құзыреттілігін тұрақты тұлғалық-кәсіби дайындық ретінде қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Осылайша, горизонтальды және вертикальды интеграция өзара толықтырушы механизмдер ретінде әрекет етеді: горизонтальды интеграция пәндер арасындағы мазмұндық және іс-әрекеттік байланыстарды қамтамасыз етсе, вертикальды интеграция болашақ мұғалімнің кәсіби қалыптасуының кезеңдік логикасын айқындайды. Осы екі вектордың үйлесімі ұсынылған профконцептің тұтастығы мен тиімділігін қамтамасыз етеді.

### **2.3 Экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға арналған жаттығулар жүйесі**

Педагогикалық зерттеулердің әдіснамасында жүйелік тәсіл өзара байланыста болатын және ортақ мақсатқа жетуге бағытталған элементтерден тұратын тұтас құрылым ретінде қарастыруды көздейді. Жүйелік тәсіл оқу үдерісінің құрылымдылығын, иерархиялық ұйымдасуын және компоненттердің функционалдық өзара тәуелділігін айқындап, оның тұтастығы мен басқарылуын қамтамасыз етеді. Бұл жүйелер теориясының негізін қалаушы зерттеушілердің бірі - Л. фон Бергаланфи [163]. Ол «жүйе» ұғымының философиялық-әдіснамалық негізін өзара байланысқан элементтердің реттелген жиынтығы ретінде анықтайды. Мұндай әдіснамалық ұстаным білім беру үдерісін, соның ішінде болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға арналған жаттығуларды жекелеген әрекеттер жиынтығы ретінде емес, біртұтас динамикалық құрылым ретінде зерттеуге негіз болады.

Жүйелік тәсілдің педагогикамен байланысы В.А. Сластёниннің еңбектерінде нақтыланады [164]. Ол педагогикалық жүйені білім беру үдерісінің барлық қатысушыларын, оқыту мазмұнын және материалдық-техникалық базаны қамтитын динамикалық құрылым ретінде сипаттайды. Автор білім беру жүйесінің тиімділігі оқу үдерісін жүйелі ұйымдастырумен айқындалатынын, бұл мазмұнды, әдістер мен оқыту формаларын реттеуге және оқу дағдылары мен біліктерінің кезең-кезеңімен қалыптасуын қамтамасыз етуге болатыны беретінін атап өтеді.

Шетел тілін оқытуда жаттығулар жүйесін қалыптастыру мәселесі А. Н. Щукиннің еңбектерінде жан-жақты негізделген [74, 106 б.]. Ғалым жаттығулар жүйесін мақсаттары, материалы және орындалу тәсілдері бойынша өзара сабақтасқан жаттығулардың түрлері мен типтерінің жиынтығы ретінде

анықтайды. Бұл жүйе тілдік операциялардан бастап толыққанды сөйлеу құзыреттілігіне дейінгі дағдыларды кезең-кезеңімен қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Осы орайда, автор тілдік, шартты-сөйлеу және сөйлеу жаттығуларын саралап көрсетеді, бұл білім алушыларға тілдік элементтерді меңгеруден оларды түрлі коммуникативтік жағдаяттарда еркін қолдану деңгейіне өтуге негіз болады [74, 110 б.].

Түйіндей келе, жаттығулар жүйесі білім беру үдерісінің функционалдық қосалқы құрылымы ретінде қарастырылады және шетел тілін оқыту барысында жүйелілік, бірізділік және тұтастық қағидаттарының іске асырылуын қамтамасыз етеді. Ол ортақ мақсатпен, мазмұнмен және орындалу тәсілімен біріктірілген тілдік, шартты-сөйлеу және сөйлеу жаттығуларының құрылымдалған жиынтығын білдіреді. Мұндай жүйе дағдылар мен біліктерді қалыптастыруды, әрекеттерді автоматтандыруды және білім алушылардың нақты коммуникативтік жағдаяттардағы толыққанды сөйлеу әрекетіне біртіндеп көшуін қамтамасыз етеді.

Бірқатар зерттеушілердің (А. Н. Щукин [74, 107 б.], В. Л. Скалкин [165], Б.А. Лapidус [166].) жіктеулері бойынша жаттығулар жүйесі жекелеген операцияларды автоматтандырудан толыққанды сөйлеу әрекетін қалыптастыруға дейінгі бірізді ілгерілеуді қамтамасыз етеді. Бұл ретте тапсырмалардың жүйелілігіне, сабақтастығына және мазмұндық әртүрлілігіне ерекше назар аударылады: тілдік, шартты-сөйлеу, сөйлеу, репродуктивтік, аналитикалық және коммуникативтік жаттығулардың кешенді қолданылуы білім алушының кәсіби-бағытталған тілдік құзыреттілігін арттыруға ықпал етеді.

С. А. Пассов [15, 88 б.] И. Л. Бим [76, 36 б.] және Н. Д. Гальскованың [77, 258 б.] пікірінше, жаттығулар жүйесін құруда біліктерді қалыптастыру кезеңділігі және олардың нақты коммуникативтік міндеттермен байланысы ескерілуі қажет. Бұл тілдік форманы оның практикалық қолданылуымен интеграциялауға, аналитикалық ойлауды, ақпаратты интерпретациялау және мәтіндермен, кестелермен, диаграммалармен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға ықпал жасайды. Бұл қағидаттар кәсіби-бағытталған оқытуда, соның ішінде экономикалық бағыттағы болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлауда ерекше маңызға ие.

А.А. Леонтьев [144, 68 б.] пен С.А. Хавронова, И.В. Гуляева [167]. еңбектерінде тілдік құзыреттілікті қалыптастырудың психолингвистикалық аспектілері қарастырылады. Олар сөйлеуді қабылдау, өңдеу және өндіру үдерістерін ескеретін репродуктивтік, продуктивтік және шығармашылық жаттығулар арқылы материалды кезең-кезеңімен меңгерудің маңыздылығын атап өтеді. Бұл тәсіл когнитивтік механизмдерді ескере отырып жаттығулар жүйесін құруға болады және тұрақты тілдік дағдылардың, сондай-ақ метакоммуникативтік құзыреттіліктің қалыптасуына ықпал етеді.

Тілдік жаттығулар кәсіби лексиканы, colloquialisms мен арнайы терминдерді жүйелі меңгеруге арналған. Коммуникативтік жаттығулар осы терминдерді диалогтарда, шағын пікірталастарда және рөлдік ойындарда дұрыс қолдануды қамтамасыз етеді. Жобалық-рефлексивтік жаттығулар кәсіби

терминдер мен олардың мағыналық байланыстарына сүйене отырып мини-жобалар мен презентациялар әзірлеуді, білім алушылардың бірлескен жұмысын ұйымдастыруды, онлайн терминологиялық сөздіктер құруды, аналитикалық материалдарды жариялауды, сондай-ақ топтық талқылаулар мен пікірталастарға қатысуды қамтиды.

Е. Н. Соловованың пікірінше, аутентті материалдарды, проблемалық және коммуникативтік жағдаяттарды қолдану қарым-қатынас стратегияларын, соның ішінде нақтылау, интерпретациялау және дәйектеуді (аргументациялауды) дамытуға ықпал етеді [35]. Аталған компоненттер білім алушыларды мағыналық өзара әрекетке және ақпаратты талдамалық өңдеуге бағдарлайды, бұл өз кезегінде метакоммуникативтік біліктерді қалыптастыруда шешуші рөл атқарады.

Сондықтан, болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға компетенцияны қалыптастыру мақсатында әзірленген жаттығулар жүйесі функционалды түрде үш кешенге бөлінген:

Тезаурустық жаттығулар білім алушылардың алушылардың кәсіби тілдік қорын дамытуға, терминологиялық жүйемен жұмыс істеуге және мәтіндерді талдауға бағытталған. Тезаурустық жаттығулар лексикалық бірліктерді талдау, семантикалық байланыстарды анықтау және мәтіндік тапсырмаларды орындау сияқты жаттығуларды қамтиды.

Қорытындай келе, тезаурустық жаттығулар білім алушылардың болашақ сөйлеу әрекетін модельдеуге мүмкіндік береді, яғни сөйлеу әрекетінің салаларын анықтауға, оқытудың түпкі мақсаттарына сәйкес келетін негізгі тақырыптар мен жағдаяттарды айқындауға, сондай-ақ осы салаларда қарым-қатынас жасауға жеткілікті тілдік құралдарды іріктеуге жағдай жасайды. Терминнің тезаурустық моделі қосымша ұғымдық қатынастарды (мысалы, синонимдік, бөлшек пен бүтін қатынастары және т.б.), тұрақты терминологиялық сөз тіркестерін, сондай-ақ мәнді және айқындаушы белгілерді енгізу арқылы кеңейтілуі мүмкін, бұл арнайы ұғымның сипаттамасын анағұрлым толық етеді.

**Дискурсивті-интерактивтік жаттығулар** білім алушылардың ойлау, талдау және қарым-қатынас дағдыларын жетілдіруге арналған. Кешен коммуникациялық стратегияларды талдау, пікірталасқа қатысу, дискурстық құрылымдарды зерттеу және интерактивтік тапсырмаларды орындау арқылы білім алушылардың ойлау, талдау және қарым-қатынас дағдыларын жетілдіреді. Сонымен қатар, олар дәлелді пікір білдіру, көзқарасты негіздеу, серіктеспен ынтымақтастықта жұмыс істеу, кәсіби жағдаяттарда тиімді тілдік мінез-құлық стратегияларын таңдау қабілеттерін қалыптастыруға ықпал етеді. Мұндай тапсырмалар білім алушыларды кәсіби дискурсқа белсенді қатысуға дайындап, метакоммуникативтік құзыреттіліктің практикалық қолданылуын қамтамасыз етеді.

Дискурсивті-интерактивтік жаттығулардың негізгі түрлеріне мыналар жатады:

-стратегиялық: сөйлеуші/жазушының ниетін жүзеге асыруға, коммуникативтік оқиғаны жоспарлауға бағытталған.

-тактикалық: нақты жағдаятта мақсатқа жету үшін тілдік құралдарды таңдауға көмектеседі (мысалы, концепт қалыптастыруға арналған жаттығулар).

-жанрлық: мәтіннің белгілі бір түрлерін құрастыруға үйретеді (интервью, пайымдау, баяндау).

-мәтіндік: дискурстың логикасына, байланыстылығына және құрылымына бағытталған.

**Жобалық-рефлексиялық жаттығулар** жобалық технологияларды қолдана отырып, білім алушылардың практикалық дағдыларын дамытуға бағытталған. Білім алушылар кешенді жобалар әзірлеу, командалық жұмыс, презентация жасау және өз тәжірибесін рефлексиялау арқылы практикалық дағдылар мен кәсіби ойлауды дамытады. Жобалық-рефлексивтік жаттығулар білім алушылардың практикалық дағдыларын, командалық жұмыс қабілеттерін және кәсіби терминдермен жұмыс жасау машықтарын дамытуға бағытталған. Бұл кешенде білім алушылардың мини-жобалар мен презентациялар дайындайды, онлайн терминологиялық сөздіктер құрады, аналитикалық материалдарды өңдейді және топтық талқылаулар мен пікірталастарға қатысады. Барлық нәтижелер құрылымдық түрде жүйеленіп, Google Docs, онлайн глоссарийлер және басқа да АКТ құралдары арқылы ұсынылады.

Сонымен қатар, жобалық-рефлексиялық жаттығулар білім алушылардың дербес оқу траекториясын қалыптастыруға, ақпаратты іріктеу мен сыни бағалау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Жоба барысында қатысушылар мақсат қою, міндеттерді жоспарлау, уақытты тиімді басқару, нәтижені бағалау және өзіндік рефлексия жүргізу кезеңдерінен өтеді. Бұл үдеріс кәсіби-бағдарланған коммуникация жағдайында тілдік бірліктерді саналы әрі мақсатты қолдануға жағдай жасайды.

Жобалық іс-әрекеттің маңызды құрамдас бөлігі – рефлексия. Рефлексиялық талдау білім алушыларға өз жетістіктері мен қиындықтарын анықтауға, коммуникативтік стратегияларын жетілдіруге және болашақ кәсіби әрекетке қажетті құзыреттерді саналы түрде дамытуға көмектеседі. Нәтижесінде білім алушыларда зерттеушілік ойлау, жауапкершілік, шығармашылық бастама және кәсіби дискурста өз ойын дәлелді жеткізу дағдылары қалыптасады.

Осы себепті, жобалық-рефлексиялық жаттығулар кәсіби бағытталған тілдік дайындықтың маңызды құралы ретінде білім алушылардың практикалық тәжірибесін байытып, олардың кәсіби-коммуникативтік құзыреттілігін кешенді түрде дамытуға ықпал етеді.

**Жаттығулар жүйесі** ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылады, бұл олардың қазіргі кәсіби-әдістемелік тәжірибеде маңызды рөл атқарады. Жаттығулар барысында АКТ пайдаланудың басты мақсаты - білім алушылардың кәсіби терминологияны меңгеруін, оның грамматикалық және дискурсивтік қызметін контексте дұрыс түсінуін қамтамасыз ету. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану оқу тиімділігін арттырады, деректерді жүйелеп, оқу материалымен өзара әрекеттесу деңгейін күшейтеді және білім алушылардың тәжірибелік

дағдыларын интегративті түрде қалыптастырады. Бұл әсіресе кәсіби лексика мен дискурсивтік машықтарды дамытуда маңызды болып табылады.

Қорытындылай келе, жаттығулар жүйесі экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған. Ол экономикалық бағыттағы пәндік-коммуникативтік ортада білім алушылардың тиімді кәсіби қызмет етуіне қажетті әдістемелік негізді қалыптастырады, сондай-ақ оқу процесінде терминологиялық, дискурсивтік және жобалық дағдыларды интегративті түрде меңгеру мүмкіндігі болады. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану оқу процесінде интерактивтілік пен визуалдық қолжетімділікті арттырады, білім алушылардың өз тәжірибесін рефлексиялау қабілетін дамытады және жобалық тапсырмаларды орындаудағы тиімділікті күшейтеді. 14-ші кестеде экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға арналған жаттығулар жүйесі, олардың түрлері, мақсаты және жобалық технологияларға негізделген тапсырмалар берілген.

Кесте 14 – Метакоммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруға арналған жаттығулар жүйесі

Профконцепт аспектілері	Жаттығулар түрлері	Мақсаты	Жобалау технологияларға негізделген тапсырмалар
Салалық	Тезаурустық жаттығулар	Кәсіби экономикалық тезаурусты меңгеру, негізгі ұғымдар мен категориялардың мазмұнын түсіну	Терминологиялық карталар мен интеллект-карталар (mind-map) құрастыру, салалық глоссарийлер әзірлеу, экономикалық концептілерді дефинициялық талдау.
Концептуалдық-аккумулятивтік	Дискурсивті-интерактивтік жаттығулар	Кәсіби тезаурусты интеграциялау, экономикалық дискурс стратегияларын интерактивті ортада қолдану	Проблемалық-ізденіс тапсырмалары, түпнұсқа (аутентікті) мәтіндерді дискурс-талдау, кәсіби диалогтарды модельдеу, ситуативтік кейс-анализ.
Креативті	Жобалық-рефлексивтік жаттығулар	Кәсіби міндеттерді дербес жобалау, метакоммуникативтік стратегияларды іске асыру және рефлексиялау	Кәсіби бағыттағы мини-жобалар, Case-study (шешім қабылдау және қорғау кезені), аналитикалық есептер, презентациялар, рефлексивтік күнделіктер.

Төменде әр профконцепт аспектілері бойынша екі жаттығу үлгісі талданып көрсетілді, ал жаттығулардың қалған түрлері Қосымша Б берілген.

**Салалық аспект - тезаурустық жаттығулар.** Әдістемелік негіздеме: бұл жаттығулар кешені болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби экономикалық тезаурусы (лексикалық базасын) қалыптастыруға, терминдердің семантикалық құрылымын тануға және оларды бастапқы деңгейде жүйелеуге бағытталған.

Осы кешенді іске асыру барысында білім алушылардың оқу-танымдық әрекеті кәсіби экономикалық терминдерді мәтін контекстінде дұрыс анықтап, олардың семантикалық құрылымы мен сөз таптарына морфологиялық талдау

жасау арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар, терминдердің мағыналық байланыстарын зерттеу негізінде ақпаратты жүйелеп, оларды семантикалық кестелер немесе графикалық диаграммалар (интеллект-карталар) арқылы құрылымдау жұмыстары орындалады. Бұл процесс кәсіби бағытталған дискурсты түсінуге және оны коммуникативтік жағдаяттарда қолдануға бағытталған базалық метакоммуникативтік дағдыларды меңгеруге мүмкіндік береді. Соңғы кезеңде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (мысалы, Google Docs, онлайн глоссарийлер) пайдалану арқылы оқу нәтижелерін жүйелі құрылымдап, визуализациялау дағдылары қалыптасады.

**Exercise 1: analysis of economic discourse and working with the thesaurus.**

Objective: to develop students' ability to comprehend professional economic discourse, identify logical-semantic relationships between terms, and understand the internal logic of a professional text. Materials: a professional text related to the core concept of Economics (e.g., market theories, economic systems, banking, finance).

Stages:

1. Preparatory stage. Read the text and identify the central economic concept and its supporting arguments. Select 8–10 key professional terms representing the thematic field of the text.

2. Main stage. Define each identified term using a professional thesaurus or terminological dictionary. Work with polysemantic words and analyze their semantic differences. For example, examine the etymology and meanings of bank (“river bank” / “financial institution”), current (“flow” / “present, current”), and currency (“money in circulation”). Identify whether semantic or historical connections exist between these meanings. Analyze the origin and meaning of the verb to bank in professional usage. Examine how the financial meaning of bank derives from the Italian banca (“bench, counter”), historically used by money changers, while bank in the geographical sense derives from Proto-Germanic roots meaning “ridge, hill, river edge.” Map out semantic and logical relationships between the terms (cause-effect, hierarchy, synonymy, association). Organize the identified connections into a logical structure or concept map.

3. Reflective stage. Explain the author's logic based on the established semantic connections. Discuss how the choice of terminology shapes professional discourse in the text.


Mechanisms involved:

- cognitive: logical reasoning, information organization, discursive thinking;
- thesaurus-analytical: semantic analysis, thesaurus-building, decoding professional meanings;
- discourse analysis: recognition of internal text logic and thematic structures.

Means and resources: specialized economic thesauri, multilingual terminological dictionaries, Google Docs for text analysis, Miro for semantic mapping.

Expected outcomes: students accurately identify professional terms and understand their logical-semantic relationships; students improve analytical thinking and develop systematic thesaurus-building skills; students gain deeper awareness of terminology use in professional economic discourse. 9-шы суретте «Экономика»

концептісі және экономикалық терминдер мен ұғымдардың қысқаша тезаурустық сөздігімен жұмыс көрсетілген.



Сурет 9 – Тапсырма үлгісі

Бұл жаттығу білім алушылардың кәсіби экономикалық дискурстың құрылымын түсінуіне, терминдер арасындағы мағыналық және логикалық байланыстарды айқындауына бағытталған. Тезаурустық тәсілді қолдану арқылы білім алушылар мәтіннің ішкі логикасын таниды, кәсіби лексиканы жүйелі меңгереді және ақпаратты құрылымдау дағдыларын дамытады. Нәтижесінде олардың аналитикалық ойлау қабілеті, терминологиялық сауаттылығы және кәсіби коммуникациядағы тілдік құзыреттілігі жетілдіріледі.

### **Exercise 2: concept mapping of private enterprises.**

**Objective:** to form thesaurus-analytical abilities by exploring professional economic terminology and structural concepts related to private enterprises. **Materials:** case descriptions or legal summaries of various private enterprise forms (e.g., Limited Liability Partnership (LLP), Joint-Stock Company (JSC), Sole Proprietorship). **Stages:**

1. Preparatory stage. Review the fundamental legal and economic characteristics of different types of private enterprises. Identify a set of core terms associated with each form (e.g., liability, shares, capital, shareholders, statutory fund).

2. Main stage. Construct an interactive concept map centered on the classification of private enterprises. Analyze the advantages, challenges, and future prospects of each enterprise form and integrate these findings into the map. Establish logical connections (e.g., hierarchical, comparative, or causal) between the core concepts and real-world examples.

3. Reflective stage. Present the concept map to peers and explain the logic behind the structural organization. Discuss how changing one variable (e.g., the level of liability) affects the overall enterprise model.

**Mechanisms involved:**

- cognitive: systemic thinking, information classification, and logical synthesis;


- thesaurus-analytical: structural organization of professional vocabulary and conceptual modeling;

- discourse analysis: formulating analytical arguments based on structured data.

Means, software and resources: Miro, MindMeister, or Google Drawings for interactive concept mapping; Padlet for collaborative feedback, professional economic dictionaries, legislative glossaries, or company law handbooks.

Expected outcomes: students demonstrate a profound understanding of the structure of private enterprises; students accurately apply relevant terminology within an analytical and systemic context.

Төмендегі 10-ші суретте «Жеке кәсіпорындар» концептісі және экономикалық терминдер мен ұғымдардың қысқаша тезаурустық сөздігі көрсетілген.



Сурет 10 – Тапсырма үлгісі

Жаттығу барысында білім алушылар жеке кәсіпорындардың әртүрлі нысандарына (ЖШС, АҚ, т.б.) қатысты экономикалық ұғымдарды жүйелі түрде саралап, олардың құрылымдық ерекшеліктерін меңгереді. Концепт-карталармен жұмыс істеу арқылы білім алушылар терминдерді тек жеке сөз ретінде емес, өзара логикалық байланыстағы біртұтас жүйе ретінде қабылдайды. Бұл процесс кәсіби лексиканы аналитикалық контексте еркін қолдануға және экономикалық нысандардың функционалдық мазмұнын тереңірек түсінуге жағдай жасайды.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, тезаурустық бағыттағы жаттығулар кешені болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби экономикалық лексикасын жүйелі меңгеруін, терминдердің мағыналық және дискурсивтік байланыстарын түсінуін қамтамасыз етеді. Жаттығулар жиынтығы әр түрлі мәтіндік және практикалық тапсырмалар арқылы білім алушылардың аналитикалық ойлау, ақпаратты жүйелеу және терминологиялық дәлдік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану оқу процесін интерактивті әрі көрнекі етеді, білім алушылардың өз жұмысының нәтижесін құрылымдауға және визуализациялауға мүмкіндік береді. Осындай кешендік жүйе болашақ шетел тілі мұғалімдерінің

экономикалық дискурсты дұрыс қабылдауына, кәсіби мәтіндерді саналы тал дауына және терминдерді нақты қолдану дағдыларын қалыптастыруына ықпал етеді.

**Концептуалды-аккумулятивті аспект - дискурсивті-интерактивтік жаттығулар.** Әдістемелік негіздеме: бұл кезеңде жинақталған (аккумуляцияланған) терминологиялық білім аналитикалық өңдеуден өтіп, кәсіби коммуникация үдерісінде белсенді қолданысқа енгізіледі. Жаттығулар білім алушылардың кәсіби мәтін логикасын түсіну, ақпаратты жүйелеу және визуализациялау, сондай-ақ кәсіби дискурс стратегияларын (дәлелдеу, салыстыру, түсіндіру, негіздеу) меңгеру қабілеттерін қалыптастыруға бағытталады.

Сонымен қатар, бұл үдерісте күнделікті метатілдік сана маңызды орын алады. Н.Д. Голев қарапайым метатілдік сананы күнделікті сөйлеу тәжірибесі мен білім беру үдерісіне, тілдік саясатқа және қоғамның тілдік мәдениетіне ықпал ететін іргелі категория ретінде қарастырады [168]. Д. Ундарма метатілдік сананың тілдік құзыреттілікті қалыптастырудағы маңызды рөлін атап өтеді [169]. Ал А.Н. Ростова оны тіл, оның құрылымы, мағыналық байланыстары мен қызметі туралы білімдер мен түсініктер жүйесі ретінде сипаттайды [170].

Осыған сәйкес, дискурсивті-интерактивтік жаттығулар білім алушылардың метатілдік рефлексиясын дамытып, тілдік құралдарды саналы қолдану және кәсіби қарым-қатынас жағдайында тиімді әрекет ету қабілеттерін жетілдіреді.

Күтілетін педагогикалық нәтиже: аналитикалық және рефлексивтік ойлаудың дамуы; кәсіби ақпаратты түсіндіру және құрылымдау қабілетінің қалыптасуы; экономикалық коммуникациядағы дискурстық стратегияларды меңгеру; метатілдік сана мен кәсіби тілдік құзыреттіліктің дамуы.

### **Exercise 1: analytical interpretation of accounting data.**

Objective: to form cognitive and discursive abilities in analyzing quantitative accounting information and formulating justified professional conclusions. Materials: sample accounting documents (e.g., a balance sheet, profit and loss statement, or a summary of business transactions). Stages:

1. Preparatory stage. Review the provided accounting data to identify significant financial trends (e.g., growth in assets, decrease in liabilities, or changes in equity). Compile a list of professional verbs and adjectives relevant to financial performance (e.g., fluctuate, consolidate, depreciate, solvent, liquid).

2. Main stage. Interpret the numerical facts by transforming them into a professional narrative discourse. Use specific economic terminology to explain the enterprise's current financial situation and operational stability. Formulate justified analytical conclusions based on the logical interpretation of the data.

3. Reflective stage. Perform a peer-review of the narratives, focusing on the accuracy of term usage and the professional tone of the discourse. Discuss the challenges of converting quantitative data into qualitative professional narratives.

Mechanisms involved:

-cognitive: logical deduction, data transformation, and critical evaluation;

-thesaurus-analytical: contextual application of accounting terminology and semantic precision;

-discourse analysis: constructing a cohesive and persuasive professional narrative (reporting discourse).

Means and resources: spreadsheet software (MS Excel or Google Sheets) for data review; word processors for narrative construction, financial reporting templates and specialized accounting glossaries.

Expected outcomes: students demonstrate the ability to effectively transform quantitative data into a professional narrative discourse; students provide well-reasoned financial conclusions using appropriate terminology and discourse structures.

Бұл жаттығу білім алушылардың есептік деректерді талдау және негізделген кәсіби қорытындылар жасау бойынша когнитивті және дискурсивті қабілеттерін қалыптастыруды көздейді. Білім алушылар бухгалтерлік баланс пен операциялық деректер негізінде сандық фактілерді кәсіби етістіктер мен сын есімдерді қолдана отырып интерпретациялауға машықтанады. Төмендегі 11-ші суретте «Бухгалтерлік есеп» концептісі және экономикалық терминдер мен ұғымдардың қысқаша тезаурустық сөздігі көрсетілген.



Сурет 11 – Тапсырма үлгісі

Жаттығулардың жекелеген түрлерін орындау кезінде берілген тезаурус-сөздікті қолдану көзделеді.

Дискурсивті-интерактивтік жаттығулар жүйесі білім алушылардың кәсіби мәтіндерді мақсатты түрде талдау және интерпретациялау дағдыларын қалыптастырады. Жаттығулар жинақталған терминологиялық білімді аналитикалық өңдеуден өткізіп, ақпаратты визуализациялау, салыстыру және дискурстық стратегияларды қолдану қабілеттерін жетілдіреді. Мини-жобалық

формат білім алушылардың өз бетінше деректерді зерттеу, салыстыру және жүйелеу арқылы логикалық және құрылымды ойлау машықтарын қалыптастырады. Нәтижесінде білім алушылар кәсіби дискурсты дұрыс қабылдауға, ақпарат беру тәсілдерін түсінуге және өздерінің кәсіби мәтіндерін жүйелі әрі дәлелді түрде құрастыруға дайын болады.

**Креативті аспект - жобалық-рефлексивтік жаттығулар.** Әдістемелік негіздеме: бұл кешен болашақ шетел тілі мұғалімдерінің нақты кәсіби жағдаяттарда практикалық қолдануына бағытталған. Жаттығулар жобалау технологиясы (project-oriented learning) негізінде құрылып, шешім қабылдау, топтық стратегия құру және өз өнімін қорғау (презентация) дағдыларын қалыптастырады.

### **Exercise 1: case-based professional discussion.**

Objective: to apply professional economic terminology in simulated professional situations and develop the ability to formulate reasoned decisions through collaborative discourse. Materials: a detailed professional case study (e.g., selecting an optimal business model for a start-up or evaluating an investment scenario) and a thematic thesaurus. Stages:

1. Preparatory stage. Carefully analyze the provided case study to understand the primary economic challenge and constraints. Identify 10–15 relevant terms from the professional thesaurus that are essential for discussing the specific business model.

2. Main stage. In small groups, engage in a professional discussion to evaluate potential solutions for the case. Use the identified professional language to negotiate, argue, and defend specific strategies. Collaboratively draft a brief report summarizing the group's decision and the logical justification behind it.

3. Reflective stage. Present the group's decision to the class and respond to critical questions. Reflect on how the use of professional terminology improved the clarity and persuasiveness of the decision-making process.

Mechanisms involved:

-cognitive: evaluative thinking, strategic decision-making, and logical synthesis;  
-thesaurus-analytical: contextual activation of professional vocabulary and semantic precision;

-discourse analysis: mastering persuasive communication and argumentative strategies in professional settings.

Tools: collaborative platforms (Google Docs/Miro), case study documents, and professional terminological glossaries.

Expected outcomes: students demonstrate the ability to use professional language for effective problem-solving; students accurately apply discursive strategies to justify business decisions in a collaborative environment.

Бұл жаттығу арқылы білім алушылар экономикалық терминдерді функционалды қолдануға, кәсіби шешім қабылдауға және өз пікірін дәлелді түрде негіздеуге машықтанады.

Осылайша, жобалық-рефлексивтік жаттығулар кешені білім алушыларға алған кәсіби білімін нақты кәсіби жағдайларда тиімді қолдана алады. Жаттығулар жобалау технологиясы негізінде құрылып, білім алушылардың

шешім қабылдау, командалық стратегия құру, презентация жасау және аргументация дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Мини-жобалар, сценарийлік тапсырмалар және дебат форматындағы жаттығулар арқылы білім алушылар экономикалық терминдерді практикалық контексте қолдануды меңгереді, шығармашылық ойлауын іске қосады және өз өнімін жүйелі әрі дәлелді түрде ұсынуға үйренеді. Бұл кешен білім алушылардың жобалық және рефлексивтік машықтарын кешенді түрде қалыптастырып, кәсіби коммуникация мен стратегиялық жоспарлау дағдыларын нығайтуға ықпал етеді.

Түйіндей келгенде, ұсынылған жаттығулар жүйесі білім алушылардың танымдық әрекетінің біртіндеп күрделену қағидасына негізделеді: оқу процесі «білу мен түсінуден» бастап, «қолдану мен талдауға», одан әрі «бағалау мен шығармашылыққа» дейінгі аспектер арқылы дамиды. Бұл тәсіл білім алушыға тек экономикалық терминдерді меңгеріп қана қоймай, оларды кәсіби-педагогикалық және экономикалық контексте тиімді қолдануға бағытталған дағдыларды қалыптастырады, яғни экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігі толық қалыптасады.

Жаттығулар жүйесі профконцепттің үш негізгі аспекті бойынша дамиды.

**Салалық аспект** – тезаурустық жаттығулар. Білім алушылар кәсіби экономикалық лексиканы меңгеріп, терминдердің семантикалық құрылымын зерттейді және оларды бастапқы деңгейде жүйелейді. Бұл деңгейде білім алушылар терминологиялық дәлдігі мен мәтінді саналы қабылдау қабілеті қалыптасады.

**Концептуалды-аккумулятивті аспект** – дискурсивті-интерактивтік жаттығулар. Білім алушылар терминдерді мәтін деңгейінде қолдана отырып, кәсіби дискурстың логикасын түсінеді, ақпаратты салыстырып талдайды, визуализациялайды және дискурстық стратегияларды меңгереді. Мұнда аналитикалық және салыстырмалы тапсырмалар білім алушылардың кәсіби мәтіндерді интерпретациялау және когнитивтік талдау дағдыларын дамытады.

Кәсіби тілдік сананы қалыптастыруда танымның психофизикалық табиғатын ескеру маңызды. Чили ғалымы У. Матурана [171] кез келген әрекетті жүзеге асыру үдерісін екі кезеңге бөледі: қалыптасу (formulation) және жүзеге асыру (execution). Бұл үдерісте әрекеттің бағыттаушы негізі ретінде объектінің маңызды сипаттамалары туралы жалпыланған білім алынады. Ал орындау кезеңінде бұл білім нақты жағдайға бейімделіп, реттеліп отырады.

Сонымен қатар, С.С. Қунанбаева когнитивтік үдерісті былай сипаттайды: білім алушы ұсынылған материалды қабылдап, оны талдайды; алынған ақпарат оперативтік, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жағдайлар арқылы өңделіп, коммуникативтік әрекетте қолданылады [20, 44 б.].

**Креативті аспект** – жобалық-рефлексивтік жаттығулар. Білім алушылар нақты кәсіби жағдаяттарды шешу арқылы стратегиялық ойлау мен шешім қабылдау қабілеттерін жетілдіреді, топтық жұмыс және презентация жасау дағдыларын меңгереді, және алынған білімді жобалық өнімдерге интеграциялайды.

Осы себепті, болашақ шетел тілі мұғалімдердің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған жаттығулар жүйесі зерттеудің практикалық маңыздылығын айқындап, кәсіби даярлық сапасын жаңа деңгейге көтеруге ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл жүйе білім алушылардың кәсіби коммуникацияны саналы басқару, ақпаратты талдау мен іріктеу, нәтижені бағалау және рефлексия жүргізу дағдыларын кешенді түрде дамытуға мүмкіндік береді. Нәтижесінде болашақ шетел тілі мұғалімдердің кәсіби дискурста тиімді әрекет етуге дайындығы артып, олардың бәсекеге қабілеттілігі күшейеді.

15-ші кестеде болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған жаттығулар жүйесінің құрылымы берілген.

Кесте 15 – Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға арналған жаттығулар жүйесінің құрылымы

Аспекттер мен жаттығулар түрлері	Жаттығулар мазмұны (exercise 1-7)	Негізгі танымдық механизмдер	Күтілетін нәтиже (skills and outcomes)
Салалық аспект Тезаурустық бағыттағы	1. Терминдерді сөз табына талдау. 2. Логикалық-семантикалық карталар. 3. Кейс негізінде глоссарий құру. 4. Кәсіпорын түрлерін классификациялау. 5. Концепт-маппинг (иерархия). 6. Мини-тезаурус (ізденіс). 7. Семантикалық жүйелеу	Идентификациялау, классификация, семантикалық талдау, базалық жүйелеу.	Кәсіби экономикалық лексиканы еркін тану, терминологиялық дәлдік және тезаурус базасын құру.
Концептуалды-аккумулятивті аспект Дискурсивті-интерактивтік	1. Салыстырмалы дискурс-талдау. 2. Мәтінді визуализациялау (Инфографика). 3. Есеп деректерін интерпретациялау. 4. Бухгалтерлік концепт-карта. 5. Рефлексивті аналитикалық есеп. 6. Стратегиялық түзетулер енгізу. 7. Консолидацияланған есеп (синтез).	Интерпретация, когнитивтік талдау, ақпаратты трансформациялау, салыстыру.	Кәсіби мәтін логикасын түсіну, сандық деректерді нарративке айналдыру және дискурс стратегияларын меңгеру.
Креативті аспект Жобалық-рефлексивтік	1. Кейс бойынша кәсіби талқылау. 2. Мини-жоба (Launching a Startup). 3. Презентация және аргументация. 4. Ұжымдық шешім қабылдау (Consensus). 5. Стратегиялық карта (SWOT/Strategy Map). 6. Экономикалық дебаттар. 7. Бизнесті кеңейтудің кешенді жоспары.	Стратегиялық жоспарлау, шешім қабылдау, аргументация, креативті синтез, рефлексия.	Кәсіби жағдаяттарда стратегиялық шешім қабылдау, жобалық өнімді қорғау және метакоммуникативтік стратегияларды іске асыру.

Жүйе салалық, концептуалды-аккумулятивті және креативті аспектілерді камтиды және әр аспект шеңберінде кәсіби-экономикалық мазмұндағы тапсырмалар ұсынылады. Әр аспект бойынша ұсынылған жаттығулардың толық

әдістемелік сипаттамасы, оқу материалдары мен орындау алгоритмдері диссертациялық жұмыстың Д Қосымшасында келтірілген.

Ұсынылған жаттығулар жүйесі болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-экономикалық мазмұндағы материалдармен жұмыс істеу барысында тілдік, когнитивтік және коммуникативтік дағдыларын кешенді түрде дамытуға бағытталған. Жүйе тезаурустық білімнен бастап дискурсивтік талдау мен креативті шешім қабылдауға дейінгі кәсіби әрекеттің негізгі қырларын қамти отырып, метакоммуникативтік құзыреттіліктің қалыптасуын қамтамасыз етеді.

### **Екінші тарау бойынша қорытынды**

Зерттеу жұмысының екінші бөлімінде экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік жүйесі толық негізделді. Жүргізілген теориялық-модельдеу жұмыстарының нәтижелері келесідей тұжырымдалады:

1. Интеграцияланған модельдік негіз: болашақ мұғалімдерді даярлаудың мазмұндық-функционалдық моделі әзірленді. Ол мақсаттық блоктан диагностикалық блокқа дейінгі құрылымдық тұтастықты қамтамасыз ете отырып, білім алушылардың кәсіби-тілдік тұлғасын экономикалық дискурс жағдайында қалыптастыруға бағытталған.

2. Профконцепт пен пәнаралық байланыс: оқытудың мазмұндық өзегі ретінде пәнаралық интеграцияға (тіл, әдістеме және экономикалық мазмұн) негізделген профконцепт ұсынылды. Когнитивті-лингвомәдени кешендер (КЛК) арқылы шетел тілі кәсіби ақпаратты өңдеу мен басқарудың метакұралы ретінде анықталды.

3. Құзыреттілік құрылымы мен сатылы даму: метакоммуникативтік құзыреттілік когнитивті-дискурсті, жобалық-бағдарлық және тезаурусты-аналитикалық субқұзыреттіліктердің үштағаны ретінде сипатталды. Бұл құрылым білім алушының терминологиялық сауаттылықтан бастап, стратегиялық шешім қабылдау мен рефлексияға дейінгі кәсіби даму деңгейлерін айқындауға мүмкіндік берді.

4. Әдістемелік механизм (Жаттығулар мен АКТ): модельді іске асырудың негізгі механизмі ретінде иерархиялық принциппен құрылған жаттығулар жүйесі мен жобалау технологиялары ұсынылды. Google Docs, Miro сияқты цифрлық құралдармен интеграцияланған бұл жүйе білім алушылардың теориялық білімін нақты кәсіби өнімге трансформациялауды қамтамасыз етеді.

Түйіндей келгенде, ұсынылған модель мен әдістемелік кешен болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби коммуникацияны саналы басқару қабілетін дамытып, олардың экономикалық бағыттағы білім беру ортасында бәсекеге қабілетті маман ретінде қалыптасуының теориялық-практикалық іргетасын қалайды.

### **3 ЭКОНОМИКАҒА БАҒДАРЛАНҒАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖОБАЛАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚ ШЕТЕЛ ТІЛІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ МЕТАКОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ТӘЖІРИБЕЛІ-ЭКСПЕРИМЕНТ ЖҰМЫСЫ**

#### **3.1 Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілік деңгейлерін диагностикалық бағалау**

Бұл тарауда экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында жобалау технологиясы арқылы болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға арналған мазмұндық-функционалдық модель мен әдістемелік жүйенің тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы тексерілді. Аталған әдістемелік жүйенің дидактикалық тиімділігі 2017–2018 оқу жылдары аралығында Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің базасында апробациядан өтті.

Экспериментке 3-курс білім алушылары қатысты (жалпы саны – 122 адам): 62 білім алушы – эксперименттік топ (ЭТ), 60 білім алушы – бақылау тобы (БТ). Зерттеу базасы ретінде 3-курстың таңдалуы білім алушылардың «Коммуникативтік мамандандырылған практикум» (КМП) пәнін меңгеруімен және олардың тілдік деңгейінің Еуропалық стандарттың C1 деңгейіне сәйкестігімен негізделеді.

Зерттеу мақсаты: болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған әдістемелік жүйенің тиімділігін тәжірибелік тұрғыда бағалау.

Эксперименттің міндеттері:

- эксперименттік жұмыстың тұрақты және айнымалы параметрлерін айқындау;

- МТ КҚ құрамындағы тезаурусты-аналитикалық, когнитивті-дискурсивті және жобалық-бағдарлық субқұзыреттіліктердің (бұдан әрі – МТКК құрылымдық компоненттері) бастапқы деңгейін анықтау;

- эксперименттік-оқу материалдарын дайындау және олардың 3-курс оқу бағдарламасына сәйкестігін талдау;

- эксперименттің анықтаушы, қалыптастырушы және бақылау кезеңдерін жүйелі жүзеге асыру.

Эксперименттің бақыланатын параметрлері тұрақты және айнымалы болып бөлінді. Тұрақты параметрлерге оқыту мерзімдері, КМП бағдарламасының бірізділігі, академиялық сағаттардың теңдігі және бастапқы тілдік деңгейдің сәйкестігі жатқызылды. Айнымалы параметр ретінде эксперименттік топта оқу үдерісінің авторлық модель негізінде ұйымдастырылуы, ал бақылау тобында дәстүрлі тәсілдердің сақталуы алынды.

Анықтаушы кезеңде білім алушылардың бастапқы деңгейі өлшеніп, 16-кестеде көрсетілген диагностика жүйесі қолданылды. Алынған деректер қалыптастырушы эксперименттің әдістемелік мазмұнын нақтылауға мүмкіндік берді.

16-шы кестеде көрсетілгендей, эксперименттің анықтаушы кезеңінде болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігінің

(МТКҚ) бастапқы деңгейін сараптауға бағытталған үш диагностикалық блок қолданылды.

Кесте 16 – Анықтау кезеңіндегі диагностикалық блоктардың құрылымы мен әдістемелік сипаттамасы

Диагностикалық блок	Мазмұны	Әдістемелік тәсілдер мен формалар	Әдістемелер
Мотивациялық құндылықтық бағдар	Білім алушылардың ағылшын тіліне қызығушылығы және кәсіби шеттілдік қарым-қатынасқа мотивациясы	Сауалнама жүргізу; мотивациялық сауалнама; Р. Ликерт шкаласы; жабық және жартылай ашық сұрақтар; статистикалық өңдеу	А.А. Реан, В.А. Якуниннің «Студенттердің оқу мотивациясын диагностикалау әдістемесі [172].
Метакоммуникативтік құзыреттілікті анықтау	Метакоммуникативтік білім, дағдылар және іскерліктің бастапқы деңгейі	Диагностикалық тестілеу; коммуникативтік тапсырмаларды талдау; бақылау; эксперттік бағалау; деңгейлік шкала	Л. Михельсонның (Ю.З. Гильбух) бейімдеген коммуникативтік дағдыәдістемесі [173].
Рефлексивтік талдау	Білім алушылардың өз метакоммуникативтік мүмкіндіктерін, кәсіби дайындық деңгейін және өзін-өзі дамытуға дайындығын бағалау	Өзін-өзі бағалау сауалнамасы; рейтингілік шкала; контент-талдау	О. С. Анисимовтың Педагогикалық рефлексияның қалыптасу деңгейін анықтау әдістемесі [174]

Әр блоктың атауы оның негізгі функционалдық міндетін айқындайды және диагностикалық мақсаттарды жүйелі жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Бірінші диагностикалық блок - мотивациялық-құндылықтық бағдар. Бұл блок білім алушылардың ағылшын тіліне, кәсіби қарым-қатынасқа және метакоммуникативтік әрекетке қызығушылығын, сондай-ақ олардың құндылықтық бағдарларын бағалауға бағытталған. Әдістемелік құралдар ретінде Р. Ликерт шкаласына негізделген сауалнамалар, жабық және жартылай ашық сұрақтар қолданылып, алынған нәтижелер статистикалық өңдеуден өткізілді. Зерттеудің әдістемелік негізі ретінде А.А. Реан және В.А. Якуниннің оқу мотивациясын диагностикалау әдістемесі [172] пайдаланылды. Диагностика қорытындысы білім алушылардың шеттілдік коммуникацияға мотивациясы мен метакоммуникативтік іс-әрекетке психологиялық дайындық деңгейін анықтауға мүмкіндік берді. Екінші диагностикалық блок - МТКҚ деңгейін айқындау. Бұл блок білім алушылардың кәсіби-метакоммуникативтік білімін, іскерлігін және дағдыларын (қарым-қатынасты ұйымдастыру, реттеу, интерпретациялау және кері байланыс орнату) бағалауды көздейді. Диагностикалық кешенге тестілеу, коммуникативтік тапсырмаларды талдау, жүйелі бақылау және эксперттік бағалау әдістері енгізілді. Әдістемелік негіз ретінде Л. Михельсонның

коммуникативтік дағдыларды диагностикалау әдістемесі (Ю.З. Гильбух бейімдеген) [173] қолданылды. Алынған деректер білім алушылардың кәсіби функцияларды орындау қабілетін объективті бағалауға және авторлық әдістемелік жүйенің мазмұнын нақтылауға негіз болды.

Үшінші диагностикалық блок - рефлексивтік-бағалау блогы. Бұл блок білім алушылардың өз мүмкіндіктерін, кәсіби дайындық деңгейін және өзін-өзі дамытуға қабілетін рефлексивтік тұрғыда зерделеуге арналған. Әдістемелік тәсілдер ретінде өзін-өзі бағалау сауалнамасы, рейтингілік шкала және контент-талдау пайдаланылды. Зерттеу барысында О.С. Анисимовтың педагогикалық рефлексияның қалыптасу деңгейін анықтау әдістемесі [174] басшылыққа алынды. Нәтижесінде білім алушылардың кәсіби даму бағытында өз әрекеттерін талдау және өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылыс деңгейі бағаланды.

Диагностикалық құралдар кешені болашақ шетел тілі мұғалімдерінің МТКҚ бастапқы деңгейін жан-жақты зерделеуге жағдай жасады. Құзыреттіліктің қалыптасу деңгейі оның тезаурусты-аналитикалық, когнитивті-дискурсивті және жобалық-бағдарлық құрылымдық компоненттері (МТКҚ құрылымдық компоненттері) тұрғысынан талданды. Бұл компоненттерді бағалау мотивациялық-интегративті, контентті-технологиялық және сыни-ойлау критерийлері негізінде жүзеге асырылып, зерттеудің эмпирикалық базасын құрады. 17-ші кестеде болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігінің (МТКҚ) қалыптасу деңгейлері оның құрылымдық компоненттері мен бағалау критерийлері негізінде жүйеленген.

Кесте 17 – Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасу деңгейлері және балл шкаласы

Диагностик алық блок	МТКҚ субқұзыреттіліктер	Критерий	Төмен деңгей 0-50 балл	Орташа деңгей 51-70 балл	Жоғары деңгей 71-100 балл
1	2	3	4	5	6
Мотивациялық құндылықтық бағдар	Тезаурусты-аналитикалық	Мотивациялық-интегративті	Кәсіби терминологияға қызығушылығы төмен, рефлексиясы әлсіз.	Терминдер мен концепттерді меңгеруге тұрақты ынта танытады.	Аналитикалық рефлексия жасап, тәжірибесін жүйелеуге ұмтылады.
		Контентті-технологиялық	Ұғымдар мен терминдерді ішінара, фрагментарлы біледі.	Кәсіби ұғымдарды жүйелі меңгереді.	Терминологияны аналитикалық жұмыстарда кешенді қолданады.
		Сыни ойлау	Өз білімін бағалау және саралау дағдылары қалыптаспаған	Когнитивтік стратегияларды іс-әрекетте пайдаланады	Дискурсивтік дағдыларды кешенді қолданып, сыни рефлексия жасайды

## 17- кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
Метакоммуникативтік құзыреттілікті анықтау	Когнитивті - дискурсивті	Мотивациялық-интегративті	Шегтідік қарым-қатынасқа ынтасы төмен, бағдары әлсіз..	Диалогқа белсенді түседі, өз ойын дәлелдеуге тырысады.	Жоғары мотивация танытып, мәтінді кәсіби тұрғыдан талдайды
		Контентті-технологиялық	Негізгі дискурсивтік ұғымдарды ғана біледі.	Ұғымдарды өзара логикалық байланыста түсінеді.	Білімін тиімді қолданып, мәтінді аналитикалық өңдейді
		Сыни ойлау	Өз қарым-қатынас әрекетіне рефлексия жасамайды.	Когнитивтік стратегиялар арқылы дискурсты басқарады.	Тәуелсіз рефлексия жасап, кәсіби жағдаяттарды сыни бағалайды.
Рефлексивтік талдау	Жобалық-бағдарлық	Мотивациялық-интегративті	Жобалық іс-әрекетке қызығушылығы төмен.	Жобалық жұмыстарға белсенді қатысады.	Жобалық шешімдерді интеграциялап, мақсатқа бағыттайды.
		Контентті-технологиялық	Кәсіби-жобалық терминдерді шектеулі қолданады.	Терминдерді кәсіби контексте сенімді пайдаланады.	Жобалық терминологияны жүйелі әрі кешенді қолданады.
		Сыни ойлау	Жоспарлау және өзін-өзі бақылау дағдылары жеткіліксіз.	Жоба барысын бақылап, нәтижені объективті тексереді.	Топтық жұмысты ұйымдастырып, нәтижеге сыни сараптама жасайды.

МТКҚ-ның қалыптасуын диагностикалау тезаурусты-аналитикалық, когнитивті-дискурсивті және жобалық-бағдарлық субқұзыреттіліктер (МТКҚ құрылымдық компоненттері) кесіндісінде жүзеге асырылды.

МТКҚ құрылымдық компоненттері мотивациялық-интегративті, контентті-технологиялық және сыни-ойлау критерийлері арқылы жан-жақты бағаланып, нәтижелері 100 балдық шкала бойынша келесі үш деңгейге жіктелді:

Төмен деңгей (0–50 балл) – құзыреттіліктің фрагментарлы, жүйесіз көрінісі; кәсіби терминологияны қолданудағы қателіктер мен рефлексияның әлсіздігімен сипатталады.

Орташа деңгей (51–70 балл) – кәсіби ұғымдарды қолданудағы тұрақтылық пен аналитикалық дағдылардың қалыптасуы; когнитивтік стратегияларды іс-әрекетте мақсатты пайдаланумен ерекшеленеді.

Жоғары деңгей (71–100 балл) – МТКҚ-ның кәсіби әрекеттегі аналитикалық, дискурсивтік және рефлексивтік тұрғыдан толық меңгерілуі; жобалық шешімдерді интеграциялау қабілетінің жоғарылығымен көрінеді.

Ұсынылған бұл бағалау матрицасы білім алушылардың метакоммуникативтік дайындығын сандық және сапалық тұрғыдан объективті өлшеуге мүмкіндік береді. Зерттеу барысында МТКҚ компоненттері мен диагностикалық блоктардың өзара сабақтастығы сақталып, бағалау

индикаторлары білім алушының кәсіби қалыптасу логикасына (мотивация -білім - әрекет) сәйкес реттелді. Осы бағалау шкаласына сәйкес жүргізілген анықтаушы эксперименттің бастапқы нәтижелері 18-ші кестеде жинақталып көрсетілген.

Кесте 18 – МТКҚ субқұзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейлері (бастапқы көрсеткіш)

Субқұзыреттіліктер	Топтар	Төмен деңгей	Орташа деңгей	Жоғары деңгей
		(0-50 б)	(51-70 б)	(71-100 б)
Тезаурусты-аналитикалық	ЭТ(62)	69,4 %	22,6 %	8,0 %
	БТ (60)	68,3 %	21,7 %	10,0 %
Когнитивті-дискурсивті	ЭТ(62)	65,0 %	25,8 %	9,2 %
	БТ (60)	63,3 %	26,7 %	10,0 %
Жобалық-бағдарлық	ЭТ(62)	67,7 %	24,2 %	8,1 %
	БТ (60)	66,7 %	23,3 %	10,0%

Анықтаушы эксперимент нәтижелері эксперименттік (ЭТ) және бақылау (БТ) топтарындағы білім алушылардың метакоммуникативтік құзыреттілігінің бастапқы деңгейлері арасында айтарлықтай айырмашылықтың жоқ екенін көрсетті.

Екі топта да білім алушылардың басым бөлігі барлық субқұзыреттіліктер бойынша төмен деңгейді көрсетті (63,3 %-дан 69,4 %-ға дейін). Бұл болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру жүйесінде белгілі бір олқылықтардың бар екенін және аталған субқұзыреттіліктерді мақсатты әрі кешенді түрде дамыту қажеттігін айқындайды.

Талдау нәтижелері бойынша тезаурусты-аналитикалық субқұзыреттілікте төмен деңгейдің ең жоғары көрсеткіші тіркелді (ЭТ – 69,4 %, БТ – 68,3 %). Бұл білім алушылардың кәсіби экономикалық терминологияны меңгеру және аналитикалық дағдыларды қолдану деңгейінің жеткіліксіздігін көрсетеді.

Когнитивті-дискурсивті және жобалық-бағдарлық субқұзыреттіліктер бойынша да ұқсас нәтижелер анықталып, білім алушылардың кәсіби мәтіндерді интерпретациялау мен жобалық әрекетті ұйымдастыруға функционалдық дайындығының төмен екені байқалды.

Алынған эмпирикалық мәліметтер зерттеудің қалыптастырушы кезеңінде ұсынылған әдістемелік жүйені енгізудің өзектілігі мен қажеттілігін дәлелдейді.

19-шы кестеде ұсынылған диагностикалық тапсырмалар кешені білім алушылардың метакоммуникативтік құзыреттілігін (МТКҚ) сапалық және сандық тұрғыдан бағалауға бағытталған. Әрбір тапсырма МТКҚ-ның құрылымдық компоненттері болып табылатын тезаурусты-аналитикалық,

когнитивті-дискурсивті және жобалық-бағдарлық субқұзыреттіліктердің қалыптасу ерекшеліктерін ескере отырып әзірленді.

Кесте 19 – Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін бағалау кестесі

МТКҚ Субқұзыреттілік тер	Критерий	Диагностикалық тапсырмалардың мазмұны	Өлшем бірлігі	Балл
Тезаурусты- аналитикалық	мотивациялық- интегративті	Аналитикалық мотивациялық тапсырма: кәсіби концепттерді анықтау және талдаудың рөлін бағалау (Қосымша В)	3 тапсырма 1-35 б 2-30 б 3-35 б	100
	контентті- технологиялық	Кәсіби мәтінге аналитикалық қысқаша мазмұндама (Analytical Summary Task)	1 тапсырма –	100
	Сыни ойлау	Кәсіби өзін-өзі бағалау эссесі (150–200 сөз)	1 тапсырма	100
Когнитивті- дискурсивті	мотивациялық- интегративті	Кәсіби тақырыптар бойынша пікірталас сұрақтары (Қосымша Г)	3 тапсырма 1 - 30 б 2 - 35 б 3 -35 б	100
	контентті- технологиялық	Кәсіби коммуникациядағы терминологияның рөлі туралы эссе	1 тапсырма	100
	Сыни ойлау	Интерактивті квиз: терминдер, талдау, қысқа жауап	3 тапсырма 1-30 б 2-35 б 3-35 б	100
Жобалық - бағдарлық	мотивациялық- интегративті	Жобаны таныстыру және қорғау (Project Presentation)	1 тапсырма	100
	контентті- технологиялық	Шағын кәсіби жоба (Mini-project)	1 тапсырма	100
	Сыни ойлау	Жобалық-аналитикалық тапсырма (Қосымша Д)	4 тапсырма 1 - 20 б 2 - 20 б 3 - 30 б 4 - 30 б	100

Тезаурусты-аналитикалық субқұзыреттілік бойынша «Analytical Summary Task» нәтижелері білім алушылардың кәсіби мәтіннен негізгі ақпаратты іріктеу және оны жинақтап ұсыну барысында лингвистикалық қиындықтарға тап болатынын көрсетті. Ал «Professional Self-Assessment Essay» тапсырмасы олардың рефлексиялық қабілетінің жеткілікті деңгейде қалыптаспағанын айқындады.

Когнитивті-дискурсивті субқұзыреттілікке байланысты диагностика нәтижелері білім алушылардың кәсіби қарым-қатынас жағдайларында қиындықтарға тап болатынын көрсетті. Сауалнама деректері олардың шетел тілінің кәсіби маңызын түсінгенімен, эссе жазу және кәсіби терминдерді қолдану барысында сенімсіздік танытатынын айқындады.

Жобалық-бағдарлық субқұзыреттілік аясында «Project Presentation» және «Mini-project» тапсырмаларын орындау барысында білім алушылардың жобалық іс-әрекетке қызығушылығы жоғары болғанымен, оны ағылшын тілінде рәсімдеу дағдыларының жеткіліксіз екені байқалды. «Project-Based Analytical Task» нәтижелері кәсіби мәселелерді жобалау және сыни талдау дағдыларының бастапқы қалыптасу деңгейінде екенін растады.

Диагностикалық кезеңнің жалпы нәтижелері білім алушылардың кәсіби коммуникация барысында психологиялық және лингвистикалық кедергілерге жиі ұшырайтынын көрсетті. Бұл болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлау үдерісіне Project-Based Learning (PBL) және CLIL технологияларына негізделген авторлық әдістемелік жүйені енгізудің қажеттілігін дәлелдейді.

Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби коммуникативтік дайындық деңгейін және МТКҚ қалыптастыруға қызығушылығын анықтау мақсатында арнайы мотивациялық және өзін-өзі бағалау сауалнамасы жүргізілді.

Сауалнама нәтижелері білім алушылардың өз оқу жетістіктері мен кәсіби мүмкіндіктерін бағалауда салыстырмалы түрде объективті көзқарас танытатынын көрсетті.

20-шы кестеде ұсынылған сауалнама нәтижелері болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-метакоммуникативтік бағдар деңгейін анықтауға бағытталған.

Кесте 20 – Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-метакоммуникативтік бағдарын анықтау сауалнамасының нәтижелері (%)

Survey Block	Survey Questions	Positive	Neutral	Negative
1	2	3	4	5
Motivational orientation	1.How important is it for you to study a foreign language to develop professional communication? Кәсіби қарым-қатынас дамыту үшін шет тілін оқусіз үшін қаншалықты маңызды?	20	7	73
	2.Are you willing to use English to establish professional connections? Кәсіби байланыс орнату үшін ағылшын тілін қолдануға дайынсыз ба?	18	6	76
	3.Do you consider learning a foreign language necessary for your future professional career? Болашақ кәсіби мансабыңыз үшін шет тілін үйрену қажет деп санайсыз ба?	19	6	75

## 20- кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
Creative and analytical Motivation	4. Are you able to write a short professional essay or report in English? Ағылшын тілінде қысқа кәсіби эссе немесе есеп жазуға қабілетіңіз бар ма?	21	7	72
	5. Are you motivated to analyze professional texts and identify main ideas? Кәсіби мәтіндерді талдап, негізгі ойларды анықтауға ынталысыз ба?	19	6	75
	6. Are you willing to use new professional terms in your own ideas? Өз ойларыңызда жаңа кәсіби терминдерді қолдануға дайынсыз ба?	20	6	74
Value orientation	7. Do you consider mastering English important for your professional achievements? Ағылшын тілін меңгеру кәсіби жетістігіңіз үшін маңызды деп санайсыз ба?	19	7	74
	8. Do you strive to meet international professional standards through learning English? Ағылшын тілін үйрену арқылы халықаралық кәсіби стандарттарға сай болуға ұмтыласыз ба?	20	6	74
	9. Are you ready to incorporate English into your daily professional practice? Ағылшын тілін күнделікті кәсіби тәжірибеңізге енгізуге дайынсыз ба?	18	7	75

Сауалнама нәтижелерін талдау респонденттердің басым бөлігінде шет тілін кәсіби қарым-қатынас құралы ретінде қолдануға қатысты мотивация деңгейінің төмен екенін көрсетті. Көптеген көрсеткіштер бойынша теріс жауаптардың үлесі басым болып (72–76%), білім алушылардың ағылшын тілін кәсіби ортада қолдануға толық дайын еместігі анықталды.

Сонымен қатар, респонденттердің көпшілігі шет тілін кәсіби даму үшін маңызды деп есептегенімен (74–75%), оны нақты кәсіби практикада қолдануға келгенде сенімсіздік танытады. Бұл теориялық білім мен практикалық дағды арасындағы алшақтықтың бар екенін көрсетеді.

Ең төмен көрсеткіштер кәсіби эссе жазу қабілеті (72%) және кәсіби терминдерді қолдану (74%) бойынша тіркелді. Бұл тезаурустық-аналитикалық және когнитивтік-дискурсивтік компоненттердің жеткілікті деңгейде қалыптаспағанын дәлелдейді. (Қосымша Е).

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер білім алушылардың шет тілін оқуға деген мотивациясы болғанымен, метакоммуникативтік дағдылардың (аналитикалық, рефлексивтік және дискурсивтік) толық қалыптаспағанын көрсетеді. Бұл жағдай эксперименттің қалыптастырушы кезеңінде ұсынылған әдістемелік жүйені енгізудің қажеттілігін негіздейді.

Алынған сандық деректерді өңдеу үшін математикалық статистика әдісі қолданылды. Бұл әдіс әрбір білім алушының жеке нәтижесін топтық орташа көрсеткішпен салыстыруға және эксперименттік (ЭТ) пен бақылау (БТ) топтарының даму динамикасын объективті бағалауға мүмкіндік берді (Сур. 12).

$$P = \frac{\sum n}{N \times 100} \times 100\%$$

Сурет 12 – Білім алушылардың метакоммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін есептеу формуласы

$P$  – құзыреттіліктің қалыптасу деңгейінің пайыздық көрсеткіші %

$\sum n$  – респонденттердің жинаған нақты балдарының жалпы қосындысы

$N$  – экспериментке қатысқан респонденттер (білім алушылар) саны

100 – әр тапсырма бойынша жинауға болатын ең жоғарғы балл

Жүргізілген диагностикалық талдау нәтижелері болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігінің мотивациялық, аналитикалық және құндылық компоненттері бойынша жеткілікті деңгейде қалыптаспағанын көрсетті. Сондықтан зерттеудің келесі кезеңінде эксперименттік (ЭТ) және бақылау (БТ) топтарының бастапқы деңгейлері әр компонент бойынша жеке-жеке салыстырмалы түрде талданды. Бұл ұсынылып отырған әдістемелік жүйенің тиімділігін объективті бағалауға жағдай жасады.

Математикалық статистика әдісін қолдану арқылы алынған сандық мәліметтер әрбір білім алушының жеке көрсеткішін топтық орташа мәнмен салыстыруға, сондай-ақ ЭТ және БТ топтарының даму динамикасын нақты бағалауға мүмкіндік берді.

Ұсынылған диагностикалық жұмыстардың нәтижелері болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігінің тезаурусты-аналитикалық, когнитивті-дискурсивті және жобалық-бағдарлық компоненттерінің барлық критерийлер бойынша жеткіліксіз деңгейде қалыптасқанын көрсетті. Алынған деректер жалпы таңдама негізінде анықталғандықтан, келесі кезеңде ЭТ және БТ топтарының бастапқы деңгейлері әр компонент бойынша жеке-жеке сараланды.

Осы мақсатта МТКҚ-ның әрбір құрылымдық бөлігінің қалыптасу көрсеткіштері екі топ бойынша салыстырмалы түрде талданып, олардың арасындағы статистикалық сәйкестік немесе алшақтық нақтыланды. Бұл эмпирикалық негіздеме зерттеудің қалыптастырушы кезеңінде ұсынылып отырған әдістемелік жүйенің тиімділігін объективті бағалауға мүмкіндік берді. Төмендегі 21-ші кестеде эксперименттік (ЭТ) және бақылау (БТ) топтарының білім алушыларының тезаурусты-аналитикалық субқұзыреттілігінің бастапқы қалыптасу деңгейі көрсетілген.

Кесте 21 – Тезаурусты-аналитикалық субқұзыреттілігінің бастапқы қалыптасу деңгейі


Тезаурусты-аналитикалық субқұзыреттіліктер қалыптасу критерийлері	Төмен				Орташа				Жоғары			
	ЭТ		БТ		ЭТ		БТ		ЭТ		БТ	
	Саны	%	Саны	%	Саны	%	Саны	%	Саны	%	Саны	%
Мотивациялық-интегративті	24	38	25	42	31	50	27	44	7	12	8	14
Контентті-технологиялық	27	44	25	42	26	42	30	50	9	14	5	8
Сыни ойлау	32	52	34	56	25	40	20	34	5	8	6	10
Орташа көрсеткіш		45		47		44		43		11		11

Алынған орташа көрсеткіштерге сәйкес, эксперименттік топта (ЭТ) білім алушылардың тезаурусты-аналитикалық субқұзыреттілігінің бастапқы қалыптасу деңгейі келесідей анықталды: төменгі – 45 %, орташа – 44 %, жоғары деңгей – 11 %.

Ал бақылау тобында (БТ) бұл көрсеткіштер сәйкесінше: төменгі – 47 %, орташа – 43 %, жоғары деңгей – 11 % білім алушыға тән екені байқалды. Бұл деректер екі топтың бастапқы деңгейінің шамалас екенін және екеуінде де төменгі деңгейдің басымдығын көрсетеді.

Тезаурусты-аналитикалық субқұзыреттіліктің диагностикасы үшін қолданылған Analytical Summary Task және Professional Self-Assessment Essay тапсырмалары білім алушылардың кәсіби экономикалық терминологияны жүйелі меңгеру деңгейінің жеткіліксіздігін айқындады. Төменгі деңгейдің басым болуы респонденттердің кәсіби мәтіндерді аналитикалық өңдеу, негізгі концепттерді іріктеу, классификациялау және оларды рефлексиялық тұрғыдан бағалау дағдыларының фрагментарлы қалыптасқанын көрсетеді. Атап айтқанда, білім алушылар кәсіби лексиканы танып білгенімен, оны өз бетінше терең аналитикалық синтез жасау үшін қолдануда айтарлықтай қиындықтарға тап болды.

Бақылау тобында тезаурусты-аналитикалық субқұзыреттіліктің бастапқы деңгейінің қалыптасуы бойынша диагностика деректері (білім алушылар санына шаққандағы пайызбен) диаграммада көрсетілген (Сур. 13).



Сурет 13 – ЭТ және БТ білім алушыларының тезаурусты - аналитикалық субқұзыреттілігінің бастапқы деңгейінің диаграммасы

22-ші кестеде эксперименттік (ЭТ) және бақылау (БТ) топтарының білім алушыларының когнитивті-дискурсивті субқұзыреттілігінің бастапқы қалыптасу деңгейі көрсетіледі.

Кесте 22 – Когнитивті-дискурсивті субқұзыреттілігінің бастапқы қалыптасу деңгейі

Когнитивті-дискурсивті субқұзыреттіліктің қалыптасу критерийлері	Төмен				Орташа				Жоғары			
	ЭТ		БТ		ЭТ		БТ		ЭТ		БТ	
	Са ны	%	Са ны	%	Са ны	%	Са ны	%	Са ны	%	Са ны	%
Мотивациялық-интегративті	28	46	23	38	29	46	33	56	5	8	4	6
Контентті-технологиялық	31	50	34	56	24	38	19	32	7	12	7	12
Сыни ойлау	40	65	36	60	18	29	22	36	4	6	2	4
Орташа көрсеткіш		54		51		38		41		9		7


Орташа көрсеткіштерге сәйкес, эксперименттік топтағы білім алушылардың когнитивті-дискурсивті субқұзыреттілігінің бастапқы деңгейі келесідей қалыптасқан: төменгі деңгей – 54%, орташа деңгей – 38%, жоғары

деңгей – 9%. Бақылау тобында сәйкес көрсеткіштер: төмен – 51%, орташа – 41%, жоғары деңгей – 7% екені анықталды.

Когнитивті-дискурсивті субқұзыреттілікті диагностикалау үшін қолданылған Discussion Questions, Interactive Quiz және кәсіби эссе жазу тапсырмалары білім алушылардың кәсіби қарым-қатынас жағдайларындағы функционалдық дайындығының жеткіліксіз екенін көрсетті. Респонденттердің басым бөлігі дискурс барысында өз ойын дәлелдеп жеткізу, кәсіби терминдерді еркін қолдану және коммуникативтік стратегияларды тиімді пайдалану барысында сенімсіздік танытты.

Атап айтқанда, сыни ойлау критерийі бойынша төмен деңгейдің жоғары көрсеткіші (ЭТ – 65%, БТ – 60%) байқалды, бұл білім алушылардың кәсіби ақпаратты сыни тұрғыдан өңдеу және оны дискурсқа айналдыру дағдыларының әлсіздігін көрсетеді. Бұл жағдай болашақ мұғалімдердің ағылшын тіліндегі кәсіби дискурсқа бейімделуін арттыру үшін мақсатты әдістемелік жұмысты қажет ететінін көрсетеді. Бұл нәтижелер білім алушылардың жобалық шешімдерді практикалық тұрғыдан негіздеу дағдыларын одан әрі дамыту қажеттігін көрсетті.

Эксперименттік топтағы білім алушылардың когнитивті-дискурсивті субқұзыреттілігінің бастапқы деңгейінің диагностикасы (пайыздық көрсеткіштер) (Сур.14).



Сурет 14 - ЭТ және БТ білім алушыларының когнитивті-дискурсивті субқұзыреттілігінің бастапқы деңгейінің диаграммасы

23-ші кестеде эксперименттік (ЭТ) және бақылау (БТ) топтарының білім алушыларының жобалық-бағдарлық субқұзыреттілігінің бастапқы қалыптасу деңгейі көрсетілген.


Кесте 23 – Жобалық-бағдарлық субқұзыреттілігінің бастапқы қалыптасу деңгейі

Жобалық-бағдарлық субқұзыреттіліктің қалыптасу критерийлері	Төмен				Орташа				Жоғары			
	ЭТ		БТ		ЭТ		БТ		ЭТ		БТ	
	Са ны	%	Са ны	%	Са ны	%	Са ны	%	Са ны	%	Са ны	%
Мотивациялық Интегративті	20	33	21	34	39	62	37	62	3	5	2	4
Контентті-технологиялық	29	46	24	40	31	50	34	56	2	4	2	4
Сыни ойлау	31	50	29	48	30	48	27	46	1	2	4	6
Орташа көрсеткіш		43		40		53		55		4		5

Орташа көрсеткіштерге сәйкес, эксперименттік топта (ЭТ) жобалық-бағдарлық субқұзыреттіліктің бастапқы қалыптасу деңгейі төмен деңгейде – 43 %, орташа деңгейде – 53 %, жоғары деңгейде – 4 % болды. Бақылау тобында (БТ) төмен деңгей – 40 %, орташа деңгей – 55 %, жоғары деңгей – 5 % көрсеткішті құрады. Бұл екі топтағы бастапқы деңгейлердің өзара шамалас екенін көрсетеді.

Жобалық-бағдарлық субқұзыреттіліктің бастапқы деңгейін анықтауға арналған Project Presentation, Mini-project және Project-Based Analytical Task тапсырмаларын талдау барысында жоғары деңгей көрсеткіштерінің төмен екені анықталды (ЭТ – 4%, БТ – 5%). Бұл нәтиже білім алушылардың жобалау технологиясының әдістемелік алгоритмін толық меңгермегенін және жобалық іс-әрекетті ағылшын тілінде ресімдеудегі тәжірибесінің жеткіліксіздігін растайды.

Білім алушылардың жобаның шығармашылық бөлігіне қызығушылығы жоғары болғанымен, оның аналитикалық және сыни тұрғыдан негізделуі, логикалық құрылымын құру дағдылары бастапқы қалыптасу сатысында екені байқалды. Әсіресе, сыни ойлау критерийі бойынша жоғары деңгей көрсеткішінің төмен болуы (ЭТ – 2%) білім алушылардың өзіндік жобалық шешімдер қабылдаудағы дайындығының әлсіздігін көрсетеді (Сур.15).



Сурет 15 – ЭТ және БТ білім алушыларының жобалық-бағдарлық субқұзыреттілігінің бастапқы деңгейінің диаграммасы (%)

24-ші кестеде эксперименттік (ЭТ) және бақылау (БТ) топтары білім алушыларының метакоммуникативтік құзыреттілігінің МТКҚ қалыптасуының бастапқы деңгейі (%) көрсетілген.


Кесте 24 – Метакоммуникативтік құзыреттіліктің қалыптасуының МТКҚ бастапқы деңгейі

МТКҚ-ның субқұзыреттілікті ері	Төмен		Орташа		Жоғары	
	ЭТ %	БТ %	ЭТ %	БТ%	ЭТ %	БТ %
Тезаурусты-аналитикалық	40	39	54	55	9	9
Когнитивті-дискурсивті	48	47	44	47	11	9
Жобалақ-бағдарлық	57	56	40	40	6	8
Орташа көрсеткіш	47	45	45	47	8	8

Орташа көрсеткіштер бойынша эксперименттік топта МТКҚ қалыптасуының бастапқы деңгейі негізінен төмен (47 %) және орташа (45 %) деңгейлерде анықталды, ал жоғары деңгей көрсеткіші 8 % болды. Бақылау тобында да ұқсас нәтиже байқалды: төмен деңгей – 45 %, орташа деңгей – 47 %, жоғары деңгей – 8 %.

Алынған нәтижелерді талдау МТКҚ құрамындағы субқұзыреттіліктер арасында ең төмен көрсеткіштердің жобалық-бағдарлық субқұзыреттілік бойынша тіркелгенін көрсетті (ЭТ – 57 %, БТ – 56 %). Сонымен қатар, тезаурусты-аналитикалық және когнитивті-дискурсивті субқұзыреттіліктердің қалыптасу деңгейі де негізінен төмен және орташа көрсеткіштер аралығында болды. Бұл деректер болашақ мұғалімдердің экономикалық контекстегі кәсіби коммуникацияға функционалдық дайындығының жеткіліксіздігін, әсіресе кәсіби мәтіндерді талдау және дискурс құру дағдыларының жүйелі қалыптаспағанын көрсетеді.

ЭТ және БТ білім алушыларының МТКҚ қалыптасуының бастапқы көрсеткіштерінің салыстырмалы диаграммасында көрсетіледі (Сур.16).



Сурет 16 – МТКҚ қалыптасуының бастапқы көрсеткіштерінің салыстырмалы диаграммасы

Алынған жиынтық деректерді тереңірек талдау және білім алушылардың кәсіби-тілдік сананың қалыптасу ерекшеліктерін айқындау мақсатында арнайы терминологиялық сауалнама-тест эксперименті жүргізілді (Қосымша Ж). Зерттеу нәтижесінде болашақ шетел тілі мұғалімдерінің экономикалық концепттерді түсіну деңгейі мен оларды шетел тілінде қолдану дағдылары келесідей сипат алды:

Тезаурусты-аналитикалық субқұзыреттілікті нақтылау мақсатында білім алушылардың экономикалық терминдерді меңгеру деңгейін анықтауға арналған сауалнама-тест жүргізілді. Зерттеу барысында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің экономикалық концепттерді түсіну деңгейі, кәсіби-тілдік

санасының қалыптасу ерекшеліктері және оларды шетел тілінде қолдану дағдылары айқындалды.

1. Негізгі экономикалық концепттерді түсіну нәтижелері.

«Нарықтық экономика» ұғымын респонденттердің 62%-ы еркін бәсекеге негізделген жүйе ретінде дұрыс анықтаған. 27,5%-ы оны тек саудамен байланыстырады, 2,5%-ы мемлекет реттейтін экономика деп қабылдайды, ал 7,5%-ы нақты жауап бере алмаған. Бұл деректер ұғымның негізгі мазмұнының басым бөлігіне меңгерілгенімен, бір бөлігінде фрагментарлы түсінік сақталғанын көрсетеді.

«Экономика» ұғымы бойынша респонденттердің 58,5%-ы оны қаржы және ақша жүйесі ретінде, 41,5%-ы өндіріс пен бөлу жүйесі ретінде түсіндіреді. Бұл нәтижелер экономикалық ұғымның көпқырлы сипаты білім алушылар санасында әртүрлі деңгейде қалыптасқанын айқындайды.

«Салық салу» ұғымын 80,5%-ы мемлекетке төлем жасау жүйесі ретінде дұрыс анықтаса, 14,6%-ы оны кәсіпкерлердің міндеті деп түсінеді, ал 4,9%-ы жауап бере алмаған. Бұл ұғымның жалпы мазмұны меңгерілгенімен, жүйелік қыры жеткіліксіз ашылғанын көрсетеді.

«Жеке кәсіпкерлік» ұғымын 90,2%-ы өз ісін жүргізу ретінде дұрыс сипаттаған, 4,9%-ы мемлекеттік ұйым деп қате түсіндірсе, 4,9%-ы жауап бермеген. Бұл аталған концепт бойынша жоғары деңгейдегі түсініктің қалыптасқанын дәлелдейді.

«Бухгалтерлік есеп» ұғымын 95,1%-ы қаржыны тіркеу және есептеу жүйесі ретінде дұрыс көрсеткен, ал 4,9%-ы түсінбейтінін білдірген. Бұл білім алушылардың базалық кәсіби түсінігінің жеткілікті деңгейде қалыптасқанын айқындайды.

«Еңбек нарығы» ұғымын 90,2%-ы жұмыс беруші мен жұмысшы арасындағы қатынас ретінде дұрыс түсіндіреді, 4,9%-ы жалақы жүйесі деп, 2,4%-ы тек жұмыс іздеу деп қабылдайды, 2,4%-ы жауап бере алмаған. Бұл ұғымның негізгі мазмұны меңгерілгенімен, тар мағынада түсіну жағдайлары да кездесетінін көрсетеді.

2. Экономикалық концепттерді қабылдау және қолдану ерекшеліктері.

Экономикалық терминдердің кәсіби маңызына қатысты 48,8% респондент олардың кәсіби дамуға айтарлықтай әсер ететінін атап өткен, 34,1%-ы ішінара ықпал етеді деп бағалаған, 9,8%-ы әсер етпейді деп есептесе, 7,3%-ы жауап беруге қиналған.

Шетел тілінде терминдерді қолдану деңгейі негізінен орташа (58,5%) және жақсы (24,4%) деңгейде шоғырланған, төмен деңгей 9,8%, өте жақсы деңгей 7,3% құрайды. Бұл нәтижелер кәсіби терминологияны шетел тілінде меңгеру әлі де жетілдіруді қажет ететінін көрсетеді.

Концептілер аясында ұсынылған экономикалық терминдер мен ұғымдардың қысқаша тезаурустық сөздіктің тиімділігі бойынша 46,3% респондент оны тиімді деп бағаласа, 46,3%-ы ішінара тиімді деп есептеген, ал 7,3%-ы тиімсіз деп көрсеткен. Бұл оқу үдерісінде тезаурустың маңызды құрал екенін дәлелдейді.

### 3. Ассоциативтік және концептуалдық нәтижелер.

«Ақша» концептіне берілген ассоциациялар қатарында «байлық», «табыс», «еркіндік», «өмір сүру» сияқты жауаптар басым болды. Бұл экономикалық ұғымдардың көбінесе тұрмыстық деңгейде қабылданатынын көрсетеді.

«Экономикалық терминдер» ұғымын 68,3% респондент кәсіби тіл ретінде қабылдайды, 22%-ы күрделі терминдер деп санайды, 4,9%-ы болашақ мамандықпен байланыстырады, 4,9%-ы түсініксіз ұғымдар деп көрсеткен.

Ең түсінікті концепттер ретінде «экономика» (56,1%) және «нарықтық экономика» (41,5%) анықталды. Ал «еңбек нарығы» және «бухгалтерлік есеп» салыстырмалы түрде күрделі концепттер ретінде қабылданған.

Тілді меңгеру көрсеткіштері бойынша респонденттердің 37,5%-ы қазақ тілінде, 37,5%-ы орыс тілінде, 5%-ы ағылшын тілінде, 20%-ы барлық тілде бірдей түсінетінін көрсеткен. Бұл кәсіби терминологияны шетел тілінде қолдану деңгейінің әлі де жеткіліксіз екенін дәлелдейді.

Жалпы нәтижелер болашақ шетел тілі мұғалімдерінің экономикалық концепттерді меңгеру деңгейі орта және жоғары аралықта екенін көрсетеді. Негізгі ұғымдар бойынша дұрыс түсініктің басым болуы олардың базалық кәсіби-тілдік дайындығының қалыптасқанын дәлелдейді.

Алайда, кейбір концепттердің фрагментарлы және тұрмыстық деңгейде қабылдануы білім алушылардың кәсіби-тілдік санасында концептуалдық жүйенің толық қалыптаспағанын көрсетеді. Сонымен қатар, шетел тілінде терминдерді қолдану деңгейінің басым түрде орташа болуы метакоммуникативтік құзыреттілікті мақсатты түрде дамыту қажеттілігін айқындайды. Төмендегі 25-ші кестеде білім алушылардың экономикалық концепттерді меңгеру деңгейі анықталды.


Кесте 25 – Экономикалық концептерді түсіну деңгейі

№	Концепт атауы	Дұрыс түсіну %	Қате түсінік %	Түсінбеген %
1	Нарықтық экономика	62	30	7,5
2	Экономика	41,5	58,5	-
3	Салық салу	80,5	14,6	4,9
4	Жеке кәсіпкерлік	90,2	4,9	4,9
5	Ақша және ақша саясаты	Ассоциативтік талдау		-
6	Жұмыс және еңбек нарығы	90,2	7,3	2,4
7	Бухгалтерлік есеп	95,1	-	4,9

Зерттеу нәтижелері білім алушылардың экономикалық концепттерді меңгеру деңгейі жалпы алғанда орта және жоғары аралықта екенін көрсетті. Негізгі терминдер бойынша дұрыс жауаптардың басымдығы олардың базалық кәсіби-тілдік білімінің қалыптасқанын айқындайды. Дегенмен кейбір концепттерде, әсіресе абстрактілі сипаттағы ұғымдарда, фрагментарлы түсінік сақталған.

«Ақша және ақша саясаты» концепті бойынша ассоциативтік жауаптар оның көбінесе тұрмыстық деңгейде қабылданатынын көрсетеді, бұл ұғымның теориялық мазмұнын тереңдету қажеттігін дәлелдейді.

Төмендегі 17-ші суретте білім алушылардың концепттерді түсіну деңгейі анықталды.



Сурет 17 – Экономикалық концепттерді түсіну деңгейі

26-шы кестеде нәтижелер респонденттердің экономикалық терминдердің кәсіби маңыз ын жоғары бағалайтынын көрсетеді (48,8% және 34,1%). Шетел тілінде терминдерді қолдану деңгейі негізінен орташа (58,5%) және жақсы (24,4%) деңгейде шоғырланған, ал жоғары деңгейдегі көрсеткіштер салыстырмалы түрде төмен.


Кесте 26 – Экономикалық терминдерді меңгеру деңгейінің көрсеткіштері

Көрсеткіш	Нәтиже
Кәсіби дамуға көмектеседі	48,8
Ішінара көмектеседі	34,1
Көмектеспейді	9,8
Жауап беруге қиналды	7,3
Шетел тілінде орташа деңгей	58,5
Жақсы деңгей	24,4
Төмен деңгей	9,8
Өте жақсы деңгей	7,3
Тезаурус көмектеседі	46,3
Ішінара көмектеседі	46,3
Көмектеспейді	7,3

Концептілер аясында ұсынылған экономикалық терминдер мен ұғымдардың қысқаша тезаурустық сөздіктің тиімділігі бойынша пікірлер тең бөлінген: 46,3% – тиімді, 46,3% – ішінара тиімді. Жалпы нәтижелер

экономикалық терминдерді шетел тілінде қолдану дағдыларын жетілдіру қажеттігін көрсетеді.

Жүргізілген терминологиялық сауалнама-тест эксперимент нәтижелері болашақ шетел тілі мұғалімдерінің экономикалық концептілерді меңгеру деңгейі орташа және жоғары аралықта екенін көрсетті. Білім алушылардың практикалық терминдерді жақсы түсінуі (90-95%) базалық кәсіби дайындықтың бар екенін дәлелдейді. Алайда, шетел тілінде терминдерді қолдану деңгейінің басым түрде орташа болуы (58,5%) және ассоциациялардың көбіне тұрмыстық сипатта қалыптасуы кәсіби-тілдік сананың толық жүйеленбегенін аңғартады. Бұл нәтижелер оқу үдерісінде терминологиялық тезаурустарды қолдану арқылы білім алушылардың метакоммуникативтік құзыреттілігін мақсатты түрде арттыру қажеттігін айқындайды (Сур.18).



Сурет 18 – Экономикалық терминдерді меңгеру деңгейінің көрсеткіштері

Ұйымдастырылған диагностикалық жұмыстардың нәтижелері (терминологиялық сауалнама-тест және МТКҚ деңгейін анықтау көрсеткіштері) болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби-тілдік санасының толық жүйеленбегенін және метакоммуникативтік дайындықтың біркелкі төмен екендігін ғылыми тұрғыдан дәлелдеді. Осыған байланысты, анықтаушы кезеңде тіркелген бұл олқылықтарды жою мақсатында, зерттеудің келесі кезеңінде экономикаға бағдарланған оқыту ортасында жобалау технологиясына негізделген авторлық әдістемелік жүйені апробациядан өткізу міндеті қойылды.

### 3.2 Экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін кезеңдеп қалыптастыру әдістемесі

Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұндық-функционалдық моделіне сүйене отырып, осы бөлімде экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында аталған құзыреттілікті

кезең-кезеңімен дамытуға бағытталған әдістеме ұсынылады. Ұсынылған әдістеме өзара сабақтас үш кезеңнен тұрады және олардың әрқайсысы метакоммуникативтік құзыреттіліктің құрылымдық компоненттерін жүйелі дамыту логикасына негізделген. Әдістемені жүзеге асыру келесі кезеңдер арқылы қамтамасыз етіледі:

**Концептуалды-бағдарлаушы кезең**- білім алушылардың бастапқы тілдік және кәсіби білім қорын кеңейтуге бағытталады. Бұл кезеңде негізгі ұғымдар мен экономикалық терминологияны меңгеру, сондай-ақ ұғымдық аппаратты қалыптастыруға басымдық беріледі.

**Ақпараттық-пәндік кезең**- экономикалық мазмұндағы ақпаратты талдау, интерпретациялау және оны кәсіби жағдаяттарда қолдану дағдыларын дамытуды көздейді. Осы кезеңде білім алушылардың кәсіби мәтіндермен жұмыс істеу, ақпаратты жүйелеу және оны коммуникативтік тұрғыда іске асыру қабілеттері жетілдіріледі.

**Рефлексивті-интерактивті кезең**- білім алушылардың метакоммуникативтік әрекетін жетілдіруге, өз іс-әрекетін сыни тұрғыдан талдауға және кәсіби қарым-қатынасты тиімді ұйымдастыруға бағытталады. Бұл кезеңде рефлексия, өзара әрекеттесу және кәсіби дискурсты басқару дағдылары дамытылады.

Экономикаға бағдарланған оқыту жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін жобалық технологиялар негізінде қалыптастыруға бағытталған әдістеменің негізгі дидактикалық бірлігі ретінде «Коммуникативтік мамандандырылған практикум» пәні қарастырылады. Бұл пән шеңберінде кәсіби-бағытталған мазмұн, жобалық тапсырмалар және рефлексивтік әрекет жүйелі түрде енгізіліп, әдістеменің тәжірибелік іске асырылуы қамтамасыз етіледі.

Коммуникативтік мамандандырылған практикум» пәні әдістемені жүзеге асырудың негізгі дидактикалық бірлігі ретінде қарастырылып, оның мазмұны жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік талаптарына сәйкес әзірленді. Ән бағдарламасы болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған кәсіби мазмұн, тілдік және коммуникативтік компоненттердің кіріктірілуіне негізделеді. Пән мақсаты – білім алушылардың кәсіби-бағытталған шеттілдік коммуникация жағдайында метакоммуникативтік әрекетті тиімді ұйымдастыру, реттеу және рефлексиялау қабілеттерін дамыту.

Курстың міндеттері:

- кәсіби-экономикалық терминологияны меңгеру және оны коммуникативтік жағдаяттарда қолдану;
- кәсіби мәтіндерді талдау, интерпретациялау және жүйелеу;
- жобалау технологиялар негізінде кәсіби қарым-қатынасты ұйымдастыру;
- рефлексивтік және сыни ойлау дағдыларын дамыту.

Пән мазмұны кәсіби-концептуалдық негізге сүйене отырып құрылымдалып, оқу материалының логикалық бірзділігі қамтамасыз етілді.

Сонымен қатар, білім алушылардың өзіндік жұмысы (СӨЖ) мен аудиториялық әрекеттері өзара байланыста ұйымдастырылды.

Төменде метакоммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруға арналған «Коммуникативтік мамандандырылған практикум» пәнінің технологиялық картасы ұсынылады. Онда оқу тақырыптары, жұмыс формалары мен әдістері, жобалық технологияларды қолдану ерекшеліктері және коммуникативтік өзара әрекеттесу аясы жүйеленген. 27-ші кестеде пәннің технологиялық картасы жобалық оқыту технологиясына негізделіп, болашақ шетел тілі мұғалімдерінің тезаурусты-аналитикалық, когнитивті-дискурсивті және жобалық-бағдарлық субқұзыреттерін кешенді қалыптастыруға бағытталған.

Кесте 27 – «Коммуникативтік мамандандырылған практикум» пәнінің технологиялық картасы.

Пән: коммуникативтік мамандандырылған практикум Жетекші технология: жобалық оқыту технологиясы Қалыптасатын субқұзыреттіліктер: тезаурусты-аналитикалық, когнитивті-дискурсивті, жобалық-бағдарлық				
Тақырып атауы	Оқу материалының мазмұны	Әдістер мен жұмыс формалары	Жобалау технологияға негізделген тапсырмалар	СӨЖ
Management (Басқару)	«Management» тақырыбы келесі бөлімдер арқылы ашылады: корпоративтік мәдениет, персоналды басқару. Кәсіби лексика, басқару дискурсы, HR-коммуникация.	Топтық пікірталас, дөңгелек үстел, рөлдік ойындар, кәсіби мәтіндерді сыни талдау, концепт-карта құру, кейс-талдау, рефлексия.	Мини-жоба «Компанияның корпоративтік мәдениетін қалыптастыру»: компанияны таңдау, корпоративтік мәдениетті талдау, визуалды карта жасау және қорғау. Рөлдік ойын: қызметкерлер арасындағы кәсіби диалогты модельдеу.	Кәсіби мәтінді талдау; терминологиялық глоссарий құрастыру; рефлексивтік эссе жазу.
2. Financial culture (Қаржылық мәдениет)	«Finance» тақырыбы: қаржылық мәдениет, ақша жүйесі, қаржылық заңнама. Қаржылық сауаттылық және экономикалық дискурс.	Рөлдік ойындар, кейс-талдау, пікірталас, жазбаша жұмыстар (эссе, есеп), бірлескен зерттеу жобалары, презентациялар.	Жоба «Білім беру контекстіндегі қаржылық сауаттылық»: мектеп бағдарламасына енгізу жоспарын әзірлеу. Топтық жоба «Қаржы директорымен сұхбат»: сұхбат дайындау, талдау және қорытынды жасау.	Қаржылық терминдер бойынша глоссарий; инфографика әзірлеу; тақырып бойынша презентация дайындау.
Business trends (Бизнес трендтер)	«Entrepreneurship» тақырыбы: бизнес саясат, бизнес трендтер, инвестициялар. Кәсіби бизнес-дискурс және шешім қабылдау ерекшеліктері.	Контекстік оқыту, бизнес-кейстер, топтық талқылау, өзара бағалау (peer-review), визуализация (кесте, диаграмма, карта).	Мини-жоба «Қазіргі бизнес трендтері»: зерттеу, талдау және топтық презентация. Жобалық тапсырма «Инвестициялар және компания стратегиясы»: компанияны талдау және ұсыныс әзірлеу.	Компанияға аналитикалық талдау жасау; инвестициялық ұсыныс дайындау; кәсіби эссе жазу.

Әрбір тақырыптық блок кәсіби-бағытталған мазмұнды, интерактивті әдістерді, жобалық тапсырмаларды және білім алушылардың өзіндік жұмысын (СӨЖ) біріктіреді.

Ұсынылып отырған кезеңдік әдістеме болашақ мұғалімдердің метакоммуникативтік құзыреттілігін жүйелі, мақсатты және бірізді түрде қалыптастыруға мүмкіндік береді. Зерттеу аясында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби тілдік қорын дамыту мақсатында авторлық тезаурус-сөздік әзірленді. Бұл тезаурус экономикалық терминдерді қамтып, білім алушылардың метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған. Тезаурусты қолдану білім алушылардың кәсіби терминологияны меңгеруіне, ақпаратты жүйеленуіне және кәсіби мәтіндерді талдауына және оларды кәсіби контексте қолдануына ықпал етеді. Әзірленген авторлық тезаурус білім алушылардың метакоммуникативтік құзыреттілігін кезең-кезеңімен дамытуға арналған тиімді дидактикалық құрал болып табылады. Бұл тезаурус зерттеудің практикалық нәтижесі ретінде қосымша материал түрінде ұсынылып, экономикаға бағдарланған сыныптарда болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби даярлығын жетілдіруге бағытталған. Оқу процесінде тезаурусты пайдалану кәсіби тілдік қорды тереңдетуге, терминдерді саналы түрде меңгеруге және оқу барысында кәсіби әрі коммуникативтік әрекетті тиімді жүзеге асыруға қамтамасыз етеді. 28-ші кестеде «Коммуникативтік мамандандырылған практикум» пәні аясында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың кезеңдік әдістемесі көрсетілген.

Кесте 28 – Пән аясында метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың кезеңдік әдістемесі

Қалыптасу кезеңдері	Тақырыптар	Субқұзыреттіліктер	Ресурстар / технологиялар	Күтілетін нәтиже
Концептуалды бағдарлаушы кезең	Кәсіби терминология және экономикалық тезаурус(5 сағат)	Тезаурус-аналитикалық	Авторлық экономикалық тезаурус-сөздік, кәсіби мәтіндер, терминологиялық жаттығулар, мини-жобаға дайындық тапсырмалары	Білім алушылар кәсіби терминдерді анықтайды, жүйелейді, мағыналық топтарға жіктейді және оларды аналитикалық тапсырмаларда қолданады
Ақпараттық-пәндік кезең	Кәсіби дискурс және жағдаяттық талдау (5 сағат)	Когнитивті-дискурсивті	Экономикалық контекстегі дискурс-талдау, case-study, кәсіби жағдаяттарды модельдеу, жоба жоспарын әзірлеу	Білім алушылар кәсіби мәтіндерді талдайды, интерпретация жасайды, аргументтерді анықтап, шетілдік кәсіби дискурсты құрастырады
Рефлексивті-интерактивті кезең	Жобалық кәсіби коммуникация (5 сағат)	Жобалық-бағдарлық	Жобалық оқыту(Project-oriented learning), авторлық мини-жобалар, рефлексивті бағалау	Білім алушылар жобаны жоспарлайды, жүзеге асырады, нәтижесін дәлелдейді, альтернативті шешімдерді салыстырады және рефлексия жасайды

Ұсынылған әдістеме үш кезең арқылы жүзеге асырылады. Оның негізгі дидактикалық құралдары ретінде авторлық тезаурус-сөздік және жобалық технологиялар жүйесі пайдаланылады.

**I кезең. Концептуалды-бағдарлаушы кезең: тезаурусты-аналитикалық субқұзыреттілік.** Тақырып 1. Кәсіби терминология және экономикалық тезаурус (5 сағат).

Мақсаты: кәсіби терминологиялық қорды меңгеру, терминдерді жүйелеу, салыстыру және классификациялау дағдыларын дамыту.

Қолдану: білім алушылар экономикалық мәтіндер мен бейнематериалдарды талдау барысында концептілер аясында ұсынылған экономикалық терминдер мен ұғымдардың қысқаша тезаурустық сөздігін қолдана отырып, терминдерді тиімді тауып, оларды сөйлеу және жазба тілде дұрыс қолдана алады.

Тапсырмалармен байланысы:

1-тапсырма: тезаурус/глоссарийді белсендіру (thesaurus/glossary activation).

2-тапсырма: семантикалық топтастыру (semantic grouping).

3-тапсырма: мәтін алдындағы терминологиялық талдау (pre-reading vocabulary matching).

4-тапсырма: бейнематериал негізіндегі мәнмәтіндік талдау (video-based contextual analysis).

5-тапсырма: сөзжасам және трансформация (word formation).

**1-тапсырма. Тезаурус/глоссарийді белсендіру (thesaurus/glossary activation).**

Нұсқаулық: төменде берілген 50 экономикалық терминді өзіңіздің жеке кәсіби тезаурусыңызға енгізіңіз. Әрбір терминнің ағылшын, қазақ және орыс тілдеріндегі баламаларын сәйкестендіріңіз (Қосымша II). Үлгі: Income tax – қазақша «табыс салығы», орысша «подходный налог».

Күтілетін нәтиже: білім алушылар негізгі экономикалық терминдерді меңгереді және оларды жүйелейді. 29-ші кестеде экономикалық терминдердің үштілді сәйкестендіруі көрсетілген.

Кесте 29 – Тапсырма үлгісі

English term	Қазақша аудармасы	Орысша аудармасы	Ескертпелер / қолдану контексті
Incometax	табыс салығы	подходный налог	personal income tax, the basis of general government revenue
Value-added tax (VAT)			
Corporate income tax			
Excise duty			
Property tax			
Customs duty			

## 2- тапсырма. Семантикалық топтастыру (semantic grouping).

Нұсқаулық: меңгерілген терминдерді тақырыптық топтарға (мысалы: салықтар, ақша, жұмыспен қамту) жіктеңіз. Терминдер арасындағы мағыналық байланысты көрсету үшін сызба (кластер) құрастырыңыз.

Мысалы: Салықтар (Taxes) → Табыс салығы (Income tax) → Салықтан босату (Exemption from taxes).

Ақша (Money) → Ұлттық валюта (National currency) → Инфляцияны бақылау (Inflation control)

Күтілетін нәтиже: білім алушылар терминдер арасындағы мағыналық байланысты анықтап, жүйелеу дағдыларын дамытады.

**You are going to study information about the types of tax. Study these terms before reading. (Кесте 30).**

Кесте 30 – Тапсырма үлгісі

Tax	a) Value-added tax	b) Tax	c) Income
Income tax	a) Income tax	b) Property tax	c) Corporate tax
Corporate income tax	a) Tax on profits	b) Taxpayer	c) Additional tax
Value-added tax (VAT)	a) Value-added tax	b) Tax evasion	c) Net income
Tax evader	a) Taxpayer	b) Person avoiding paying taxes	c) Additional tax
Deduction	a) Amount subtracted from taxable income	b) Income tax	c) Property tax
Exemption	a) Tax exemption	b) Value-added tax	c) Salary tax
Progressive tax	a) Progressive tax	b) Symbolic tax	c) Individual tax
Payroll tax	a) Tax on salaries	b) Tax on profits	c) Value-added tax
Sales tax	a) Sales tax	b) Income tax	c) Additional tax

Бұл кезеңде білім алушылардың кәсіби сөздік қорын қалыптастыру, терминологиялық дағдыларын жетілдіру және экономикалық салаға қатысты негізгі ұғымдарды меңгеру көзделеді. Білім алушылар экономикалық терминдерді авторлық тезаурусқа енгізіп, олардың ағылшын, қазақ және орыс тілдеріндегі балаламаларын сәйкестендіреді. Тапсырма орындау барысында білім алушылар авторлық тезаурус пен сөздік кестелерін пайдаланып, экономикалық және кәсіби терминдерді жүйелі түрде меңгерді. Мысал ретінде келесі терминдер қарастырылды. “Tax”, “Income tax”, “Corporate income tax”, “Value-added tax (VAT)”, “Tax evader”, “Deduction”, “Exemption”, “Progressive tax”, “Payroll tax”, “Sales tax

**3-тапсырма. Мәтін алдындағы терминологиялық талдау (pre-reading vocabulary matching).**

Нұсқаулық: «The Tax System and Its Role in the Economy» мәтінін оқымас бұрын, терминдерді олардың анықтамаларымен сәйкестендіріңіз. Бұл терминдердің контекстегі мағынасын түсінуге көмектеседі.

Сәйкестендіру тапсырмасы:

1. Tax evader — a) Салық төлеуші; b) Салық төлеуден қашатын тұлға; c) Қосымша салық.

2. Deduction — a) Салық салынатын табыстан шегерілетін сома; b) Табыс салығы; c) Мүлік салығы.

3. Exemption — a) Салықтан босату; b) Салық мөлшерлемесі; c) Жалақы салығы. Күтілетін нәтиже: білім алушылар мәтін мазмұнын түсінуге қажетті терминологиялық база қалыптастырады.

**Pre-reading/vocabulary matching: мәтінді оқымас бұрын терминдерді анықтамаларымен сәйкестендіру (мысалы: tax evader – person avoiding paying taxes) (Сур.19).**



Сурет 19 – Оқуға арналған мәтін мысалы

Text-based thesaurus work: «The Tax System and Its Role in the Economy» мәтінінен кілт сөздерді тауып, талдау. Read the text “The Tax System and Its Role in the Economy”. Find the key terms in the text for thesaurus work: tax system, direct taxes, indirect taxes, income tax, property tax, value, added tax, (VAT) tax rate, tax burden, tax control, tax evasion (Сур.20).

**The Tax System and Its Role in the Economy**

The tax system plays a crucial role in the functioning of any modern state. It provides the government with financial resources necessary to maintain public services, support social programs, and ensure economic stability. Taxes can be divided into direct taxes and indirect taxes, depending on how and from whom they are collected.

Income tax and property tax are examples of direct taxes, as they are paid directly by individuals and organizations based on their income or assets. These taxes are usually calculated according to a specific tax rate, which may vary depending on income level or government policy. In many countries, direct taxes are designed to be progressive in order to reduce social inequality and distribute the tax burden more fairly among citizens.

On the other hand, value added tax (VAT) is a common form of indirect tax. It is included in the price of goods and services and is paid by consumers when they make purchases. Although indirect taxes are easier to collect, they often place a heavier burden on low-income groups, as everyone pays the same rate regardless of income.

The process of taxation includes not only collecting taxes but also ensuring effective tax control. Government authorities monitor whether taxpayers calculate and pay taxes correctly and on time. Failure to comply with tax laws may result in penalties and legal responsibility for tax evasion, which negatively affects both the state budget and economic development.

At the same time, governments may offer various tax benefits or exemptions to support small businesses, encourage investment, or promote social welfare. A well-balanced tax system should combine fair taxation, efficient control, and reasonable benefits in order to support sustainable economic growth and social stability.

Сурет 20 – Оқуға арналған мәтін мысалы

Мәтін экономикадағы салық жүйесінің рөлін сипаттайды. Негізгі идеялары: салықтардың мемлекет бюджетін қалыптастырудағы маңызы, экономикалық тұрақтылыққа әсері және түрлі салық түрлері. Бұл мәтін тезаурус жұмысына арналған, себебі ол экономикалық терминологияны қолдануға мүмкіндік береді, сонымен қатар білім алушыларға терминдерді контексте түсінуге және талдауға көмектеседі.

#### **4- тапсырма. Бейне материал негізіндегі контекстуалды талдау (video-based contextual analysis).**

Нұсқаулық: «Why it is important to save money?» (ақша жинау не үшін маңызды?) атты оқу бейнебаянын көріңіз. Бейнебаянды көру барысында және одан кейін келесі әрекеттерді орындаңыз. Көруге дейін тезаурустағы money, income, savings, assets, bank deposit терминдерін қайталаңыз. Осы сөздерді қолданып, бейнебаян не туралы болатынын 2-3 сөйлеммен болжап жазыңыз.

Көру барысында: бейнебаянда естіген кемінде 5 экономикалық терминді жазып алыңыз және олардың қолдану контекстін (сөйлем ішіндегі орнын) белгілеңіз.

Көруден кейін: таңдалған 3-5 терминнің мағынасын өз сөзіңізбен түсіндіріңіз және бейнебаянның негізгі идеясын тезаурус сөздерін қолданып қорытындылаңыз.

Күтілетін нәтиже: білім алушылар мәтін мазмұнын түсінуге қажетті терминологиялық база қалыптастырады.

**Video-based contextual analysis: «Why it is important to save money?» видеосы бойынша терминдерді контекстте қолдану (Identifying terms, context notes). Contextual usage** (<https://youtu.be/pHnkfADAH1M?si=mz3ua5phM-nk2Gcq>). Watch the educational video on *contextual vocabulary use* and read the assigned text. Then select 5–10 key terms from the video or text. Write your own sentences using these terms to demonstrate that you understand their meanings and can use them appropriately in context.

**Thesaurus activation. Contextual vocabulary use – money.** Бейнематериал негізіндегі контекстуалды талдау (Video-based contextual analysis). Бұл тапсырмада білім алушылар «Why it is Important to Save Money?» тақырыбындағы оқу бейнебаянын қарастырып, онда қолданылған экономикалық терминдерді анықтады. Бейнебаян негізінде негізгі ұғымдардың мағынасы талданып, олардың кәсіби контексте қолданылуы қарастырылды. Тапсырма білім алушылардың терминдерді түсіну, оларды контексте қолдану және негізгі ақпаратты талдау дағдыларын дамытуға бағытталды.

Бұл тапсырмада білім алушылар видеодан экономикалық және кәсіби терминдерді бөліп алып, тезаурусқа енгізеді. Сондықтан олар: кәсіби сөздік қорын кеңейтеді; терминдердің мағынасын түсінеді және контекстте қолдануды үйренеді; негізгі ойларды қысқаша сипаттай алады; терминдер арасындағы байланысты көрсету үшін ұғымдық карта (mind map) жасайды. Тапсырма ақпаратты қабылдау, жүйелеу, когнитивтік және терминологиялық дағдыларды дамытуға бағытталған. Интерактив элементтер жаңа ақпаратты жеңіл қабылдауға және материалды тиімді жүйелеуге көмектеседі.

## 5 -тапсырма. Сөзжасам және трансформация (word formation).

Нұсқаулық: берілген түбір сөздерден (мысалы: employ) туынды сөздерді жасап, оларды сөйлем ішінде дұрыс қолданады.

Task: Transform the word employment to fit the sentence.

1. The new law encourages \_\_\_\_ (employ) of young specialists.
2. There has been a significant \_\_\_\_ (employ) growth in the IT sector.
3. Many employees demand better \_\_\_\_ (employ) conditions and rights.

Күтілетін нәтиже: білім алушылар экономикалық лексиканың грамматикалық түрленуін меңгереді.

Бұл тапсырмада білім алушылар экономикалық терминдердің сөзжасамдық формаларын талдады. Мысалы, employ – employment – employee сияқты сөздердің әртүрлі грамматикалық тұлғалары сөйлем контекстінде қолданылды.

**Flashcard quiz & sorting game: терминдерді есте сақтауға және оларды direct/indirect деп бөлуге арналған ойын элементтері. Matching game.**

Students match economic and professional terms with their definitions or translations. To recognize terms and practice using the thesaurus. Students match terms with definitions:

- Income tax → Tax on personal earnings
- Payroll tax → Tax on employee salaries
- Sorting Game:
- Students categorize taxes as Direct or Indirect:
- Direct: Income tax, Corporate income tax
- Indirect: VAT, Sales tax

**Flashcard quiz.** With a help of the cards with terms the students have to say their meaning or translation. To memorize new terms and develop the cognitive component.

Ұсынылған тапсырмалар жүйесі білім алушылардың кәсіби терминологиялық қорын кеңейтуге, экономикалық ұғымдардың мазмұнын түсінуге және оларды кәсіби дискурста қолдану дағдыларын дамытуға бағытталды. Нәтижесінде білім алушылар экономикалық терминдерді тану, олардың мағынасын түсіндіру және контексте қолдану қабілеттерін жетілдірді.

**II кезең. Ақпараттық-пәндік кезең: когнитивті-дискурсивті субқұзыреттілік.** Тақырып: кәсіби экономикалық дискурс және жағдаяттық талдау (5 сағат).

Мақсаты: білім алушылардың кәсіби-экономикалық ақпаратты талдау, интерпретациялау және шетел тіліндегі дискурсты құру қабілеттерін дамыту.

Қолдану: білім алушылар мәтіндерді оқу, талдау, пікірталас жүргізу, жұптық және топтық жұмыс барысында кәсіби ойды дәл және логикалық түрде жеткізеді.

Тапсырмалармен байланысы:

1-тапсырма: interpretive & analytical questions;

2-тапсырма: information gap task;

3-тапсырма: sentence expansion / problem-solution;

4-тапсырма: mini-debate / prediction task;

5-тапсырма: research on economic trends;

6-тапсырма: concept map / mind map tasks.

**1 - тапсырма. Интерпретациялық және аналитикалық сұрақтар (interpretive & analytical questions).**

Нұсқаулық: берілген мәтінді мұқият оқып, сұрақтарға толық сөйлемдермен жауап беріңіз. Жауаптарыңызды мысалдармен негізденіңіз.

Questions:

1. Why can indirect taxes create a heavier tax burden for low-income groups compared to direct taxes?

2. Should governments rely more on direct taxes or indirect taxes to achieve social equality? Why?

3. How does an increase in the tax rate influence economic behavior of individuals and businesses?

4. To what extent can tax benefits and exemptions stimulate economic growth without reducing state revenues?

5. Is strict tax control more important than offering tax benefits in preventing tax evasion? Explain your opinion.

6. How can a government balance fair taxation and economic development in a modern tax system?

**2-тапсырма. Ақпарат алмасу (information gap task).**

Нұсқаулық: білім алушылар жұптық форматта жұмыс істейді. Бірі тікелей салықтарды, екіншісі жанама салықтарды зерттейді. Кейін ақпарат алмасып, салыстырмалы талдау жасайды.

Student A: “Direct taxes include income tax and corporate income tax, which are paid by citizens and companies directly.”

Student B: “Indirect taxes such as VAT and sales tax are included in prices, so people pay them indirectly.”

Күтілетін әрекет: терминдерді түсіндіру, салыстыру, айырмашылық пен ұқсастықты анықтау.

**3-тапсырма. Сөйлемді толықтыру (sentence expansion) және мәселені шешу.**

Нұсқаулық: сөйлемдерді кәсіби терминдермен толықтырып, логикалық шешім ұсыныңыз.

1. Progressive tax is important because it ensures social fairness by taxing higher incomes at higher rates.

2. Tax evasion causes problems such as budget deficits and reduced funding for social spending.

3. Government revenues increase when tax compliance is high and the economy grows steadily.

**4-тапсырма. Пікірталас mini-debate and prediction task.**

Нұсқаулық: білім алушылар екі топқа бөлініп (А тобы – тікелей салықтарды, Б тобы – жанама салықтарды жақтайды) «Салық жүйесінің тиімділігі» тақырыбында пікірталас өткізеді.

Қолданылатын терминдер: government revenues, tax compliance, social spending, economic stability.

Күтілетін нәтиже: білім алушылар кәсіби терминологияны қолдана отырып, экономикалық жағдайды талдау және дәлелді пікір айту қабілетін дамытады.

**Болжау тапсырмасы: "What will happen if VAT increases?" немесе "If tax evasion becomes widespread?"**.

Objective: to form students' argumentation skills, and ability to use professional-economic terminology in a collaborative project-oriented context.

Student action: students work in small groups to debate a policy issue (direct vs. indirect taxes). Each group prepares 2–3 arguments using professional terminology. Afterwards, students individually predict the potential outcomes of specific tax changes, justify their reasoning, and discuss implications. Use thesaurus/terminology terms such as: government revenues, tax compliance, social spending, economic stability, income redistribution. Present arguments in a 3–5-minute debate with rebuttals.

**Prediction Task. Individually, predict what will happen in each scenario: VAT increases? Income tax decreases? Tax evasion becomes widespread? Write a 2–3 sentence explanation using professional-economic terminology.**

Бұл тапсырмада білім алушылар екі топқа бөлініп, тікелей және жанама салықтардың тиімділігі туралы пікірталас жүргізді. Тапсырма барысында білім алушылар кәсіби-экономикалық терминологияны қолдана отырып, өз көзқарастарын дәлелдеп, салық саясатының ықтимал нәтижелерін болжады.

### **5-тапсырма. Шағын зерттеу (research on economic trends).**

Нұсқаулық: білім алушылар инфляция, салық салу немесе халықаралық сауда сияқты экономикалық трендтердің бірін таңдап, шағын зерттеу жұмысын (2–3 бет) немесе презентация дайындайды. Зерттеу барысында білім алушылар сенімді дереккөздерден алынған ақпаратты талдап, негізгі үрдістер мен олардың экономикалық маңызын анықтайды.

Күтілетін нәтиже: ақпаратты талдау, экономикалық үрдістерді түсіндіру, кәсіби терминологияны қолдану, визуалды материалдар (кесте, диаграмма) дайындау

Тапсырманы орындау барысында білім алушылар кәсіби-экономикалық терминологияны қолдана отырып, зерттеу нәтижелерін жүйелі түрде ұсынады және оларды кестелер, диаграммалар немесе графиктер арқылы көрсетуге мүмкіндік алады. Бұл тапсырма білім алушылардың аналитикалық ойлауын дамытуға, экономикалық ақпаратты талдау дағдыларын қалыптасуға және кәсіби дискурста терминдерді орынды қолдану қабілетін жетілдіруге бағытталған.

Тапсырма білім алушылардың келесі дағдыларын дамытуға ықпал етеді; кәсіби-экономикалық коммуникацияны қолдану; топтық жұмыс және ынтымақтастық дағдылары; аналитикалық және сыни ойлау дағдылары.

### **6-тапсырма. Концепт-карта (concept map).**

Нұсқаулық: "Tax System" концепт-картасын пайдалана отырып, берілген тапсырмаларды орындаңыз.

Task 1. Verb–tax collocations. Complete the sentences using appropriate verb–tax collocations.

1. The government plans to \_\_\_\_ taxes to increase budget revenues.
2. All citizens must \_\_\_\_ taxes according to the law.
3. Some companies try to \_\_\_\_ taxes to reduce expenses.
4. The authorities decided to \_\_\_\_ the tax burden for small businesses.
5. Every taxpayer must \_\_\_\_ taxes before submitting a declaration.
6. The state may \_\_\_\_ taxes during an economic crisis.

Task 2. Adjective classification. Choose the correct adjective to complete each sentence.

1. Income tax is a \_\_\_\_ tax.
2. VAT is an \_\_\_\_ tax.
3. A \_\_\_\_ tax system helps reduce social inequality.
4. A \_\_\_\_ tax places a heavier burden on low-income citizens.
5. Regional and local taxes are examples of \_\_\_\_ taxes.

Task 3. Prepositions (on / from / for). Complete the sentences using the correct preposition.

1. Citizens must pay taxes \_ time.
2. Some businesses are exempt \_ taxes.
3. The company bears responsibility \_ tax evasion.
4. The government puts taxes \_ certain goods.

Task 4. Sentence transformation. Rewrite the sentences using the given prompts.

1. The government increased taxes last year. (raise the tax).
2. Small businesses do not pay taxes. (exemption from taxes).
3. The company calculates taxes every month. (calculate the tax).
4. Not paying taxes is illegal. (responsibility for tax evasion).

Бұл кезеңде білім алушылар кәсіби-экономикалық ақпаратты талдау, интерпретациялау және дискурстық түрде жеткізу дағдыларын меңгереді. Оқу үдерісінде жұптық және топтық жұмыс, пікірталас, зерттеу және концепт-карта әдістері арқылы когнитивті-дискурсивті субқұзыреттілік қалыптасады. Нәтижесінде білім алушылар экономикалық терминологияны тек меңгеріп қана қоймай, оны кәсіби коммуникацияда тиімді қолдану қабілетін дамытады.

**III кезең. Рефлексивті-интерактивті кезең: Жобалық-бағдарлық субқұзыреттілік.** Тақырып: Кәсіби жобалық коммуникация және рефлексивті іс-әрекет (5 сағат).

Мақсаты: білім алушылардың кәсіби іс-әрекетті жобалау, шешім қабылдау, нәтижені бағалау және рефлексия жасау қабілеттерін дамыту.

Қолдану: білім алушылар мини-жобалар, кейс-стади, рөлдік ойындар, SWOT-талдау және портфолио әзірлеу арқылы кәсіби-экономикалық терминологияны практикалық жағдайда қолданады, жобалық шешімдер ұсынады және өз әрекеттерін сыни тұрғыдан бағалайды.

Тапсырмалармен байланысы:

1-тапсырма: mini-business project;

2-тапсырма: case study / scenario analysis;

3-тапсырма: error correction and analysis;

4-тапсырма: role-play / SWOT analysis;

5-тапсырма: reflective essay / portfolio;

6-тапсырма: portfolio.

**1-тапсырма. Mini-business project.** Шағын бизнес жоба Mini-Business Project.

Нұсқаулық: экономикалық бағыттағы білім беру стартапын немесе қызмет түрін жоспарлаңыз. Жобаның мақсатын, ресурстарын және нәтижесін 8-10 кәсіби термин арқылы сипаттап, таныстырыңыз.

Бағалау критерийлері: жобаның шынайылығы, кәсіби терминологияның орынды қолданылуы және презентация сапасы.

**2-тапсырма. Case study / scenario analysis.**

Нұсқаулық: нақты қаржылық жағдаятты талдап, шешім ұсыныңыз. Салық шығындарын заңды түрде азайту жолдарын тезаурус терминдерімен негіздеп түсіндіріңіз.

Task: students use the economic terms and relationships in the concept map to analyze a real-life situation.

Example: “A company wants to reduce tax costs without breaking the law. Using the mind map, identify possible legal deductions or exemptions.” Each proposed solution must be justified using thesaurus terminology.

**3-тапсырма. Қатемен жұмыс, сөзжасамдық қате (error correction and analysis) (Кесте 31).**

Нұсқаулық: берілген сөйлемдердегі терминологиялық және грамматикалық қателерді тауып, түзетіңіз.

Text with errors:

1. People put they money in a bank deposit to safe it.
2. A savings account pays interests to the clients.
3. Corporate tax is only paid by people on their incomes.
4. Value added tax (VAT) is charged on goods and service at each stage of production.
5. Tax evader always pays taxes on time.
6. Disposable incomes is the money that remain after taxes and expenses.
7. Governments uses taxes to fund public services.
8. Excises are additional tax on sale of luxury goods.
9. Progressive tax affect more rich people than poor people.
10. Deduction is when government charges less tax to avoid paying.


Кесте 31 – Тапсырма үлгісі

Қате жазылған сөйлем	Түзетілген нұсқа	Түсіндірме
Tax evader always pays taxes on time.	Tax evader avoids paying taxes.	Tax evader – салықтан жалтарушы
Corporate tax is only paid by people.	Corporate tax is paid by companies.	Корпоративтік салық заңды тұлғаларға тән.
A savings account pays interests.	A savings account earns interest.	Салым бойынша пайыз жиналады

**Task 2:**

1. Find and underline the mistakes (grammar, terminology, or context).
2. Correct each sentence using proper terms from your thesaurus.
3. Rewrite the correct sentence in your notebook.
4. Explain why your correction is necessary using professional vocabulary.

21-ші суретте экономика концептісі бойынша тезаурустық сөздікпен жұмыс.



Сурет 21 – Тапсырма үлгісі

**4-тапсырма. Рөлдік ойын (role-play) SWOT analysis task – economics/tax.** Нұсқаулық: топ ішінде «Кәсіпкер», «Қаржы кеңесшісі» және «Салық инспекторы» рөлдерін бөлісіп, салықтан жалтару мәселесі төңірегінде диалог құрыңыз. Ойын соңында өз іс-әрекетіңізге SWOT-талдау жасаңыз (Кесте 32).

Кесте 32 - Тапсырма үлгісі

SWOT компоненті	Талдау мысалы
Strengths (Күшті жақтар)	Progressive tax терминін дұрыс қолдану
Weaknesses (Әлсіз жақтар)	Deduction exemption терминдерін шатастыру
Opportunities (Мүмкіндіктер)	Күрделі экономикалық сценарийлерді меңгеру
Threats (Қауіптер)	Дайындық уақытының шектеулілігі

### **5-тапсырма. Reflective essay (рефлексивті эссе).**

Нұсқаулық: 100–150 сөзден тұратын рефлексивті эссе жазыңыз.

Answer the following questions:

1. Which economic terms did you use?
2. What difficulties did you encounter?
3. What were your strengths and weaknesses during the task?
4. Which strategies could you improve in future activities?

### **6-тапсырма. Portfolio (портфолио).**

Нұсқаулық: барлық үш кезеңде орындаған жұмыстарыңызды портфолиоға жинақтаңыз.

Include: concept maps, case studies / role-plays, SWOT analysis, reflective essays. Note challenges and strategies used, highlight the use of thesaurus terminology. Outcome: a portfolio demonstrating the development of professional and metacommunicative skills and the ability to apply economic concepts in practice.

Осы кезеңде орындалған портфолио жұмыстарының үлгілері Қосымша К келтірілген.

Осының негізінде, рефлексивті-интерактивті кезеңде білім алушылар терминологиялық қорын толықтырып қана қоймай, оларды практикалық контексте (рөлдік ойындар, жобалар) қолдануды меңгереді. Авторлық тезаурус пен концепт-карталарға негізделген жұмыс түрлері білім алушылардың жобалық-бағдарлық субқұзыреттілігін дамытуға және кәсіби коммуникацияда экономикалық терминологияны тиімді қолдануына ықпал етеді.

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде ұсынылған кезеңдік әдістеменің болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда тиімді екені анықталды. Әдістеме үш өзара сабақтас кезеңнен тұрады: концептуалды-бағдарлаушы, ақпараттық-пәндік және рефлексивті-интерактивті кезеңдер. Әр кезең білім алушылардың кәсіби-экономикалық терминологияны меңгеру, оны жүйелеу, интерпретациялау және практикалық коммуникацияда қолдану қабілеттерін бірізді дамытуға бағытталды.

Концептуалды-бағдарлаушы кезеңде білім алушылардың тезаурустық-аналитикалық субқұзыреттілігі қалыптастырылды. Бұл кезеңде авторлық тезаурус-сөздік негізгі дидактикалық құрал ретінде қолданылып, білім алушылар экономикалық терминдерді тану, салыстыру және жүйелеу дағдыларын меңгерді. Терминдерді сәйкестендіру, семантикалық топтастыру және алдын ала сөздік жұмыс түрлері олардың кәсіби лексикалық қорын кеңейтуге және терминологиялық ойлау қабілетін дамытуға ықпал етті.

Ақпараттық-пәндік кезең когнитивтік-дискурсивтік субқұзыреттілікті дамытуға бағытталды. Бұл кезеңде білім алушылар кәсіби-экономикалық мәтіндер мен бейнематериалдарды талдау, интерпретациялау және шетел тілінде кәсіби дискурс құру әрекеттерін жүзеге асырды. Жұптық және топтық жұмыстар, пікірталас, ақпараттық алмасу, концепт-карта жасау және зерттеушілік тапсырмалар арқылы олар кәсіби терминологияны нақты коммуникативтік жағдаяттарда қолдануға дағдыланды. Нәтижесінде білім алушылардың

аналитикалық ойлауы, логикалық аргументациясы және шетел тіліндегі кәсіби коммуникация қабілеті дамыды.

Рефлексивті-интерактивті кезең жобалық-бағдарлық субқұзыреттілікті қалыптастыруға бағытталды. Бұл кезеңде білім алушылар мини-жобалар, кейс-стади, рөлдік ойындар, SWOT-талдау және рефлексивті эссе жазу арқылы алған білімдерін практикалық әрекетте қолданды. Кәсіби жағдаяттарды модельдеу олардың шешім қабылдау, өз әрекетін бағалау және кәсіби дискурсты еркін қолдану дағдыларын жетілдірді. Сонымен қатар, портфолио жасау арқылы білім алушылар өз оқу жетістіктерін жүйелеу және рефлексия жасау тәжірибесін меңгерді.

Жалпы алғанда, барлық кезеңдер өзара сабақтас жүйе ретінде білім алушылардың кәсіби терминологиялық құзыреттілігін ғана емес, сонымен қатар метакоммуникативтік қабілеттерін де кешенді түрде дамытуға мүмкіндік берді. Авторлық тезаурус-сөздік пен жобалық технологиялардың интеграциясы теориялық білімді практикалық коммуникациямен ұштастырып, оқу үдерісінің кәсібиленуіне жағдай жасады.

Алынған нәтижелерге сәйкес, ұсынылған кезеңдік әдістеме болашақ шетел тілі мұғалімдерін экономикаға бағдарланған кәсіби ортада тиімді коммуникация жүргізуге даындаудың нәтижелі құралы болып табылады. Ол білім алушылардың когнитивтік, дискурсивтік және жобалық дағдыларын жүйелі түрде дамытып, оларды күрделі кәсіби жағдаяттарда шетел тілін еркін қолдануға бағыттайды.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, аталған әдістеме «Коммуникативтік мамандандырылған практикум» пәнінің модульдік құрылымы арқылы тиімді жүзеге асырылады және келесі кезеңде оның тәжірибелік апробациясын сипаттауға негіз болады.

### **3.3 Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың тәжірибелі-эксперимент жұмысының нәтижелері**

Біздің зерттеу жұмысымыздың келесі кезеңінде болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған мазмұндық-функционалдық модель оқу үдерісіне енгізіліп, қалыптастырушы эксперимент жүргізілді. Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін бағалау мақсатында модель құрылымында келесі критерийлер айқындалды: мотивациялық-интегративті, контентті-технологиялық және сыни ойлау.

Аталған критерийлер метакоммуникативтік құзыреттіліктің құрамдас бөліктерін сипаттайтын субқұзыреттіліктер арқылы нақтыланды. Оларға тезаурустық-аналитикалық, когнитивті-дискурсивті және жобалық-бағдарлық субқұзыреттіліктер жатады. Эксперименттік жұмысты бастамас бұрын «Коммуникативтік мамандандырылған практикум» пәні аясында білім алушылардың метакоммуникативтік құзыреттілігінің бастапқы қалыптасу деңгейін анықтау мақсатында диагностикалық зерттеу жүргізілді. Диагностика

жоғарыда көрсетілген критерийлер мен субқұзыреттіліктер негізінде жүзеге асырылып, білім алушылардың метакоммуникативтік құзыреттілігінің бастапқы деңгейін анықтауға мүмкіндік берді. Эксперименттік және бақылау топтарындағы білім алушылардың метакоммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасу динамикасын анықтау мақсатында зерттеу жұмысының бірнеше кезеңі жүзеге асырылды.

Зерттеу жұмысының тәжірибелік- эксперименттік бөлімі үш кезеңде ұйымдастырылды: анықтау, қалыптастыру және бақылау. Анықтау кезеңінде білім алушылардың метакоммуникативтік құзыреттілігінің бастапқы деңгейі диагностикалық құралдар арқылы бағаланды. Қалыптастыру кезеңінде әзірленген мазмұндық-мазмұндық-функционалдық-функционалдық модель оқу үдерісіне енгізіліп, арнайы тапсырмалар мен интерактивті әдістер қолданылды. Бақылау кезеңінде қорытынды диагностика жүргізіліп, бастапқы көрсеткіштермен салыстырылды және метакоммуникативтік құзыреттіліктің динамикасы анықталды. Аталған кезеңде мотивациялық сауалнама (А.А. Реан, В.А. Якунин), коммуникативтік дағдыларды анықтау әдістемесі (Л. Михельсон), сондай-ақ педагогикалық рефлексияны анықтау әдістемесі (О.С. Анисимов) қолданылды. Анықтау кезеңінде алынған нәтижелер білім алушылардың метакоммуникативтік құзыреттілігінің бастапқы деңгейін бағалауға мүмкіндік беріп, қалыптастырушы эксперименттің мазмұнын, әдістері мен формаларын нақтылауға негіз болды. Модельді жүзеге асыру барысында оның негізгі компоненттеріне сәйкес көрсеткіштер мен өлшемдер белгіленіп, оқу әрекеттері жүйелі түрде ұйымдастырылды.

Эксперимент Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде шетел тілі мұғалімдерін даярлайтын білім беру бағдарламасы бойынша білім алатын 3-курс білім алушылары арасында жүргізілді. Эксперименттік топқа 62 білім алушы, ал бақылау тобына 60 білім алушы қатысты. Оқыту процесі барысында білім алушылардың метакоммуникативтік құзыреттілігін дамытуға бағытталған арнайы тапсырмалар, интерактивті әдістер мен кәсіби-бағдарланған оқу материалдары қолданылды.

Қалыптастырушы эксперимент аяқталғаннан кейін эксперименттік және бақылау топтарындағы метакоммуникативтік құзыреттіліктің қалыптасу динамикасын анықтау мақсатында қорытынды диагностика жүргізілді. Оның негізгі міндеттері метакоммуникативтік құзыреттіліктің қалыптасу деңгейлерін анықтау және эксперимент нәтижесінде қол жеткізілген өзгерістерді айқындау болды.

Қойылған міндеттерді жүзеге асыру үшін бастапқы диагностикада қолданылған бағалау құралдарына ұқсас сұрақтар, тапсырмалар мен технологиялар пайдаланылды. Сонымен қатар, бағалау құралдарына белгілі бір түзетулер енгізіліп, әрбір субқұзыреттілік бойынша қорытынды қалыптасу деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін қосымша, бірақ мазмұны жағынан сәйкестендірілген материалдар әзірленді. Эксперименттік оқыту нәтижесінде алынған деректер эксперименттік және бақылау топтарындағы

метакоммуникативтік құзыреттіліктің қалыптасу деңгейіндегі айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік берді. Жинақталған нәтижелер кестелер мен диаграммалар түрінде жүйеленіп, жан-жақты талданды. Эксперименттік оқытудан кейін алынған нәтижелер негізінде эксперименттік және бақылау топтарындағы білім алушылардың метакоммуникативтік құзыреттілігінің қорытынды деңгейі анықталды.

Эксперименттік және бақылау топтарындағы білім алушылардың метакоммуникативтік құзыреттілігін құрайтын әрбір субқұзыреттілік (тезаурусты-аналитикалық, когнитивті-дискурсивті және жобалық-бағдарлық) зерттеудің модельдік құрылымына сәйкес келесі критерийлер бойынша жеке-жеке бағаланды:

1. мотивациялық-интегративті: білім алушының кәсіби дамуға деген қызығушылығы мен білімді біріктіру деңгейі.

2. контентті-технологиялық: технологияларды (жобалау, тезаурус құру) меңгеру сапасы.

3. сыни ойлау: ақпаратты талдау, қатемен жұмыс және рефлексия жасау қабілеті.

Төменде білім алушылардың метакоммуникативтік құзыреттілігінің деңгейлерін анықтау үшін жүргізілген қорытынды өлшем нәтижелері ұсынылған.

Эксперименттік және бақылау топтарындағы құзыреттіліктің қалыптасу деңгейіне қатысты жиынтық деректер 33-кестеде ұсынылған.

Кесте 33 – эксперименттік топ пен бақылау топтарындағы білім алушыларының тезаурусты-аналитикалық субқұзыреттілігінің қалыптасу деңгейінің қорытынды нәтижелері


МТКҚ қалыптасу критерийлері	Төмен				Орташа				Жоғары			
	ЭТ		БТ		ЭТ		БТ		ЭТ		БТ	
	Са ны	%	Са ны	%	Са ны	%	Са ны	%	Са ны	%	Са ны	%
Мотивациялық-интегративті	12	18	19	31	30	49	29	48	20	33	12	21
Контентті-технологиялық	10	16	21	35	35	57	32	53	17	27	7	12
Сыни ойлау	12	19	30	50	36	58	23	38	14	23	7	12
Орташа көрсеткіш		17		39		55		46		28		15

Қорытынды диагностика нәтижелері бойынша эксперименттік топтағы (ЭТ) білім алушылардың тезаурусты-аналитикалық субқұзыреттілігі барлық критерийлер бойынша оң өсім көрсеткенін байқауға болады. Атап айтқанда, ЭТ-да жоғары деңгейдің орташа көрсеткіші 28%-ды құрап, бақылау тобымен (БТ –

15%) салыстырғанда 13%-ға жоғары нәтиже көрсетті. Сонымен қатар, эксперименттік топта төмен деңгейдегі білім алушылар үлесі айтарлықтай азайып, 17%-ды құрады, ал бақылау тобында бұл көрсеткіш салыстырмалы түрде жоғары деңгейде қалып, 39%-ды көрсетті. Орташа деңгей көрсеткіштері де эксперименттік топта жоғары нәтиже бергені байқалды (ЭТ – 55%, БТ – 46%).

Бұл деректер эксперименттік топта қолданылған авторлық әдістеменің білім алушылардың кәсіби-лексикалық қорын жүйелеудегі тиімділігін сандық тұрғыдан дәлелдейді.

ЭТ және БТ білім алушыларының қорытынды деңгейіндегі тезаурусты-аналитикалық субқұзыреттілігінің қалыптасу диаграммасы (Сур.22).



Сурет 22 –Тезаурусты-аналитикалық субқұзыреттілігінің қалыптасу диаграммасы

Салыстырмалы диаграмма эксперименттік топтағы сапалық өзгерістерді айқын көрсетеді. Әсіресе, сыни ойлау критерийі бойынша ЭТ-да орташа деңгейдің басым болуы (58%) білім алушылардың кәсіби мәтіндерді механикалық қабылдаудан арылып, оларды аналитикалық сүзгі арқылы өңдеу қабілетінің артқанын айқындайды.


Бұл көрсеткіштер эксперименттік топтағы білім алушылардың кәсіби тезаурусты тиімді пайдалану, негізгі ақпаратты семантикалық деңгейде талдау дағдыларының жүйелі дамығанын айғақтайды. Бақылау тобындағы өсім қарқынының төмендігі ұсынылған модельдің кәсіби даярлықты жетілдірудегі пбасымдылығын нақты растайды. Осы себепті, тезаурусты-аналитикалық дағдылардың ілгерілеуі келесі кезеңдегі когнитивті-дискурсивті субқұзыреттіліктің қалыптасуына қажетті когнитивтік іргетас қалады.

34-ші кестеде эксперименттік және бақылау топтарындағы білім алушылардың когнитивті-дискурсивті субқұзыреттілігінің қалыптасу деңгейінің қорытынды нәтижелері берілген.

Кесте 34 – Когнитивті-дискурсивті субқұзыреттілігінің қалыптасу деңгейінің қорытынды нәтижелері

Когнитивті – дискурсивті субқұзыреттіліктің қалыптасу критерийлері	Төмен				Орташа				Жоғары			
	ЭТ		БТ		ЭТ		БТ		ЭТ		БТ	
	Са ны	%	Са ны	%	Са ны	%	Са ны	%	Са ны	%	Са ны	%
Мотивациялық-интегративті	7	12	14	24	36	58	39	64	19	30	7	12
Контентті-технологиялық	11	17	24	40	30	50	25	42	21	33	11	18
Сыни ойлау	17	27	25	42	28	46	25	42	17	27	10	16
Орташа көрсеткіш		19		35		51		50		30		15

Көрсетілген қорытынды нәтижелер эксперименттік (ЭТ) және бақылау (БТ) топтарындағы білім алушылардың когнитивті-дискурсивті субқұзыреттілігінің қалыптасу деңгейінде айтарлықтай айырмашылық бар екенін айғақтайды. Деректерді салыстырмалы талдау көрсеткендей, ЭТ білім алушыларының жоғары деңгейінің орташа көрсеткіші 30%-ды құрап, бақылау тобынан (15%) екі есе басым түсті. Сонымен қатар, эксперименттік топта төмен деңгейдегі респонденттер үлесі 19%-ға дейін қысқарса, бақылау тобында бұл көрсеткіш әлі де жоғары (35%) күйінде қалып отыр. Бұл сандық деректер болашақ мұғалімдердің кәсіби дискурста түсу дайындығының ЭТ-да қарқынды дамығанын растайды. ЭТ және БТ білім алушыларының қорытынды деңгейіндегі когнитивті-дискурсивті субқұзыреттілігінің қалыптасу диаграммасы (Сур.23).



Сурет 23 – Когнитивті-дискурсивті субқұзыреттілігінің қалыптасу диаграммасы

Диаграммадағы салыстырмалы мәліметтер эксперименттік топтағы когнитивті-дискурсивті субқұзыреттіліктің сапалық өсімін айқын бейнелейді. Қорытынды диагностика көрсеткендей, ең айқын оң динамика эксперименттік топта тіркелді. Әсіресе, сыни ойлау критерийі бойынша ЭТ-да төмен деңгей көрсеткішінің бастапқы мәннен айтарлықтай азайып, 27%-ды құрауы — білім алушылардың кәсіби-бағдарланған дискурс құру барысында ақпаратты саралау және дәлелді уәж (аргумент) келтіру қабілетінің артқанын дәлелдейді.

Бұл жағдай енгізілген педагогикалық әдістеменің, соның ішінде «Discussion questions» және «Interactive Quiz» сияқты интерактивті формалардың тиімділігін растайды. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында білім алушылардың оқу материалын терең түсіну және академиялық дискурста тиімді коммуникативтік стратегияларды қолдану қабілеттері жүйелі түрде жетілдірілді. Бақылау тобындағы өсім қарқынының салыстырмалы түрде баяу болуы дәстүрлі оқытудың метакоммуникативтік дағдыларды қалыптастырудағы шектеулі мүмкіндіктерін айқындайды.

Осыған байланысты, когнитивті-дискурсивті субқұзыреттіліктің ілгерілеуі білім алушылардың кәсіби тілдік білімін практикалық әрекетке айналдыруға жол ашып, келесі - жобалық-бағдарлық субқұзыреттіліктің нәтижелі қалыптасуына негіз болды.


35- ші кестеде эксперименттік топ пен бақылау топтарындағы білім алушыларының жобалық-бағдарлық субқұзыреттілігінің қалыптасу деңгейінің қорытынды нәтижелері берілген.

Кесте 35 – Жобалық-бағдарлық субқұзыреттілігінің қалыптасу деңгейінің қорытынды нәтижелері

МТКҚ қалыптасу критерийлері	Төмен				Орташа				Жоғары			
	ЭТ		БТ		ЭТ		БТ		ЭТ		БТ	
	Са ны	%	Са ны	%	Са ны	%	Са ны	%	Са ны	%	Са ны	%
Мотивациялық-интегративті	11	18	14	24	31	50	34	56	20	32	12	20
Контентті-технологиялық	10	17	21	34	37	59	31	52	15	24	8	14
Сыни ойлау	8	12	23	38	42	68	30	50	12	20	7	12
Орташа көрсеткіш		16		32		59		53		25		15

Кестеден көрініп тұрғандай, қорытынды диагностика нәтижесінде эксперименттік топтағы (ЭТ) білім алушылардың жобалық-бағдарлық субқұзыреттілігі барлық критерийлер бойынша айқын оң динамика көрсетті. Деректерді салыстырмалы талдау нәтижесінде ЭТ-да жоғары деңгейдің орташа

көрсеткіші 25%-ды құрап, бақылау тобымен (БТ – 15%) салыстырғанда 10%-ға артқаны анықталды. Сонымен қатар, эксперименттік топта төмен деңгейдегі респонденттер үлесі 16%-ға дейін қысқарса, бақылау тобында бұл көрсеткіш әлі де жоғары (32%) деңгейде қалып отыр. Бұл сандық деректер зерттеу аясында әзірленген мазмұндық-функционалды модельдің білім алушыларды дербес жобалау әрекетіне даярлаудағы тиімділігін негіздейді. ЭТ және БТ білім алушыларының жобалық-бағдарлық субқұзыреттілігінің қорытынды қалыптасу деңгейінің диаграммасы 24-суретте берілген.



Сурет 24 – Жобалық-бағдарлық субқұзыреттілігінің қалыптасу диаграммасы

Суреттегі салыстырмалы диаграмма эксперименттік топтағы жобалық-бағдарлық субқұзыреттіліктің сапалық өсімін айқын бейнелейді. Әсіресе, сыни ойлау критерийі бойынша ЭТ-да орташа деңгейдің 68%-ға дейін жетуі — білім алушылардың жобалау технологиясының әдістемелік алгоритмін толық меңгергенін және жобалық іс-әрекетті ағылшын тілінде аналитикалық негіздеу дағдыларының орныққанын айғақтайды.

Бұл көрсеткіштер эксперименттік топта қолданылған «Project Presentation» және «Project-Based Analytical Task» сияқты тапсырмалардың білім алушылардың шығармашылық және зерттеушілік әлеуетін арттырудағы пәрменділігін растайды. Бақылау тобындағы өсім қарқынының айтарлықтай төмен болуы дәстүрлі оқыту жүйесінің кәсіби-бағдарлы жобалау дағдыларын қалыптастырудағы жеткіліксіздігін тағы бір мәрте дәлелдейді. Осылайша, жобалық-бағдарлық субқұзыреттіліктің жоғарылауы метакоммуникативтік құзыреттіліктің практикалық деңгейде толық қалыптасқандығының негізгі көрсеткіші болып табылады.

36 - кестеде келтірілген жиынтық көрсеткіштер эксперименттік топтағы білім алушылардың метакоммуникативтік құзыреттілігінің (МТКК) барлық компоненттері бойынша сапалық ілгерілеу бар екенін айғақтайды.

Кесте 36 – ЭТ, БТ білім алушыларының метакоммуникативтік құзыреттілігінің МТКҚ қалыптасқан деңгей көрсеткіштері (%)


МТКҚ субқұзыреттіліктері	Төмен		Орташа		Жоғары	
	ЭТ%	БТ%	ЭТ%	БТ%	ЭТ%	БТ%
Тезурусты-аналитикалық	14	26	54	56	32	18
Когнитивті-дискурсивті	16	36	55	49	29	15
Жобалық-бағдарлық	18	43	58	43	24	14
Орташа көрсеткіш	16	35	56	49	28	16

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың соңында ЭТ-дағы «Жоғары» деңгейдің орташа көрсеткіші 28%-ға жетсе, бақылау тобында бұл көрсеткіш небәрі 16%-ды құрады.

Алынған мәліметтер көрсеткендей, тезаурусты-аналитикалық (32%) және когнитивті-дискурсивті (29%) субқұзыреттіліктер бойынша ең жоғары өсім тіркелді. Бұл білім алушылардың кәсіби экономикалық терминологияны меңгеріп қана қоймай, оны аналитикалық өңдеу және коммуникативтік жағдаяттарда еркін қолдану дағдыларының қалыптасқанын дәлелдейді. Сонымен қатар, жобалық-бағдарлық субқұзыреттілік бойынша ЭТ білім алушыларының 24%-ы жоғары, ал 58%-ы орташа деңгейді көрсетті. Бұл көрсеткіш болашақ мұғалімдердің алған білімдерін кәсіби бағытталған жобаларды жоспарлау мен жүзеге асыруда тиімді қолдана алатындығын, олардың жобалық ойлау дағдыларының сапалық жаңа сатыға көтерілгенін нақтылайды.

Қорытынды диагностика нәтижелерін бастапқы көрсеткіштермен (3.1-бөлім) салыстырмалы талдау көрсеткендей, эксперименттік оқытудан кейін МТКҚ-ның қалыптасу деңгейі екі топта да артқанымен, ең айқын оң өзгерістер эксперименттік топта байқалды. Атап айтқанда, ЭТ-да төмен деңгей көрсеткіші бастапқы кезеңмен салыстырғанда айтарлықтай азайып, 16%-ды құрады (БТ-да – 35%). Орташа деңгей көрсеткіші де ЭТ-да тұрақты өсім көрсетіп, 56%-ға жетті.

Жалпы орташа көрсеткіш бойынша ЭТ мен БТ арасындағы 12%-дық алшақтық біз ұсынған әдістемелік жүйенің дәстүрлі оқыту жүйесімен салыстырғандағы басымдылығын және оның болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығына тигізген оң әсерін толықтай растайды. Салыстырмалы деректер ұсынылған педагогикалық модельдің болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлаудағы нәтижелілігін эмпирикалық тұрғыдан дәлелдейді. Эксперименттік оқыту аяқталғаннан кейін ЭТ және БТ білім алушыларының метакоммуникативтік құзыреттілігінің (МТКҚ) қалыптасу деңгейі белгіленген критерийлер бойынша диаграммада айқын бейнеленген (Сур. 25).



Сурет 25 – ЭТ және БТ білім алушыларының МТКҚ-нің қалыптасқан деңгей көрсеткіштер диаграммасы

Қорытынды диагностика деректерін талдау нәтижесінде эксперименттік топта барлық субқұзыреттіліктер — тезаурустық-аналитикалық, когнитивті-дискурсивтік және жобалық-бағдарлық бойынша төмен деңгейдегі көрсеткіштердің айтарлықтай азайып, орта және жоғары деңгейлердің қарқынды артқаны анықталды. Бақылау тобында да дәстүрлі оқыту шеңберінде белгілі бір дәрежеде өсім байқалғанымен, оның көрсеткіштері эксперименттік топпен салыстырғанда әлдеқайда төмен деңгейде қалды.

Эксперименттік топтағы білім алушылардың жоғары өсу динамикасы зерттеу аясында әзірленген мазмұндық-функционалдық модельдің және енгізілген педагогикалық әдістемелердің тиімділігін толықтай дәлелдейді. Интерактивті оқыту технологиялары, жобалау әдістері мен кәсіби бағытталған тапсырмалар жүйесі болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік дағдыларын мақсатты түрде дамытуға оң әсерін тигізді.

Қорытындылай келе, эксперименттік оқытуға дейінгі және кейінгі деңгейлердің салыстырмалы өзгерістері ұсынылған әдістеменің пәрменділігін және оның оқу үдерісіндегі нәтижелілігін нақтылайды. МТКҚ қалыптасу деңгейінің жалпы өсу динамикасы төмендегі 37-кестеде (немесе тиісті рет саны бойынша) көрнекі түрде жүйеленген.

Кесте 37 – Эксперименттік жұмыстан бұрын және кейін эксперименттік және бақылау топтарындағы білім алушылардың метакоммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасу деңгейінің өсуі

Деңгей	Эксперименттік топ			Бақылау тобы		
	Дейін	Кейін	Өсу	Дейін	Кейін	Өсу
Төмен	48	17	- 31	46	35	- 11
Орташа	45	55	+ 10	46	50	+ 4
Жоғары	7	28	+ 19	8	15	+ 7

Кестеде келтірілген салыстырмалы мәліметтер тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың оң прогрессивті динамикасын нақты айғақтайды. Эксперименттік топта (ЭТ) жоғары деңгей көрсеткішінің 19%-ға өсуі және төмен деңгейдің 31%-ға азаюы - ұсынылған метакоммуникативтік құзыреттілікті кезең-кезеңімен қалыптастыру әдістемесінің жоғары дидактикалық пәрменділігін көрсетеді. Бақылау тобындағы өсім көрсеткіштерінің (жоғары деңгей бойынша небәрі +7%) айтарлықтай төмен болуы дәстүрлі оқыту жүйесінің кәсіби метакоммуникативтік дағдыларды дамытудағы шектеулі мүмкіндіктерін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Зерттеу нәтижелерінің шынайылығы білім алушылардың субъективті бағалауымен де расталды. Сауалнама қорытындысы көрсеткендей, болашақ мұғалімдердің метакоммуникативтік іс-әрекетке деген кәсіби қызығушылығы айтарлықтай артқан. Білім алушылардың пікірінше, оқу үдерісіндегі жобалық жұмыстар, кейс-стади және авторлық тезаурус-сөздікпен жүргізілген жүйелі жаттығулар кәсіби коммуникациялық дағдыларды тиімді шыңдауға мүмкіндік берген.

Алынған деректер негізінде, эмпирикалық нәтижелер зерттеу гипотезасының дұрыстығын толықтай растайды. Өзірленген мазмұндық-функционалдық модель болашақ шетел тілі мұғалімдерінің метакоммуникативтік құзыреттілігін мақсатты және жүйелі түрде қалыптастырудың тиімді құралы болып табылады. Бұл әдістемелік жүйе жоғары оқу орындарында шетел тілі мұғалімдерін даярлау процесінде, атап айтқанда, білім алушылардың тезаурустық-аналитикалық ойлауын, дискурсивтік қабілеттерін және жобалық дағдыларын жетілдіру үшін кеңінен қолданылуы мүмкін.

Сондай-ақ, білім алушылар арасында өткізілген сауалнама нәтижелері олардың метакоммуникативтік құзыреттілікті мақсатты түрде дамытуға деген қызығушылығы артқанын көрсетті. Білім алушылардың пікірінше, концептілер аясында ұсынылған экономикалық терминдер мен ұғымдардың қысқаша тезаурустық сөздікпен жұмыс, кейс-стади және жобалық тапсырмалар кәсіби коммуникациялық дағдыларды жүйелі түрде жетілдіруге мүмкіндік берген. Бұл алынған деректер зерттеу гипотезасының дұрыстығын толық растайды және

ұсынылған әдістемені жоғары оқу орындарының оқу үдерісіне кеңінен енгізуге ғылыми-әдістемелік негіз болады.

Эксперименттік (ЭТ) және бақылау (БТ) топтарындағы білім алушылардың метакоммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасу деңгейлері арасындағы айырмашылықтардың статистикалық маңыздылығын анықтау мақсатында Стьюденттің t-критерийі қолданылды.

Есептеулер келесі формула бойынша жүргізілді (Сур.26).

$$t = \frac{|\bar{X}_1 - \bar{X}_2|}{\sqrt{\frac{s_1^2}{n_1} + \frac{s_2^2}{n_2}}}$$

Сурет 26 – Стьюденттің t-критерий формуласы

$\bar{X}_1, \bar{X}_2$  – ЭТ және БТ топтарындағы көрсеткіштердің орташа мәндері

$s_1, s_2$  – стандартты ауытқулар

$n_1, n_2$  – респонденттердің көлемі (ЭТ=62, БТ=60)

Қорытынды диагностика нәтижесінде ЭТ бойынша орташа көрсеткіш 16%-дан 28%-ға дейін өскенін ескере отырып, есептелген  $t_{emp}$  (эмпирикалық мән) мәні 2,15-ке тең болды.

